

**Әдібай ТАБЫЛДЫ**



**МЕКТЕП  
САХНАСЫ**

*(пьесалар)*

**ІІІ том**

Алматы – 2017

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 каз)-4

Т 12

*«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікі жоғарылату  
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насхаттау және  
мұрагат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып  
шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»*

Т 12 **Табылды Ә.**

**Таңдамалы шығармалары: 13 томдық / Ә. Табылды – Алматы:  
«ИИЦ Азия Арна» баспасы. – 2017 ж.**

ISBN (т. 3) 978-601-80125-3-2

Т.3: Мектеп сахнасы. – 2017. – 384 бет

ISBN 978-601-7299-26-2 (жалпы)

Скетчтер атты тарауда «Қыздың жұмысы», «Кербакбай мен Керденбай» сиякты сатирадық-юморлық шығармалар енген. Олар кызықты оқигаларға құрылған (11 скетч).

Қойылымдар атты тарауда «Кім болам?», «Біз мектепке барамыз», «Әліппемен қоштасу», т.б. даталық қундерге арналған қойылымдардың мәтіндері берілген (24 қойылым).

Кештер және ертеңгіліктер деген тарауда «Ұшырды ұямыз», «Айналайын ақ мамам», «Білім күні» сиякты ертеңгіліктердің, кештердің мәтіндері берілген (13 қойылым).

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 Каз) - 4

ISBN (т. 3) 978-601-80125-3-2

ISBN 978-601-7299-26-2 (жалпы)

© Табылды Әдібай, 2017

© «ИИЦ Азия Арна» баспасы, 2017

# **СКЕТЧТЕР**

## **ҚУАНЫШ**

*ҚАТЫНАСУШЫЛАР:*

Асан. – 4-сынып оқушысы,  
Ғани. – оның інісі, 2-сынып оқушысы,  
Зада – олардың анасы.

*Перде ашилғанда, балалар бөлмесін жинап, есік сүртіп тұрган Асан, еден сыпырып жүрген Ғани көрінеді.*

**Ғани.** Асан, мен еден сыпырып болдым.

**Асан.** Жақсы, Ғани. Бар енді, беті-қолыңды жуып кел.

**Ғани.** Макұл! (*Ол кетеді*).

**Асан.** (*есіктің жақтауларын сүртіп, ыңылдан әндетеді*).

Біз – қайратты жас ұлан,

Еңбек сүйген жасынан!..

*Ғани кіріп келеді. Ол апыл-гұпты бетін сүртіп тұр.*

**Асан.** Немене, мысықша бет сипау ма?

**Ғани.** Мен мысық емеспін... Жудым ғой бетімді...

**Асан.** (*тексере қарап*). Бар, тырнағыңды ал... Бар...

**Ғани.** Барсаң, бар!.. Бұйырмай-ақ айтуға болмай ма? (*Ғани бұртыңдан шығып кетеді. Асан тағы әндетеді*).

**Асан.** (*әндетін*). Біз – Отанның ұланымыз,

Халқымыздың қыранымыз!

*Ғани алақанын жайып, кіріп келеді.*

**Ғани.** Міне, тырнағымды алдым, қолым таза, көрші!

**Асан.** (*тәнптіштей қарап*). Кел, енді сабакқа дайындаламыз.

*(Екеуді жазу столына келіп отырып, сабаққа дайындала бастайды).*

**Ғани.** (*дауыстап оқып*).

– Ерте тұрып, елең етті,  
Орман жаққа орғып кетті.  
Ол қандай аң?  
– Қорқақ қоян!

**Асан.** (*кейін*). Ғани, мен де сабаққа дайындалып отырмын гой... Кедергі жасама, ішіңнен оқы, білдің бе?

**Ғани.** Мен іштей оқи алмаймын. (*Дауыстап оқи бастайды*).

Еңбек десе ерінеді,  
Ерінбесе...

**Асан.** (*ол да дауыстап*). Қебейткіштердің орнын ауыстырығанмен қебейтінді өзгермейді.

**Ғани.** Асан! Дауыстама! Миым ашып кетті.

**Асан.** Саган мен не дедім?

**Ғани.** Маған сабақ оку керек. (*Дауыстап*).

... Іске марғау  
Ол кім?  
– Жалқау!

**Асан.** (*орнынан тұрып, Ғанига кіжінеді*). Сен неге тәртіп сақтамайсың, а? (*Ғанига төнеді*). Мойныңды...

**Ғани.** (*айғай салып*). Ма-ма-ая!

**Төргі** бөлмеден Зада келеді.

**З а д а.** Не болды, Ғанижан?

**Ғани.** Қой деңізші, Асанға. Бұл менің «мойнымды жұлып алам» дейді.

**Асан.** Өтірікті соқпа. Мен саган ондай сөз айтқан жоқпын.

**З а д а.** Бір-біріңе өре тұрып, ерегеспендер.

**Асан.** Мама, айтыңызы осы, Ғани үлкен бе, жсоқ мен үлкенмін бе?

**З а д а.** Эрине, сен үлкенсің.

**Ғани.** Үлкен болса, жөндең болсын... Маған дікіндей береді езі, мама! (*Жылап жібереді*).

**Асан.** Көрдіңіз бе? Бір сөзге келмей, көзіне жас алады. Егер

*бұл кіші болса, менің тілімді алатын болсын. Әйтпесе сыйбагасын беремін!*

**Ғани.** (*өзінен-өзі айғай салып*). Ма-ма-ау!

**Зада.** О, не, шырағым-ау?!

**Ғани.** Асан маған тиісіп жатыр.

**Асан.** Тәртіп бұзған бала жазалануға тиіс.

**Зада.** Кәне, екеуің де менің айтқанымды істендер, бір-біріне кедергі жасамай, сабактарынды орындаңдар.

**Ғани.** Макұл. (*Өзінше сабақ оқиды*).

**Асан.** Мен мамамның айтқан сөзін тыңдаймын. (*Өз бетінше есеп шығарады*).

**Зада.** Міне, осылай тату болсандар, істерің алға басады. (*Кетеді. Пауза*).

**Ғани.** (*кубірлеп*). Асан, мен мынау өлеңді жаттап алдым.

**Асан.** (*қуанып*). Ғани, мен мынау қыын есепті тез шығарып қойдым. (*Екеуі қуанып құшақтасады*).

**Ғани.** Ура! (*Зада кіріп келеді*).

**Зада.** Бұл не қуаныш?!

**Асан.** Мама, бүгін сабактан «бес» аламыз.

**Ғани и Асан.** «Бес» аламыз.

*Анасы құліп тұрады, екі бала құшақтасып, билей жөнеледі.*



## **ІС КЕРЕК**

### **ҚАТЫНАСУШЫЛАР:**

**Асан.** – топбасшы,

**Асхат.** – көмекші,

**Арман.** – қатардағы оқушы.

*Сынып бөлмесі. Арман класта сурет салып, мәз болып отырады. Асхат келеді.*

**Асхат.** Сәлем, Арман!

**Арман.** Аман ба, жолдас топбасшы!

**Асхат.** Мен саған қабырға газетін тез арада безендіру керек деп едім... Мынауың не? Босқа уақытыңды өткізіп отырсың... Бұл дүрыс емес!

**Арман.** Қабырға газетін безендіремін, сынып мүйісін жасаймын, альбомын шығарамын... үлгеремін...

**Асхат.** Уақыт деген қымбат, сен оны біліп қой. Қымбат уақытыңды арзан іске көр қылма...

**Арман.** Мен әрбір минөтімды пайдалы өткіземін. Көркем-өнерпаздар үйірмесін басқаруға да уақыттым жетеді.

**Асхат.** Түбінде сенен Репин, Айвазовский шықпаса да, өзіміздің атамыз Қастеев сияқты халық суретшісі боларсың.

*Асыға басып Асан келеді.*

**Асан.** Әу, достар, сәлем! Әу, ойларында не бар осы, ә? Жоспарланған іс қайда?

**Асхат.** Міне, Арманның отырысы – мынау. Сынып мүйісін тез безендір деп зар қақсадым. Бұл менің орнымда болса ғой... Міндettі істі уақтысында орындау керек!

**Арман.** Құп болады! Бәрін де үлгеремін. (*Орнынан атып түрүп салют береді*).

**Асан.** Оқушы жолдастар! «Құп болады», «мақұл» деп айту оңай, ал іс жоспарын орындау жөнінде ойларында не бар, а?

**Асхат.** Айттым ғой топбасшы «сөгеді» деп. Арман, сен осы тапсырманы дер кезінде неге орындармайсың, ә? «Мақұл» деп алып... Сен менің орнымда болсаң ғой... Ашуланар едін.

**Асан.** Асхат, сенің бұйыра сөйлегенің маған ұнамай түр... Сен әуелі өз міндетінді жауапкершілікпен атқаруың керек емес пе?

**Асхат.** Айттым ғой... Арман, саған сынып мүйісін безендір, альбом шығар дедім. Ағай тапсырған көрнекті құралдарды да тез арада жаса дедім ғой... дедім. Әуесқой суретшілерді ұйымдастырып дедім бе? Дедім...

**Арман.** Құп болады! Мен бәрін де орындаймын, оған қам жемендер. Міне, сейлемп отырып-ақ, Асхаттың бейнесін салып койдым. (*Салған суретін көрсетін*). Мұндайды «достық әзіл» дейді.

**Асхат.** Бұл – достық емес! Бұл масқаралау! Адамды келе-междеуге бола ма? Менің орнымда сен болсаң ғой, төбелесер едің.

**Асан.** (*сүретті алып көріп*). Мына достық әзіл жақсы салынған! Шынында, Асхат сөзге – шебер, іске – олақ, мұның тілі ұзын екені рас!

**Асхат.** Мен... мен... мен! Мұндай «сынға» төзбеймін! «Достық» деп сын көрсеткенше, бастық деп сый көрсетпейсің бе, Арман!

**Арман.** Бұл – жай достық әзіл ғой! Ал, әлгі тапсырмаларынды кезінде орындауға сөз беремін! Әкел қолынды! (*Ол Асхаттың қолын қысады да, сурет салуга отырады*).

**Асхат.** Жақсы! (*Кетуге ыңғайланады, оны Асан тоқтатады*).

**Асан.** Асхат, тоқтай түр! «Жақсы» дейсін,... несі жақсы? Меніңше, онша жақсы емес. Іс жоспарын орындау саған байланысты... Ойында не бар осы, ә?

**Асхат.** Арман тапсырмаларды орындайтын болды ғой... Енді... Мен болсам ғой... бастықпын!

**Асан.** «Бастықтың» өз міндеттері бар емес пе? Жоспар бойынша, бүгін сыныпта әдеп сабағын өткізуің керек.

**Асхат.** Ол жұмысты мана Арманға тапсырғамын...

**Арман.** (*атып тұрып*). Құп болады!

**Асхат.** Арман көркем шығармаларды көп оқып жур...

**Арман.** (*тазы да орнынан атып тұрып*). Құп болады!

**Асан.** Немене «құп болады»?

**Асхат.** Бұл бәрін біледі. Бұл – біздің сыныптың маңтанышы!

**Асан.** Асхат, мынауың окушылық құлышқа жатпайды.

**Асхат.** Арманның қолынан бәрі келеді... Әрі суретші, әрі әдебиетші... әрі... әрі...

**Асан.** Бір ғана Арманның мойнына барлық міндетті арта берген жақсы ма?

**Асхат.** Біздің сыныпта Арманның артылатын жұмыс жоқ. Солай ма, Арман? Сен тапсырмаларды орындаңың ғой?

**Арман.** Құп болады!

**Асан.** «Құп» болмайды! Арман, сен тапсырылған істі орындаі алатындаі өз мүмкіндіктеріңе қара. Асхат, сен бүгін сынып алдында әдел сабағын өзің өткіз.

**Асхат.** А, солай ма? Шынында, солай екен-ау, ә?

**Арман.** Мен сынып тапсырса, бәрін де... не жұмыс болса да орындаімын, сурет салу қолымнан келеді...

**Асан.** Арман, нағыз окушысың! Бірақ «мен» деген сөзді айта бермей, «біз» деп бірлесіп, көппен бірге жұмыс істеу керек.

**Арман.** Жолдас топбасшы, біз бәрін де істейміз: сыныпты безендіреміз, альбом шығарамыз, сынып мүйісін ілеміз... Біз... біз...

**Асхат.** Біз бар ғой... Біз... біз...

**Асан.** Кәне, іске кірсейік, жолдастар! Бізге бос сөз емес, нақты іс керек.



## **TEKE TIPEC**

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Бастаушы,

Ерлан. – 3-сынып оқушысы,

Нұрлан. – 4-сынып оқушысы.

*Балалар бөлмесі. Радио арқылы бастауышының сөзі естіледі.*

**Бастаушы.** (радио үні). Ағайынды Ерлан мен Нұрлан бір нәрсе жөнінде пікір таластырса, ешқашанда ортақ келісімге келіп көрген емес.

(*Бөлмеге келісе алмай даурыққан Ерлан мен Нұрлан кіреді.*)

**Нұрлан.** Күннің ұясы бар дегенің дұрыс емес, күн жерді, жоқ жер күнді айналып тұрады...

**Ерлан.** Ол жағын білем. Күн ертемен ұясынан шығады, кешке ұясына батады.

**Нұрлан.** Оны сен қай кітабынан оқыдың?

**Ерлан.** Кітапты «киіз» деп қорлама. Әжем айтқан. Кітапқа жазылғандай бұл – әжемнің сөзі.

**Нұрлан.** Әжем сауатсыз емес, сөйтіп те айта бере ме екен?

**Ерлан.** Күн ұясынан шығады деп халық айтады. Сен халықтан білімдісің бе?

**Нұрлан.** Ол дұрыс емес. Жер өзінің білігінен өзі айналып тұрады.

**Ерлан.** Ау, білігің не? Жерді білігі бар арба дейсің бе? Қалай-қалай согасың, ә?!

**Нұрлан.** Сен түсін. Жердің осі бар, оны қазақша кіндігі дейді.

**Ерлан.** Түсінігің болса, кіндіктен айналу оңай емес, білдің бе? Ал кіндігіңнен айналып көрші, құшті болсан...

**Нұрлан.** Сен оқымаған соң, ойланбай соғып тұрсың, бізге Ахмет ағай тәжірибе жасап көрсеткен, түсініп қой.

**Ерлан.** Білемін. Ол тұрмақ, поляр жарқылы туралы да білемін.

**Нұрлан.** Білсең айтшы поляр жарқылы деген не?

**Ерлан.** Поляр жарқылы дегеніміз – күн сәулесінің үздіктері білдің бе?

**Нұрлан.** Ха-ха-ха! Түк білмейсің десем ғой, намыстанып жарылып кете жаздайсың...

**Ерлан.** Немене, білмейтіні бар? Қайта мен ойды қысқаша тұжырымдаң, ғылымға бір жаңалық сөз қосып тұрмын, білдің бе?

**Нұрлан.** «Білген адам білдім демес, білдім десе, білгені емес», – дейді атам.

**Ерлан.** «Білсең, тасыма: айт, жасырма» деген әжем.

**Нұрлан.** Сен білем деме, білуге талаптан. Ал, енді «күннің ұясы бар» деген сөзінді менен басқа ешкім естімесін.

**Ерлан.** Бәлі... Ол сөзді екінің бірі айтады. Өзін білгішсінбе... Сен әуелі торғайдың қанша түрі бар екенін де білмейсің.

**Нұрлан.** Ал, білсең айта ғой...

**Ерлан.** *Бозторғай, қараторғай, сұрторғай, иә... әлгі... шырша торғай... әлгі... шырша торғай...*

**Нұрлан.** Басқасын қайдам, шырша деген ағаш болады, ал «шырша торғай» болады деген сөзді естіsem, құлағым керең болсын.

**Ерлан.** Әлгі Мәсбек ағай да саған ұқсан, «шырша торғай болмайды» деп, болмаған соң, кітаптан оқып, суретін көзіне көрсеткем, білдің бе?

**Нұрлан.** Кім айтса да мына сөз – бекер.

**Ерлан.** Шындыққа сенбейді екенсің. Шындыққа сенбейтін адамды кім дейді, білесің бе?

**Нұрлан.** Кім дейді?

**Ерлан.** «Дүләк» дейді.

**Нұрлан.** Мен саған көрсетемін «дүләкті»... Туған ағана да сондай сөз айтсаң... өзің «дүләксің» білдің бе?

**Ерлан.** Жарайды... айтпайын... Ал, күннің ұясы бар екені рас. Міне, басым.

**Нұрлан.** Өйтіп ұсынба басынды. Сенің басың қақпаға салатын футбол добы емес.

**Ерлан.** Ендеше, айтқан сөзіме сен, білдің бе?

**Нұрлан.** Мен гылымға сенемін. Құрғақ сөзге сенбеймін.

**Ерлан.** Мен құрғақ сөз айтпаймын... (*Қатуланып*). Мен шындық үшін шырылдан тұрмын.

**Нұрлан (ашууланып).** Мен өтірік үшін өршеленіп тұрмын.

**Ерлан.** Э!

**Нұрлан.** Э!

*Екеуі тұмсықтарын түйістіріп, теке тірес жасап, біраз ерегеседі.*

**Нұрлан.** Эй, Ерлантай. Қой... Осы екеуіміздің біреуіміз жеңілсек қайтеді, ә..?

**Ерлан.** Жеңілсең, өзің жеңіл.

**Нұрлан.** Екеуімізді де білім жеңеді ғой...

**Ерлан.** Бәрібір... Мен жеңілмеймін, білдің бе?

**Нұрлан.** Ерлан, кәне былай болсын: екеуіміз де күн жүйесі туралы кітаптан оқып алайық, содан соң, сөйлесерміз.

**Ерлан.** Міне. Мұның – дұрыс.

**Нұрлан.** Жүр, онда кітапханаға кеттік.

**Ерлан.** Кеттік. (*Екеуі қол ұстаса, күлісін шығып кетеді*).



## **БІЛМЕГЕН ЖАМАН**

*ҚАТЫНАСУШЫЛАР:*

Асан – озат окушы,  
Ардақ – жүлдізша активистері,  
Алмаш – З-сынып окушылары.

*Оқушылар бөлмесі. Асан, Ардақ, Алмаш ушеудің сөйлесін отыр.*

**Асан.** Сендер, осы маған неге кінә қоясЫндар?

**Ардақ.** Кемшілікті түзеу керек.

**Алмаш.** Әркім өз қатесін білсін.

**Асан.** «Беске» оқимын. Менде «қате» жоқ.

**Ардақ.** Сенде кемшілік көп.

**Алмаш.** Сен режимді бұзып жүрсің.

**Асан.** Режим – мен өзім, саған не керек!.. Жақсы оқысад болды да...

**Ардақ.** Жақсы оку дұрыс қой... Бірақ...

**Асан.** Не «бірағы» бар?

**Алмаш.** Іскерлер қатарына өтерде көп нәрсе сұрайды.

**Асан.** Оқудан басқа не сұрайды?

**Ардақ.** Қофам жұмысын сұрайды.

**Алмаш.** Ойын-сауыққа қатынас.

**Ардақ.** Спортқа қатынас.

**Асан.** Оған уақыттың жоқ. Сабак жаттаймын.

**Ардақ.** Сен сабакты құрғақ жаттайсың.

**Алмаш.** Жаттағаныңды тез ұмытасың.

**Асан.** Мен оқимын да, ойга токимын. Мысалы:



## **«БАҒДАРШАМ»**

Қызыл көзін ашқанда,  
Сынық сүйем баспа алға.  
Сары көзін ашқанда,  
Қарап қалма... қалма...  
(ұмытып қалады).

**Алмаш.** Міне, құрғақ жаттағанның кесірі.

**Ардақ.** Сабакты ықыласпен оқуды білмейсің.

**Асан.** Мен білемін...

**Алмаш.** Одан соң қоғам жұмысына қатысады білмейсің.

**Асан.** Сендерге не керек, осы? Озат оқушы екенім өтірік пе?

**Ардақ.** Тәртібің мен ісің озат болмай тұр-ау, Асан.

**Алмаш.** Сен спортқа қатыспадың, сондықтан біздің топ артта қалды...

**Асан.** Спорт пен ойын-сауықты өзің-ақ тындырасын. (Ол Алмаштың шашынан тартады). «Мықты!»

**А л м а ш** (дауыс шығарып). Эй! Тарт қолынды.

**Асан.** Ойнауга болмай ма? Солай...

**Ардақ.** Ойын емес... Біз сенің біраз нәрсені білмейтінінді айттып отырымыз.

**Асан.** Мен бәрін де білемін!

**Ардақ.** Сенің білмейтінің көп, Асан.

**Асан.** Мен білмейтін не бар?

**Алмаш.** Сен әүелі оқушының міндеттерін толық білмейсің.

**Асан.** Олай деме, Алмаш. Оқушы міндеттерін білемін.

**Ардақ.** Білсең айтшы.

**Асан.** Оқушы – болашақ маман. Ол ұқыпты өзі... Жақсы оқиды... Ал... енді солай...

**Алмаш.** Сенше жақсы оқудан басқа міндет жоқ па?

**Асан.** Е... ең негізгі міндет сол емес пе?

**Ардақ.** Оқушы мектебін сүйеді, үлкенді сыйлайды, еңбекшіл, шыншыл, батыл, икемді...

**Асан.** Ондай шұбыртпаны өзім де жатқа білемін.

**Ардак.** Жатқа «білгенше», өзінді іс жузінде көрсетуің керек.

**Алмаш.** Қысқасы, сол міндеттерді орында.

**Ардак.** Спортқа, ойын-сауық үйірмесіне қатынас.

**Асан.** Эй, жолдастар, солай: мен доп қуып, өлең айтып жүргенде, окуды кім оқиды?

**Ардак.** Сен біздің топтың намысын ойламайсың ба?

**Асан.** Жақсы оқып жүргенім – ойлау емес пе?

**Алмаш.** Міне... Оқудан басқа міндеттерді білмейсің.

**Асан.** Маған бұйырмандар... Мен өзім білемін. (*Шығып кетеді*).

**А р д а қ** (*залға қарап*). Көп нәрсені білмейтіндердің өстіп «өзім білемін» дегені – дұрыс емес.

**А л м а ш** (*көрермендерге*). Білмеген, білгеннің тілін алмаған жаман.



## **НАМЫС**

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Ғани, Қайрат, Есен – 2 сынып оқушылары,

**2-сынып бөлмесі. Ғани сыныпта сабагын оқып отыр.**

**Ғани.** (мәнерлеп, жатқа айтып).

«Кел, балалар оқылық!

Оқығанды көңілге

Ікәиласпен тоқылық!»

*Еріне басып Есен келеді.*

**Е с е н.** Ғани, сен тіпті, жаттап қойғансың ба өлеңді?

**Ғани.** Эрине... Сен жаттадың ба?

**Е с е н.** Мен жаттаган жоқпын, «жаттап» қойдым.

**Ғани.** «Жаттағаның» қалай? . Ол не деген сөзің?

**Е с е н.** Яғни, кітапты оқымай, жаттап жиып қойдым.

**Ғани.** Немене, оқуға болмады ма? Неге оқымадың?

**Е с е н.** Ей, дос. Қалай оқисың? Кешке дейін доп қуып, одан қала берсе, асық ойнадым. Ал, кешінде, өзің білесін, телевизорда қызықты хабарлар болды...

**Ғани.** Солардың бәрінен де оқу қымбат емес пе? Оқуға уақыт белгілемейсің бе?

**Е с е н.** Қойшы-ей, оқу-оқу деп, миды ашыта бермей...

**Ғани.** Ертең сабактан үлгермей, сынныпта қалып қойсан, ұят емес пе?

**Е с е н.** Ептең-септеп «ұш» алсам, сол да жетеді.

**Ғани.** Егер сабакқа дайындалмасаң, қалайша «ұш» аласың?

**Е с е н.** Сен тұрғанда мен сынныпта екінші жылға қалмаймын.

**Ғани.** Қалай?

**Е с е н.** Сен доссың, достық көмек бересін.

**Ғани.** Эрине, көмек беремін. Бірақ өзің де...

**Е с е н.** Ауызша сабакта сыйырлайсың, жазбашадан көшіртесін, сурет салып бересің. Қәне, есебінді шыгардың ба? Берші, мен көшіріп алайын.

**Ғани.** Олай ету ұят емес пе?

**Е с е н.** Фани дос, сен ұят-сұятты қой, одан да маган дос адамша көмек көрсет. Кәне, әкел...

**Фани.** Сыбыр мен көшіруге дағдыланаң, білімсіз қаларсың.

**Е с е н.** Сыныптан-сыныпқа көшсем болды да, мені бір академик болады деп жүрсің бе? Давай. (Ол Фаниға төніп, оның сөмекесіне қол салады).

**Фани.** Тарт қолынды! Есепті өзің шығарып үйрен.

**Е с е н.** Сен өз қара басынды ойлама. Бер, кәне!

**Фани.** Есен сен достықты түсін.

**Е с е н.** Әне, атаман келеді. Оған айтсам...

**Фани.** Атаманың кім?

**Е с е н.** Кәдімгі боксер – Қайрат.

**Фани.** Есен, бір сыныпта екі жыл отырган сол маубасынан мен қорқады деп ойлайсың ба?

**Балуандарша асықпай басып Қайрат келеді.**

**Е с е н.** Қайрат, мынау саған тіл тигізіп тұр.

**Қ а й р а т.** Иә! Фани дос, сен не деп көкідің? Соны айтшы...

**Е с е н.** Бұл маган көшіріп алуға есебін бермей тұр.

**Қ а й р а т.** Ей, сен нағыз өзімшіл екенсің. Бер, кәне!

**Е с е н.** Мен саған айттым ғой, Фани. Дос болғың келсе, көмектес.

**Фани.** Көшіруге беру – достық емес.

**Қ а й р а т.** Ей, Есен «екі» алса саған мүйіз шыға ма?

**Е с е н.** Рас-аяу... Достықты білу керек...

**Фани.** Мен еңбек етпеген жалқауға есеп бермеймін.

**Қ а й р а т.** Бересің. Бермесен, көресің...

**Е с е н.** Рас-аяу... Көресің... иә...

**Фани.** Ар, намыс жоқ екен сендерде.

**Е с е н.** Намыс деген не?

**Қ а й р а т.** Ар, намысың өзіңе. Әкел, кәне, есебінді!

**Фани.** Намыс сендерге де керек болады.

**Қ а й р а т.** Кәне, бер есеп дәптерінді.

**Фани.** Бермеймін!

**Е с е н.** Көрдің бе, Қайрат, қалай шыдап тұрсың?

**Қ а й р а т.** Мен саған көрсетемін «бермегенді». Кел бокске!

(Ол Ганиды бокстап ұрмақшы болады, Есен екеуін өшіктіріп тұрады, одан бұрын Гани тез қимылдан бір ұрганнан Қайратты нокаутқа түсіреді. Гани ол жығылғанда нокауттан тұру шартын талап етеді).

**Ғани.** Қане, тұр. Бір-екі-үш-төрт-бес... (Қайрат орнынан сүйретіле әрең тұрады).

**Қ а й р а т.** Тфу! Мен... Мен көрсетемін саган! (Кетеді).

**Е с е н** (сасып). Жарайды... Ме-ме-мен өзім-ақ есепті нетіп шығарармын... (Жылжып кептек болады). Жаксы... кетейін...

**Ғани.** Тоқта! Саган не керек? Білесің бе?

**Е с е н.** Не, не! Не ке-ке-керек. Керек емес...

**Ғани.** Саган еңбек, білім, ар, намыс керек... Қайтала!

**Е с е н.** Ең-ең... еңбек, намыс... ке-ке-керек... (Кетеді).

**Ғани.** (тебіреніп). Намыс керек! (Қоңырау согылады).

**Д а у ы с.** Иә... Намыс керек!

## **ТУРАСЫН АЙТАТЫН БАЛА**

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Күлдірген. – агасы,

Балдырган. – інісі.

**Балдырган бөлmede тұр.** Ол Күлдіргенді шақырады.

**Балдырган.** Күлдірген! Әй, Күләкен! Кел бері. (Күлдірген келеді).

**Күлдірген.** Мен мұндамын, көке!

**Балдырган.** Әй, қайда жүрсің? Саган ыдыс-аяқты жу деп едім ғой.

**Күлдірген.** Міне, қазір! Кір-қоқысты қуамын, аппақ шыны ыдысты айнадай қып жуамын.

**Балдырган.** Күлдірген, ыдыс-аяқты салдыратпай жу. Сындырсын...

**Күлдірген.** Макұл! Айтқаныңызды ақтаймын, тазалықты сақтаймын.

**Балдырған.** Эй, Күләкен – балақан! Енді еденді жу. Эне – шелек, міне – шуберек.

**Күлдірген.** Құп болады, көке! Еден кірін жоямын, жалтыратып қоямын!

**Балдырған.** Эй, әумесер, еденге су төкпе, оны шуберекпен сұртіп жу.

**Күлдірген.** Макұл енді. Бұрыннан айтпайсың ба, көке?!

**Балдырған.** Эй, қырыс! Мына жерді неге сұртпегенсің?

**Күлдірген.** Қазір, көке! Енді бәрін де істеймін ғой...

**Балдырған.** Бол! Енді анау менің аяқ киімімді шөткеле.

**Күлдірген.** Мен автомат емеспін ғой, көке. Әуелі мынаны бітірейін де.

**Балдырған.** Эй, осы сен тілазарлықты қашан қоясың, ә?

**Күлдірген.** Мен тілазар емеспін...

**Балдырған.** Тілазар болмасаң, анау кілемшениң шаңын шаңсорғышпен тазала. Осының бәрін де өзің біліп істей бермейсің бе?

**Күлдірген.** Мен мынаны үлгере алмай жатырмын ғой... Оны өзіңіз-ақ...

**Балдырған.** О, мізбақпас! Эй, сен осы қарсыласуды қашан қоясың, ә?

**Күлдірген.** Мен мізбақпас емеспін! Мен қарсыласып түрган жоқпын...

**Балдырған.** Эй, сенің тілалғаның осы ма? Анау терезенің шаңын сұрт.

**Күлдірген.** Макұл, көке. Мына жұмысты аяқтайын...

**Балдырған.** Эй, қырсық! Сен осы неге тілалмайсың, ә?!

**Күлдірген.** Мен тілалып түрмыйн ғой, көке! Өзіңіз де қарап түрманыз...

**Балдырған.** Эй, шалағай! Мынауың не? Бір жұмыс бітпей жатып, екінші жұмыспен шұғылданып жатқаның қалай?

**Күлдірген.** Өзіңіз ғой асықтырган. Сіз де қарап түрманыз, нетіңіз... Екі қолыңызды бүйіріңізге таянбаңыз.

**Балдырған.** О, кесапат! Бүйірімді таянсам, несі бар?

**Күлдірген.** Атам айтқан, ол – «кесір болады»...

**Балдырган.** О, мізбақпас, қырсық!

**Құлдірген.** Әумесер, тіазар, кесір, мізбақпас дегенше, өзіңіз де былай нетіп, үлгі көрсетпейсіз бе?

**Балдырган.** Ей, бәрі де сен істейтін жұмыс емес пе?

**Құлдірген.** Атам айтқан: «Қолқабыс тигізбекеннің қолы сыйнады»...

**Балдырган.** Не дейсің, ей, сумұрын?!

**Құлдірген.** Турасын айтамын, сіз айтқанды білесіз, іске келгенде шөптің басын сындырмайсыз... Судыраксыз!

**Балдырган.** А-а-а? Әй, шынында, мына сөзінді ойланатын екен. Әй, ей, бұл сөзінді атама айтып қойма. Мұны ешкім де естімесін...

**Құлдірген.** Мен кілемшениң шаңын сорғызайын, сіз өз аяқ киіміңізді шөткелеңіз, мақұл ма?

**Балдырган.** Әй, мынауын дұрыс екен. Өстіп турастың айту керек.

Шаттық сазы. Екеуі де іске кіріседі.

## **ӘЙ, МӘЖЕН-АЙ!**

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

**Ақәже.**

Мәжен. – 1-сынып оқушысы.

*Ұқыпты жиналған болме. Ақәжесе терезеге қарап тұр, Мәженнің ойынына мәз. Футбол ойнаган балалардың дабыры.*

**Ақәже.** (сүйсініп). Айналайын, Мәжентайым! Кекіліңнен айналдым, желбіреген!.. (Көпшілікке қарап). Әлі көрерсіндер, көкетайым ғарышкер болады. Ол бірінші сыныпқа биыл түсті, енді он-он бес жылда жұлдызыым ғарышқа ұшады...

**Мәжен.** (сырттан созылыңқы айқайлап). Ә-ә-ә-жее!

**Ақәже.** (кулімден). А-а-ау, құлыншағым!

**Мәжен.** (терезеден қарап). Әже, мен құлын емеспін фой!

**Ақәже.** (кулімден). Күнім менің, жұлдызыым!

**Мәжен.** (аптығып). Ас, тамақ, тағам, ауқат...

**Ақәже.** (*бәйтектен*). Қазір, айналайын, қазір! (*Ас дайындауга кіріседі*). Айналып кетейін тіліңен! (*Стол үстіне дастарқан жайып, ас дайындаиды. Қошеде доп ойнаған көп баланың қызы дабыры естіледі. Бәрі де Мәженді мақтайды*). «Ой, сабазым!» «Жарайсың, Мәжен!» «Мәженше ойнау керек».

**Мәжен.** (*мақтана дауыстап*). Әже-е! Біз жеңдік! Ура!

**Ақәже.** (*терезеден қарап*). Мәжентай, тамақ әзір!

**Мәжен.** (*дауыстап*). Әжетай қазір! (*Ақәже орындыққа отырып, іс тіге бастайды, ыңылдан әндеміп қояды. Сагатқа қарап, абыржы бастайды*).

**Ақәже.** (*терезеден*). Мәжен-ау, ас суып қалды ғой, қара-шығым! Келсенші тез!..

**Мәжен.** (*еңтігіп*). Қазір, әже! Қазір...

**Ақәже.** Мәжентай! Әй, шырағым-ау, сабағыңа дайындалмайсың ба? Сағат он екіге таянды!..

**Мәжен.** (*дауыстап*). Әжетай! Қазір дедім ғой. Түү! Өне, допты қақпадан өткізіп алдым, қап!

**Ақәже.** (*кейіспен*). Допты мезгілімен ойнау керек, жарығым! Мектепке баратын уақытың болып қалған жоқ па?

**Мәжен.** (*кейіген дауыспен*). Қап! Тағы өткізіп алдым! Әжетай-ау, қазір дедім ғой! Қазір! Қазір! Қазір!

**Ақәже.** (*жекіріп*). Мәжен! Не деп тұр әжең? Сағат бірге қарай ауды! Енді сабақтан кешігерсің!.. (*Мәжен сасқалақтап жүзіріп келеді*).

**Мәжен.** (*аптыға сагатқа қарап*). Әже, кәне, ас бар ма? (*Астан бір шөкім татып*). Әже, менің кітабым қайда? (*Тыныршип*). Сабакқа дайындалуым керек! «Ана тілім»! Әже, «Ана тілім»!

**Ақәже.** (*куйбенден*). Міне, кітабың, сабағыңа жақсылап дайындал, күнім!

**Мәжен.** (*кітапқа үңіліп аз отырады да, сагатқа қарап атып тұрады*). Әжетай!

**Ақәже.** (*абыржып*). Ау, Мәжентай!

**Мәжен.** (*сасқалақтап*). Әжетай! Мектепке баратын уақытым болып қалды! Киімім қайда? (*Ақәже абыржып, киім іздейді*).

**Ақәже.** (*кейіспен*). Шырағым-ау, киімдерінді қайда қойып

едің? (*Киімдерді іздеп, кейиді*). Сайда саны, құмда ізі жок.

**Мәжен.** (*кейін*). Мен киімді далага тастагам жоқ, осы үйдің ішінде! (*Тынырышып*). Сөмкем қайда? Әже, сөмкем!

**Ақәже.** (*абыржып*). Сөмке түгіл, киімдерінді де әр жерге шашып тастай беріпсің! Міне, зорға жинастырдым.

**Мәжен.** (*еңіреп*). Е-е-е! Сөмкем қайда? (*Жылап*) А-а-а! Сөмкем қайда? (*Ойбайлан*) Ойбай, сабактан қалдым!

**Ақәже.** (*аянышпен*). Не болған, шырағым-ау? Мектепке баарarda өстіп, мінезі бұзылып, жылап енірейтінді шығарды. (*Сөмкесін тауып береді*).

**Мәжен.** (*көзінің жасын сүртіп*). Ал енді кеттім. (*Асыға шығып кетеді*).

**Ақәже.** (*басын шайқап*). Тым сасқалақ боп барады. Не шара істесем екен? (*Ойланып отырып қалады*).

## **БЕЛГІ**

**ҚАТЫНАСУШЫЛАР:**

Бақыт – З сыныптың озат окушысы,

Санат – орташа оқытын оқушы.

**Сынып болмесінің бір бұрыши. Санат сабакқа дайындалып отыр.**

**Санат.** Қос қол – ондық сан. Бір көзді қысса – нөл, екі көзді қысса – екі нөл. Мұрын – леп белгісі, құлақ – сұрау белгісі.. (*Бақыт келеді*).

**Бақыт.** Сәлем, Санат. Ол не құлақ, мұрын деп отырганың.

**Санат.** Оңаша келгенің тамаша болды, Бақыт. Саған айтатын сырым бар.

**Бақыт.** Ол қандай сыр?

**Санат.** Сен маған достық көмек бер.

**Бақыт.** Мен саған көмек беруге әрқашанда дайынмын!

**Санат.** Екеуіміз оңашада келісіп алайық. Егер мен тақтада тұрып есеп білмей қалсам, белгі бер.

**Бақыт.** Қандай белгі?

**Санат.** Былай: бір саусағың – бір, қос қолың – он, бір көзінді қыссаң – нөл.

**Бақыт.** Мынадай сүмдықты бірінші рет естіп тұрмын... Менің көзім «нөл» емес...

**Санат.** Сен – доссың ба? Әлде...

**Бақыт.** Эрине, доспын. Дос деген «нөл» болмайды.

**Санат.** Дос болсаң, менің өтінішімді орында... Ал енді жазудан білмей тұрсым, оған да белгі бер.

**Бақыт.** Санат... «Белгі» деген не өзі? Қойшы соны!

**Санат.** Ал енді, тындалап ал: мұрын – леп белгісі, құлақ – сұрау белгісі.

**Бақыт.** Қой, Санат. Сен менің қолымды – цифр, басымды – қітр етіп масқаралама!

**Санат.** Бұл – масқара емес, достық көмек.

**Бақыт.** Мынау – көмек емес, нағыз ұят! Мен жұртқа мұрнымды, құлағымды көрсетіп, әбден масқара болмаймын.

**Санат.** Ал енді... әріптерді білмей тұрсым, олардың да белгісі бар. Мысалы екі саусағыңың арасына бір саусақ қойсаң – «А» болады.

**Бақыт.** Ха-ха-ха! Санат-ау мұның бәрі не үшін керек.

**Санат.** Жақсы үлгеру үшін...

**Бақыт.** Қой, досым, қол көрсетіп, мұрын шұқумен ешкім де жақсы оқушы бола алмайды.

**Санат.** Бақыт, сен қызық екенсің... Амалын тауып, «төрт», «бес» деген баға алсақ, сол жақсы емес пе?

**Бақыт.** Біз сонда тек баға үшін оқимыз ба?

**Санат.** Эрине, баға үшін оқимыз. Егер саган ұқсап үнемі «бес» деген баға алсам, куанар едім.

**Бақыт.** Мен «бес» алу үшін не істеп жүрмін? Білесің бе?

**Санат.** Не істеп жүрсің?

**Бақыт.** «Бес» деген баға алу үшін, ең әуелі мұғалімнің сөзін ықыласпен тындалап, айтқанын бұлжытпай орындау керек.

**Санат.** Сен қызық екенсің... Мен де өзіңмен бірге қатар отырмын фой. Мұғалімнің сөзін қашан тындаған жоқпын? Не деп тұрсың өзің, ә!

**Бақыт.** Дікендеме! Біз баға үшін емес, білім үшін окуға тиіспіз.

**Санат.** Бағасыз білім бола ма? Ал енді... сен мені дос десен, тілегімді орында...

**Бақыт.** Баға білім болмайды. Білім баға болады. Білімің жақсы болса, жақсы баға аласың...

**Санат.** Ол дұрыс шығар... мені досым десен үйреткен белгілерді ұмытпа. Қысылғанда керек болады.

**Бақыт.** Егер ынтамен оқып, ықыласпен үйренсөн, «қысылмайсың».

**Санат.** Эй, Бақыт, маған көмек бергің келмей ме? Достық қайда?

**Бақыт.** Қол көрсету, мұрын шұқу – достық емес.

**Санат.** Бәсе, сен – өзімшілсің. Өзім ғана «бес» алсам деп, кеуде керіп, кердендең... Қараши өзін. Дос болсан, жөндеп бол.

**Бақыт.** Кім «өзімшіл»? Сен «беске» оқысаң мен қарсы болдым ба? Өзің жалқаусың.

**Санат.** Кім жалқау, ә! Маган басқалар-ақ белгі беріп көмек көрсетеді.

**Бақыт.** Ондай «белгі беру» көмек емес, жалқаулыққа үйрету.

**Санат.** Мейлі. Мен сенімен дос болмаймын! (*Aшууланып шығып кетеді*).

**Бақыт.** Санат! Тоқташы... Тұсінсенші. (*Көрермендерге қарап*). Міне, достықтың қадірін, оқудың мәнін білмейтін кержалқаулар осындаій болады.



## **ҚЫЗДЫҢ ЖҰМЫСЫ**

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Күлдірген,  
Бұлдірген. – ағайынды балалар

*Балалар бөлмесі. Ортада жазу столы. Онда альбом, тагы басқа заттар жатыр. Күлдірген мен Бұлдірген келеді.*

**Күлдірген.** Ал, Бұлдірген, кел екеуіміз бірлесіп, үй шаруасын істейік. Мен үй сыйырайын, сен ыдыс-аяқты жу.

**Бұлдірген.** Ыдыс-аяқ жуғың келіп тұрса, өзің... жуа бер. (*Ысқырып төріс айналады*).

**Күлдірген.** Эу, сен өзің менің екі жас үлкен екенімді білмейсің бе? Өзің соңғы уақытта қарсыласатынды шығарыпсың фой, ә?

**Бұлдірген.** Мен – ереккін. Мен еркектің жұмысын ғана істеймін. Иә... со-о-о-лай.

**Күлдірген.** Ыдыс-аяқты жуып, тазалағанның нендей сөкеттігі бар екен?

**Бұлдірген.** Ол – қыздың жұмысы. Қыздың жұмысына қызығып тұрсан, өзің істей сал.

*Бұлдірген альбомды көріп отырып алады. Күлдірген еденді шаңдатып сыйыра бастайды.*

**Күлдірген.** Сен әлі отырсың гой қозгалмай... Апырмай, сен де шынымен-ақ жансызы жалқау болғаның ба?

**Бұлдірген.** Жалқау болғың келсе, өзің бола бер... Мен альбом көріп отырмын.. Бұл да жұмыс.

**Күлдірген.** Жарайды. Ыдыс-аяқты мен-ақ жуайын... Сен бар, шәй қайнат. (*Ыдыстарды сурте бастайды*).

**Бұлдірген.** Күлдірген, сен өзің қызық екенсің. Шәй қайнату менің жұмысым емес, солай. Сен менің еркектік намысыма тие берме.

**Күлдірген.** Эу, шәй қайнату қорлық па? Өз тамагынды өзің дайындауға намыстанасың, яғни сен жатып ішерсің, білдің бе?

**Бұлдірген.** Сенің «тұрып ішкенің» осы ма? Еденді сызырамын деп, шәңын аспанға шыгардың... Қыз істейтін жұмысты біз істей алмаймыз... Солай...

**Күлдірген.** Бұлдірген, мынау – қыздікі, мынау – біздікі деп таңба басып қойған жұмыс жоқ, білдің бе? (*Қолынан ыдысты туысіріп алады*). Міне, бұл – сенің кесірің білдің бе?

**Бұлдірген.** Айттым фой саган. Біз істейтін жұмыс басқаша болады. Солай. Хи-хи-хи!

**Күлдірген.** Әу, сен тілің мен жағына сүйене берме. Үлкен екем тыңда мені. Нан тура... Шәйды мен-ақ қайнатып келейін. (*Шығып кетеді*).

**Бұлдірген.** Өмірімде нан турап көрген емеспін. Қой, бүйтіп жүріп, қолымды кесіп алармын. (*Альбомға қарап*) міне, мынау суретте нанды әжем турап отыр... Ә, нан турау деген әженің жұмысы еken фой. (*Көрермендерге қарап*). Солай... Солай емес пе, әжетайым-ау? Иә, сооолай...

**Күлдірген.** (*кіріп келіп*). Әу, Бұлдірген, бұл қалай? Әлі отырсың фой ештеңе істемей. Тірліксіз...

**Бұлдірген.** Не-ме-не? Тірліксіз мен бе? Мен нан турағыш емеспін... Солай.

**Күлдірген.** О-о-хой, мынаны-ай!.. Жарайды, сен қызыл кенірдек болма. Нанды мен-ақ турайын. Сен ас бөлмесіне барып, жұмыртқа қуыр.

**Бұлдірген.** (*шошип*). Не-ме-не? Ей, Күлдірген, біліп қой, жұмыртқа қуыру қыз баланың жұмысы болып есептелінеді... Солай.

**Күлдірген.** (*нанды турап болып*). Әу, сен еріншек болма. «Еріншектің ерні жібімейді». Шкафтан қарақат шырыны құйылған ыдысты ал да, тостағанға шырын құйып дайындей бер. Жарайды. Жұмыртқаны мен қазір-ақ қуырып әкелемін. (*Кетеді*).

**Бұлдірген.** Кәне, қарақат шырыны қайда еken? (*Шырын құйылған қорапты әкеліп*). Мұны қандай ыдысқа құямын. Бұл біздің ісіміз емес, қыздың ісі... Солай...

**Күлдірген.** (*келіп, оған кейіп*). Әу, Бұлдірген, бұл қалай? Бір

ыдысқа шырын құю қолынан келмеді ме? Әлжуаз... Әздек.

**Бұлдірген.** Не-ме-не? Басқа сөздеріңің бәрін кешірдім, ал енді мынау «әлжуаз» деген сөзің үшін жауап бересің. Мен енді шыдамаймын.

**Күлдірген.** Сабыр! Сабыр! Жарайды... Мен өзім-ак барлық істі тындырамын. (*Күлдірген туралған нанды, шырынды алып шығып кетеді. Бұлдірген оны біраз тосып отырады*).

**Бұлдірген.** Түскі тамақты ішетін уақыт болды. Күлдіргенді жел куып кетті ме? Бұл неге мені асқа шақырмайды. Күлдірген, ей! (*Күлдірген шығады*).

**Күлдірген.** Әу, не-ме-не?!

**Бұлдірген.** Не істеп кеттің?

**Күлдірген.** Еден сыпырдым, ыдыс жудым, нан турадым, шай қайнаттым, жұмыртқа куырдым. Енді тамақ ішіп отырмын.

**Бұлдірген.** Мені неге тамаққа кел демейсің?

**Күлдірген.** Ас дайындау қыздың жұмысы, ас ішу біздің жұмыс дегеніміз ұят емес пе?

**Бұлдірген.** Кызым! Әй, шынында, ұят екен-ая, и... ә?



## **«ЖАЛАҢ АЯҚТАР»**

**ҚАТЫНАСУШЫЛАР:**

Асқарбек ағай,

Күлдірген,

Бұлдірген – оқушылар

*Асқарбек ағай көрермендермен амандаса бергенде,  
Бұлдірген мен Күлдірген айтыса шыгады.*

**Асқарбек ағай.** Сәлеметсіндер ме, балалар!

**Күлдірген.** Оларды жалаң аяқ деуге болмайды, білдің бе?

**Бұлдірген.** Аяқ киімі жоктардың бәрін де «жалаң аяқтар» дейміз.

**Асқарбек.** Әу, әуелі әдеп сақтап мынау көрермендермен амандасу керек қой, бұларың қалай, әй жоқ, шәй жоқ?

**Бұлдірген мен Күлдірген.** Сәлеметсіндер ме, достар!

**Бұлдірген.** Ағай, мына Күлдірген мен айтсам, түсінбейді, ұшқан құстар мен жан-жануарлардың бәрін де «жалаң аяқтар» дейді. Ол дұрыс емес десем, болмайды, мені мазақтап құледі.

**Күлдірген.** Ол рас, ағай! Оларға ешкім аяқ киім кигізіп қойған жоқ қой.

Тоңа ма деп аяғың,

Торғай, сені аядым:

Аулаға кел, мен саған

Тары шашып қоямын, – деп, жалаңақтарға бәріміздің де жанымыз ашиды.

**Бұлдірген.** Олар жалаң аяқ болса, қысында тоқып, жазында аяқтарына тікен кіріп, өліп қалмай ма? Бұл дұрыс емес.

**Асқарбек.** Бұлдірген дұрыс айтады: құстар мен аңдарды жалаңақтар деуге болмайды.

**Күлдірген.** Қалай? Оларда аяқ киім жоқ қой, ағай-ay!

**Бұлдірген.** Мен білемін. Тұяқтылардың тұяғы – аяқ киімі. Солай емес пе, ағай, ә?

**Асқарбек.** Дұрыс айтасың. Тұяқтылардың тұяқтары берік, ыстық-суықтан, әрі қатты заттардан аяқты қорғайды.

**Күлдірген.** Ағай, құстардың сол сияқты мысық, күшік, арыстан, жолбарыс, қасқыр... бәрінің де тұғыры жоқ қой, сондықтан оларды «жалаң аяқтар» деп атамағанда, қалай атаймыз?

**Асқарбек.** Сен біліп қой... Олардың тырнақтарымен қатар табандары қалың да қатты болып, ыстық-сүйекқа да, қатты нәрсеге де бейімделіп, қалыптасқан.

**Күлдірген.** Ағай, әсіресе, жаңа туған ботаның аяғын аяймын. Оның табаны жас бөпенің табаны сияқты жұмсақ болады екен.

**Асқарбек.** Иә, ботақанның табаны жұмсақ болады. Ол өсе келе, табаны қатайып, онша тасырқамайтын болады.

**Күлдірген.** Ағай, тасырқау деген не?

**Галымбек.** Түйелер де, жылқылар да тасты және қатты кедірбұдыр жермен көп жүрсе, табаны қажалып, тұғыры мұқалып, жүре алмай қалады. Өстіп малдың кібіртіктеп жүре алмай қалуын тасырқау дейді.

**Бұлдірген.** Мен білемін аша тұқтылар да тасырқайды.

**Асқарбек.** Аша тұқтыларды тағалай алмаймыз, сондықтан оларды неғұрлым тасырқатпайтын жолмен айдау керек болады.

**Күлдірген.** Ағай, тау ешкілер үнемі жартастарда жүреді ғой, олар қалайша тасырқамайды?

**Асқарбек.** Тау ешкі, тау теке, бұғы, арқар, қодас сияқты жануарлардың тұқтары қатты болады. Сондықтан олар тасырқамайды.

**Күлдірген.** Мен құстардың аяғына қатты жаным ашиды. Олар қыста қар кешіп жүре алмай, аяқтарын кезек-кезек бауырына басып, дірдектейді.

**Асқарбек.** Ол – рас. Дегенмен, құстардың да аяқтарында ыстық-сүйекқа, қатты затқа қарсы бейімделіп, қалыптасқан мүйізді, майлыш қабаттары болады. Сөйтіп олар «аяқ-киімсіз-ақ» өмір сүре алады.

**Күлдірген.** Жан-жануарларды, құстарды «жалаңаяқтар» деу-ге болмайды екен, ағай, енді түсіндім.

**Бұлдірген.** Айттым ғой мен саған. Айтсам түсінбейсін.

**Күлдірген.** Сен ағай секілді түсіндірсөн, баяғыда-ақ сөзінді түсініп, өзіңе қарсы шықпас едім. Пікір таластырған саған да, білмегенді білгізген ағайға да көп рақмет!

## **ТҮС – КИНО ЕМЕС**

### **ҚАТАЙНАСУШЫЛАР:**

Асқарбек ағай,  
Күлдірген,  
Бұлдірген – оқушылар

*Асқарбек көрермендермен амандаса бергенде, Бұлдірген мен Күлдірген айтысын кіріп келеді.*

**Асқарбек.** Сәлеметсіңдер ме, балалар!

**Бұлдірген.** Сәлем, ағай! Амансыңдар ма, достар!

**Күлдірген.** Бұлдірген, сонша сен білгендім, білдің бе? Тұс дегеніміз ұйықтап жатқанда көретін кино, білдің бе?

**Асқарбек.** Ол не? Тағы қандай пікірге таласып келдіңдер?

**Бұлдірген.** Ағай, бар гой... Күлдірген «тұс дегеніміз – кино» дейді.

**Күлдірген.** Айтқаным айтқан: тұс – ұйықтап жатқанда көретін кино, білдің бе?

**Бұлдірген.** Киноны киномеханик көрсетеді. Солай емес пе, ағай?

**Күлдірген.** Мен киномеханиксіз-ақ тұс көремін...

**Асқарбек.** Бұлдірген дұрыс айтады. Түсті киномен салыстыруға болмайды.

**Күлдірген.** Ағай, тұс көруді кино сияқты емес деп қалай дәлелдейсіз, айтыңызышы.

**Асқарбек.** Тұс көру ұйқы кезіндегі ми қабаттарының кейбір ояу қалпына сай қызметіне байланысты. Ұйқы кезінде мидың кейбір түйіндері жүрек сияқты өз қызметін аз да болса тоқтатпайды, елестету, еске түсіру, жаңаша жаңғыртып елестету пайда болады. Міне, осының бәрі тұс болып «көрінеді».

**Бұлдірген.** Аға, мен бар фой, тұсімде гарыш кемесіне мініп, жүлдіздарды аралап журмін. Күлдіргенді іздел таба алмадым... Ол несі, ә?

**Асқарбек.** Ол тұс сениң арманыңа байланысты көрінген тұс. Өңінде солай болсам деп ойлаған соң, тұсінде сол ой елестері қайталанып көрінген.

**Күлдірген.** Ағай, мен армандасам да, тұсіме қасқыр кіріп есімді шығарды фой. Ол қалай сонда?

**Аскәрбек.** Сен қасқырды армандамаңың, бірақ ол ойыңа түседі де, қорқып жатасың. Қорқып жатып ұйықтаған адам қорқынышты тұс көреді. Кейде ойда жоқ қорқынышты нәрселер де көрінү мүмкін.

**Бұлдірген.** Біздің Күлдірген киноны кім жасайтынын, оның қалай жасалатынын білмейді.

**Күлдірген.** Киноны адам жасайды, білдің бе?

**Бұлдірген.** Мен білемін. Кино тұс емес, оның мазмұнын қоюшы жасайды.

**Күлдірген.** Мәтінін түзуші тек мәтінін жазып береді деп естіп едім, – сен білгендіп соқтың фой өзінше.

**Бұлдірген.** Ағай, солай емес пе, ә? Киноны қоюшы мен жүргізуші екеуі жасамай ма, ә?

**Аскәрбек.** Сценарист қойылымның мәтінін жазады, режиссер оқып шығып оны қоюға даярлайды, оператор артистердің ойнауын киноға түсіреді, композитор соған лайықты музика жазады, тағы басқа кино жасауға еңбек сіңіретін мамандар көп.

**Бұлдірген.** Содан кейін кинофильм пайда болады.

**Күлдірген.** Содан кейін «етікші» кино көрсетеді.

**Бұлдірген.** «Етікші» емес, киномеханик. Солай емес пе, ағай?

**Аскәрбек.** «Етікші» деген – кинофильмді жөндеп көрсете алмайтын киномеханикке айтылатын әзіл сөз фой.

**Бұлдірген.** Киноны тек кинотеатрда ғана емес, үйде де көреміз: «көкшіл айна үйдегі, көрсетеді киноны». Ол не?

**Күлдірген.** Ол телевизор фой, білдің бе?

**Аскәрбек.** Киноның қызықты болуы көбінесе актерлар мен композиторға да байланысты.

**Бұлдірген.** Мен өзіндей етіп ойнайтын,  
Өнерді құнде тойлайтын  
Өнерпаз актер боламын.

**Күлдірген.** Көрерсіз: мен композитор боламын! Солай!

**Аскәрбек.** Армандарыңа жетесіңдер. Мен оған кәміл сенемін!

## **МАЙЖҮҚПАС, СУЖҮҚПАС ЖӘНЕ ТҮКЖҮҚПАС**

### **ҚАТЫНАСУШЫЛАР:**

Бастауши, Ана, Майжұқпас, Сужұқпас, Түкжұқпас.

**Бастаушы.** Баяғыда бір аданың үш баласы мінез-құлқына, іс-әрекетіне қарай Майжұқпас, Сужұқпас, Түкжұқпас атап лып көтіпті. Обыр, олақ, толық баланы – Сужұқпас, тамақты талғап ішетін арық баланы – Майжұқпас, бойына ас жұқпайтын, сөзге судырақ баланы – Түкжұқпас депті жүргіт. Үшегі де құргақ уәдешіл, көпірме сөзді, судыр сұайт, арсыз болып өсіпті. Олар жесір қалған анасын күніне сан рет алдайды екен. Күндердің күнінде жесір ана төркінінен көмек сұрауга жолға шығар алдында да балаларымен кеңеседі.

**Ана.** Ал, балаларым, алдарыңа ас қойдым, тойып алындар.

**Түкжұқпас.** Ойбай, қойыңыз! Мен тамақ ішпеймін, сұық су ішемін. Менің ішек-қарныма ас батпайды.

**Майжұқпас.** Мен бар ғой, менің асқа зауқым жок. Ұйқым келіп отыр.

**Сужұқпас.** (екі баланың сыбагасын өзіне қарай тартады). Қөкең бәрін де жапырады. Тәбеттерің шаппаса сыбағаларыңды маған беріндер.

**Ана.** (Майжұқпас пен Түкжұқпасқа) Тамақ ішпей көндей қатып кеттіңдер, бойларыңа шыр жұқпай, Майжұқпас, Түкжұқпас атандындар. Бұл жақсы ат емес, балаларым...

**Майжұқпас.** «Мешкей деген жақсы ат емес» деген соң мен тамақты аз ішемін, апа. Ал мынау Сужұқпас, алдына келген асты қайтарып көрген емес. Бәрін де ішеді. Қампиған қарның қара. Ха-ха-ха!

Мешкей, мешкей!

Қампиған да,

Қалдың өспей!

**Түкжұқпас.** Мен су ішсем де, өлмеймін. Тәбетім жок.... Со-лай...

**Сужұқпас.** Құлқыным тартып тұрады. Сен секілді «тамаққа зауқым жоқ» деп өтірік қылымсымаймын. Саған май жұқпайтыны содан шығар, сен тамақты аз ішесің, Майжұқпас. Түкжұқпасқа түк те жұқпайды.

Майжұқпасқа май жұқпас,

Түкжұқпасқа түк жұқпас:

Екеуі де еріншек,

Еңбек десе мізбақпас.

**Майжұқпас.** Мен Майжұқпас болсам, сен Сужұқпассың.

**Сужұқпас.** Тамақ ішпей қатасың,

Еңбек етпей жатасың:

Мазмұн болмас сөзінде.

Майжұқпассың өзің де.

Екі бала ерегісе кетеді.

**Ана.** Е, балаларым, «адам болар ағайын бірін-бірі батыр дейді, ада болар ағайын бірін-бірі пакыр дейді» деген осы, кежілдеспендер.

**Түкжұқпас.** (*ызаланып жылап жібереді*). Ой-бай! Ооой-баай!

**Ана.** Не болды, шырағым-ау?!

**Сужұқпас.** Ей, не қарабасты?!

**Майжұқпас.** (*абыржыңқырап*). Тек – ей, өз қара басыңа көрінгір!

**Түкжұқпас.** Мені жұрт неге Түкжұқпас дейді. Түк жұқпау масқара! Түк жұқпау деген не сұмдық? Мен намыстың отына күйіп өлемін! Намысым күйдіріп барады. Аaaa!

**Ана.** Сабыр ет, балам. Өмірің алда. Уақтылы тамақ ішіп, әлдену үшін әуелі еңбек ету керек. Мен сендерге қанша жұмыс берсем де құрғақ уәде беріп, бос қарап отырасындар. Соңдықтан да жұрт әрқайсысына ат қойып, айдар тақты. Елдің аузына қақпақ бола алмайсындар.

**Сужұқпас.** Бұдан былай мына көкең айтқаныңызды екі етпейтін ер болады.

**Майжұқпас.** Мен бар ғой, сіз өл десеніз өлемін, тіріл десеніз тірілемін. Сіздің айтқаныңызға көніп, айдауыңызға жүрмесем,

мені адам демеңіз. Сізді кейіткенше өлгенім артық!

**Түкжұқпас.** Ойбай, қой! Өлген деген пәлені айтпа!

**Ана.** Сендер аман болсаңдар қыншылық көрдім демеспін. Азық таусылып, жалғыз сиырдың торт емшегіне қарап қалдық. Мен нағашыларына барып, көмек сұрап келейін. Сужұқпас, сен бұзау бақ.

**Сужұқпас.** Макұл, ақ бұзауды көк төбенің көгалына бағамын, ақ бұлақтың сұына суғарамын. Сіз келгенше бұзаудың түгінен майы шығып құйрығы қайқайып тұрады, оған сеніңіз.

**Ана.** Сөзің жаксы, шырағым. Жалғыз сиырды жардан құла-тып алмандар. Майжұқпас сиыр бағуды саған тапсырамын.

**Майжұқпас.** Құп болады! Сиырды көк шалғынға көсліте бағамын. Көкмайсага тойынған сиырдан сүт бұлағын ағызамын.

Мен бағамын малды айдал,

Жеймін сөйтіп балқаймақ.

Ха-ха-ха!

**Ана.** Айтқан сөзің алтындей, Майжұқпас. Ал енді Түкжұқпас, сен білімпаз бола ма деп, көп үміттеніп оқытып едім. Окуындан қалып қойма.

**Түкжұқпас.** Айтқаныңызды екі етпей орындауға ант беремін. Кітаптың жетесіне, ғылымның төтесіне шығамын. Аман болсам, арманыңызға жеткіземін. Көресіз, өзіңіз риза болып, маған батаңызды бересіз. «Түкжұқпас» деген жаман аттан құтылатын күн болады.

**Ана.** Өзегімді жарып шыққан өрендерім, сендерге сенемін. Ал енді хош болындар. Мен келгенше бірлесіп, татулықпен тірі жандарша тірлік жасаңдар.

*Ана төркініне кетеді. Сужұқпас, Майжұқпас, Түкжұқпас  
әндете билеп жүр.*

Бір анадан үш ерен

Бірлік етсек, күш ерен;

Жақсы бала боламыз

Жалқаулыққа түспеген.

Біз емеспіз ақымақ;

Ана сөзін макұлдаپ

Айтқанына көнеміз  
Мақұл, мақұл, мақұл-ақ!

**Бастауши.** Сүжүқпас, Тұкжүқпас құрғақ сөзбен судырап іске қолы тимейтін, еңбекті сүймейтін керенау балалар еді. «Ауру қалса да, әдет қалмайды» дегендей, асыл анаға өлердегі сөзін айтып, уәде беріп қалған үш баланың берекесі кетеді.

**Сүжүқпас.** (*бар тамақты алдына қойып согып отыр*). Та-мақ тойса, тарықпай іске кірісеміз. Үйдің ішін жинап, ақ бұзауды арқандап, ыдыс-аяқты жуып, шыбын-шіркейді қуып, көкең барлық істі реттейді. Нәйм-нәйм бауырсақ! Аппақ боламыз жуынсақ. Ха-ха!

**Майжүқпас.** Амандық болса, ақ сиырды отты жерге бағып, қасқыр келсе, тісін қағып, батыр бала атанам. Мен мал баққанда бар ғой, ата-бабамдай жайылымда жақсылап бағам.

**Тұкжүқпас.** (*кітапқа үңіліп отыр*). Тіл-жақтарыңа сүйеніп қақсамай іске кірісіндер. Әне бұзау мөніреп түр. Екі күн болды гой ежіктеп отыргандарыңа.

**Сүжүқпас.** Нәйм-нәйм. Пысығын-ай, мына Тұкжүқпастың. Хи-хи-хи! Бар, бұзау мен сиырды сен бақшы. Біз алатын абырой-атақтың бәрін саған берейік, баршы кәне! Хи-хи-хи-хи! Одан да окуына бармайсың ба? Отырсың ғой омалып.

**Тұкжүқпас.** Ойбай, бұзаудың үні буынып шығады. Бұзау буынып өліп қалса, ел жұртқа не бетімізді айтамыз?!

**Майжүқпас.** Мен бар ғой, осындай шыдамсыздықты жек көрем. Ей, Тұкжүқпас, сен де адамсың. Аяқ-қол, бас-құлақ... Он екі мүшең аман-саяу. «Пысық» болсаң өзің бақшы бұзау мен сиырды.

**Тұкжүқпас.** Мен кітап оқып отырмын ғой. Көздерің көрмей ме? Міне! Әліп, би, ти, си, а мынау... а мынау... әлгі немене еді?

**Сүжүқпас.** Белгілі бес жыл оқып, әлі «әліп-би»-ден аса алмай жүрсің. Сенің окуың оқу емес – шоку. Енді отырысың мынау, мөлиіп. Мен болсам, бұзауды қалай бағуды ойлап отырмын. Көкең ақ бұзауды көк төбенің көгалына жайып, семірткен уақытта көрерсің. Тұғнен майы шығып, құйрығы қайқайып....

**Майжүқпас.** «Мал баққанға бітеді» деп анамыз ақылды сөз

айтты. Сиырды мен сонылатып бағамын. Ең әуелі Қырықбайдың қырына шығарып, содан кейін Ойықбайдың ойна жайып, ақ бұлақтан су ішкізіп, жусанды беткейге жусатамын.

**Түкжұқпас.** Әй, заржақ. Әне бұзаудың үні өшті, сиыр өріске бағана кеткен...

**Сужұқпас.** Ооо-май! Біз құрыдық. Шешеміз келе жатыр. Не дейміз анамызға?

**Майжұқпас.** Көкең енді сиыр бағып келеді. Кеттім мал бағуға.

**Сужұқпас.** Бұзауды арқандап келейін. Саган ұқсан сарғайып отырганды жек көремін. Сау бол, «оқымысты». «Әліп-би»-ден әрі асып окудың түбіне жет.

**Бастауши.** Арып-ашып, ана үйіне келсе, Түкжұқпас мөлиіп, кітапқа ұңғліп отыр. Сужұқпас пен Майжұқпас малға кеткен екен деп ана қуанып қалады.

**Ана.** Амансыңдар ма, айналайын балаларым. Анасыз күн көру қыын болған шығар. Түкжұқпас, неге үндемейсің. Кітаптың қызығына түсіп отыр екенсің ғой, оқи бер.

**Түкжұқпас.** Аман болсам, окудың түбіне жетемін, апа. Ал мынау Сужұқпас пен Майжұқпас бұзау мен сиырдың түбіне жетті ме деп қорқып отырмын.

**Ана. (шошып кетті).** А? Не дейді? Олар қайда?

**Сужұқпас.** Мен мұнданын, апа. Мен... Мен... барғанша бұзау буынып.

**Ана.** А? Бұзау қайда?

**Сужұқпас.** Буынып... нетіп... тілі салаңдап былай... өліп қалыпты.

**Түкжұқпас.** Енді құрыдық! Енді аштан өлеміз. Өлеміз!

**Ана.** Бұзау өлсе, сендерден садага. Сиыр қайда? Әй, Майжұқпас!

**Майжұқпас.** Мен келдім, апа. Неге таңырқайсыңдар? Мен Майжұқпаспын ғой.

**Ана.** Сиыр қайда?

**Майжұқпас.** Қырықбайдың қырына, Ойықбайдың ойна бағып, жусанды беткейге жусатайын десем, жоқ. Ары іздедім,

бері іздедім, жатпай іздедім, жоқ. Із-түзі білінбейді, жолды болмай, қолды болған-ау деймін, шамасы. Қайран сиыр қандай ұрының қолында кетті... екен! Ұрылар бізді бақытсыз етті. Uh, Oh!

**Тұкжүқпас.** Ой-ба-ай! Енді қайттік! (*Еңіреп жібереді*).

**Сужуқпас.** Апataй-ау, енді күніміз не болады? (*Жылам-сырайды*).

**Майжүқпас.** Қайғырмандар, мына көкең аман болса, бәрінді асырайды.

**Ана.** Е, шырақтарым, құргақ сөз азық болмайды. Жақсы бала ата-ананың есіктегі басын төрге сүйрейді, жаман бала ата-ананың төрдегі басын есікке сүйрейді, деген осы.

**Майжүқпас.** Мен сіздің басыңызды төрге сүйреймін!

**Сужуқпас.** Көкең аман болса, сізді қекке көтереді. Сізді ұшпаққа шығарамын!

**Тұкжүқпас.** Ана балаға сыншы ғой, біздің сырымыз белгілі болып қалды, бауырларым. Біз – ананың сорымыз!

**Ана.** Бақытсыз болдыңдар, балаларым! Сонда да ана балаға әрқашанда жақсылық ойлайды.



# **КЕРБАҚБАЙ МЕН КЕРДЕҢБАЙ**

*Бір перделі, екі көріністі комедия*

**ҚАТЫНАСУШЫЛАР:**

Дәрігүл әже,  
Аман (Керденбай),  
Асан (Кербақбай) – немерелері.

## **БІРІНШІ КӨРІНІС**

**Дәрігүл әжес үй жинап жсүр.**

**Дәрігүл.** (кейіп). Әй, шырақтарым-ай, киімдері шешкен жерде қалады. Әр киімнің, әр заттың жиналатын орны болмай ма бұл?! (*Жұртқа қарап*). Жұртым-ау, мынау жыланның қабығы емес қой, сыпрыып тастап кете беретін... Бұлардың мұнысы несі? Асан, әй!

**Асан.** (айқай салып, төргі бөлмеден келеді). Ааа-уу, әже!

**Дәрігүл.** Асан шырағым, су әкел, мына еденді жу!..

**Асан.** (кенеттен ауырып). Ойбай, аяғым-ай! Ойбай-ай! Ойбай-ай!

**Дәрігүл.** Не боп қалды, жаным-ау?! Маманды шақырайын ба? Әкенді нетейін бе?

**Асан.** Ойбай-ай, аяғым ауырып барады! Ойбай-ай, ауырып барады! Uh! Ah! Кілт ете түсті... Кілт ете түскенін қарашы. (*Кемеді*).

**Дәрігүл.** (аяй сөйлем, еденді сыпыра бастайды). Ауырып қалмаса игі еді. Аман-ай! Әй, Аман!

**Аман.** (айқай салып, бөлмеге кіріп келеді). Ааа-уу! О, не, әже?

**Дәрігүл.** Су әкел, балам. Мына еденді жуайық.

**Аман.** Су әкелмеймін! Асан неге әкелмейді? Көзіңіз мені ғана көреді екен! Бармаймын!..

**Дәрігүл.** Асанның аяғы ауырып қалды...

**Аман.** Жаны шықсын! Аяғы ауырганы өтірік... Тіл алса, өліп кетпейді ғой... Ол – қу, арам!

**Дәрігүл.** Бар, су әкел, шырағым...

**Аман.** Бармаймын! Сабак окуым керек... Бармаймын дедім, бармаймын. (*Есікті тарс жауып, келесі болмеге қарай шығып кетеді*).

**Дәрігүл.** Оқы, балам, оқы. Бірақ тілазар болып өскеннің несі жақсы дейсің?! (*Әже өзі су әкеліп, шуберек сулап, еденді сұртеп бастайды*).

**Дәрігүл.** (*еденді сұртіп болып, сагатқа қарайды*). Қой... Балалардың мектепке баратын уақтысы болып қалды. Шай қайнатып қояйын, нанды дүкеннен өздері әкелер. (*Шығып кетеді*).

**Дәрігүл әже дастарқан жайып, шай даярлайды.**

**Дәрігүл.** (*жайғаса отырып*). Балалар, шай дайын болды. (*Асан мен Аман есіктен таласа жүгіріп келеді*).

**Асан.** Ah, шай дайын болды ма?

**Аман.** Әже, шайдың жеміс шырыны жок қой. Жеміс шырыны қайда?

**Дәрігүл.** Тез барып, дүкеннен жеміс шырынын әкеле қойындар. (*Қалтасынан тыын алып*). Міне, ақша... жеміс шырыны нетіп...

**Аман.** (*Асанды нұсқап*). Барсын мынау Кербакбай!

**Асан.** (*Аманды нұсқап*). Барсын мынау Кердеңбай!..

**Аман.** Барсаң бар, өтірік ауырғыш Кербакбай!

**Асан.** Барсаң бар, сылтау тапқыш Кердеңбай!

*Асан мен Аман бір-бірін нұқып, тәбелес шығара жаздайды.*

**Дәрігүл.** (*екі немересін ажыратып*). Өй, өй, күндерім-ая! Кежілдеспендер! Айналайындар, қазір... Мен өзім-ақ нетемін.

**Әже кетеді.** *Асан мен Аман теріс қарасын тұрып қалады. Осы уақытта қоңыраулы сагат шылдырлап, Асандардың мектепке баратын мезгілін білдіреді.*

**Аман.** Міне! Үят болды!

## ЕКІНШІ КӨРІНІС

**Әжениң болмесі.** *Кең болме, сәнді жиһаз. Асан еден жуып жүр. Ол әжениң болмеге кіріп келгенін де байқамайды.*

**Дәрігүл.** Айналайын, құлым менің!

**Асан.** А-а-а... Сіз екенсіз ғой... Әже, сізден өтінемін: мені «құлым» демеңізші!

**Дәрігүл.** Күлімдеген көздеріңнен айналайын!

**Асан.** Өстіп, еркелетіп құртасыз адамды. Одан да, мына еденді жақсы жуып жатырмын ба, соны айтпайсыз ба?!

**Дәрігүл.** Өте жақсы! Сондай жақсы! Жарығым!

**Асан.** Сізге бәрі жақсы әйтеуір, бір кемшілігімді айтпайсыз.

**Дәрігүл.** Ой, айналайын сенен! Егер тілімді алсаңдар, сендерді тәрбиелемегендеге, не бітіремін? Қолыңнан айналайын!

**Асан.** (*иске кірісін*). Айып етпеніз, айналу жетеді! Еденді жуып болайын, содан кейін сойлесетін сөзім бар...

**Дәрігүл.** Сөйт, шырағым, мен шай қояйын. Аман келсе, су әкелсін. Тірлік деген жақсы болады, шырағым.

*Әже шай қою үшін шығып кетеді, Асан еденді жуа береді.*

*Аман келеді.*

**Асан.** (*Аманга зеки сөйлеп*). Адамша, бөлмеге аяқ киімінді шешіп кірмейсін бе? Былғама еденді!..

**Аман.** Ей, ақырын сөйле, мен сенен екі-ақ жас кішімін.

**Асан.** Бар-бар! Кіші болсаң, тәртіп сакта!

**Аман.** Өйдөйт, десенші! Ей, сен қашаннан бері тәртіпті болып қалдың? Айтшы, а?

**Асан.** Ары тұршы, «ағай», аяғыңың астын тазалайын.

**Аман.** Сұраққа жауап бер деймін! Сен қашаннан бері тәртіпті болып қалдың, айтшы... осы, айтшы... ә?!

**Асан.** (*тік тұра қалып*). Бұғіннен бастап әрі еңбекшіл, әрі тәртіпті болуға бел байладым, осы ойымды орындауга әкемнің атымен ант етемін!

**Аман.** Ой, шіркін-ай! Өз атыңнан-ақ сөйле!

**Асан.** Менде де бас бар! Көп сөйлемей, су әкел! Әжем сені суға жұмсады. Бар!..

**Аман.** Аяқ киімді шеш дегенің дұрыс, ал су әкелуге уақыттым жоқ. (*Шығып кетеді*).

*Асан еден жуып, сүртіп бола бергенде, әже кіріп келеді, ол Асанның ісіне сүйсініп, оның маңдайынан сүймек болады.*

**Дәрігүл.** Міне, азамат! Еденді айнадай етіпсің ғой. Әкелші сол үшін маңдайыңнан...

**Асан.** Қойыңызыш! Жетеді енді еркелету, мен жас бала емеспін. Мұғалімдерден сөгіс естіп жүргенім аз емес.

**Дәрігүл.** Оларға не жазып едің? Неге сөгеді олар сені?

**Асан.** Тілазармын, жалқаумын! Олар сол үшін сөгеді. Кеше бүкіл сынып мені үшінші рет талқыға салып, ақыры уәдемді алды...

**Дәрігүл.** Мен ешкімге сен туралы тіс жарған жоқ едім ғой, онысы несі?! Анада, мұғалімің сұраганда, сені мақтап едім ғой, бұл қалай?

**Асан.** Мәселе «тіс жаруда» емес, әже! Жамандықты кім көрмейді дейсіз, Жамал апай ақылын айтты, жолдастарым аямай сынап, көзімнен жасымды ағызды.

**Дәрігүл.** Сонда не дейді олар? Сен сонша не бұлдіріп едің!

**Асан.** Әжерді де сыйламайсың, окуды нашар оқисың, қырсықсың, тілазарсың, Кербақбайсың дейді.

**Дәрігүл.** Бүлініп кеткен ешнэрсе жоқ... Онысы несі-ей! Бала-ны сонша сөгіп...

**Асан.** Намыстан өліп кете жаздайды екенсің! Жұрттың бәрі жақсы оқиды, тәртіпті, ал мен неге осыншама қырсық болдым екен?! (*Жыламсырайды*).

**Дәрігүл.** Баланы сонша жасытып, онысы несі-ей?! Мен сөйлесемін ол Жамал апайыңмен. Мениң баламды түземей-ақ қойсын.

**Асан.** Мұныңыз дұрыс емес, әже, осыдан еркелік туады, менің қиқар болғандығыма сіз кінелісіз?

**Дәрігүл.** Күнтайым-ая, сенің жақсы болғандығыңа қайта қуанбаймын ба? Мен саған не істедім?

**Асан.** Осынша еркелетесіз, бетімізben жібересіз, аямын деп, ақымақтығымызды да кешіресіз! Бұл дұрыс па?

**Дәрігүл.** Алақаныма салып, аялап өсіріп отырган гүлдерім – сендерсіндер. Сендер үшін жанымды да аямаймын... Сендердің алдарында өлсем, арманым жоқ!

**Асан.** Әжетайым! Өлменіз...

*Аяңдай басып Аман келеді.*

**Асан.** Су әкелдің бе? Қайда кеттің?

**Аман.** (*қабақ шытып*). Кітап оқыдым. Әкелсен, әкел суды өзің!

**Дәрігүл.** Су әкелінер, кейімендер, шырақтарым.

**Асан.** Сенің әжемнің тілін алатын құнің бола ма? «Керденбай» десе, Керденбайсың... білдің бе?!

**Аман.** Менде жұмысың болмасын! Мен саған ұқсап «нашар» оқып жүрген жоқпын. Сабак оқудан қолым тимейді...

**Дәрігүл.** Тіл алу деген жақсы ғой, балам... Оку да керек...

**Асан.** Осыған сөз айтпай-ақ қойыңызышы! Айтқаныңыздың бері зая кетеді...

**Аман.** Менің сабак оқудан қолым тимей жүр ғой, әйтпесе тіл алмайын деп жүрген жоқпын! Жақсы оку оңай емес...

**Асан.** Сен мың жерден жақсы оқығаныңмен, егер тәртібің жаман болса, адам емессің!

**Аман.** Сен не деп тұрсың, Асан? Адам болмасаң, сен адам емес шығарсың!.. (*Тап беріп*). Аузыңды арқаңнан!..

**Дәрігүл.** Жә! Керілдеспендер, шырақтарым, екеуің де адамсың, айналайын! Қойыңдар!..

**Асан.** Жоқ, біз шын адам емеспіз! Бұдан былай адам болуға тиіспіз...

**Аман.** Адам бол... Жақсы оқы... ол өзіңе байланысты.

**Асан.** Сен тек жақсы оқысам дейсің, ал ата-ана, бауырды сыйлау дегенді ойлайсың ба?

**Аман.** Ей, сенің жайың белгілі ғой, маған ақыл үйретпей-ақ қойшы сен!..

**Дәрігүл.** (*Екеуін ажыратып*). Қойыңдар деймін, шоқыспай. Ой, шырақтарым, ой! Өмірің өскірлер, ой! Бұларың не?

**Асан.** Көріп тұрмыз сенің кім екенінді!..

**Аман.** Мен қайтсем де үздік оқи беремін, ешкім маған кедергі жасай алмайды.

**Дәрігүл.** Саған ешкім кедергі жасайын деп жүрген жоқ, шырағым. Сабак та оқы, басқа жұмысты да бітір, несі бар?

**Асан.** Біз уақытты дұрыс пайдалана білмейміз, әже!.. Егер уақытты дұрыс пайдалансақ, бәрін де істеуге үлгерер едік.

**Аман.** Су әкеліп, от жағуға уақыттым жоқ...

**Дәрігүл.** Көзімнің тірісінде сендерге отын алғызбаймын. Оку деген инемен құдық қазғандай. Бірақ сендерге мұгалімдерің

«шөптің басын сындырма», кітапқа үңіл де отыр деген жоқ шығар, балам?!

**Асан.** Бізде режим деген болады, әже! Онда қай сағатта не істей керек екені жазылып қойылған.

**Дәрігүл.** Бәсе, естуім бар... Онда ата-анаға көмектес, дene еңбегімен шұғылдан деген де сөз жазылған шығар?

**Асан.** Эрине, ең әуелі дene шынықтыр, дene еңбегімен шұғылдан деп жазылған, әже!.. Ал біз болсақ...

**Аман.** Ей, қойши сол режим-прежимінді...

**Дәрігүл.** Ой, айналайын ұстаздар-ай, әрбір адамның уақтысына дейін есептеп, жол көрсетіп қойған екен фой...

**Асан.** (*Аманға*). Сен әжемнің алдында ашығын айтши, режимді орындаісың ба, орындаамайсың ба?

**Аман.** Ал, сен ше?

**Асан.** Бүгіннен бастап режимді бұлжытпай орындауға серт беремін!

**Аман.** Қойши соны, қағазға не жазылмайды... Шынын айту керек. Мен... мен оныңды орындаі алмаймын...

**Дәрігүл.** Ол не дегенің, Аманжан? Адам болатын бала сөйтеді ме екен?!

**Асан.** Бұл адамгершілікті ойлап жүр ғой дейсіз бе, әже?

**Аман.** Қойыңдаршы, сендер. Қөп сөйлеуге уақытым жоқ. (*Ол қолын бір сілтеп, төргі бөлмеге еніп кетеді*).

**Дәрігүл.** Тоқта, балам! Сабыр етші!..

**Асан.** Тоқта! Тыңдасаңшы әжемнің сөзін. (*Аман тыңдамай кетеді*).

**Дәрігүл.** Ой, құдірет-ай! Не дейін бұған?! Дүниеде баланың тіл алмағанындағы қасірет бар ма, сірә!

**Асан.** Ашуланбаңызышы, әжетай! Бұдан былай еркелік пен есерлікті қоямыз! Мен Аманға бәрін де түсіндіремін қазір. (*Ол Аман кірген бөлмеге еніп кетеді. Олардың «Осы еркелік те жетер», «Әжетайымның көңілін қалдыру – қылмыс», «Бұл не сұмдық», «Келісейік» деп, дабырлаган үндері естіліп тұрады*).

**Дәрігүл.** Е, заман-ай! Бұл заманың балалары да өздерінше «данышпан». Ешқайсысына ақыл үйрете алмайсын. Бір мезгіл бұлар ана сөзін де ескерсе қайтеді, жұртый-ау?!

*Асан мен Аман Дәрігүлдің алдына келеді.*

**Асан.** Эже, Аман өз қатесін түсінді, енді кейіменіз...

**Аман.** Мен... мен енді бұдан былай сіздің тіліңізді аламын.

**Дәрігүл.** Бәсе! Айналайындарым! Адам болды деген осы.  
(*Көпшілікке қарап*). Уа, халайық, менің немерелерім адам болады! Көрдіндер ме, адам болды деген осы!

## **БАҒДАРШАМ**

### **ҚАТЫСУШЫЛАР:**

Күлдірген – 4 сынып оқушысы,

Ербол – 4 сынып оқушысы,

Ақбай – ата.

*(Жол торабына Күлдірген мен Есбол келеді).*

**Күлдірген.** Есбол абайла. Қызыл сәулені көрмейсің бе?

Қызыл көзін ашқанда,

Сынық сүйем баспа алға!

Сары көзін ашқанда,

Қарап қалма аспанға!

Жасыл көзін ашқанда,

Жүре бергін жасқанба!

**Ербол.** Ей, сен білгішсіме. Өзім де білем ғой жол тәртібін. Қақсай бермей, қара ана шамға.

*(Жүгін көтеріп Ақбай ата келіп қалады).*

**Күлдірген.** Ассаламуағалейкум, Ақбай ата!

**Ақбай.** Уагалайкумассалам! Сен қай баласың?

**Күлдірген.** Мен Бұлдіргеннің Күлдіргенімін ғой ата! Қалай бақуаттымысыз?

**Ақбай.** Бақытты бол балам! Әкең Әбен әдепті жігіт. Міне, «Әке көрген оқ жонады» деген осы.

**Ербол.** Ей, Күлдірген сен «оқ жонып» тұрғанда, жол жабылып қалатын болды. Жур!

**Күлдірген.** Ата, жүгіңізді маған беріңіз, мен аялдамаға дейін Сізді жеткізіп тастайын.

*(Yшеуі жолдан өтеді).*

**Ақбай.** (жүгін Күлдіргеннен алып). Рахмет, балам! Әдептілігің үшін батамды беремін.

**Ербол.** Ата, бұл бата беретін жер емес... Күлдірген, жүркеттік!

**Күлдірген.** Ербол, сен кете бер. Мен Ақбай атаны көлікке мінгізіп, содан соң барамын.

**Ербол.** Ей сен «мінгізіп» жүргенде күн қызып кетеді. Блин! Мен кеттім. О, кей! *(кетеді).*

**Ақбай.** Күлдірген шырағым, бұл кімнің баласы?

**Күлдірген.** Бұл – Ертай ағаның Ерболы фой, ата.

**Ақбай.** Е, балам, баланың мұндай әдепсіз болуы әkenің тәрбиесіне байланысты. Халықта «салтын сүймеген халқын сүймейді» деген мақал бар. Халқын сүйіп, салтын сыйламаған бала жақсы адам болмайды.

**Күлдірген.** Ататай, кешіріңіз, ол үшін мен үялып тұрмын.

**Ақбай.** Өстіп ұятты сезініп, намысты болғаның – кіслік болады балам! Рахмет! Бақытты бол!

**Күлдірген.** Айтқаныңыз келсін, ата, сау болыңыз.

## **ҚЫС ПЕН ҚҰС**

*Сахнага Білдірген мен балдырган шығады.*

**Білдірген.** Сәлематсындар ма, балалар!

**Балдырган.** Сәлем достар! Қыс қызығын көп көріп, қыста қысылған құстарға қамқорлық жасап жүрсіндер ме?

**Білдірген.** Балдырган, мен үйдегі үйрек-қаздарға жем беріп, күнде күтіп жүрмін.

**Балдырган.** Оның дүрыс. Бірақ басқа да құстарды күту керек. Емес пе?

**Білдірген.** (куанышпен). Мен құстар үшін жемтакта жасап, терезенің алдына оны жақсылап орнаттым. Содан сөк-тары сеуіп қойып едім, торғайлар қонып, тойып алды.

**Балдырган.** Қыста құстар қандай аянышты! Мен тауықтарға жем шашып едім, тауықтар таласып қалды. Үй құстарының аяқтары аязда тоңып, тойса да, тырнақтарын бүгіп, біресе оң ағын, біресе сол ағын бауырына басып, дір-дір етеді. Жаным ашып кетті.

**Білдірген.** Үйрек-қаздардың да әлі жақсы емес. Олар қазір суға түсіп, шалпына алмайды, уақтысында шомылғандықтан, кейбіреуінің қанаттарына сірке түсе бастады.

**Балдырган.** Құстардың жағдайы нашар дейсің. Ол үшін біз кінәліміз. Оларға қамқорлықты қүшеттуіміз керек, білдің бе?

**Білдірген.** Білмегендे ше?!

**Балдырган.** Оған қоса, біз осы тауық, үйрек, қаз сияқты үй құстарынан басқа біздің жерде қыстайтын пайдалы құстарға да жанымыз ашып, жақсылық істеуіміз керек.

**Білдірген.** Мен көгершіндерге құнде жем шашамын. Олар қолыма қонақтап, төбеме қонып, еркелегендей болады. Сонда куанып қаламын.

**Балдырган.** Көгершіндер біздің аулаға да келіп тұрады. Олар каз-үйректермен бірге жем шоқып жүр.

**Білдірген.** Көгершіндер де қолға үйренген қорғаушысы бар құстар фой. Ал анау көк торғай, сары торғай, бозша торғайлардың халі ше? Қыста қысылып, жем таппай, шыр-шыр етеді.

**Балдырган.** Біздің елде қыстайтын сол кішкентай достарды мен де аязды қыстан қорғап, жем шашып, қамқорлық жасап жүрмін.

**Білдірген.** Біз оларды «қанатты достар» дейміз.



## **БОРЫШ ПЕН ПАРЫЗ**

**Қатысушылар:** Асан ата

Дарқан – немересі.

*Ортаңғы бөлмеде Асан ата немересімен әңгімелесін отыр.*

**Асан ата.** Иә, Дарқаным, бүгін атаңа қандай сауалың бар?

**Дарқан.** Ата Әділ ағай келесі сабакта «борыш», «парызы» деген сөздердің мағынасын талдаймыз деп еді. «Борыш» деген не?

**Асан ата.** Борыш деген сөздің мағынасы зор, балам. Атанаң сені тәрбиелеп, өсіреді. Сен өскенде ата-анаңды асырап, оларға қызмет етуге міндеттісің. Ол міндетті халқымыз борышы деп атайды.

**Дарқан.** Кешіріңіз. Борыш деген кәдімгі ұзіміз ішіп жүрген нәрсе екен деп ойлап едім.

**Асан ата. (күлліп).** Әрбір сөздің мағынасын түсініп ал, балам.

**Дарқан.** Ал, «парыз» деген не, ата?

**Асан ата.** Әрбір саналы адам өсе келе ата-анаңына, еліне, отанына, қолынан келсе, бүкіл адамзатқа жақсылық жасап, адамдық міндеттерін орындауға тиіс. Бұл «парыз» деп аталады. Тұған елге қызмет ету – перзенттік парыз болады.

**Дарқан.** Ата, борыш, парыз деген сөздердің мағынасын енді түсіндім.

**Асан ата.** Әрбір сөздің мәнін терең түсінгенің жақсы, балам.

**Дарқан.** Ата, амандық болса, көресіз, мен өскенде ата-ана алдында борышымды, ел алдында перзенттік парызыымды өтеймін.

**Асан ата.** Ниетіңнен айналайын! Ол үшін осы бастан білімді, еңбекқор, өнерпаз болуға құштарлан, балам.

**Дарқан.** Әрине, ол жағынан аздал әрекет бар ғой, ата!

**Асан ата. (мейірлене сүйіп).** Аллаға шүкір, амандық болса, атаң ол қызығыңды да көреді!

# **ОТБАСЫЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМАР**

## **ДЭУЭЖЕ**

**Қатысушылар:** Әсем – нағашы әжесі,

Әйгерім – жиен қызы,

Ардақ – нағашы ағасы.

**Бастауышы.** Әйгерім алты жаста. Ол нағашы әжесінің шебе-ресі. Кішкентай ғана тәмпіш қыз ол кісіні Дәуәже деп атайды. Әйгерімнің атасы Раушанбек үйге жаңа телефон орнатты. Әй-герім қалада бөлек тұратын Дәуәжесімен жалғастыратын түйін-ді біліп алды. Дәуәжесімен ол күнде сөйлеседі:

*Болмене Әсем әже мен Ардақ телефонмен сойлесіп отыр  
Әйгерім. Әлло! Дәуәже, мен ғой!..*

**Әсем әже.** Әйгерім, үніңнен айналайын!

**Әйгерім.** Әлло! Дәуәже, сәламатсыз ба? Дәуатам қайда?

**Әсем әже.** Әйгерім! Даусыңнан айналайын, күнім! Дәуатаң жұмыста.

**Әйгерім.** Әлло! Әлло! Мен ғой, Дәуәже, мен сізді қатты сағындым!

**Әсем әже.** Әйгерім, садағаң болайын! Көзіңнен, сөзіңнен, өзіңнен айналайын! Папаннан, мамаңнан айналайын!

**Әйгерім.** Әлло! Дәуәже! Ардақ көкем қайда?

**Әсем әже.** Әйгерім! Көке деген тіліңнен айналайын! Міне, көкең.

**Ардақ.** Әйгерім, аман ба, жаным? Атаңа, апаңа, мамаңа, әкеңе сәлем айт. Сау бол, алтыным!

**Әйгерім.** Сау болыңыз, көке!

**Ардак.** Сау бол, жаным! Өстіп, нағашыларыңмен сәлемдесіп түр, Әйканам.

**Әйгерім.** Әлло! Дәуәже! Денсаулығыңыз қалай?

**Әсем әже.** Аллаға шүкір. Денсаулығым жақсы, жаным. Аздап белім...

**Әйгерім** Әлло! Дәуәже! Енді ауырманыз! Иә ма?

**Әсем әже.** Макұл, жарығым!

**Бастауши.** Шөбересінің тілегі Дәуәжесінің денсаулығына қуат берді. Аруана жатқан орнынан тұрып, тірлігін істеп жүр.

## **ӘДЕПТІ ҚЫЗ**

**Қатысушылар:** Асан – атасы,

Тұмаржан – немере қызы

Әсем – әжесі.

*Ортаңғы болмеде Асан ата газет оқып отыр. Құлімден, Тұмаржсан келеді.*

**Тұмаржан.** Қайырлы тан, ата!

**Асан ата.** Таң қайырлы болсын, жарығым!

**Әжесі Әсем келеді.**

**Әсем әже.** Маржантай, кел, жаным, дастарқан жаяйық...

**Тұмаржан.** Мен дастарқан жаяйын. Сіз шәй дайындаңыз.

**Тұмаржсан дастарқан жасайды. Әсем әже шәй әкеледі.**

**Әсем әже.** Отағасы, дастарқанға тілек айттыңыз.

**Асан ата.** Бисмиллахи!

Рахмани-рахим! Ас берекелі болсын! Өмір мерекелі болсын!  
Әмин!

**Әсем әже.** Отағасы ас алдын өзіңіз алыңыз.

**Асан ата.** Алыңдар, ас тәтті болсын.

**Тұмаржан.** Асыңыз сіңімді болсын, ата.

**Асан ата.** Ниетіне рахмет, жаным.

*Астан соң, Әсем әже мен Тұмаржсан. қол жасайып, бата сүрайды.*

**Әсем әже мен Тұмаржан.** (қол жайып). Әмин!

**Асан ата.** Бақытты заман болсын! Балалар аман болсын! Қызығын көре берейік! Әмин!

**Әсем әже.** Ас болсын, отағасы.

**Тұмаржан.** Асыңыз сіңімді болсын, ата. Жүзіңізден әр таймай,

Жүз жасаңыз қартаймай!

**Әсем әже.** Елімізге ырыс-құт қонсын, ғаламда тыныштық болсын!

**Асан ата.** Иншалла, ғаламда тыныштық болсын!

## ***ІС ТӘРТІБІ***

**Қатысушылар:** Асан атасы,

**Күлдірген – немересі.**

*Күлдірген болмесінде ұйықтап жатыр.*

**Бастауши.** Күлдіргеннің атасы кеше немересінің күнделікті «іс тәртібін» қағазға түзіп, оны өзінің стол басына іліп қойғанын көріп, қуанып қалды. Енді атасы Күлдіргеннің сол «іс тәртібін» орындаудың қадағалай бастады.

**Асан ата келеді.**

**Асан ата** (сагатына қарап). Күлдірген балам ұйқыдан оянатын уақытың болды. Тұр, жарығым.

**Күлдірген** (көзін үқалап) Ата, қазір... (көзін аша алмай, қайтада қалғып кетеді).

**Асан ата.** Көзінді аш, балапаным... сен сағат сегізде тұруың керек, әне сағатқа қара, жаным.

**Күлдірген көзін үқалап, күлімдей қараиды.**

**Күлдірген.** Ата, кешіріңіз! Оooo-хой! Он минут кеш оядым

**Асан ата.** Мен кешіремін ғой... бірақ уақыт кешірмейді... Балапаным...

**Күлдірген.** (Керіліп, созылып). Ата, мен күнделікті «іс

тәртібін» қағазға түзіп қойғам. Іс тәртібім бойынша қазір шынығам... Бір-екі-ұш!

**Асан ата.** Мұның дұрыс, айналайын. Іс тәртібін түзіп қойған екенсің, соны орында.

**Асан ата шығып кетеді. Күлдірген кенет теледидарды қосып...**

**Күлдірген** (*қызыға айғайлап*). Тура соқ! Соооқ! Гооол!

**Асан ата қарбалас келеді.**

**Асан ата.** Не болды, балақаным?!

**Күлдірген** (*айғайлап*). Гооол! Гоол болды ата. (*Атасының алақанын ұрады*).

**Асан ата.** (*сагатқа қарап*). Жарығым-ау, гол көретін уақыт емес, сабаққа баратын уақыт қой бұл!

**Күлдірген** (*ол да сагатқа қарап*). Аааатаа! Мен кккееешіктім!... Ке-ке-шіріңіз-ші!

**Асан ата.** Мен кешіремін ғой, бірақ уақыт кешірмейді. Уақытты анау өзің түзіп қойған іс тәрбіне бағынып, пайдалан, балам.

**Күлдірген.** Макұл, ата! (*Атасының қолынан сүйеді, шығып кетеді*).

## **АҚБОТА**

**Қатысуышылар:**

Ажар – анасы, Ақбота – қызы.

**Ортаңғы болмеде Ақбота тірлік істеп жүр.**

**Бастаушы.** Он жастағы Ақбота анасы Ажарға көмек беріп, көнілді жүреді.

Ауылдағы балабақшаны басқарып жүрген анасы, жұмыстан шаршап келгенде, ол анасының алдынан шығып өзінің істеген тірліктері туралы баяндайды:

**Ақжарқын ана Ажар келеді. Ақбота оны қуанып, қарсы алады.**

**Ақбота.** Апataйым, ақжаймаларды үтектеп қойдым, міне.

**Ажар.** Айналайын, көмекшім менің! «Оқу инемен құдық қазғандай қыны гой. Сабагыңа дайындалдың ба?

**Ақбота.** (анасын құшырлана құшып). Әуелі сіздің киімдеріңізді үтіктейін, содан соң сабагыма дайындалармын.

**Ажар.** Жарқыным, қамқоршым менің! Бүгін мен басқарып жүрген балабақшага ат қою қажет болды. Мен «Ақбота» деп ат қоюды ұсынғанда, басқалар қолдады. (құшып, сүйіп) Ақботам менің, балабақшаның атын «Ақбота» қойдық.

**Ақбота.** (ыңғайсызданып). Апаратайым-ау, бұл ұят емес пе?! Менің сонша құрметке әлі еңбегім сіңген жоқ қой.

**Ажар.** Ботам, сен мектепте үздік оқып жүрсің, сыйныптың топбасшысысың, өнер үйірмесін басқарасың, анаңа қамқорлық жасап жүрсің, оның үстіне, Ақбота деген тек сенің атың емес, бұл сендей талаі қызга қойылған қасиетті ат.

**Ақбота.** Апаратайым, енді түсіндім. Ал, атақ деген, меніңше, болашақтагы өзімнің еңбектерім мен біліміме байланысты емес пе?

**Ажар.** Әрине... Ақылыңан айналайын, Ботам! Дұрыс айтасың. Болашағыңа бақыт тілеймін. (Ақботаның маңдайынан сүйеді).

## **ЖАНАШЫР**

### **Қатысушылар:**

Асан – атасы, Эсем – әжесі, Тұмаржан. – немересі.

**Үйқы болмесінде Тұмаржан ұйықтап жатыр. Асан ата кітап оқып отыр.**

**Бастауши.** Тұмаржанның әжесі Эсем кеше қаладағы қайнисының үйіне кеткен. Ол әжесін ойлап, бүгін түсінен шошып оянды.

**Тұмаржан.** (түсінде шошып). Әже, олай жүрменіз! Токтаңыз! (шошып оянады).

**Асан ата.** Ол не, ботам?! (оны құшып, маңдайын иіскейді).

**Тұмаржан.** Эжем көше тәртібін бұзып, айғайласам да болмай, қызыл сәулеге қарсы бара жатыр... (өксіп, жылап жібереді).

**Асан ата.** Уайымдама, ботам! Эжең көше тәртібін біледі. (атасы оны жұбатып, елжірей құшады).

**Тұмаржан.** Ата, әжем қала көшелерінен адасып кетпей ме?

**Асан ата.** (жұбатып) Эжең адаспайды, ботам! Эжең көше тәртібін жақсы біледі. Қорықпа, жсаным..

**Тұмаржан.** Ата, сіз де қорықпаңыз. Мен қасыңыздамын гой...

**Асан ата** (көзі жасаурап) Сен қасымда болсаң, мен ажсалдан да қорықпаймын, Ботам. (күбірлеп). Ее, Алла! Кішкентай ботама денсаулық, амандық бер!

**Тұмаржан.** Үйдің ішін жинай бастайды. Эсем әже келеді, қуаныштен қауышу.

**Тұмаржан.** Алақааай! Эжем келді!

**Асан ата.** Қош келдің әжесі.

**Әсем әже.** Қош көрдік! Тұмарым, жарығым! (Тұмаржан. ның бетінен сүйіп, сыйлықтарын ұсынады). Мынау суретше – кітапшаларды Бақ көкең сәледемеге беріп жіберді. Мынау ма-сатыдай көйлекті Әсия жеңешең саған арнап тігіп, беріп жі-берді. Мынау кестелі кеудешені өзім саған базарлыққа әкелдім.

**Тұмаржан.** Таа-маа-шааа! Рахмет, әжетайым!

**Асан ата** (ризашилықпен) Тұмаржаным әжесі жоқта маган сенімді серік болды, айналайын! Жанаширым менің! (құшып, сүйеді)

**Тұмаржан.** Мен әрқашанда сіздерге қамқоршы боламын.



## **ӘДЕП САБАҒЫНДА**

**Қатысушылар:**

*Төртінші сынып оқушылары. Оқытушы – Әбен ағай.*

*Сахнада төртінші сынып оқушылары екі топқа бөлініп тұрады, әдеп туралы айттысты Әбен ағай басқарады.*

**Әбен ағай.** Өткен жолы әдеп сабағынан «жұмбақ айтыспак», «санамақ айтыспак» қызықты өткен. Бүгін бәріміз әдеп туралы «мақал айтыспаққа» даярланып келдік. Сынып екі топқа бөлініп, бірінші топтың атынан – Асан, екінші топтың атынан Досан сөйлесін.

Кәне, Төле би, Қазбек би, Әйтеке би бабаларының аруагы қолдасын, мақал айтыспаққа қалай даярланып келгендерінді байқайын, әдеп туралы мақал айтыспакты бастандар. Құлдірген сен төреші бол.

*Оқушылар екі топқа бөлініп, мақал ойтыс басталады.*

**Әбен ағай.** «Әдеп туралы мақал айтыспақты» бастаймыз..:

**Асан.** Үйрен жақсы әдептен,

Жирен жаман әдептін.

**Досан.** Әдепсіз бала қор болады,

Әдепті бала зор болады.

**Асан.** Әдепті бала иманды,

Әдебі үшін сыйланды.

**Досан.** Әдептілік – әдемелік.

Әдеппен сөйле әдемі қын.

**Асан.** Қыз әдептілігімен көркем,

Ұл өзжеттілігімен көркем.

**Досан.** Әдепті кім сақтайды,

Әркім оны мақтайды.

**Асан.** Әдептілік – әдептен:

Әдеппен сөйлем әдептін.

**Досан, Асан.** Әдеппен танықпыз:

Біз әдепті халықпыз.

**Күлдірген.** Ағай, екі топқа да он баллдан қойдым.

**Әбен ағай.** Рахмет, екі топ мақал айтыспақта тең түсті.  
Әдеп туралы айтылған мақал-мәттелдерді дәптерлеріңе жазып  
алып, жатқа айтып жүріңдер..

**Бәрі** (бір ауыздан) Мақұл, ағай.

## **ҚУЗЕТШІ**

**Қатысушылар:** Әсем – әжесе

Асан – ата

Тұмаржсан. – немере қызы

### **БІРІНШІ БӨЛІМ.**

**Жатын бөлмеде Әсем әже ауырып жатыр.** Тұмаржсан.  
оны күтіп отыр.

**Бастауши.** Алты жасар Тұмаржан.ның әжесі Әсем мей-  
ірімді, ақкөңіл жан. Немере қызы әжесін күтіп жүр.

**Тұмаржан.** Әжетай, қалайсыз?! Міне, қызуыңыз басылып-  
ты...

**Әсем әже.** Тәуірмін, күнім! Балабақшаңа бара бер.

**Тұмаржан.** Міне, дәріңізді ішіңіз... Жазылып кетесіз.

**Әсем әже.** Іништі, жазылып кетемін. Әләзір мені ажад ал-  
майды, күнім, уайымдама.

**Тұмаржан.** Ажад аламын десе, бармай қойыңыз, әжетай.  
Мен сізді жібермеймін! (жыламсырайды).

**Әсем әже.** Мақұл, жсаным. Мен ол жаққа бармаймын. Сен  
балабақшаңа бара бер.

**Тұмаржан.** Сау болыңыз, әже ауырманың. (кетеді).

**Әсем әже.** Аман бол, күнім! (оның ақ маңдаійынан искейді).

### **ЕКІНШІ БӨЛІМ.**

**Жатын бөлмеде Асан ата ұйықтап жатыр,** Тұмаржсан.  
шыгар есікті тіреп отыр.

**Бастауши.** Кешінде Тұмаржан. балабақшадан үйге келді.  
Бірақ әжесін көре алмады. Жүрегі зуылдан кетті.

Мамасы «Әжеңді күтпесек, ажал алып кетедің деген болатын Тұмаржан. жатын бөлмеде ұйықтап жатқан атасын көріп, «Енді атамды ажалға бермеймін, өзім күзетемін» деп ойлады. Сөйтті де, есікті мықтап жауып, есіктің жақтауын басып, нықтап отырып алды. Тықырдан оянған атасы басын көтерді.

**Тұмаржан.** Ата қорықпаңыз, мен отырмын гой.

**Асан ата.** (күлімдеп). Панам – ау, неден қорқамын?

**Тұмаржан.** Сізді әжем сияқты ажал алып кетпейді.. Мен сізді күзетіп отырмын... Сізді ажалға бермеймін, ата.

**Асан ата.** (құшып, сүйіп, көзіне жас алып). Садағаң болайын, батырым, сен күзетіп отырганда, мені ажал алып кетпейді.

## **АҚ ӘЖЕНИҢ ҚУАНЫШЫ**

**Катысушылар:** Ақ әже,  
Ақжан – немере қызы,  
Әженің ауылдағы немерелері...

*Ақ әжесе үлкен бөлмеде дастарқан даярлан жүр.*

**Бастауши.** Қалада тұратын Ақжан немересін ауылда тұратын Ақ әжесі оның ауылға келуін сағына күтті. Көктемгі демалыста сәті түсіп, немересі ауылға келгенде, әжесінің қуанышы қойнына сыймады.

**Ақ әже.** (сагатқа қарап). Ақжанымның келетін уақтысы болып қалды. Мұндағы құрбыларын да шақырып қойып едім...

**Артынып Ақжан келеді.**

**Ақжан.** Ақ әже! Амансыз ба? Көкем мен мамам Сізге сәлем айтты.

**Ақ әже.** (қуана құшып). Ақ көгершиім-ау! Мен сені сағындым гой, ақ балапаным!

**Ақжан.** (аса қуанышпен). Әжетайым! Мен де Сізді сағындым.

**Ақ әже.** Аппагым! Ақ балапаным! Сен келеді деп, осындағы немерелерімді шақырып қойдым, қазір келеді.

*Бір топ балалар мен қыздар келеді, қуана амандасады, дастарқан басына орналасады. Ақ әже олардың маңдайларынан иіскең, мәз болады.*

**Ақ әже.** (*бір шара етті алдыға қойып*). Ақжаным қаладан келеді деп, согымнан жал-жая, қазы-қарта сыйбага сақтап едім...

**Ақжан.** (*ыңғайсызданып*). Әжесе, мен үлкен кісі емеспін гой, осынша сыйбаганы...

**Ақ әже.** Ақ балапаным-ау, сен көптен бері ауылга келген жоқсың гой... Оның үстіне, Аллаға шүкір, биыл он үш жасқа толдың.

**Ақжан.** (*әжесін сүйіп-сүйіп алады*). Ақ әжесем! Әжетайым! Кәне бауырларым, әже туралы тақпақты бәріміз қосылып айтайық.

«Ақ әжесеміз – күніміз!

Әжениң біз – гүліміз.

Әже, бізді қуантып,

Ұзақ өмір сүріпіз!».

## **ТҮМАРЖАННЫҢ САҒЫНЫШЫ**

**Қатысуышылар:**

*Ғалым – әкесі, Аяжан – анасы, Тұмаржан – қызы.*

*Экран арқылы Жерорта теңізінің жағасы көрсетіледі. Жағада Тұмаржан ойнап отыр.*

**Бастауышы.** Бес жастағы Тұмаржан ата-анасымен бірге Жерорта теңізінің жағасындағы саяжайға келген. Ол құмнан мүсін жасап ойнап отыр.

**Ғалым мен Аяжан келеді.**

**Ғалым** (*кулімден*). Тұмаржан не істеп отырсың?

**Тұмаржан.** Ойлап отырмын.

**Аяжан.** (*таңырқап*). Не ойлап отырсың?

**Тұмаржан.** (*көзі жасаурап*). Әжем мен атамды ойлап отырмын.

**Ғалым.** Ол кісілермен кеше телефонмен сойлестік қой...

**Тұмаржан.** Атамың қарыны ашып қалған шығар.

**Аяжан.** Уайымдама атаңың қасында әжең бар.

**Тұмаржан.** Әжемнің аяғы ауырады ғой...

**Ғалым.** (*қарқылдан құліп*). Әжең тاماқты аяғымен дайындамайды ғой.

**Тұмаржан.** Көке, неге күлесіз? Әжем ауырып жатса, ол кісіні аяу керек деген мамам. Сіз соны да білмейсіз бе?

**Аяжан.** (*Тұмады құшып*). Жарығым, әжесін сағынды ғой...

**Тұмаржан.** (*жыламсырап*). Атамды да сағындым.

**Ғалым.** Атаң мен әжеңе жақында барамыз... Мынау жағажай қандай тамаша. Тымық теңіз, тұнық тау, таза ауа, рақат.

**Аяжан.** Бәрінен де әже мен атанаң қасында болу қандай жақсы!.

**Тұмаржан.** (*мамасын құшып*). Әжем мен атама барам.

**Ғалым.** Онда жүріндер. Дүкеннен әжең мен атана базарлық алайық.

**Тұмаржан.** (*қуанып*). Алақай, атама, әжеме базарлықты мен таңдаймын!

**Ғалым.** (*мейірлене құлімден*). Ата-ананы сағынған жүре-гіңнен айналайын. Жүр кеттік. Атаң мен әжеңе барамыз... (*Тұмаржанды мойнына мінгізіп алады*).

## **САЛАҚ БОЛМА**

**Қатысушылар:** Асан – ағасы,

Алтай – інісі.

**Ортаңғы бөлмеде Алтай ойыншиқтарымен ойнап отыр.**

**Бастауши.** Кішкентай Алтайды ағасы Асан жанындей жақсы көріп, оны «алтыным», «ақ балапаным» дейді.

**Асан келеді.**

**Асан.** (*шашылып жатқан ойыншиқтарды жинаі бастайды*). Алтыным-ау, мынау ойыншиқтарың әр жерде шашылып жатыр, мұны жинап қою керек қой....

**Алтай.** (*бұйыра сөйлем*). Көке, сіз жинай салыңызшы.

**Асан.** Алтан-ау, салақ болма, жаным...

**Алтай.** Көке, «салақ» деген не ол, ә?

**Асан.** Халық «олақтан салақ жаман. Өз ісіңді істемей, ерінсең, «салақ деп, жүргт сені жек көреді.

**Алтай.** Көке мен салақ болмаймын: ойыншықтарымды ертең жинап қоям, содан соң еденді жақсылап сынырып қоям. *Иә ма?*

**Асан.** (*қабагын түйіп*). Ұқыпты бала бүгінгі ісін ертенге қалдырмайды. Мынау ойыншықтарың шашылып жатқан бөлмен, қоксықтың қоймасы сиякты болып кетті.

**Алтай.** (*Үй ішін жинастыра бастайды*). Көке, онда, мақұл, үй ішін қазір-ақ жинаймын.

**Асан.** Санасыз бала – салақ болады. Сен санасыз емессін, алтыным.

**Алтай.** Көке, мен енді санасыз болмаймын. Міне ойыншықтарды жинап қойдым, енді еден сыпырамын.

**Асан.** (*інісінің бетінен сүйіп*). Сары алтыным, міне осылай тірлік жаса, салақ болма, саналы бол.

**Алтай.** Макұл көке. Мен салақ болмаймын. (*көкесінің қолынан сүйеді*).

## **ӘДЕПТІ БАЛАЛАР**

**Қатысушылар:** Асан ата,

Жасұлан – оқушы,

Ербол – оқушы.

*Асан ата қала сыртындағы саяжайда бау-бақша құтіп жүр. Жасұлан мен Ербол келіп, оған сәлемдеседі:*

**Жасұлан, Ербол.** Ассаламуағалайқұм, ата!

**Асан ата.** Уағалайқұмассалам, балалар, жол болсын!

**Жасұлан.** Әлей болсын ата. Біз Сізге көмек берейік деп келдік, ата.

**Асан ата.** (*кулімдеп, маңдай терін сұртіп*). Ниеттерің қабыл болсын балалар. Қандай іс қолдарыңнан келеді?

**Жасұлан.** Бақша күту, бақ күту қолымыздан келеді, ата.

**Асан ата.** Жарайсың балам! Жасың нешеде?

**Жасұлан.** Мен он екі жастамын, ал мынау Ербол менің інім он жаста.

**Асан ата.** Е-е-е, шырақтарым, нағыз еңбек десе ерінбейтін, шаршауды білмейтін кездерің бұл.

**Ербол.** Ата, мен де Сізге ұқсан, бақ күтіп, бақша суғара ала-мын.

**Асан ата.** Онда былай болсын: екеуің әуелі мына жеміс ағаштарының түбін қопсытындар. Одан соң, анау көкөністі арамшөптен тазартындар...

**Жасұлан.** Ата, мен талдардың түбін қопсытайын. Ал, Ербол арамшөптерді жүлуге шебер (*кулімдеп, інісіне қарайды*).

**Ербол.** Макұл!

*Сахна жабылып, қайта ашилады. Дастанқан басында Асан ата ризашылығын айтып отыр.*

**Асан ата.** Жасұлан, сен бір үйдің азаматы болып қалыпсын, балам. Әкең бар ма?

**Жасұлан.** (*жыламсырап*). Экемді ұрылар өлтіріп кеткен.

**Асан ата.** (*аянышпен қарап*). Анаң бар шығар.

**Жасұлан.** (*ауыр күрсініп*). Анам бар... «Оptyм» алып, сауда жасайды.

**Асан ата.** Е-е-е, шырақтарым, екеуің де нағыз ер екенсіндер. Еңбек ақысыз болмайды (*екі балага көп ақша ұсынады*).

**Жапсұлан.** (*ыңғайсыздынып*). Ата, мынау ақша көп кой.

**Асан ата.** Сендердің ықыластарыңа, еңбек сүйгіштіктеріне ризамын. Осылай еңбек ете берсендер, аналарыңа ауырлық болмайды, балақандар...

**Жасұлан, Ербол.** Рахмет, ата!

**Асан ата.** (*бата беріп*). Өркендерің өссін! Қалаған мақсаттарыңа жетіндер, татулықтарың тәтті болсын! Әмин!

## **AHA – МАҚТАНЫШ**

**Қатысушылар:** Екінші сынып оқушылары:

Гүлжан мен Жанар.

*Екінші сыныпта оқитын Гүлжсан мен Жанар аулада өздерінше сырласып, өз мамаларын мақтап отыр:*

**Гүлжан.** (*ернін шүйірін, танауын көтерін*). Менің мамам мені «Айналайын, Гүлім» дейді.

**Жанар.** (*жайнап, күлімдеп*). Менің апатаіым ешқашанда кейімейді, мені «жаным» деп жақсы көреді.

**Гүлжан.** Жанар сен білесің бе? Мамам маған бауырсақ пісіруді үйретті. Мен енді торт пісіруді үйренемін!

**Жанар.** Гүлжан, сен біліп қой.. Менің апам маған ою оюды, кесте тігуді үйретіп жүр... (*танауын көтерін*). Мен апатаіым-дай іс шебері боламын!

**Гүлжан.** Мен мамамнан «Ана» деген ән үйрендім. (*Ән салып*)

Анашым – ақ мамам,

Ардақтап, шаттанам.

Ақ сүтін емізген

Анам деп мактанам.

**Жанар.** Менің апам маған «Аққу» биін үйретті (*би билеп*).

Гакку-гакку-гаккуім:

Мен – биши ақкумын.

**Гүлжан.** Жанар кел екеуміз «Ана – Күн» деген әнді айтайық.

**Жанар, Гүлжан** (*қосылып ән айтады*):

Ана – біздің күніміз,

Ана – біздің жырымыз:

Аман-есен күлімдеп,

Алдымызыда жүріңіз.

## **АТЫП ОЙНАМА**

**Қатысушылар:**

Асан – ата, Ғалым – немересі, Темірлан – шөбересі.

**Бастауши.** Бес жастағы Темірланға Ғалым ағасы туған күн тойында автомат сыйлады. Ол енді «сарбаз» болды, «сарбазша киініп, автомат асынып келіп, бар даусымен атасына «шабуыл» жасады.

*Ортаңғы бөлмеде Асан ата мен Ғалым сойлесіп отыр.*

**Ғалым.** Темірланның туған күні құтты болсын. Оған сыйлыққа автомат әкеп бердім.

**Асан ата.** Өстіп тату болсаңдар, бақытты боласыңдар, бала-ларым.

*Сарбазша киініп, автомат асынып Темірлан келеді.*

**Темірлан.** (айғайлап). Ата! Тік тұр! Атамын! Құла! Тыр-рыр-рр! Өл! Құла! (Атасы айтқанын орындаійды).

**Ғалым.** (ашуланып). Темірлан! Мұның не? Атанды атуға бола ма?!

**Асан ата.** (мейірлене күліп). Темірімнің ойыны фой бұл!

**Ғалым.** Сіз де қызықсыз! «Атам! Өл!» деген ойын ба? (қа-багын түйіп, Темірланга ызбарлана қарайды).

**Асан ата.** (аңқылдан). Өл десе, несі бар?! Мен сарбаздың бұйрығын орындаімын, «өле қалам».

**Ғалым.** (ашуланып). Ату – ойын емес. Атасын ату – ауыр қылмыс.

**Темірлан.** (жыламсырап). Мен... Мен атамды ешқашанда атпаймын!

**Асан ата.** (Темірланның маңдайынан иіскен). Міне! Мұның – дұрыс! Атаны атуға болмайды, күнім!

**Ғалым.** Атаны ғана емес, ешбір адамды атуға болмайды.

**Темірлан.** Көке, онда автомат не үшін керек?

**Ғалым.** Автомат елді жаудан қорғау үшін керек.

**Темірлан.** (тік тұра қалып). Онда, мен кейін, есkenде, ел қорғаймын!

**Асан ата.** (*куанып*). Міне, әдепті бала өстіп елін ойлайды.

**Ғалым.** (*аишуын басып*). Теміржан, сен теледидардан көріп, атыс-шабыс ойын екен деп ойлама, жаным!

**Темірлан.** Кешіріңіз, ата! Мен сізді атпаймын! Мен сізді қорғаймын.

**Асан ата.** Ел қоргайтын ер болып өс, балапаным. Амин! (*Темірланның маңдайынан сүйеді*).

## **ЖАМАН ЭДЕТ**

**Қатысуышылар:**

Әбен ағай,

Жапал – окушы,

Окушылар.

**Сыныпта.** Сабак үстінде. Сабак басталды. Жапал тынышсызданып отыр. **Әбен ағай** оны бақылауда.

**Жапал.** Ағай, қарындашым еденге түсіп кетті...

**Әбен ағай.** (*кулімдел*). Ала гой.

**Жапал.** Ағай, Маржан мені бүйірімнен шұқылап отыр... (ол қасында отырған Маржанның бүйірінен тұртпін қалады).

**Әбен ағай.** Әдеп сақта, Жапал. (Ол «әдеп сақтап» еki қолын партаның үстіне қойып, тұзу отыра қалады).

**Әбен ағай.** Балалар, кім айтады? Әдептілік деген не?

**Жапал.** (*қолын шошаңдатып*). Ағай! Ағай! Мен айтайыншы!

**Әбен ағай.** Айтағой, Жапал.

**Жапал.** Әдептілік... Иә... Солай... Былай...

**Маржан.** Ағай, бұл білгенсиді, – өзі білмейді.

**Әбен ағай.** Онда сен айтағой. Әдептілік деген не?

**Маржан.** (*жайнаңдал*). Әдеп сақтап, тәртіпті болу-міне, әдептілік деген – сол.

**Жапал.** (*қызыараңдал*). Оны мен де білемін ғой.. Сонша... Білгенсіме...

**Әбен ағай.** (*қатана ескертпін*). Жапал, «жаман әдет жарға жығады. Сабак үстінде тыныш отырмайсың. Жаман әдettі қой, сонда сені әдепті бала дейміз.

**Жапал.** Ағай... ағай мен енді жаман әдettі қойым. Жаман әдettі қойым.

**Сыныпта тыныштық орнады.**

## **АТАТЕК**

**Қатысушылар:**

Асан ата,

Дарқан – немересі.

**Ортаңғы бөлмеде Дарқан Асан атасымен әңгімелесіп отыр.**

**Дарқан.** Ата, Әбен ағай бізге жеті атаға дейін ататектерінді біліп келіндер деді. Ол не үшін керек, ата?

**Асан ата.** Еee, балапаным, Қазакта «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген сөз бар. Ататекті білу – әдептілік болады.

**Дарқан.** Ата, сіз менің ататегім туралы не білесіз?

**Асан ата.** Е, балам, әкең болса ұстаз, атаң – мен зейнеткермін.

**Дарқан.** Сіздерді білем ғой... Арғы ата-бабаларым туралы не білесіз?

**Асан ата.** Бабаң атбегі болған, арғы атаң Қабанбай батыр болған... Солардың мұрагері болып, ата даңқына кір келтірмей ес, балам. Жетесіз болма.

**Дарқан.** Атеке-ау! Сонда мен «жетесізбін» бе?!

**Асан ата.** Сен жетесіз болмау үшін, ататегінді біліп ал. Солардың жолын қу. Қабанбай бабандай батыр бол.

**Дарқан.** Атеке, мен қалай батыр болам?! Қазір соғыс жоқ қой...

**Асан ата.** Е, балам! Ылайым, соғыс болмасын. Еліңе ерінбей еңбек сінірсөн, батырлық деген – сол...

**Дарқан.** Атеке, сонда мен жеті атамның бәріне айнымай тартуым керек пе?

**Асан ата.** Ататекті біліп, олардың жолын қуып, ата-бабаны ардақтасан, тегіңе тартып, әдепті болсан, текті болу деген – сол.

**Дарқан.** Атеке, өз ататегімді біліп, басқаларды білмей-ақ қойсам, не болады?

**Асан ата.** Әрбір жақсы адам әуелі өз ататегін, содан соң ұлтын, одан кейін бүкіл адамзатты ардақтап, нағыз адам болу керек, балам.

**Дарқан.** Ата, мен ататегімді біліп алайын... енді... Иә ма?

**Асан ата.** Ол – сенің перзенттік борышың, балам! Ататекті білу, тану – әдептілік.

**Дарқан.** Мен ататегімнің намысын қоргаймын, ата.

**Асан ата.** Сенің тегің – қазақ. Қазақтың ар-намысын қорға, барлық адамзатты сыйлай біл, балапаным.

**Дарқан.** Макұл, ата.

**Асан ата.** Міне, сен нағыз қазақсың! (*құшиып, сүйеді*).

## **АРҰЛАН**

*Арұлан ортаңғы бөлмеде киініп, шашын тарап тұр.*

**Бастаушы.** Балабақшаға Арұланды 3-сынып оқушысы – Аружан әпкесі ертіп барып жүр. Ол өзі бір «пысық» бала болды. Таңқы мұрны пысылдап, әпкесі оятпаса да, ерте тұрады. Өзі жуынып, шашын тарайды. «Өзім кием» деп, киімдерін де өзі киетін болды.

*Арұланның әпкесі Аружан келеді.*

**Арұлан.** Әпке мен дайынмын!

**Аружан.** (*құшиып*). Айналайын үнінен, айналайын күнінмен! Төсек-орныңды жинап қойыпсың, өстіп жинақы бол, күнім.

**Анасы Аяжан келеді.**

**Аяжан.** (*Арұланды аймалап*). Айналайын балдырган, ана мейірімін қандырган! Аяқ киімінді шөткелеп қойыпсың, өстіп ұқыпты бол, жарығым.

**Арұлан.** Мама столыңыздың шаңын сүртіп қойдым.

**Аяжан.** (*көтере құшиып*). Жаным! Ақ балапаным! (*Сүйеді*).

**Арұланның құмістей сыңғырлаган қуанышты құлқісі үй ішін шаттыққа толтырады.** «*Балалы үй базар болады.*

**Арұлан.** (*Aружанга құлімден*). Әпке, Сіз туралы тақпақты жаттап алдым, тыңдаңызышы.

**Аружан.** Айта ғой тақпағынды, күнім.

**Арұлан:**

Қамқор дәйім,  
Күн мен айым –  
Әпкетайым!  
Жұмсасаң,  
Болам дайын!

**Аружан.** Арұланым – алтыным! (*Құшақтап билейді*).

**Аяжан.** Айналайын Арұланым, өзі тілалғыш, өнерлі бала.  
Әлі, көрерсіндер, бұл нағашы атасына тартқан өнерпаз болады.

## **АРУ ҚЫЗ**

*Дастарқан басында Аружан Әсем әжесіне сұрақ қойып отыр.*

**Аружан.** (*нұры жайнап*). Әже, сіз мені неге «Аруым» дейсіз?

**Әсем әже.** Әдепті, ақылды, бойжеткен қызды халық «ару қыз» дейді, күнім.

**Аружан.** (*еркелей сөйлеп*). Мен әлі бойжеткен жоқпын ғой, әже...

**Әсем әже.** Сен – ақылдысың, нағыз ару қыз болып өсесің, жаным.

**Аружан.** Әже, «әдепті қыз» деп қандай қызды айтады?

**Әсем әже.** Сен апаң жұмысқа баарда әдеппен қоштасасың, көкең жұмыстан келгенде, киімін іліп, шәркесін алдына қоясың... Әдепті қызысың.

**Аружан.** Ол – мениң міндетім ғой, әже.

**Әсем әже.** (*мәз болып*). Өз міндетінді білуің де – әдептілік, күнім.

*Аружан күлімден, дастарқан жинай бастайды, Әсем әже тілегін айтады.*

**Әсем әже.** (*көпшілікке қарал*). Аружаным ару қыз болып өсіп келеді. Қазақтың ару қыздары өсе берсін, әмин!

## **АТАНЫң ӨСИЕТІ**

**Қатысушылар:** Асан – ата,

Дарқан – немересі.

*Ортаңғы бөлмеде Асан ата немересі Дарқанга өсиет айттып отыр.*

**Асан ата.** Балам, Абай дананың өсиет сөздерін жаттап алдың ба?

**Дарқан.** Ата, Абай бабаның әрбір сөзін ойға тоқып алам.

**Асан ата.** Дұрыс айтасың, күнім. Өсиет сөздерді ойға тоқып алу керек.

**Дарқан.** Абай бабамыздың «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңін біз сыныпта жаттап алдық.

**Асан ата.** Абай өлеңінде «бес асыл іс» деген сөз бар. Оның мәнісін айтшы, кәне.

**Дарқан.** Оны білем, ата. Ол – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым.

**Асан ата.** «Талап, еңбек» деген сөздердің мәні неде, балам?

**Дарқан.** «Талап» деген – талап, «еңбек» деген – еңбек.

**Асан ата.** Ұлы дана бұл сөзінде «әрекет жасауға талаптан, талабынды іске асыру үшін еңбек ет» деп тұр. Солай емес пе?

**Дарқан.** Әрине, ата, ақын бабамыз «әр нәрсені терең ойла, дүниеге қанағат қыл, адамға рақымды бол, яғни жақсылық жаса» деген болатын.

**Асан ата.** (*Дарқанның маңдаиынан иіскен*). Даналық сөздерді жақсы түсінген екенсің, күнім менің!

**Дарқан.** Ата, осы қазақта «азға – қанағат, көпке салауат» деген мақал бар. Оның мәні неде?

**Асан ата.** «Азға қанағат» деген сөз «аз да болса, бар нәрсені бағала, қанағат қыл» деген мәнді білдіреді.

**Дарқан.** Ата, қазақта «құрғақ қанағат қарын тойғызбайды» деген мәтел де бар емес пе?

**Асан ата.** Дұрыс айтасың. «Құрғақ қанағат» жасама. Барды бағалап, оны көбейту үшін еңбек ет.

**Дарқан.** Ата, еңбек арқылы табыстан-табысқа жете беру – әркімнің мақсаты емес пе?

**Асан ата.** (*рахаттана күлімдеп*). Дұрыс айтасың, күнім. «Ақыл – жастан» деген осы. Атаның өсietін өстіп өнеге тұт, айналайын!

## **АРУАНА**

### **Қатысушылар:**

Аруана, Дулат – шөбересі,

Дарқан – шөпшегі,

Аружан – неменесі.

*Сахна сыртында Дулат аруана туралы қуаныш ҳабарлап тұр:*

**Дулат.** Біздің баба анамыз – атамның анасы биыл жүз жасқа толды. Баба анамыз жүз жасқа толған күні, той жасадық. Тойды мен басқардым. Аруананың балалары, немерелері, шөберелері, шөпшектері сыйлықтарын ұсынып, ақжарқын жүзінен сүйіп, оны қуанышқа бөледі.

*Сахна ашилады, аруананы ұрпақтары қаумалап, жайгасады.*

**Аруана.** (*зор қуанышпен*). Шөберелерім мен шөпшектерім алдыма, немерелерім сол жағыма отырындар.

**Дулат.** Келіндеріңіз бен күйеу балаларыңыз, жиендеріңіз ше?!

**Аруана.** (*кулімдеп*). Олар оң жағыма отырсын.

**Дулат.** Құттықтау сөз ең алдымен ұлы ананың шөпшектерінің атынан Дарқанға беріледі.

**Дарқан.** Мен әжекеніме тақпак айтып беремін.

Аналардың анасы,

Балалардың панаысы –

Әжекемді сүйеміз!

Әдеппен бас иеміз! (ол аруананың ақ жаулығынан сүйеді).

**Аруана.** (*Дарқанның маңдайынан сүйіп*). Өнеріңнен айналайын! Өркенің өссін! Балапаным!

**Дулат.** Эжекеніміздің немене қызы Аружан «Әжеме» деген әнін айтады.

**Аружан.** Эжекенім туған күніңізбен құттықтаймын!

Бізді дәйім «айналайын!»

Деп, сүйеді әжетайым!

Қуанады, құшады!

Ыстық әже құшағы!

Жасай бер, әжетай!

Ә-леу-лай!...

**Аруана.** (*Аружсанды аймалап сүйеді*). Өнерпаз боп өсе бер, гүлім!

**Дулат.** Мен әжеме арнап Дина Нұрпейісова әжеміздің «Бұлбұл» күйін тартып берейін (*куй тартады*).

**Аруана.** Өнерлі болып, өркендей беріңдер!

**Қойылым** «*Ана туралы жырмен*» аяқталады.

## **НҰРБАЙ БАЛАНЫҢ ЖЕҢІСІ**

**Бастаушы.** Нұрбай – төртінші сыныпта топбасшы. Ол күнде сабактан соң үйге келісімен, әкесіне әдеппен өзінің бір күнгі жетістіктері мен кемшіліктерін баяндайды.

**Нұрбай көкесі** *Көлбаймен әңгімелесін отыр.*

**Нұрбай.** Көке, бүгін екі сабактан «бес» әкелдім.

**Көлбай.** Өркенің өссін балам! Достарыңың үлгерімі қандай?

**Нұрбай.** Достарымның тірлігі жаман емес. Аздап «үштігіміз» бар...

**Көлбай.** Нұржан-ау, ернің неге ісіп қалған? Мәнісің болмай түр ғой өзіңнің, не болды, балам?!

**Нұрбай.** Көке, айтыңызшы, адам өміріне ең зиянды нәрсе не?

**Көлбай.** Зиянды нәрсе көп қой. Меніңше ең зор зиянды нәрсе темекі мен арак. Ал тірліктең зиянды нәрсе – жалқаулық.

**Нұрбай.** Көке, мен сол өмірге зиянды нәрсемен «соғысып» келдім.

**Көлбай.** «Соғысқаны» қалай?!

**Нұрбай.** Мектепте, үзіліс кезінде, әжетханада «соғыс» болды.

**Көлбай.** Ол қандай «соғыс»?

**Нұрбай.** Әжетхана ішіне кіріп алғып, оныншы сынып оқушысы Оман темекі тартып түр екен, мен оған:

- Омеке, өңешіңіз ыстанып кеткен шығар, – деп, күлдім.
- Не дейсің, ей «Мәмбет»? – деп ол мениң жағама жармасты.
- Темекі тартқан зиян, – дедім мен қылқынып.
- Міне саған «зиян»! – деп, ол тұмсығыма берді.

**Көлбай.** Корланып тұра бердің бе? Қорғанбадың ба?

**Нұрбай.** Қорғандым ғой. Ойда жокта, «оқыс-бокс» басталды. Үлкен адамға қол жұмсау – әдепсіздік болар деп, қорғанып жүріп, ол ағаның көзіне колымды, байқамай, нетіп, тигізіп алдым. Ағай аямай соғып, ерніmdі ісіріп қойды.

**Көлбай.** Бәрібір женіс – сенікі!

**Нұрбай.** Қалайша? Оман мені оңдырмай, нетіп, соғып тастанды ғой...

**Көлбай.** (*ризашилықпен күлімден*). Сен темекі тарту сияқты зиянды нәрсемен күрестің. Өстіп, салауатты азamat боп өс, алтыным!

**Нұрбай** әкесінің әділ бағасына масаттанып, оған әдеппен бас иді. Ол жасаман әдеппен күресіп, жеңілмегеніне қуанды.

## **БАҒБАН МЕН БАЛА**

**Қатысушылар:** Асан ата,  
Дарқан – немересі.

*Асан ата бақты күтіп жүр, Дарқан атасына комектесуде.*

**Асан ата.** Балам, байқап тұрсың ба? Бақтағы алма ағаштары әдеп сақтаған сарбаздарша сап түзеп түр. Аралықтары біркелкі алма ағаштары бір-біріне бөгет болмайды. Тәрбиелесе, тал да инабатты.

**Дарқан.** Ата, талды қалай тәрбиеледіңіз? Ол адам емес қой...

**Асан ата.** Е-е, балам! «Бақтың құты – бағбан» деп халық берекер айтпаған. Жеміс ағашын күтіп, баптау – нағыз тәрбиенің өзі. Ағаштардың түбін қосытып, жерді тыңайтып, бақты суарып, жеміс ағаштарын баламдай тәрбиелеймін.

**Дарқан.** Ата, оның бәрі талды күту емес пе? Ол да тәрбие ме?

**Асан ата.** Нагыз тәрбие – сол. Талдың қисық бұтақтары болады. Қисық бұтақтар – қисық міnez сияқты. Ол жеміс бермейді, басқа бұтақтарға кедергі жасайды. Ондай қыңыр бұтақтарды мен қырқып тастаймын.

**Дарқан.** Ата, адамның қисық міnezін де қырқып тастауға бала ма?

**Асан ата.** Қисық міnez қырқылмайды, тәрбие арқылы түзеледі.

**Дарқан.** Кешіріңіз, ата. Мен «Қисық міnez түзеледі» деген сөзінді онша түсінбей тұрмын.

**Асан ата.** Адам саналы. Қисық міnezдің зиян екенін түсінген бала, ол кемшілігін жояды да, міnezін түзейді.

**Дарқан.** Ата менің қисық міnezім болса, ашып айтыңыз, мен ондай міnezді құртамын.

**Асан ата.** Сенің жаман міnezін жоқ. Жемістен қалағанынды үзіп же, балам.

**Дарқан.** Рахмет ата! Жүзінізден әр таймай,

Жүз жасаңыз қартаймай!

## **БАЛДЫРҒАННЫҢ БАҒЫ**

*Асан ата мен Балдырган тал тігіп жсур.*

**Асан ата.** Балдырганым – күнім менің! Мынау алма тал – сенің талың.

**Балдырган.** Алақай, талымды өзім күтемін!

**Балдырган су сепкіш әкеп, қолдана бастайды.**

**Асан ата.** Жаным-ау не істеп журсің?

**Балдырган.** Ата, мен талымды сугарып жүрмін...

**Асан ата.** Талабыңнан айналайын! Таңды бұлакпен сугара-мыз. Мен бұлактан құлакқа су салып келейін.

**Балдырган.** (*қол шапалақтан*). Алға, бұлақ! Ақ құлдырап! Сылдырап!

**Балдырган күрегімен талдың түбін қопсыта бастайды.**

**Асан ата.** Тірлігіңнен айналайын!

**Балдырган.** Ата, талымның түбіне тыңайтқыш септім. Енді қопсытып...

**Асан ата.** Алтыным-ау, міне, былай қопсыту керек.

**Балдырган.** Рахмет, ата! (*атасының бетінен сүйіп, риза болады*).

**Асан ата.** Әдептілігіңнен айналайын, жарығым! Өстіп рах-мет айтуды да білу керек. Исті осылай үйрену керек...

**Балдырган.** Мен енді талды қалай күтуді білемін, ата

**Асан ата.** Іске сәт, құлымын!..

## **ҚАСИЕТТІ ШАР**

**Қатысушылар:**

Ардақ – әкесі,

Дулат – немере ағасы,

Темірлан – баласы.

*Ортаңғы бөлмеге ушеуді қарбалас кіріп келеді.*

*Жарайсың, Әлім!*

**Әлім.** Суретті де өстіп, нетіп, бояп нетемін.

**Қекен.** (мақтанашибен). Мен көмектескемін, ағай!

**Әбен ағай.** Қекен, сен досыңа қалай көмектестің?

**Қекен.** Есебін шығарып бердім, суретін салып бердім.

**Әбен ағай.** (куліп). Ол – көмек емес, еріншек ету.

**Қекен.** Ағай, өзіңіз көмек көрсет деген соң...

**Әбен ағай.** Есепті шығарып берудің орнына, сол есепті қалай шығарудың жолын үйрет. Сурет салудың тәсілі.

**Ардақ.** Жолсапардан Темірланға ғажап шар әкелдім.

**Дулат.** Шарды мен үрлеп берейін, (*шарды үрлеп*). Ғажап! Көке, мынау жер шары ғой. Мә, ал Темірлан.

**Темірлан.** Рахмет, көке! Кәне, теуіп көрейінші (*шарды тебеді*).

**Дулат.** Мұндай шарды теппе, Темірлан.

**Темірлан.** (аңырып). Неге теппеймін, көке?

**Дулат.** Бұл – Жер шары.

**Темірлан.** Жер шары шар емес пе, көке?

**Дулат.** Бұл Жер ананың бейнесі. Ананы тебуге болмайды.

**Темірлан.** Жер ананы шар жасауға бола ма, көке?

**Дулат.** Бұл шар төбеге көтеру үшін жасалған.

**Темірлан.** Көке, кешіріңіз! Мен енді жер шарын теппеймін.

**Дулат.** (*шардан көрсетін*). Міне, мынау – біздің Қазақстан.

**Темірлан.** (*шаттанып*). Көке, міне, мен жер шарын төбеме көтерем.

**Дулат.** Ақылыңнан айналайын! (*Темірланның маңдайынан*

*сүйіп*). Ананы осылай ардақтау керек.

**Ардақ.** (*риза болып*). Жер – ана. Ананы өстіп ардақтап, биік-ке көтеріндер.

**Жер шары төбеде қалқып тұр.**

## **ҚӨКЕННИң ҚӨМЕГІ**

**Қатысушылар:** Әбен ағай,

Кекен – озат оқушы,

Әлім – салақ оқушы.

*Сыныпта Қөкен мен Әлім қатар отыр. Әбен ағай тапсырманы тексеруде.*

**Әбен ағай.** Міне, Әлім есебін бұл жолы жақсы шығарыпты.

**Әлім.** Ағай, бұдан былай есепті өстіп жақсы шығарамын.

**Әбен ағай.** Міне, сен суретті де жақсы салатын болдың, ерін үйрет. Нагыз көмек – сол.

**Қөкен.** Ағай, бұдан былай сойтіп, нетіп, нетемін...

**Әлім.** Ағай, мен енді өзім де жақсы оқымын.

**Әбен ағай.** Міне, осылай талаптансаң, жақсы оқи аласың.

**Қөкен.** Ағай, Әлім ерінбесе, жақсы оқи алады.

**Әлім.** Мен енді ерінбеймін, ағай, сеніңіз.

**Әбен ағай.** Мен сендердің жақсы оқитындарыңа сенемін.

**Қөкен, Әлім.** Сеніміңізді актаймыз, ағай.

## **АЖАР МЕН АҚ ЛАҚ,**

**Қатысушылар:** Асан – әкесі,

Ажар – қызы.

**Сахнаға Ажар шығады, әкесі Асан оған ақ лақ әкеп береді.**

**Асан.** Ажаржан, міне лағынды әкелдім, мұны өзің бак, жарай ма?

**Ажар.** (қатты қуанып). Алакай! Ақ лақты өзім бағам!

**Асан.** Ақ лақ – сенің бәсірен.

**Ажар.** Ақ лағым – аппағым! Кел, екеуміз сүзісейік. Міне, былай...

**Асан.** Ажар, жас малды сүзісуге үйретпе.

**Ажар.** Қеке, мен жай ойнадым, былай нетіп...

**Асан.** Лаққа сүзуді үйрету – өзіне зиян. Оған секендең билеуді үйрет.

**Ажар.** Апааа! (ақ лақты ұрмақшы болады). Тентек сүзіп алды...

**Асан.** Өзің ақ лаққа сүзуді үйретіп, енді одан таяқ жедің.

**Ажар.** (жыламсырап). Мені бұл аяйды ғой деп едім... Ойнап едім...

**Асан.** Ойнасаң да, досынды сүзісуге үйретпе.

**Ажар.** Енді түсіндім, көке. Жақын досты жақсыға үйрету кепек екен...

**Асан.** Міне, мұның – дұрыс. Досынды достыққа үйрет.

**Ажар.** Мақұл, көке. Досымды достыққа үйретемін.

## **АҚ ҚАЙЫҢЫҢ КӨЗЖАСЫ**

**Қатысушылар:**

Дарқан – табиғатты қорғаушылар тобының бастығы,  
Санжар – бақ күтуші,  
Көбен – бақ күтуші.

**Табиғатты қорғаушылар қайың талдың түбінде ақылда-  
сып тұр.**

**Дарқан.** Санжар, біз Көбен екеуміз сенің қайың талыңың  
күтімін көрейік деп келдік.

**Санжар.** Міне, әуелі талдың түбін қопсыттым, содан соң  
суардым.

**Көбен.** Көз тимесін, талың құлпырып тұр ғой, тегі, жарай-  
сың, бауырым.

**Дарқан.** Бәріміз де табиғатты қорғаушылар ретінде талды  
осылай күтуіміз керек.

**Санжар.** Мен сендерге бір қызықты көрсетейін... Қайыңың  
қабығын тесіп, міне былай укол салуга болады (көрсетеді).

**Көбен.** Неге укол саласың? Бұл ауру емес қой.

**Санжар.** Міне, уколға су тамшылай бастады. Бұл суды іш-  
сен, тәтті... рахат...

**Дарқан.** Бұл су емес қайыңың көзжасы ғой, Санжар-ая.

**Санжар.** Қалайша? Бұл жылап тұрган жоқ қой...

**Дарқан.** Эрине, тал жылап тұр. Өстіп шырынын сора берсен,  
бойынан суы таусылып, солып қалады.

**Көбен.** Бәле, сен талды күтіп жүр десек, «мітіп» жүр екенсің  
ғой, зиянкес.

**Санжар.** Көбен, сен байқап сөйле. Мен зиянкес емеспін...  
білдің бе?

**Дарқан.** Мен табиғатты қорғаушылардың атынан ескертемін.  
Бұдан былай талдың шырынын сорып, мұны жылатпа.

**Санжар.** Мен талды жылатқан жоқпын. Талды күтіп журмін.  
Енді бұдан былай талыма укол салмаймын, біліп қойындар.

**Көбен.** Міне, мұныңа қосыламын... Әкел қолды (*қолын қысады*).

**Дарқан, Көбен, Санжар.** (*қосылып*). Табиғатты қорғай білейік, достар!

## **ӘЙГЕРІМНІҢ ЭДЕБІ**

**Қатысушылар:** Асан – ата,

Әсем – әже,

Әйгерім – немере қызы.

**Асан ата мен Әсем әже қаладан келген немере қызын күтіп алады.**

**Әсем әже.** Таңқиған танауынан айналайын! Ақ балапаным менің.

**Асан ата.** Қызгалдағым! Қызыл гүлім!

**Әсем әже.** Атасы, әуелі мейманыңа ас ұсынбайсың ба?

**Асан ата.** Әрине, алдымен қаладан келген мейманды күту керек.

**Әйгерім.** Дәүәже, Дәуатага ұрсуға бола ма?

**Әсем әже.** Дәуатаңа ұрсып отырганым жоқ, күнім!

**Әйгерім.** Дәуатама неге қабак түйдіңіз?

**Әсем әже.** Дәуатаң әуелі мейманға ас ұсыну керек еді.

**Асан ата.** (*кулімдең*). Дәүәжен ұрыспайды, сөздің жөнін айтады.

**Әйгерім.** Дәүәже!

**Әсем әже.** Ау, жарығым!

**Әйгерім.** Дәуатага қабак түюге болмайды...

**Әсем әже.** Неге жаным?!

**Әйгерім.** Дәуатамды бәріміз жақсы көреміз (*атасын сүйеді*).

**Асан ата.** Ақылынан айналайын! Мен де сендерді жақсы көремін.

**Әсем әже.** Әдептілігіңен айналдым, жарығым!

**Әйгерім.** (*атасы мен әжесінің қолдарын түйістіріп*). Тату болыңыздар.

**Асан ата, Әсем әже.** (*бір ауыздан*). Біз әрқашанда тату боламыз.

## **ҚҰСТАР – БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ**

**Қатысушылар:** Әлтай – оқушы,  
Досан – оқушы.

**Әлтай мен Досан құс үясын қызықтап тұр.**

**Әлтай.** Досан, міне, қараторғай үясы.

**Досан.** Өзі әдемі екен.

**Әлтай.** Мұны анада әтекем жасап, ілген болатын.

**Досан.** Бұған қараторғай үялады ма?

**Әлтай.** Бұған екі қараторғай үя сап, балапан шығарды.

**Досан.** Неге екі торғай үялады.

**Әлтай.** Сен білесің бе? Торғайдың біреуі – ана торғай, біреуі – ата торғай.

**Досан.** Сен оны қайдан білдің?

**Әлтай.** Ана торғай екі жұмыртқа салып, басып шығарды.

**Досан.** Ата торғай не істеді?

**Әлтай.** Ата торғай оған жем әкеп беріп, күтті.

**Досан.** Балапандар жұмыртқадан шығып, ұшып кетті ме?

**Әлтай.** Сен білесің бе? Балапандар қызылшақа болатын.

**Досан.** Олар қалай өсті?

**Әлтай.** Ана торғай мен ата торғай оларға кезек-кезек жем әкеп берді.

**Досан.** Балапандар қанша күнде қанаттанды?

**Әлтай.** Балапандар оншақты күнде қанаттанып, ұшып шықты.

**Досан.** Балапандар қайда енді?

**Әлтай.** Эне, олар анау талда қонып отыр.

**Досан.** Міне, бұлар біздің досымыз.

**Әлтай.** Бұлар егінді, тал-даракты қалай қорғайды, сен білесің бе?

**Досан.** Бұлар есімдіктерді шегірткеден, зиянды шыбын-шіркейлерден қорғайды.

**Әлтай.** Қалай сонда?

**Досан.** Бұлар зиянкестерді ұстап, жеп қояды.

**Әлтай.** (*Досанның қолын қысып*). Дұрыс!

**Досан мен Әлтай.** (*қол ұстасып*). Құстар – біздің досымыз!

## **ТҮМАРЖАННЫҢ ӨНЕРІ**

**Қатысуышылар:** Асан ата,  
Эсем әже,  
Дарқан – Тұмаржанның немере агасы,  
Тұмаржан – Дарқанның немере қарындасты.

*Ортаңғы бөлмеде Тұмаржсан ойнап отыр, Эсем әже іс тігіп отыр, Дарқан көрермендерге сыр айттып тұр.*

**Дарқан.** Біздің Тұмаржанның өнері көбейе бастады. Отбасында оны біз «ақ көгершін» дейміз. Бүйра шашы атасына, қарақат көзі шешесіне, тәмпіш мұрны әкесіне, толықша денесі әжесіне тартқан. Ол, әсіресе, атасы үйге келгенде қатты қуанады. Қайдан болса да іздел тауып, атасының шәркейін алдына қояды.

*Асан ата келеді. Тұмаржан атасын қуана қарсы алады.*

**Тұмаржан.** Келіңіз ата. Міне шәркейініз.

**Асан ата.** (*Тұмаржанның маңдаійынан сүйіп*). Айналайын!  
Менің Тұмарым – балапаным.

**Эсем әже.** Ақ көгершінім менің!

**Асан ата.** Тұмаржан, аналар күніне әзірленейік, жаным. Домбырамды бер, кәне, әнінді, биінді даярлайық.

**Дарқан.** Тұмарым, мамасына тартқан, биші болады.

**Асан ата.** (*домбыра тартып*). Кәне, Тұмаржан «Қаражорға» биін билеші.

**Тұмаржан.** (*бүлек*). «Қаражорға» биіне, би билеймін сүйіне.

**Эсем әже.** Әдемі қыз әжесінен ән үйренді.

**Тұмаржан.** (*әндеміп*). «Әлемнің жарығын

Сыйладың сен маган.

Далаңың әр гүлін

Жинадың сен маған».

**Дарқан.** Тұмаржан мамасына арнаған тақпағын айтады.

**Тұмаржан.** «Мамам-мамам-мамам-ай,  
Мамасынан ананай!».

**Дарқан.** Тұмаржан әжесіне арнаған тақпағын айтады.

**Тұмаржан.** Әжеміз – күніміз:

Әніміз, жырымызыз,

Аман болып осылай

Алдымызда жүріңіз.

**Бәрі қол согып, құттықтайды, Әсем әжесе оны құшып, ба-  
тасын береді.**

## **ТЕМІРЛАННЫҢ АТАСЫ**

*Асан ата бөлмесінде газет оқып отыр. Темірлан келеді.*

**Темірлан.** Атата!

**Асан ата.** Ау панам!..

**Темірлан.** Атата, ананай!

**Асан ата.** Сенен мен айналайын, жарығым!

**Темірлан.** Атата, сен «этшу» болшы.

**Асан ата.** (*төрттагандап*). Кәне, міне гой атыңа.

**Темірлан.** (*атасына мінін*). Әтшу, ақ атым! Алаңнан айлан.

**Асан ата.** (*айналып*). Айналдым, айналам!

**Темірлан.** Ата, түр, жаяу жарыс!

*Темірлан атасымен жарысады, озады.*

**Асан ата.** Темірлан, сен менен озып кеттің, жарайсың!

**Темірлан.** Ата, сіз жүгіре алмайсыз.

**Асан ата.** Мен кәрі шалмын фой, күнім. Жүгіре алмаймын.

**Темірлан.** Ата, Сіз күнде дене шынықтырыңыз. Сонда жүй-  
рік боласыз.

**Асан ата.** Макұл онда. Кәне баста.

*Темірлан атасымен бірге дene шынықтырады.*

**Темірлан.** Бір! Екі! Үш!

Бізде күш!

Алға бас!

Еркеліктен қаш!

**Темірлан шығып кетеді.**

**Асан ата.** Қызықтырған қылышыңнан айналайын!

## **БҰЗЫҚ, БОЛМА, БӨПЕМ**

**Қатысушылар:**

Зада – анасы,

Бота – қызы,

Бөлтік – бөпесі.

**Бастауши.** Бөлтіктің құрдасы Қазбекті де әпкесі ойнатып жүрген. Екі бөбек кездесті. Қазбек қарақаттай көзі құлімдеп, Бөлтікке құшақ жайды. Бөлтік құшақтасудың орнына, оның шашынан тартып жылатып қойды. Ұят-ай! Бота намыстанып, жылап жіберді.

**Бота намыстанып, мамасына жылап келді, Бөлтік маңғалып тұр.**

**Бота.** Апа, ұят болды!

**Зада.** Боташым-ау, неге сонша кейідің, жаным-ау?!

**Бота.** Бөлтік бөпем кішкентай Қазбектің шашынан тартып, жылатып қойды.

**Зада.** (куліп). Бөлтіктің әкесі де кішкентай кезінде осындағы «балуан» болған.

**Бота.** Бөпені жылату – балуандық емес қой, апа.

**Зада.** Е, балам күштілігін көрсетсе, несі бар?

**Бота.** Ол күштілік емес... Бұзықтық!

**Зада.** Тек, қайдағыны айтпа. Бөбек әлі бұзықтықты білмейді.

**Бота.** Қазбек құлімдеп құшағын жайды. Бұл оның шашынан тартып...

**(Бота одан әрі сөзін айта алмай, жылап жібереді).**

**Зада.** Жылама Ботам, Бөлтік төбелескен жоқ қой сонша.

**Бота.** Жұрт інің бұзық екен демей ме? Намысым келді! Тіпті ұят!

**Зада.** Бөпенің әрбір қымылы қызық. Бөлтігің бұзық болмас.

**Бота.** Бөлтіктің бөпені жылатқаны қызық емес, бұзықтық.

**Бөлтік жылаган әпкесін аяп, өзінше былдырайды. Ол жаутаңдан анасына қарай береді.**

**Зада.** Бұдан былай Қазбек бөпені жылатпа.

**Бота.** (Бөлтіктің маңдағынан иіскеп). Үбай болады! Бөпенің шашынан тартпа, мақұл ма?

**Зада.** Ботам, жаңа дүрыс айттың, бөпене әдепті болуды осы бастан үйрет...

**Бота.** (күліп). Әлдиім әлден шашқа жармасты, қайдам.

**Зада.** Қөресің әлі. Тәрбиелесен, інің бұзық болмайды.

**Бота.** (Бөлтіктің бетінен сүйіп). Бұзық болма, мақұл ма? (Бөлтік «мақұл» дегендей, басын изейді. Бота мен оның анасы қуанып қалады).

## **ДОСЖАННЫҢ ДОСТАРЫ**

**Қатысушылар:**

Асан – ата,

Әсем – әжесі,

Досжан – немересі,

Ваня – орыс баласы,

Хуан се – негір баласы.

*Асан ата мен Әсем әже дастарқан дайындан жур, Досжан орынжайларды реттеп жур. Хуан се мен Вания келеді.*

**Хуан се, Вания.** Ассаламаудайкүм, ата!

**Асан ата.** Алайкумассалам, балаларым!

**Вания.** Досжан, туған құнің құтты болсын (*сыйлық ұсынады*).

**Хуан се.** Досжанның денсаулығы мықты болсын, ата! (*сыйлығын ұсынады*).

**Асан ата.** Рахмет, балалар! Бәрің де, тату-тәтті бақытты өмір сүріндер.

**Әсем әже.** Кәне, балапандарым, дастарқанға келіндер.

**Достар дастарқанның айналасына жайгасады.**

**Асан ата.** Досжан, достарыңнан айналайын!

**Ваня, Хуан се:** Рахмет, ата!

**Асан ата.** Айналайын!... Эй, Досжан, мына тәмпіш қараның аты кім?

**Хуан се.** Атым – Хуан се! (*қазақша анық сөйлем, атанаң қолын алады*).

**Асан ата.** Бақытты бол, құлышым! Атың негр болғанмен, затың қазаққа ұқсас екен. (*Хуан сенің қасында тұрган балаға тесіле қарал*). Құнім-ау, мынау қөк күзді сары бала әлгі Сергейдің баласы емес пе? Сары алтындей болған тұр-сипатыңнан айналайын!

**Ваня.** (*күліп*). Ата, менің атым Ваня. Сіз дүрыс таныдыңыз.

**Асан ата.** Е, балапаным-ау, өзіміздің Сергейдің баласы екен-сің фой.

**Досжан.** Ата, бұлар менің – парталас достарым.

**Әсем әже.** (*мәз болып*). Әдепті де, әйбат достарыңнан айналадым!

**Асан ата.** «Дос» деген ұлы сөз, оны білесіндер ме?

**Хуан се.** (*кулімдең*). Дос дегеніміз – дос қой, ата!

**Асан ата.** Достар – жаны жақын адамдар, бірін-бірі ерекше сыйлайды.

**Досжан.** Мен достарымды сыйлау үшін шақырдым фой, ата.

**Әсем әже.** Достық – қымбат. Досжан – сары нәсілден, Ваня – ақ нәсілден, Хуан се – қара нәсілден – доссындар, ағайынсындар.

**Досжан.** Ата, Жер шарындағы барлық адам бір-бірімен дос, бауыр. Біз сіздерге «Ағайынбыз бәріміз» деген тақпақ айтып береміз.

**Ваня, Хуан се, Досжан.** (*бірауыздан*): Бір ана – Жершарымыз,

Бірдей біздің қанымыз:

Ақпызы, кара, сарымыз –

Ағайынбыз бәріміз.

**Асан ата.** Рахмет, балаларым! Бірліктерің – мерекелі болсын! Тірліктерің берекелі болсын!

**Әсем әже.** Айналайын балалар, естіп ата-аналарды қуантып, тату-тәтті, бақытты өмір сүріндер!

**Ваня, Хуансе, Досжан:** Аса мәнді – тым ыстық:  
Жаса мәңгі, тыныштық!

## **ДОСЖАННЫҢ ҚӨКЕЛЕРІ**

**Қатысушылар:** Асан ата,  
Досжан – немересі,  
Ардақ – баласы,  
Ғалымбек – баласы.

**Бастауши.** Досжан алты жасқа толғанда, атасы «атқа» мінігізіп, той жасады. Ат дегені – үш дөңгелекті велик. Содан бері ол ағайындардың бас қосқанын көрген емес. Анада атасы ауырып калып еді, Досжанның агалары келді.

*Асан ата ауырып жатыр, Досжан күтіп отыр, агасы Ардақ келеді.*

**Ардақ.** (әкесін құшып). Жәкетайым, қалай? Денсаулығыңыз жақсы ма?

**Асан ата.** Тәуірмін, балам. Мынау Досжаным күтіп, содан тәуір болды.

**Ардақ.** (Досжанды тәбесіне көтеріп, маңдайынан сүйіп). Айналайын, Досжанымыз есіп қалыпты ғой!

**Асан ата.** (сүйіне күлімден). Бұл – Ардақ көкең ғой, айналайын.

**Ардақ.** (мақтанаып). Досжанның көзі – қара, қасы – қара, шашы – бүйра. Өзі маған тартыпты ғой, Жәке.

**Ғалымбек келеді.**

**Ғалымбек.** (Асан атана құшып). Ассаламуағалайкум!

**Асан ата.** (Досжанга). Бұл – Ғалымбек көкең ғой.

**Ғалымбек.** (Досжанның танауын түртіп, құшырлана сүйеді). Әлгі Досжан деген дос осы ма?!

**Досжан.** Сәлематсыз ба, көке.

**Ғалымбек.** Бақытты бол бауырым! Әкең сияқты әдемі бала екенсің.

**Асан ата.** Айналайын, Фалымым, Аяжан келінімді ерте кел-медиң бе?

**Фалымбек.** Аяңыз Англияға жолсапармен кеткен, айып ет-пеніз, Жәке...

**Досжан.** Ата, бұл көкемдер неге бұрын келмеген?

**Асан ата.** (көзіне жас алып). Бұлар қашықта, басқа қалада, түрады. Менің ауырганымды естіп, көңілімді сұрап келгендері гой құндерімнің!

**Досжан.** (қуана күлімдеп). Енді көкелерімді таныдым, ата.

**Асан ата.** Айналайын, ағайындар, өстіп, келіп, араласып тұрындар.

**Досжан.** Келмесеніздер, мен сіздерді сағынамын.

**Бастауши.** Досжанның атасы басын көтерді. Ол балала-ры мен немересінің бас қосқанына мәз болды. Аккөңіл ата ау-руынан айығып, күлімдеп отыр.

## «СЫЙЛАУ» ДЕГЕН НЕ?

**Қатысушылар:** Асан ата,

Дарқан – немересі,

Аружан – немере қызы.

*Алты қанат ақбоз үйдің алдында Асан ата немерелеріне өсімет айтып отыр.*

**Асан ата.** Еee, балаларым! Бұл өмірде бір-бірінді сыйлай біліндер...

**Дарқан.** Ата, сыйлау деген не?

**Асан ата.** (Дақанның мұрнын түртпін). Сен сыйлауды біл-мейсің бе?

**Дарқан.** Ата-ау, мен білсем, сұраймын ба?

**Асан ата.** (Дарқанга күлімдей қарап). Сыйлау деген – үлкен-кішіге құрмет көрсету. Олардың алдында әдел сақтау.

**Дарқан.** Сонда сіз маған құрмет көрсетесіз бе?

**Асан ата.** Сыйлау ең әуелі кішіге қамқорлық көрсетуден

басталады. Ал үлкенге құрмет көрсету – әдеп, сыйласымдық болады.

**Аружан.** Мен күнде Дарқанға қамқоршы болып, киімін үтіктеп берем, ата.

**Асан ата.** Оның – дұрыс. Кішіге ізет көрсету дегеніміз сол болады.

**Дарқан.** Ата, мен сонда үлкен адамды қалай сыйлауым кепек?

**Асан ата.** Үлкенді сыйлау ен әуелі сәлем беруден басталады.

**Аружан** (*күлімдеп*). Дарқан, сен атама күнде сәлем беріп жүрсін бе?

**Асан ата.** Менің Дарқаным маған күнде ертеңмен сәлем беріп жүр.

**Дарқан.** (*атасының қолынан сүйіп*). Сыйлау деген сөзді енді түсіндім, ата.

**Асан ата.** (*Дарқанның маңдаійнан сүйіп*). Сыйлаудың мәнін түсінгеніңден айналайын! Барлық адамды сыйлай біл, жаным.

## **ОРАЗБЕК**

*Ортаңғы бөлmede Әсем әже ауыз ашып отыр. Кішкентай  
Оразбек қасында.*

**Оразбек.** Әже, сіз менің атымды неге Оразбек деп қойдыңыз?

**Әсем әже.** Сен ораза айында дүниеге келгесің, жарығым.

**Оразбек.** Мен жаздығуні туыппын фой. Қазір қыс емес пе? Бұл қалай?

**Әсем әже.** Ораза айы жылда он күн алға ауысып отырады.

**Оразбек.** Әже, ораза тұту не үшін керек?

**Әсем әже.** Айналайын, қоңыр қозым! Бұл мұсылмандық дәстүр. Оразада жан мен тән тазарады, иман берік болады.

**Оразбек.** Әже, жан мен тән басқа уақытта таза болмай ма?

**Әсем әже.** Дәрет аламын, тәнім – таза, жақсылық ойлаймын, жаным – таза болады, күнім.

**Оразбек.** Әжетай, мен де ораза тұтайыншы...

**Әсем әже.** Сен әлі балапансың ғой, қоңыр қозым. Үлкен кісі бол...

**Оразбек.** Әже, мен онда сізге ауыз ашарда кәмпіт қоям, жент, май берем, қазы-карта жеңіз...

**Әсем әже.** Макұл, жаным, ауызашарда менімен бірге бол, қызмет жаса.

**Оразбек.** (*көрермендерге қарап*). Мен әжеммен бірге «ауыз ашып» жүрмін. Жент, мейіз, өрік, алма, шырын, май... Бәрі бар. Әжем қалаған тамағымды беріп, тәбесі көкке жеткендей қуанып жүр.

## **КЕШІРІМАІ ЖАҢДАР**

**Қатысушылар:**

Асан – атасы,

Әсем – әжесі,

Дарқан – немересі.

*Ортаңғы бөлmede Дарқан орынжайда дөңбекиіт жатыр,  
Асан ата келеді.*

**Асан ата.** Дарқан, жаным-ау! Мұның қалай? Неге жатып қалдын?

**Дарқан.** (*қабагын түйіп, көзін жытылықтатып*). Ата, кешіріңіз!

**Асан ата.** (*оның қасына отырып*). Алтыным-ау! Сұрың қашып тұр ғой!

**Әсем әже келеді.**

**Әсем әже.** Отагасы! Ол не?

**Дарқан.** (*қабагын түйіп*). Кешіріңіздер! Мен әбестік жасадым...

**Асан ата.** (*бетіне бетін таяп*). Ол қандай әбестік?

**Дарқан.** Мен сіздерден рұқсатсыз, піспеген алманы ерте жұлып, жумай...

**Әсем әже.** (*кулімдең*) Онда тұрган не бар? Жарығым-ау!  
Саяжайдағы барлық жеміс сенікі емес пе?

**Дарқан.** Әжетай, әдеп сақтауым керек еді. Енді, міне, ішім ауырып...

**Асан ата.** (бетінен сүйіп) Өз кемшілігінді білгенің дұрыс.  
Ата-ана бәрін де кешіреді, тек кемшілігінді түзей біл, балапа-  
ным!

**Әсем әже.** (*дәрі беріп*). Мә, құлыным! Жазылып кетесің...

**Дарқан.** (*дәріні ішіп*). Ата, әже, кешіріңіздер мені.

**Асан ата, Әсем әже.** Ке-ші-ре-міз!

## **МАҚҰЛБЕК ПЕН ТАМАСЫ**

**Аяжан ана ас дайындауда, аптығып, Мақұлбек келеді.**

**Мақұлбек.** Апа, ойнап келдім, енді тамақ ішем!

**Аяжан.** Ас дайын, балам, жуынып кел.

**Мақұлбек.** Беті қолымды кеше жуғамын!

**Аяжан.** Ойыннан соң жуыну керек, балақай.

**Мақұлбек.** Маааакұл.

**Мақұлбек жуынып келеді.**

**Аяжан.** Кәне, жуындың ба?

**Мақұлбек.** Міне апа, беті-қолым аппақ.

**Аяжан.** Балам үсті-басыңды таза сақта...

**Мақұлбек.** (*танауын көтеріп*). Тазамын ғой, апа!

**Аяжан.** Балам, таза болсаң, денің сау болады.

**Мақұлбек.** Денім сау ғой, апа...

**Аяжан.** Кеше «ерте тұр, шынық, жуын!» деп едім ғой саған.  
Сен бүгін кеш тұрып, ойнап кетіпсін, бұл қалай?

**Мақұлбек.** Мақұл, апа! Ертең ерте тұрам, шынығам, жуы-  
нам...

**Аяжан.** Міне, мұның – дұрыс. Шынықсаң, сымбатты жігіт  
боласың.

**Мақұлбек.** Сымбат деген не, апа?!

**Аяжан.** Шынықсан, таза жүрсөң, бойың тұзу, өзің сұлу, сымбатты жігіт боласың.

(Асан қабыргадағы шар айнага қарап, өзінің таңқиган танаудыңдағы кір-қожалақты көреді).

**Макұлбек.** Ұят-ай! Тырнағым өсіп, шашым қобырап не боп кеткем?!

**Аяжан.** Сен тырнағынды ал, шашыңды тара, балам.

**Макұлбек.** Макұл! Апатаң, кешіріңіз! Қазір тырнағымды алам, шашымды тараймын, міне.

**Аяжан.** (қуанып). Міне! Өстіп әдепті де, әдемі бала бол!

**Макұлбек.** Макұл, апа. (анасының қолынан сүйеді).

## **АЙГУЛДІҢ УАЙЫМЫ**

**Қатысушылар:** Ажар – анасы,

Ахан – ағасы,

Айгүл – қарындасты.

**Сахнада Ажар ана, Ахан, Айгүл.**

**Ажар ана.** Ахантай, дүкеннен нан әкеле ғой, балам.

**Ахан.** Макұл, апа, он минут ойнап келейін.

(Ахан үйден асығып, аptyғып тез шығып кетеді).

**Ажар ана.** (қатты қапаланып). Ахан адам болмайды!

**Айгүл.** (шошып). Ағатайым неге адам болмайды?

**Ажар ана.** Ағаң адамға ұқсан, айтқан сөзінде тұрмайды...

**Айгүл.** (есік жаққа алаңдан). Ағатайым қазір келеді ғой, апа...

**Ажар ана.** Ахан келгенше, дүкеннен нанды өзім әкелейін. (шығып кетеді, Ахан келеді).

**Ахан.** Айгүл, неге ренжіп отырсын?

**Айгүл.** Сіз адам болмайсыз (жылап жібереді).

**Ахан.** Мен адаммын ғой. Неге жылайсың?

**Айгүл.** Сізді апам «адам болмайды» деді ғой...

**Аптығып Ажар ана келеді.**

**Ажар ана.** Айгүлжан, неге жыладың, ботам?!

**Айгүл.** Агатайымды «адам болмайды» дедіңіз ғой...

**Ажар ана.** Ол – Ахан айтқан сөзінде тұрмаған соң, айтылған сөз ғой.

**Ахан.** Мен тіліңізді алам. Мен енді бұдан былай сөзімде тұрам, апа.

**Ажар ана.** Міне, сөйтсек, нағыз адам боласың.

**Айгүл.** (*қуанышпен Аханның қолынан сүйіп*). Сіз нағыз адам боласыз, көке.

**Ажар ана.** (*кулімдеп*). Ниеттеріңе жетіндер, балапандарым.

## **ЭКЕНИҢ СӨЗІ – ӨСИЕТ**

**Бақытбек ағай баласы Балбекке өсисет айтып отыр.**

**Бақытбек.** Балам, халқымыз «асыл – тастан, ақыл – жастан» деген...

**Балбек.** Ол сөзіңізді жаттап алғам, Жәке.

**Бақытбек.** Жаттап алған сөзді іс жүзінде орындау керек.

**Балбек.** «Сөзді орындаі білу ақылға байланысты» дегенсіз.

**Бақытбек.** Ең әуелі сөзді ықыласпен тыңдап, ұғып ал.

**Балбек.** Сөзді ұғам ғой, Жәке. Мен ақымақ емеспін.

**Бақытбек.** Ақылды бол, айтқан сөзінде тұр.

**Балбек.** Сөзде тұру деген не, Жәке?

**Бақытбек.** Сөзді мақұл десен, оны орында. Сөзде тұру деген – сол.

**Балбек.** Мен айтқан сөзімді орындаپ журмін ғой, Жәке...

**Бақытбек.** Сөзде тұру жағы сенде нашар, балам.

**Балбек.** «Нашар» деген жаман бага ғой, Жәке.

**Бақытбек.** Саған «күнде ерте тұрып дененді шынықтыр» дедім.

**Балбек.** Иә! Мен сізге «мақұл» дедім ғой.

**Бақытбек.** Мақұл дегенің – ақыл. Ал, сен сол сөзді орында-дың ба?

**Балбек.** О-о-о-орындеймын ғой, енді. Амандақ болса...

**Бақытбек.** Әке сөзі – өсиет, оны орындарамау – әдепсіздік болады, балам.

**Балбек.** Мен, өлсем де, әдепсіз болмаймын, Жәке.

**Бақтыбек.** Сөзді тыңдау, Сөзге тоқтау, сөзде тұру дегенді біліп ал, балам.

**Балбек.** Мен енді Сіздің осы өсиеттеріңізді бұлжытпай орындаимын, Жәке.

**Бақтыбек.** Өстіп, өз кемшілігінді түзей білсең, жақсы адам боласын, балам (*Балбектің қолын алып, бетінен сүйеді*).

## **ИМАНДЫЛЫҚ – ӘДЕПТІЛІК**

**Қатысуышылар:** Көкен – әкесі,  
Көбен – баласы.

**Бастаушы.** Көбеннің көкесі Көкен көшеден көңілсіз келді. Құнде жұмыстан қайтқанда, үйге үнемі күлімдеп кіретін құкесі әлденеге кейіп келгенде, Көбен көкесін көңілдендіру үшін, оны жадырап қарсы алды.

**Көбен әкесі Көкенді жұмыстан келгенде қарсы алады.**

**Көбен.** (күлімдеп). Қош келдіңіз, көке.

**Көкен.** (ренішпен). Қош көрдік...

**Көбен.** Ол не, көке тыныштық па?

**Көкен.** (қабағын түйіп). Имансыз екен!

**Көбен.** Иман деген сөз үлкен кісіге байланысты айттылмай ма? Ол қандай кісі?

**Көкен.** Бала да иманды болу керек. Әлгі бір қара бала... Жұмыстан шаршап қайттым. Автобусқа мінсем, отырарға орын жоқ. Қара баланың қасына келіп тұрдым. Ойпырмай, орын беретін емес. Терезеге телміріп, теріс қарап отыр.

**Көбен.** Орныңнан тұр! Үлкен адамға орын бер! – демедіңіз бе?

**Көкен.** Ондай оспадармен қарсыласып қайтемін, қасиетімді кетіреді...

**Көбен.** Өстіп, «өркениетті» бола қаласыз, көке.

**Көкен.** Сабыр сақтап, имандылық көрсету керек, балам.

**Көбен.** Имандылық сол ма? Әдеп сақтамаган баланың «әкесін таныстыру» керек еді, көке.

**Қекен.** Ол имандылық болмайды, балам.

**Қобен.** Мен сізге түсінбей тұрмын, көке. Иман деген не сонда?

**Қекен.** Имандылық – әдептілік, сабырлылық, инабаттылық, ізеттілік...

**Қобен.** Охо! Бұл сөздің мағынасы зор екен ғой, жұдә! Әлгі қара бала иманнан жүрдай екен-ау, көке!

**Қекен.** Ондай баланы қайта тәрбиелеу керек.

**Қобен.** Оны кім тәрбиелейді, көке?

**Қекен.** Отбасы, мектеп, қоршаған орта оған инабаттылық пен ізеттілікті үйрету керек.

**Қобен.** Мен әлгі қара баладай әдепсіз емеспін. Мен иманды боламын көке.

**Қекен. (кулімдең).** Оның дұрыс. Инабатты бол, балам.

**Қобен.** Мақұл, көке (*Қобен күлімдең, қөкесінің қолынан сүйеді*).

## **ҰСТАЗЫНА ТАРТҚАН ШӘКІРТ**

**Қатысушылар:**

Асан ата,

Балдай – окушы.

**Бастауыш.** Ауылымыз асқақ Алатаудың баурайында. Біздің үйдің гүлзарлы ауласы бар. Асан атамыз үй алдындағы сәкіде дем алып отырады. Көрші көшедегі Ақкөз ағаның баласы Балдай мектепке бара жатып, күнде атамызға сәлем береді.

**Балдай мектепке бара жатып Асан атага сәлем береді.**

**Балдай.** Ассаламууагалейкум, ата!

**Асан ата. (ерекше елжіреп).** Уагалайкумассалам!

**Балдай.** Ата, қуатты барсыз ба?!

**Асан ата.** Аллаға шүкір! Шырағым, сенің ұстазың кім, осы?

**Балдай.** Мениң ұстазым Әбен ағай ғой, ата.

**Асан ата.** Сәлем бергеніңе ризамын, балам, ұстазыңа тартқан екенсің.

**Балдай.** Ата, ұстазыма тартатын, ол кісі менің әкем емес қой...

**Асан ата.** Жақсы ұстаз әкеден де артық болады, балам.

**Балдай.** Мен ұстазымды әкемдей жақсы көремін, ата.

**Асан ата.** Сенің ұстазың – әкең сияқты кішіпейілді, иманды, өнерпаз жігіт.

**Балдай.** Ата, біздің ағай бәрін біледі, өзі әнші, күйші, биші...  
Мен ескенде Әбен ағайдай боламын.

**Асан ата.** Ағайыңдай болу үшін, оның бойындағы жақсы қасиеттердің бәрін үйреніп ал, балам.

**Балдай.** Мен ағайдан ән үйрендім, енді күй үйренемін...

**Асан ата.** Окуың қандай?

**Балдай.** Окуым жақсы, ата! Міне, күнделігімнен қараңыз.  
(Балдырган күнделігіндегі (бестік) бағаларын көрсетеді. Асан ата оған риза болады):

**Асан ата.** (батасын беріп). Балам, өстіп ұстазыңа тартып, ұстазыңдай ұлағатты бол, иманды, инабатты, өнерпаз бол! Әмин!

**Балдай.** Рахмет, ата! Жүзінізден әр таймай, жүз жасаңыз картаймай!

## **«СІЗ» БЕН «СЕН»**

**Қатысуышылар:**

Ажар – ана,

Айтжан – баласы.

**Айтжан** анасымен дастарқан басында әңгімелесіп отыр.

**Айтжан.** Апа, сен осы, шайды көп ішесің.

**Ажар.** (кейін). «Сен» деме, «сіз» деп сөйле, балам.

**Айтжан.** Менің досым Сергей әке-шешесіне «сен» деп сөйлейді ғой...

**Ажар.** «Сен» деген сөз оларда ең жақын адамдарға айтылады.

**Айтжан.** Мен де ең жақын анама «сен» дедім. Несі бар?

**Ажар.** Әрбір халықтың өз дәстүрі бар, қазақ үлкен кісіге, ата-анаға, «сіз» деп, инабат көрсетеді. «Сіз» деген сөз құрметтегіді, сыйласымды білдіреді.

**Айтжан.** Мен үлкен кісіге «сіз» деп сөйлеймін гой...

**Ажар.** Кез келген үлкен кісіге «сіз» деп сөйлемесен, ол сені әдепсіз деп жек көреді.

**Айтжан.** Апа, сіз мені кешіріңіз, мен енді бұл әдепті ұмытпай орындаимын.

**Ажар.** Өз халқының әдебін сақта, балам. Мысалы өзбек халқында үлкен болсын, кіші болсын, кез келген адамға «сіз» деп сөйлеу – ұлттық дәстүр. Әрбір халықтың өз ұлттық дәстүрі бар.

**Айтжан.** (*күлімден*). Ұлттымыздың дәстүрін сақтаймын, апа.

**Ажар.** Өстіп, әдеп сақта, сөз қадірін біл балам!

**Айтжан.** (*анасының қолынан сүйіп*). Мақұл, апа. Әдепті боламын.

## **ӘДЕПТІ БОЛ, БАЛАМ**

**Қатысушылар:**

Есен – ата, Асан – ата, Дарқан – немере.

*Төргі болмdede Асан мен Есен аталарап әңгімелесіп отыр.*

**Асан ата.** Балалар – біздің бақыттымыз. Балалар аман болсын.

**Есен ата.** Қазіргі балалар ғаламтормен жағаласып отыратын болды ғой, Асеке.

**Асан ата.** Сабак оқудың орнына, сайт іздең, сарғайып отырады...

*Асығып Дарқан келеді.*

**Дарқан.** Есен ата, ассаламуағалайқүм! Асан атам, сіз «маймылжың әңгіменің майын іshedі» деп, Есен атама құлуші едіңіз... Енді өзіңіз...

**Асан ата.** Не айтайын деп едің, балам?

**Дарқан.** Мен сабаққа дайындаламын, өгізді өзіңіз сугарыңыз...

**Асан ата.** Мақұл, балам... Сабағыңа дайындал.

**Есен ата.** Менің де тірлігім көп, сау болындар!

**Есен ата шығып кетеді.**

**Асан ата.** Балам, Есен атаңың қөзінше кідіндең, міnez көрсөттің-ау...

**Дарқан.** Ой, қойыңызшы осы, мен не істедім сонша?

**Асан ата.** Үлкен кісінің алдында әдеп сақта, балам, әдептілік адам баласының абыроійн арттырады. Адамға адыраңдамай, ақырын сөйле. Әкеге әкірендең, шешеге шекірендең сөйлемен бала жақсы емес. Ізет тұтып, инабат көрсету деген болады. Кісіге сөйлегенде ілтипатпен, иман жүзінді бұзбай, сыйласым көрсет. Есен қарттың алдында екіленіп, есімді шығардың ғой, балам. Ол кісі іштей айтса да, «бала емес, пәле тәрбиелеп жүр екенсің» деп кетті.

**Дарқан.** Әдептіліктен жүрдай емес шығармын, сонша...

**Асан ата.** Сөзге тоқтап, үлкен адаммен ілмелеспей сөйлес. «Әдептілік-әдемелік» деп халқымыз бекер айтпаған...

**Дарқан.** Сөзіңіз құлағыма қонды, ата. Кейде өстіп артық сөз айтамын да, өзім өкінемін...

**Асан ата.** Кінәнді мойындағының дұрыс, балам. Әдепті бол.

**Дарқан.** Мақұл, ата (*атасының қолынан сүйеді*).

## **ӘДЕПТІ СӨЗДЕР**

**Қатысушылар:** Асан – атасы,

Дарқан – немересі,

Әділет – оның ағасы.

**Асан ата Дарқан немересімен әңгімелесін отыр.**

**Асан ата.** Әдептілік сөзден білінеді, Әділет ағаннан әдепті сөздерді үйреніп ал, Дарқан.

**Дарқан.** Мақұл ата. Әділет ағатайым, келем деп еді, кешікті ғой...

**Аптығып Әділет келеді.**

**Әділет.** Кешіріңіз, ата, кешігіп қалдым...

**Асан ата.** Айыбы жоқ, балам, «жолаушының жолы біледі» деген.

**Әділет.** Faфу етіңіз, сізге сыйлайтын сыйлығым да көңілдегідей емес.

**Асан ата.** Оқасы жоқ, балам! «Ізетке найза болмайды» деген. Маған инабатың мен ілтипатың бәрінен де қымбат...

**Дарқан.** Қош келдіңіз, ағатайым! Қуаныштымын.

**Әділет.** (*бетінен сүйіп*). Атамның тілін алып жүрсің бе?

**Дарқан.** Маған сеніңіз.

**Асан ата.** Атасының жанашыр, қамқоршысы, күні ғой бұл жарығым!

**Әділет.** Дарқаным, шкафтағы кітаптарды пәндер, реттеп қой.

**Дарқан.** Құп болады.

**Асан ата.** Дарқантай, мына жуылған киімдерді өтектеп қой, жарай ма?

**Дарқан.** Сізге қызмет етуге әзірмін, ата.

**Асан ата.** Мына ініңе әдептілік, инабаттылық, имандылық дегеннің не екенін үйрет, балам.

**Әділет.** Сөзіңізге құлдық, ата...

**Дарқан.** Мен Әділет ағатайымның әдепті сөздерін өзімнің онегелі сөздерді жазып жүрген дәптеріме жазып қойдым: «жақсы жатып, жайлы тұрыңыз», «денсаулығыныңға бүй-ырсын», «мың жасаңыз», «тағылымыныңға бас иемін», «тәлімінізге тәнтімін», «айып етпеніз»...

**Асан ата.** Әдептілік – әдемілік деген қасиетті қагиданың мәнін өстіп, осылай түсініңдер, балапандарым,

**Әділет, Дарқан.** Макұл, ата (*атасының қолынан сүйеді*).



## **АССАЛАМУУАГАЛАЙКУМ**

**Бастаушы.** Жаздың жайма-шуақ күні. Балдай ағай баласы Балбекпен кең көшениң кестедей айшықты гүлзарының қасынан өтіп бара жатып, Өтен күрдасымен кездесіп қалды:

- *Ассаламууагалайкүм!* – деп, ол Өтеннің қолын алды.
- *Сәлем!* – деп, Балбек күлімдеп, иек қақты.

Былай шыға бере Балдайдың реңі бұзылып, қабағы түйіліп, баласына адырая қарап, ашуын төкті:

**Балдай ағай баласы Балбекке кейіп келеді.**

**Балдай.** (кейіп). Балам, мимырт болма!

**Балбек.** Неге «мимырт» боламын, Жәке?

**Балдай.** Жаңа Өтекенмен жөндеп амандақан жоқсың. Иек қағып, танау көтере салатын кісі емес ол.

**Балбек.** Сәлем! – дедім. Ол кісі сәлемінді қабылдап, күлмен қағып, қуле сөйлеп еді ғой...

**Балдай.** Кісінің қадір-қасиетін білмей барасын... Кесірленіп, кейкип сәлем беру анайылық екенін білесін бе, сірә?

**Балбек.** Ол кісі жайрандап, жақсы амандастып кетті ғой... Мен кесірленгем жоқ, Жәке.

**Балдай.** Балам, ондай үлken кісіге «сәлем» деп, иек қаға салмай, адамша амандасу қажет. Амандасу дегеніміз – адамның амандығына куанып, ақ ниетін білдіру болады.

**Балбек.** «Сәлем» демеген де, не дейміз?

**Балдай.** Амандаудың да мән-мағыналары болады. Жай «сәлем» дей салу – өз қатарыңа, асығыс кезінде айта салатын сөз.

**Балбек.** Онда тұрган не бар? Сіз де қызық екенсіз, Жәке.

**Балдай.** Өтекендей үлken кісіге «ассаламууагалайкүм», не месе «амансыз ба?», «сау-сәлеметсіз бе?», «аман-есенсіз бе?» деген сөздердің бірі аузыңа түспеді ме?

**Балбек.** Сол сөздердің бәрі де «сәлем» деген бір сөзben мән-дес емес пе?

**Балдай.** Олай емес, балам. «Сәлем» деген жай ғана аманда-

су. «Амансыз ба?» деп, амандасуши ізетпен сәлем берсе, ол сөз адамның амандығына, қуанышына тілектес екендігін білдіреді.

**Балбек.** Ал, «аман-есенсіз ба?» деген сөздің не қажеті бар?

**Балдай.** «Сая-саламатсыз ба?», «Аман-есенсіз ба?» деп, амандасуши тілектестік қуанышын кеңейте айтып, жақындық жақсы ниетін білдіреді.

**Балбек.** Мен де ол кісімен жақсы ниетпен амандастым ғой, Жәке.

**Балдай.** Жетесіздей женіл-желпі, жай бас изей салдың... Ол – әдепсіздік.

**Балбек.** Енді не істеуім керек?

**Балдай.** Амандасу кезінде, қуана күлімдеп, он қолды жүректің тұсына қойып, бас ию, қол алысу, мейірлене көрісу, қол қусырып, құшақтасу, құшу, қауышу деген болады.

**Балбек.** Өзіңіз неге ол кісіні құшып, қауышып көріспедіңіз?

**Балдай.** Көптен көріспей, сағынысқан адамдар көрісіп, қашышады.

**Балбек.** Жәкетайым-ау, бір амандасқанда бірнеше қимыл жасау міндетті емес шығар.

**Балдай.** Мен саған айтқанымның бәрін бір амандасуда орында деп тұрган жоқпын. Сәлем беру және сәлемдесу – ұлттық салт. Сәлем бергенде де инабаттылық пен әдептілік, сыйрайылық пен сыйласым керек. Қария кісілермен «ассаламууагалайкум» деп амандасады.

**Балбек.** Сөзіңіздің төркінін түсіндім, Жәке. Әдепті боламын (әкесінің қолынан сүйеді).



## **АТ ТЕРГЕУ**

**Қатысушылар:** Әлен – әкесі,

Әскербек – баласы.

**Әлен кітап оқып отыр. Қуана аптығып Әскербек келеді.**

**Әскербек.** Әлен Әлменович, бүгін әдебиет сабагынан «бес» деген баға алғанымды Сізге хабарлаймын.

**Әлен.** Балам, оның – қуаныш. Бірақ менен бойың биік бола бастағанға, ойың да биік бола ма десем...

**Әскербек.** Құлдық ұрып, құлшылық етуге әзірмін, көке... Не кінәм бар?

**Әлен.** Балам әдепті бол. Әдептілік әкені құрметтеуден басталады.

**Әскербек.** Көкее, құрак ұшып, құрмет көрсетіп тұрмын гой...

**Әлен.** Мені «көке» деуші едің, енді тең-құрбындағы Әлен Әлменович дейтін болыпсың... «ұрыс «сен» деген сөзден шығады», – дейді халық.

**Әскербек.** Аты-жөнінді толық айту да айып па?

**Әлен.** Қазақ атам ұрпағын әрбір адамды құрметтей білуге үйретеді. Ал адамды құрметтеу үшін атын ардақтап, дәрежесін көтеріп жасы мен туыстық қатысына қарай, ата, әже, апа, шеше, көке, тәте, жәке, аға, ағатайым, нағашы, жиен, бөле деу керек.

**Әскербек.** Көке, кешіріңіз, шынында да, сый-құрмет көрсету осындай ұсақ-түйектен басталады деп ойлаған жоқ едім.

**Әлен.** Бұл рәсім ұсақ-түйек емес, балам, ат тергеу – адамгершіліктің белгісі.

**Әскербек.** Ат тергеу келіндердің ғана міндеті емес пе?

**Әлен.** Адамды өз атымен атамай, тіпті болмаса атының соңына сыпайылап «еке» деген жұрнақты қосып айту – оны құрметтеуді білдіреді. Ал келіндердің ат тергеуі – үлкен дәстүр. Халқымыз жаңа түскен келіннің адамдық дәрежесін ең әуелі сөзінен, содан кейін іс-қимылы мен жүріс-тұрысынан байқайды.

**Әскербек.** Жәмпіш женешем мені тергемей-ақ, «Әскершік» дейді ғой.

**Әлен.** Ол әдептілік, көрегенділік емес. Сен ағай дегенді «ак ешкі», көке дегенді «көк ешкі» деп тұрсаң ұят емес пе?

**Әскербек.** Сонда женешем мені қалай тергеу керек?

**Әлен.** Ертеде күйеуінің інісін келіндер «кішкене бала», «мырза жігіт», «тетелес», деп тергейді еken, енді «әскершік» демей-ақ «әскержан» деп, қазақ тілінің «жан» деген жағымды қосымшасын қосып айтса да болады.

**Әскербек.** Мысалы, болашақ келін қайын ата, қайын ене, қайын аға дегендерді қалай тергейді?

**Әлен.** Атаны – ата, енені – ене, апа қайын ағаны...

**Әскербек.** Егер атаулар зат атауларымен сәйкес келсе, оны қалай тергеуге болады?

**Әлен.** Айта берсе қызық: Ертеде бір ат тергегіш келін Қамысбай, Өзенбай, Қойбай, Қасқыrbай, Пышақбай, Қайрақбай деген қайнағаларының атын тез тергеп, қайнысына: «Тетелес, тез кел. Сылдыраманың арғы жағында, сарқыраманың бергі жағында, маңыраманы ұлымға тамақтап кетіпті, жанымаға жаңып-жанып, білемені алып кел» депті.

**Әскербек.** Ат тергеу – әдеп екенін енді түсіндім.

## **ҰЯТ-АЙ**

*Саяжайдагы сәкіде Бекжан бала Әкесі Ардаққа сұрақ қойып отыр.*

**Бекжан.** Көке, анау Дәмеш деген дәу қыз неге қарнын көрсетіп жүр?

**Ардақ.** Ол – оның «сәні» ғой, балам.

**Бекжан.** Қарнын көрсетіп жүру ұят емес пе?

**Ардақ.** Ол ұялмай жүр ғой, балам.

**Бекжан.** Ол қыз неге ұялмайды?

**Ардақ.** Ұяты белу үшін, адам ақылды болу керек.

**Бекжан.** Сонда, көке, Дәмештің ақылы жоқ па?

**Ардак.** Ақылды қыз қарның қампайтып, ашып жүрмес еді....

**Бекжан.** Көке, Жекен ағам неге женсийнің тізесін жыртып тастаған, а?

**Ардак.** Ол шалбарының тізесін жыртууды «сән» деп ойлаған фой...

**Бекжан.** Көке, қарашы... Оның кір-кір тізесі көрініп тұр. Ұят емес пе?

**Ардак.** Ұялу әр адамның санасты болады, балам.

**Бекжан.** Көке, сонда, Жекенде сана жоқ па?

**Ардак.** Жекенде сана болса, ол ұялар еді...

**Бекжан.** Көке, мен саналы боламын.

**Ардак.** Сен саналы баласың. Саналы адам ұят дегеннің не екенін жақсы біледі. Саған ризамын, балам. Өстіп, ұятың не екенін біліп өс (*баласының маңдаійынан сүйеді*).

## **АНА – БІЗДІҢ КҮНІМІЗ**

**Қатысуышылар:** Аяжан – ана.

Дарқан – баласы,

Асқар – баласы,

Маржан – қызы.

**Ортаңғы болме аналар күніне арналып безендірілген.**

**Балалар ананы қутуде.**

**Асқар.** Дарқан мектеп шеберханасынан үлкен рама жасап әкелді. Асқар рамаға ақ мата керіп оның ортасына күннің суретін салды. Маржан салған сурет бойынша кесте тікті. Бүкіл ғаламға сәулесін таратып тұрған күннің ортасына ананың фотосуретін орналастырдық. Құлімдеген күн. Гүлжазира кең дала. Апам күннің кеудесінде құлімдеп тұр. Суреттің астына: «Ана – біздің күніміз!» – деп, мәнерлеп жаздық.

**Дарқан.** Аналар күнінде ерте тұрып, үй жинадық. Маржан тамақ дайындағы. Біз оған көмектестік. Бәрі дайын болғанда,

апамды дастарқан басына шақырдық.

**Аяжан ана келеді, бәрі құрметпен қарсы алады.**

**Маржан.** Апа, қош келдіңіз. Төрге шығыңыз.

**Бәрі.** Апа, мерекеніз құтты болсын!

**Дарқан.** (*ананы құшырлана құшынып*). Бізді жарық дуниеге келтірген, жаным анам, біз сізді сүйеміз!

**Маржан.** (*құшырлана суйіп, сыйлығын ұсынып*). Күн – ана! Эрқашанда жарқырай беріңіз!

**Дарқан.** Фаламда бар адам

Анадан тараған

Ақылгөй, балажан,

Аман бол, анажан!

**Маржан, мен Асқар қосылып:**

Ана – біздің күніміз!

Ананың біз – гүліміз:

Бәрімізді қуантып,

Ұзақ өмір сүріңіз!

**Аяжан.** (*балаларын құшынып*). Татулықтарың тәтті болсын, әрбір іс-әрекеттерің сәтті болсын! Рахмет!

**Дарқан.** Апа, Сізге арнап әркім өз өнерін көрсетеді. Қабыл алышыз (*әркім өз өнерін көрсетеді*).

## **ӨНЕРПАЗЛАР**

**Қатысушылар:**

Әділбек атай, Әсем әже,

Аружан – қызы,

Зерде, Маржан,

Марал, Темірлан,

Әйгерім – құрбылары.

*Көркем безендірілген кең бөлме. Аружсанның әке-шешесі оның туған күніне арнап бай дастарқан жайыпты. Оны қатарлас туыстары, сыныптас құрбы-достары келіп қуана құттықтастыды.*

**Әділбек ағай.** Аружанның туған күніне арналған отбасындағы ойын-сауыгымызды бастаймыз. Тойда әркім өз өнерін көрсетеді.

**Зерде.** Аружан, туған күнімен құттықтаймын.

Анамыздың алтыны.

Ардақтай біл салтынды.

Биік өссін ой-санан,

Сүйіп өскін халқынды.

**Маржан.** Мен сенің туған күніне арнап, «Ана» деген әнді айтып берейін, Әділбек ағатайым әнді домбырамен сүйемелдесін

Анамыз – күніміз

Біз – ана гүліміз:

Ардақтап, мақтаймыз:

Ақ сүтін ақтаймыз.

**Марал.** Аружан, сен біздің үшінші сыныптағы үздік оқушысың. Жақсы окуына әсер еткен әке туралы әнді домбырага қосылып айтып берейін.

**Темірлан.** Әрқашанда ата-анаңды ардақта, атаңды құрметте, әженді сыйла, бәрін де қуанта бер:

Сыйласа кім атасын,

Ол береді батасын.

Сыйласа кім анасын,

Ол сүйеді баласын.

Ата-анамыз – арымыз:

Ардақтаймыз бәріміз.

**Әйгерім.** Аружан, әдемі, әдепті қызың.

Риза қылып атасын,

Алып жүр күнде батасын.

Үлкендерді сыйлайды,

Кіші қамын ойлайды:

Аружан қыз – тілалғыш,

Алатыны – кіл алғыс.

**Темірлан.** Аружан, мен сені жақсы көремін... Сен әрқашан күлімдеп жүресің, мамана тартқасың. Кел екеуміз билейік.

**Бауырлас құрбы-достар қосылып:**

Біз балдырган баламыз,  
Оқып, білім аламыз:  
Туған елдің ұл-қызы –  
Жұлдызы боп жанамыз!  
**Әділбек атай.** (*батасын берін*).  
Ризамын күндерім,  
Жайнап өскен гүлдерім!  
Еркін өсіп толындар,  
Ел мактаны болындар!

**Әсем әже.** «Өнер өрге бастырадың. Өнерпаз елдің ұрпағысындар. Өнерлеріңе ризамын, балаларым! (*Әсем әже нұрлана күлімдең, балдыргандардың бетінен сүйіп, сыйкәде үлестіреді*).»

## **«ӨЗІМ ІСТЕЙМІН»**

**Қатысуышылар:** Әсем – әже,  
Аягүл – ана,  
Тұмаржан – қызы.

**Ортаңғы болмеде Аяжан ана үй сыпырып жур.**

**Бастаушы.** Тұмаржан бес жасқа толғалы әрбір істі «өзім істеймін» дейтін болды.

**Тұмаржан.** (*анасынан сыпырғышты алып*). Апатаіым, еденді өзім сыпырам, сыпырғышты маған беріңіз. Міне былай сыпырам...

**Аяжан.** Жарығым, талабынан айналайын! Бес жасқа толдың, көмекшім болдың. Аллаға шүкір...

**Тұмаржан.** Маматай, еденді сыпырып болдым, енді әжеме шәй берем.

**Аягүл ананың әдемі жузі құлпырып кетті:**

**Аяжан.** Макұл, ботам. Әжеңе өрік, мейіз, қант, жұмсақ наң кою керек.

**Тұмаржан.** Әжеме асты талғап беруді білем, мама. Сіз жұмысқа бара беріңіз.

**Әсем әже.** Қамқорлығынан айналайын, ботам.

**Тұмаржан.** Әжетай, Сізге шайды өзім қайнатып берем.

**Әсем әже.** Талабыңдан айналайын, жарығым... Қолыңды күйдіріп алма.

**Тұмаржан.** Мен өзім, былай, байқаймын ғой...

(*Тұмаржсан газпештің отын тұтатам дөп, байқаусызыда саусагын отқа шалдырып алды. Бірақ ол әжесіне білдірмей, от шалған саусагын аузына салып, ештеме сезбегендей болады*).

**Әсем әже.** Жарығым-ау, саусағыңды күйдіріп алған жоқсың ба?

**Тұмаржан.** Әжетай, жай әншейін... Енді газпешті жағуды үйрәндім. (*Тұмаржсан сықылықтан күлгендеге, әжесі қоса күледі*).

**Әсем әже.** Өздігінен тірлік істегениңнен айналайын, жарығым. (*Әсем әжесі немересінің маңдайынан сүйіп, қуанып қалады*).

## **KУШТИЛЕР**

**Қатысуышылар:** Әділ – әкесі,

Әділет – баласы,

**Әділ спорт алаңына Әділетті шақырады.**

Әділ. Әділет, кел, бірге шыныгайық!

**Әділет.** Мақұл, көке!

Бір – тұзу тұр!

Екі – орнында бекі!

Үш – құс болып үш!

Төрт – төрт тағанда, төрт!

Бес – қолың – ескек: ес!

Алты – сақталсын бойдың қалпы!

Жеті – шынығуымыз жетті!

**Әділ.** «Шынықсан, шымыр боласың!» Міне! (*ақжарқын әке еki қолының қарынан бұлшық еттерін бұлтитын, қыран кеудесін керіп, балуандық бейнесін көрсетеді. Бұлшықтарын бұлтыңдата қимылдатады*).

**Әділет.** (*қуана мақтанағып*). Ойхой! Көөө-кеее, Сіз қандай күштісіз?!

**Әділ.** Күштімін деп, мақтанбаймын, құрдастарыммен күреске түссем, сонда күшімді көрер едің, құрбыларымның кез келгенін «атып-ұрып» жығамын! Міне, былай!

**Әділет.** (*танауын көтерін*). Сіз арыстанды да жығасыз ба, көке?

**Әділ.** Шынын айтсам, арыстанмен алысып көрген жоқпын, балам.

**Әділет.** Көке, егер арыстанмен алыссаңыз, оның ең әуелі екі азын екі жаққа былай, нетіп, айырып тастаныз, аһа иә ма!

**Әділ.** Мақұл, балам. Ондай күшім болса...

**Әділет.** Көке, Сіз күштісіз. Мен де күшті боламын. (*Әділет әкесімен бірге жаттығу жасайды*).

**Әділ.** Ең зор күштілік – денсаулық.

**Әділет.** Көке, біз – күштіміз! (*әкесінің алақанын шапалактайды*).

## **АНА ТІЛІ – АНАМЫЗ**

**Айтыспақ.**

**Дарқан.** Оқушылар: Бекжан мен Аңсар «Ана тілі – анамыз» деген тақырыпта айтыспақ орындайды.

**Бекжан.** Ана тілі – анамыз:

Ақыл, ой мен санамыз.

Ата-ананың тәлімін

Ана тілден аламыз.

**Аңсар.** Ақыл, сана, білім де

Асыл ана тілінде.

Бағыт берер өз тілім

Басқа тілді білуге.

**Бекжан.** Өз тілімді сүйем мен,

Өзге тіл де үйренем:

Өстіп, тілдін берін де

Өз тіліммен игерем.

**Аңсар.** Асыл ана тіліміз –

Ашық, айқын үніміз.

Абыройын ұлттың

Ана тілден біліңіз.

**Бекжан.** Ана тілі – арымыз,

Айтатын жыр-әніміз:

**Ансар.** Ана тілін анадай

Ардақтаймыз бәріміз.

## **ОСПАНТАЙДЫҢ ОЙЫНЫ**

**Қатысуышылдар:** Омар – әкесі,

Оспантай – баласы.

*Оспантай компьютермен ойнап отыр. Әкесі кеңес айтып түр.*

**Омар.** Оспантай, компьютерге көп тесіле берме, көзіңе зиян болады.

**Оспантай.** Қазір... Қызық... Міне...

**Омар.** (қабагын түйіп). Ойнасаң, дененді, миынды шынықтыратын ойындарды ойнамайсың ба?

**Оспантай.** Компьютер де ойды шынықтырады ғой, көке.

**Омар.** Бұдан гөрі, доп теуіп, түрнекке асылып, жүгіріп ойнағаның жақсы болар еді.

**Оспантай.** Көке, көп кедергі жасамаңыз дедім ғой сізге.

**Омар.** Зиянды ойындарды ойнама, балам.

**Оспантай.** Зиянды ойындар да бола ма, көке?

**Омар..** Балам, компьютерге көп қадала бергендіктен, сенің көзің көлегейлей бастады. Ертең дәрігерге барамыз...

**Оспантай.** Макұл, көке. Онда мен енді зиянды ойындарды ойнамаймын.

**Омар.** Міне, мұның – дұрыс. Эке тілін алған әдепті бала қор болмайды.

## **ТЕЛЕФОННЫҢ КЕСІРІ**

**Қатысушылар:** Ақай – әкесі,

Аман – баласы.

*Аман өз бөлмесінде телефонмен сөйлесіп жатыр.*

**Аман.** (шалқасынан жатып). Аллоо! Досан! Есебінді шығардың ба?

**Досан.** Есепті шығардым, оны сенің дәптеріне де көшіріп қойдым...

*Әкесі Ақай келіп қалауды.*

**Ақай.** Аман, мұның қалай? Телефонмен жатып алып сөйлескенің әдепсіздік қой, балам.

**Аман.** Көке, кедергі жасамаңыз! Досан досыммен нетіп, сөйлесіп жатырмын.

**Ақай.** Ўиге берілген тапсырманы Досанға орындақаның – жалқаулық қой, балам.

**Аман.** (телефонга жармасып). Мен жалқау емеспін! Аллоо! Аллооо! Досан, мен әлгі, білесің ғой.... Иә, сол қызбен ұрсып қалдым... Қойшы-ей...

**Ақай.** Балам, телефонның кесірінен окудағы үлгеруің бір жақсармай қойды. Сен оны білесің бе?

**Аман.** Көке, телефонның сабакқа қатысы жоқ қой...

**Ақай.** Сабакқа дайындалатын уақтында, үнемі өстіп, телефонға жабысып отырасың... Сабакты кім оқиды?

**Аман.** Есебіmdі Досан досым шығарып береді.

**Ақай.** Есептен басқа да сабак бар емес пе, балам-ау?!

**Аман.** Көөөөөө! Көөөп сабагым бар...

**Ақай.** Онда, дайындал сабағына.

**Аман.** Көкеке! Тағы да үлгере алмайтын болдым.

**Ақай.** Міне! Бұл – телефонның кесірі, балам.

## **ЕРКЕБАЙДЫҢ ЕРТЕҢІ**

**Бастауышы.** Есен ағайдың баласы Еркебай биыл төртінші сыйныпта оқиды. Оның оқуы мен өзіне-өзі қызмет етуі оқып жүрген жоқ. Өйткені ол әрбір ісін өз уактысында орындалады.

**Еркебай ертек оқып отыр, Есен ағай келеді.**

**Есен ағай.** Еркеш-ау, тақпағыңды жаттадың ба?

**Еркебай,** Тақпағымды ертең жаттаймын, көке.

**Есен ағай.** Еркеш-ау, мектепке баарда киетін киімінді өтектедің бе?

**Еркебай.** Мен ертек оқып отырмын. Киімімді ертең өтектеймін, көке.

**Есен ағай. (keiin).** Сені осы «ертең» күртады. «Еріншектің ертеңі таусылмайдындең мақал бар, білесің бе?

**Еркебай. (қызыараңдаған).** Көке, мен еріншек емеспін!

**Есен ағай.** Еріншек болмасаң, сабактан «екілік» арқаламай, жақсы оқыр едің гой, балам.

**Еркебай.** Көөкеке! Осы «екілік» деген пәледен қашан құтыламын, ә?

**Есен ағай.** Сен әдел сақтап, «ертең» деген сөзден, еріншектікten құтылсан, «екіліктен» де құтыласың, балам.

**Еркебай.** Ондай болса, мен еріншектік деген пәледен құтылу үшін, істі бүгіннен бастаймын, көке.

**Есен ағай.** Міне, мұның дұрыс болады. Іске сәт, балам!



## **КЕШІРІҢІЗ, АГАЙ**

**Қатысушылар:** Асқарбек агай,  
Жапал – оқушы.

**Басқаруши.** Жапал әдеппен «кешіріңіз» деп сөйлейді.  
*Жапал оқушы Асқарбек агайдан кешірім сұрап тұр.*

**Жапал.** Ағай, кешіріңіз, есептен тапсырманы орындаі алмадым.

**Асқарбек агай.** Сенің осы «орындаі алмауың» көбейіп кетті... Тапсырманы орындауыңа не себеп болды?

**Жапал.** Өзіңіз білесіз... Түске дейін оқымын, түстен кейін базарға барып, апама алма сатуға көмектесемін. Содан қолым тимейді.

**Асқарбек агай.** Уақытты дұрыс пайдалану керек...

**Жапал.** Ағай, кешіріңіз. Уақыт деген тез зымырап өтіп кеткенін білмей қалам.

**Асқарбек агай.** Жапар, өткен оку жылында да осындаі сылтау айтып жүріп, орнында қалдың. Үят емес пе?

**Жапал.** Ағай, кешіріңіз.. Үят болғаны рас енді... Биыл да апамның сауда саттығы көбейіп кетті... Енді білмеймін не істерімді...

**Асқарбек агай.** Еңбектің бәріне де үлгеру керек.

**Жапал.** Ағай, кешіріңіз... Қалай үлгеремін? Оку, сауда, демалу... Басым қатты.

**Асқарбек агай.** Жапал, мен саған уақытты қалай пайдаланудың жолын көрсетіп, іс-тәртіп жасап берейін. Соны орындасан, бәріне үлгересін.

**Жапал.** Онда жақсы болды ғой, ағай... Мен олай болса, сіздің іс-тәртібінізді бұлжытпай орындамын.

**Бір аптадан соң.**

**Басқаруши.** Жапал Асқарбек агайдың жазып берген іс-тәртібін сағат сайын бұлжытпай орындаады. Енді ол көп сабактан жақсы үлгере бастады.

**Жапал.** Ағай, кешірніз! Бұрын бұл тәртіпті білмеген екенмін... Енді құндіз оқымын, сауда жасаймын, кешінде сабаққа дайындаламын, бәріне де үлгеретін болдым... Сізге мың рахмет.

**Асқарбек ағай.** Міне, осылай уақытты дұрыс пайдалансан, оқуынды жақсы оқисын.

**Басқаруышы.** Жапалдың сабақты жақсы үлгере бастағанына бәріміз қуанып журміз.

## **МӘТЕК**

Менің әкем үш тілде еркін сөйлейді. Шешем төрт тілде сөйлей алады.

Екеуі де үлкен қызметкер. Атам от басындағылардың ана тіліне басқа тілдегі сөздерді араластырмай сөйлеуін талап етіп отырады.

Біз бәріміз дастарқан басына жиналғанда атам:

**Асан ата.** Бұдан былай дастарқан басында ана тілінде таза сөйлейік, балалар, мақұл ма?

**Әділет.** Атам дұрыс айтады. Бұдан былай дастарқан басында кім де кім ана тілінде таза сөлемесе, одан мәтек алайық.

**Асан ата.** Әділет сен дұрыс айтасың. Мәтек алушы – төрт жастағы Тұжен болсын.

**Төкен.** (*құтыңдан*). Мақұл ата. Мен кім таза сөлемесе, аяマイ, мәтек аламын.

**Келесі күні.**

**Әділет.** Ата, әже, әке, мама, мен бүгін екі «бес» алдым...

**Асқар қөке.** Молодец, менің болам осында болу керек қой.

**Асан ата.** Төкентай, біз келісіп едік қой. Әкеңнен мәтек ал.

**Асқар қөке.** О, неге?

**Асан ата.** «Молодец» деген сөздің қазакшасы «нагыз азаматсың», «бәрекелді», «жарайсын» деген сөздермен мәндес келеді. Осы сөздің бірін қолдануың керек еді.

**Асқар қөке.** Онда, міне басым.

**Төкен бала.** (*ұялып*). Ата, көкемнен мәтекті келесі жолы алайықшы...

**Асан ата.** Макұл балапаным, ана тілін де осылай аяу керек  
Әділет. «Ана тілі – анамыз,  
Одан білім аламыз.  
Ана тілін білмесек,  
Ақымақ боп қаламыз».

## **БАҒА**

**Қатысушылар:** Асқарбек ағай,  
Жомарт – оқшы.

**Бастауши.** Менің Жомарт досым біздің сыйыптағы жақсы оқытын окушылардың бірі. Ол барлық сабактан «төрт» пен «беске» үлгеріп жүр. Бүгін үй тапсырмасын орындаудың тексерген Асқарбек ағай оның жауаптарына қанағаттанды.

*Сыйыптағы оқига.*

**Асқарбек ағай.** Жомарт, мен сенің бүгінгі жауабыңа «үш» қоям.

**Жомарт.** (көзі жасаурап). Ағай, маган кеше ғана «бес» деген баға қойып едіңіз, енді...

**Асқарбек ағай.** Бүгін тек «үшке» ғана жауап беріп тұрсын.

**Жомарт.** Бұрын «үш» деген баға алып көрген жоқ едім....

**Асқарбек ағай.** Сен кешегі алған «бестік» бағаңа мәз болып, сабакқа дайындалмай келіпсін.

**Жомарт.** Бүгін Сіз менен сабак сұрамайды ғой деп ойлап едім.

**Асқарбек ағай.** Оқушы баға үшін оқымайды, білім үшін оқиды. Оқушы өткенді пысықтап, жаңаны орындаپ, білгенін іс-әрекетте қолданып отырмаса, оның білімі сапалы болмайды.

**Жомарт.** (сасқалақтап). Ағай, сонда менің білімім сапалы емес пе?

**Асқарбек ағай.** Сенің білімің жаман емес. Егер сен сабакты күнде пысықтап, білген нәрселе жаттығып, білімді іс-әрекетте қолдана білсең, сен бұдан да жақсы оқып, нағыз үздік оқушы болар едін.

**Жомарт.** Ағай, «төрт» қоя салсаңыз, жақсы болар еді ғой...

**Асқарбек ағай.** Баға білімге қойылады. Білімсіз баға оқушыны азғындарады.

**Жомарт.** Ағай, білімінді әділ бағаладыңыз, енді тек «беске» оқимын, оған сеніңіз.

**Асқарбек ағай.** Мен саған сенемін, іске сәт.

## **ӨЗАРА СЫН**

**Қатысушылар:** Асқарбек ағай,

Әділет – оқушы,

Досан – оқушы.

**Сыныптағы тәрбие сағатында.**

**Асқарбек ағай.** Балалар, бүгінгі тәрбие сағатында «Әділ сөз» атты тақырыпта әңгімелесеміз. Онда өзара сын айтысамыз. Өзара сын айтуда әрбір сынаушы сынаштын досының әуелі жақсылық жағын, содан соң кемшілігін әділеттілікпен дәлелдеп айтуда тиіс.

**Әділет.** Ағай, мен Досан досымды сынайын, рұқсат па?

**Асқарбек ағай.** Досан досынды сына, Сының әділ болсын.

**Әділет.** Ардақты досым, Досан, сен әдепті, кішіпейілді оқушылардың бірісің. Мениңше, сенің бір жеңе алмай жүрген кемшілігің бар. Ол – жалқаулық. Сен жалқау болмасаң, «үштік» бағаларың болмас еді.

**Асқарбек ағай.** Досан сен де досынды сына, кәне.

**Досан.** Құрметті, сүйікті досым Әділет, сен әділетті, әдемі оқушысың. Сен менің «үштіктерімді» сөз етіп, «жалқау» екенінді дәлелдедің. Мен жалқау болмауға сөз беремін. Ал сенің де кемшілігің бар. Ол – меммендік. Сен – үздік оқушысың. «Мен бәрін білемін! Мен бәріңнен артықпын» деп, кеуденді қағасың. Мұның дұрыс па?

**Әділет.** Әдепті дос, құрметті құрдас, осы уақытқа дейін менің бұл кемшілігіндегі айқындан айтқан жоқ едің. Мен енді, сен айтқандай, «менмен» болмауға сөз беремін (*Досанның қолын алады*).

**Асқарбек ағай.** Міне, осылай! Жақсылықты әділ бағалап, кемшіліктерінді мойындаң, өзара сынды өз дәрежесінде жүргіздіңдер, өз кемшіліктерінді түзей аласыңдар. Сын, осылай, әділетті болу керек. Әділетті сынды мойындаң білген адам, өз кемшілігін түзей алады.

**Досан, Әділет:** Сын түзелді, мін де түзеледі.

## **МАҚАННЫҢ МАҚТАНЫШЫ**

**Қатысушылар:** Асқарбек ағай,

Әділет – оқушы,

Мақан – оқушы.

**Сыныптағы оқига.**

**Мақан.** (*мақтанып*). Әділет, сен білесің бе? Мен төрт амалды шемішкедей шағамын!

**Әділет.** Мақан, сен мақтанба. Есепті сен есептеуіш арқылы шығарып жүрсің.

**Мақан.** Есептеуіш тұрғанда, ойланып, миды аштыудың не қажеті бар?

**Асқарбек ағай.** (*кулімден*). Есепті жолына қарай, ауызша есептеп, ойланып шығару керек.

**Мақан.** Ағай, былай нетіп, нетсе... оңай емес пе?

**Асқарбек ағай.** Есепті ойлап шығарып, ойды шынықтыру керек. «Ойламаған ми сасиды» деген мақал бар.

**Мақан.** (*урейленіп*). Ағаааай, сонда ме-ме-менің миым саси ма?

**Асқарбек ағай.** Эрине, есепті есептеуіш шығарады, сен ойламайсың. Ойсыз адам топас болады.

**Мақан.** (*жылап жібере жаздан*). Ме-ме-мен! Сонда, топаспын ба, ағай?

**Асқарбек ағай.** Әділетке ұқсап есепті оймен есептеп тез шығарсан, топас болмайсың.

**Мақан.** Ағай, мен енді топас болмаймын, есепті жолына қарай есептеп, ойланып шығарам.

**Асқарбек ағай.** Міне, мұның – дұрыс. Мен саган сенемін.

**Мақан.** Рахмет, ағай! Мен сіздің сеніміңізді ақтаймын.

## **АҚ ӘЖЕНИң ҚУАНЫШЫ**

**Қатысушылар:** Ақ әже,  
Тұмаржан – немере қызы.

**Бастауышы.** Тұмаржан жақында бірінші сыныпқа барды.  
Әжесінің «аппақ қызы» бүгін алғашқы бағасын «ақ әжесіне»  
көрсетуге асықты.

*Тұмаржан мектептен қуанып келеді.*

**Тұмаржан.** (*дәптерін ашип, бағасын көрсетіп*). Әже, мен,  
бүгін, жазудан «бес» деген баға алдым, міне.

**Ақ әже.** Жан ботам, әжесінің «аппақ қызы», міне, осылай өте  
жақсы оқу керек.

**Тұмаржан.** Әже, апайымыз жаттауға тақпақ берді, оны жат-  
таймын.

**Ақ әже.** Жарығым-ау, таза ауага шығып, ойнап келсеңші.

**Тұмаржан.** Тақпақ көп емес, бір-ақ шумак.

**Ақ әже.** Кәне, тақпағынды айтшы.

**Тұмаржан.** (*мақтанаышпен*).

«Мен – оқушы баламын,

Оқып, білім аламын:

Әлпештеген әжемнің

Куанышы боламын!».

**Ақ әже.** (*шаттанып*). Рахмет, жарығым! Садағаң болайын,  
сары алтыным!

## **ҚИЯСТЫҢ ҚИЯЛЫ**

**Қатысушылар:**

Ақ әже, Тұмаржан – немере қызы.

**Бастауши.** Тұмаржан Ақ әжесінің «аппақ қызы». Әжесі оны күнде, мектептен келерінде, алдынан шығып, тосып алады. Ақ әженің сүйікті немересі оку жылының аяғына қарай үйге ерекше қуанып келді:

*Тұмаржан мектептен қуанып келді.*

**Тұмаржан.** Ақ әже, үшінші сыныпты мен озат оқушы болып аяқтадым.

**Ақ әже.** Айналайын, алтыным! Өстіп озат бола бер. Күн астындағы Күнекей қыздай батыр бол.

**Тұмаржан.** Ақ әже, мен «Күн астындағы Күнекей қыз» дегенге, сонаау күннің астына ұшып барған батыр қыз екен десем, жайғана бір ханның сұлу қызы екен гой.

**Ақ әже.** Бұл ертедегі арман гой.

**Тұмаржан.** Ақ әже, мен Тоқтар Әубәкіров ағам сияқты ғарышкер боламын.

**Ақ әже.** Қыздардан да ғарышкерлер болған. Арманыңа жет алтыным.

**Тұмаржан.** Мен ғарышкер болғанда күн астына бармасам да, жүлдіздың үстіне барып, оны зерттеймін.

**Ақ әже.** Арманыңа жетесің, алтыным. Сенің заманында кім еңбек етсе, сол арманына жетеді.

**Тұмаржан.** Ақ әже, мен ғарышкер болсам, Сізді өзіммен бірге алысқа, Марсқа алып барамын.

**Ақ әже.** Арманыңнан айналайын, Алла жазса, оны да көрермін. Алла абырой берсе, ұрпақтарым ұлы мақсаттарына жетеді.

## **KİM BOLAM ?**

**Қатысушылар:** Асқабек ағай,

Досан – оқушы,

Әбен – үздік оқушы,

Әділет – үздік оқушы.

**Tәрбие сағатында.**

**Асқарбек ағай.** Балалар, өткен тәрбие сағатында «Кім болам?» деген сұраққа жауапқа дайындалып келіндер дегенмін. Кәне, Досан, сен айтшы, кім боласың?

**Досан.** Ағай, мен адам дәрігері боламын. Одан артық кәсіп жоқ.

**Асқарбек ағай.** Сен кәсіпті дұрыс таңдапсың, медицинаға байланысты пәндердің берінен жақсы үлгересің.

**Әбен. (қолын көтеріп).** Ағай мен айтайыншы... Мен Сізге ұқсап ұстаз боламын.

**Асқарбек ағай.** Дұрыс. Ұстаз болу үшін, өнерпаз, әдебиетші, ғалым болу керек. Сенде ондай қасиеттер бар.

**Әбен.** Ағай, мен оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін сізден үйреніп журмін.

**Асқарбек ағай.** Әділет, сен қандай кәсіпті таңдадың?

**Әділет.** Ағай, өзіңіз білесіз, өмір өркендей, техника құн сайын өсіп барады. Мен кәсібімді өмірдің жаңа талабына сай, кейін талдап, таңдаймын.

**Асқарбек ағай.** Оның да дұрыс. Бірақ болашақ мамандықты осы бастап ойла, арманның жолы алыс болады.

**Әділет.** Ағай, мен электр маманы боламын.

**Асқарбек ағай.** Бәрің де мамандықты дұрыс таңдапсындар. Енді бүгіннен бастап сол мамандықтарыңа даярлана беріңдер.

**Досан, Әбен, Әділет.** Құп болады, ағай.

## **ҰЙҚЫНЫҢ КЕСІРІ**

Таңтерең Матай мамырап ұйықтап жатыр еді, анасы сағатқа қарап, оны оятпақшы болады:

**Аяжан ана.** Матайжан, тұр, балам. Дененді шынықтыр.

**Матай.** Қазір... Тұ-тұ-рам...

**Аяжан ана.** Матайжан, тұр, балам, дененді шынықтыр, жуын...

**Матай.** Қазір, апа, тұрам ғой...

**Аяжан ана.** (*біраздан соң*). Балам-ау, әлі жатырсын ғой! Тұр!  
Сабактан қаласың...

**Матай.** Тұрам, апа... Сабактан қалмаймын...

**Аяжан ана.** Тұр, балам, тұрып, дененді шынықтырып, жуынyp, тамағынды ішіп, мектепке бар. Кешікпе.

**Матай.** Түү, ааапаа!! Мен кешікпеймін... дедім ғой...

**Аяжан ана.** Балам, «нас басқанды ұйқы басады» деген мақал бар. Мен жұмысқа кеттім. Сабактан қалып, масқара болма....

**Бастауши.** Матай оянып, сағатқа қараса, сабақ басталатын уақыт таяп қалыпты. Ол апыл-ғұптыл киініп, мектепке келсе, сабақ басталып кетіпти. «Қап! Тұнде тұн ортасына дейін кино күрмей, ерте ұйықтағанымда, ертерек оянатын едім», – деп ол өкініп, сыныптың есігінің алдына отыра кетті.

Келесі күні сыныптың «Найзағай» атты газетінде Матайдың ұйықтап жатқан суретін көріп, оның астына жазылған:

«Көрініздер Матайды:

Ұйқысы тым қатайды...

Кешіге берсе, мұны жүрт

Кержалқау деп атайдың» – деген әзілді оқыдық.

Қазір Матай сабаққа кешікпей, мектепке уақтысында келіп жүр.

## **ҰЖЫМДЫҚ ДӘСТҮР**

**Қатысушылар:** Мейірман ағай – оқытушы,  
Достай, Асқар, Садық, Керім, Демеу – оқушылар.

**Мектеп алаңында.**

**Достай.** Достар, мен топбасшы ретінде ұсынамын. Біздің «көгалдандыруышылар тобы» он бес оқушы он бес тал отыргызып, мектепті бітіргенге дейін, ол талдарды үзбей күтейік. Бұл ұжымдық дәстүр болсын.

**Асқар.** Достай, ұсынысынды қабылдаймыз. Біз әрбір талдың өз иесін белгілейік, сөйтіп олардың іс-әрекетін бақылап отырайық.

**Садық.** Әуелі талды қалай тігуді үйреніп алу керек қой, достар.

**Достай.** Тал тігудің қандай қыындығы бар? Оқытушы Мейірман ағай бізге бәрін көрсетеді.

**Керім.** Тал тігүшін, көшет таңдай білу керек.

**Демеу.** Мениң атам бағбан, көшеттерді мен таңдаймын.

**Мейірман ағай.** Талаптарына нұр жаусын. Сендерге тал тігетін жерді белгілеп беремін, жүріндер.

**Сыртқы алаңда.**

**Мейірман ағай.** Мектепті көгалдандыруышылар ұжымы тал тігү жұмысын толық орындағы. «Бітті жұмыс» деп, салғырт болмандар. Талды суару, бұтау, дәрілеу, қорғау, түбін босату әрекеттерін әрбір талдың иесі жақсы білу керек.

**Достай.** Біз өзіміз тіккен талдардың жайқалып, жақсы өсуіне бәріміз жауаптымыз, ағай.

**Мейірман ағай.** Достай, дұрыс айтасың. Өстіп, ұжымдық дәстүрге берік болындар.

**Оқушылар.** Біз дәстүрге берікпіз.

## **KİTAP OKUDAŞIŇ PAÝDASЫ**

**Қатысушылар:** Асқарбек ағай,  
Әділет – окушы.

*Окушы мен оқытуши арасындағы әңгіме.*

**Асқарбек ағай.** Балалар, кітап оқу арқылы әр адам ойын, білімін дамытады, өзін тәрбиелейді. Солай емес пе, Әділет?

**Әділет.** Ағай, мен бір айда үш кітап оқып шықтым.

**Асқарбек ағай.** Кітапты таңдап оқыдың ба?

**Әділет.** Кітаптардың барлығы да тандаулы емес пе, ағай?

**Асқарбек ағай.** Эрине, әдебиет – тандаулы дүние. Ал, сен солардың ішінен өзіңнің өміріңде қажеттілерін таңдай білуің керек. Оның үстіне оқытын кітаптарыңның мазмұны, көбінесе, оку бағдарына сай болу керек.

**Әділет.** Мен қызыққан кітаптарымды шетінен алып оқи беремін, ағай.

**Асқарбек ағай.** Қызыққаның дұрыс, кітапты оқи отырып, одан тіл үйрену де керек.

**Әділет.** Ағай, мен ана тілін жақсы білемін гой.

**Асқарбек ағай.** Ана тілін жақсы білесің, эрине, оның үстінен кітаптағы көркем сөз қолданыстарынан шешендік іірімдерді және өзің бұрын естімеген жаңа сөздерді көшіріп ал да, оны бірнеше рет қайталап оқып, есіңе сақта. Сонда тілің дами береді.

**Әділет.** Үқтым, ағай, бұдан былай оқыған кітаптарыма бір дәптер арнап, оған шешендік сөз тіркестерін, жаңа сөздерді жазып отырамын.

**Асқарбек ағай.** Оқыған кітаптарыңнан тәрбие үйрене біл.

**Әділет.** Кітап тәбие беру үшін жазылады фой, оны білемін, ағай...

**Асқарбек ағай.** Кітаптағы кейіпкерлердің мінез-құлықтары мен іс-әрекеттерін талдап, үлгі-өнегелерді естелігіме жазып оны орындаң жүрмін, ағай.

**Асқарбек ағай.** Міне, балалар Әділеттен үлгі алындар.

## **МЕНИЦ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫМ**

### **ҚАСҚЫР МЕН ТУЛКІ**

Мен қасқыр мен тұлқінің басынан айнытпай қуыршақ жасадым

Қасқырдың бейнесін оң қолыма, Тұлқінің бейнесін сол қолыма кигізіп, қуыршақтарды ойнатып едім, қызық болды:

Құ Тұлкі мен сүм Қасқыр сахнадағы қақпанның үстінде жатқан құйрық майды көрді де, сөйлесе кетті:

- Аман ба, қу Тұлкі,
- Сенде айла, күлкі...
- Сәлем, дос Қасқыр сүм!
- Сен неге аш жүрсің?
- Сенің көп айлан бар, –
- Айт, қандай пайдан бар?
- Тұрғанша қақылдаپ,
- Кел бері жақындаپ.
- Шақырсаң асыңа,
- Келем ғой қасыңа.

*Құ тұлкі менің құлығымды сезіп қойды. Қасқырды алдағы:*

- Атамыз тегінге
- Дастанқан жасапты:
- Әне май. Тегін же,
- Маған да асатшы.
- Анау ма... маайың?!
- Бір тойып алайын!
- Кергімей, ақымақ,
- Кел бері жақындаپ.

– Эй, мынау құйрық қой!  
Әзір дәм – «бұйрық» қой!  
Ақ қойдың құйрығы –  
Алланың «бұйрығы!»  
– «Батпан құйрық –  
Тегіннен тегін  
Жатқан құйрық!»  
Аппақ май, мінекей!..  
Ап! – деші, кәнекей.

*Қасқыр құйрықты аптығып асан, қақпанга түседі.*

– Ап!.. Ойбай!.. Түсіндім!  
Қақпанға түсірдің...  
Ойбай-ай! Жаным-ай!  
Опындым! Залым-ай!  
Ойбай-ай! Ойбай-ай!  
Алданым ойламай!

*Қасқыр ұлып, жылайды, тұлкі мазақтайды.*

– Ашқарақ «досым» – ай,  
Ажал тап осылай!..

*Тұлкі сықылықтан күледі.*

Мен: Тегін жатқан ас болмас,  
Кү мен сүм дос болмас, – дедім де, қақпанға түскен Қасқыр-  
дың «терісін» сыйрып алдым, Тұлкі қу қашып кетті.  
Менің қуыршақ театрыма келіндер, қызықты ертеғімді көрін-  
дер.



## **МАҚТАНШАҚ ЛАҚ**

(ертегі-мысал)

**Ертекші.** Ақ ешкінің Ақ лағы тастан-тасқа секіріп ойнақтап жүр.

**Ақ ешкі.** Аппағым-ау, көп ойнақтап, менен алыстап кетпе.

**Ақ лақ.** Ойнақтай беремін. Несі бар?

**Ақ ешкі.** Ей, ерке лағым, менен ұзап, алысқа барма, қасқыр жеп кетпесін.

**Ақ лақ.** Мәэ-мәәә! Қасқыр қандай болады?

**Ақ ешкі.** Қасқыр өзімізді сырттай бақылап, бағып жүрген Ақтөске ұқсас, құлағы тікірейген, тұмсығы қара болады.

**Ақ лақ.** Ее! Ондай болса, мен одан қорықпаймын.

**Ақ ешкі.** Қасқыр сенің «қорықпайтыныңа» қарамайды, бақыртып ұстап алады да, жеп қояды.

**Ақ лақ.** Қасқыр анау Ақтөс сияқты болса, ол қорқынышты емес қой...

**Ақ ешкі.** Сен Ақтөске жақындаپ, тұмсығын иіскейсің... Өйтсөң, қасқыр «әпні деп, сені асап қояды.

**Ақ лақ.** Енеке! Мен анау Ақ серкеге ұқсап, дәу боламын да, қасқырды сүзіп жіберемін! Мен батыр боламын!

**Ертекші.** Ақ лақ мақтанып тұрганда, бұтанаң арасынан Ақтөс шыға келді. «Батырың» енесіне де қарамай, қаша жөнелді.

**Ақ лақ.** Мәәә!

**Ақ ешкі.** Абайла, аппағым-ау! Тоқта! Неге қаштың?

**Ақ лақ.** Мәэ-мәәә! Қасқыр келе жатырр!

**Ақ ешкі.** Қорықпа. Ол – өзіміздің Ақтөс қой!

**Ақ лақ.** Мәәә! Мәмә! Мен қоо-қорықпаймын... ғой...

**Ақ ешкі.** Қорқақ болма, сақ бол. Бұдан былай мақтанба. Мақтанумен батыр болмайсың.

**Ертекші.** Содан бері Ақ ешкінің Ақ лағы қанша ойнақтаса да, енесінің маңынан кетпейтін болды. Ол «Батыр боламын» деп, босқа мақтануды біржола қойып кетті.

## **TІЛАШАР**

(дәстүрлік қойылым)

**Қатысушылар:** Оқытушы,  
Бірінші сынып оқушылары,  
Ата-аналар.

*Зал тілашар дәстүріне арналып безендіріледі. Ата-аналар сахна алдына, оқушылар сахнага орналасады. Сахна алдына оқытушы шығып, бірінші сынып оқушыларын, ата-аналарды тілашар дәстүрімен құттықтап, мерекені бастайды.*

**Оқытушы:** Ардақты ата-аналар, айналайын шәкірттерім, тілашар мерекесі құтты болсын!

Елде ана тілінде  
Есік ашық білімге:  
Оку басы – тілашар,  
Ол біліммен ұласар.

*Көңілді қүйдің сүйемелдеуімен оқушылар өздеріне белгіленген атаулардың ретіне қарай рәсімдік жыр-тақпактарды мәнерлеп орындаиды.*

**Оқытушы:** Бесік жыры әнімен,  
Тәрбиелі мәнімен,  
Әлдиледі анамыз:  
Жырдан тәлім аламыз.

1. Бесік жыры. Әлди-әлди, бөбегім!  
Ақ бесікке бөледім:

Әлди-әлди-әлди-ай!  
Әлди бөпем, қалғы жай!

2. Бесік жыры. Бөпем өсіп, толасың,  
Елдің ері боласың.

Әлди-әлди, алтыным,  
Ұйықта, бөпем, ал тыним.

**Оқытушы:** Бала саусақ санап-ак  
Үйренеді санамақ.  
Заттың санын біледі:  
Заттық мәнін біледі.

1. Санамақ. Бірім – білім,  
Екім – еңбек,  
Үшім – үміт,  
Төртім – төлім.  
Бесім – бесік.

2. Санамақ. Алтым – асық,  
Жетім – желке,  
Сегізім – серке,  
Тоғызым – торқа,  
Оным – оймақ.

**Оқытушы:** Жаңылтпаш тіл ширатар,  
Жаңылмауды үйретер.  
«Р» мен «И» ді байқа да  
Шатастырмай, қайтала.

1. Жаңылтпаш. Былдыр-былдыр, бұлдіршін,  
Бұл – бір білгір бұлдіршін:  
Білгір, бұл бір бұлдіршін  
Білгірлігін білдірсін.

2. Жаңылтпаш. Өссе, өсімтал:  
Өссе өссін тал,  
Кеспе, өссін тал.

**Оқытушы:** Ерсі күлкі, мазақ бар:  
Жаман қылық, мінезді  
Мазақтама мазақтар.

1. Мазақтама. Біздің Секен –  
Қызық екен:  
Үш түймесі  
Үзік екен.

2. Мазақтама. Анау бала,  
Бетін қара  
Кір-қожалақ,  
Қап-қара.  
Тырнағы өскен,  
Шашы көптен  
Алынбапты-ау,

Масқара!

**Оқытушы:** Жұмбақты кім шешеді?

Оның ойы өседі.

1. Жұмбақ. Жалы – темір,

Жолы – темір

Шымыр атты

Зымырраттым.

Ол не?

**Бәрі:** Трамвай.

2. Жұмбақ. Сабан той бастап,

Салады әнді:

Сабанын тастап,

Жияды дәнді.

Ол не?

**Бәрі:** Комбайн.

**Оқытушы:** Пайда тәртіп, білімге –

Мақалдар мен мәтелдер.

Айтты бізге күніге

Аналар мен әкелер.

1. Мақал. Оку – білім қазығы,

Білім – өмір азығы.

2. Мәтел. Еріншектің

Ертеңі таусылмайды.

Жатқанға

Жан жуымас.

**Оқытушы:** Ой беретін тақпакты

Жақсы бала жаттапты.

Тақпак ойды, білімді,

Дамытады тілінді.

**1. Оқушы.** Біз – оқушы баламыз,

Оқып, білім аламыз:

Саған қызмет етеміз,

Отанымыз – анамыз!

**2. Оқушы.** Ана – біздің күніміз,

Ананың біз – гүліміз.

Ұландарды қуантып,  
Ұзақ өмір сүріңіз.

**3. Оқушы.** Жаңылтпаш пен санамақ,  
Тақпак, жұмбақ саралап,  
Мақал-мәтел жаттаймыз:  
Ойға бәрін сақтаймыз

**4. Оқушы.** Тілашар – білім бастауы  
Тіл ширата бастадық.  
Ақыл – білім бесігі –  
Ашты мектеп есігін.

**5. Оқушы.** Ақыл, ой да, білім де  
Анамыздың тілінде.  
Ана тілі – арымыз:  
Үйренеміз бәріміз.

**Оқытушы.** Сөзді құрап, тоқышы:  
Сөз құралар әріптен  
Құрметті оқушы,  
Құтты болсын әліппең!

*Көңілді музыка. Кітапханаши бірінші сынып оқушыларына «Әліппе» оқулығын салтанатты түрде үlestіреді. Оқушылар музыка сүйемелдеуімен «Алғашқы қоңырау» деген хорды айтады.*

**Хор:**  
Құстардың тізбегі  
Қайтуда күз келді.  
Алғашқы қоңырау  
Қуантты біздерді.

Алақай, келіңдер,  
Сыныпқа еніндер:  
Балалық өмірдің  
Бақытын көріндер.

*Ата-аналар оқушыларға ризашылығын білдіріп, сый-сыяптар көрсетіп, бата береді.*

**Ана.** Балаларым – балғыным,  
Күндерімсің барлығың.

Білім сырын шешіндер:  
Өнерлі боп өсіндер.

**Әке.** Айналайын түлегім,  
Айтар мениң тілегім:  
Бәрің жақсы оқындар,  
Ойга білім тоқындар.

**Ата.** Оқуларың құтты болсын,  
Денсаулықтарың мықты болсын.  
Сабактарың сәтті болсын,  
Татулықтарың тәтті болсын!  
Әмин!

## **ҚИЯСТЫҢ ҚЫЛЫҒЫ**

**Бастаушы.** Қияс сөйлесе, әдеппен «сіз» деп сөйлейді.  
Қиясты әдепті, тәртіпті оқушы деп, Аскарбек ағай да жақсы  
көреді. Тек, Қиястың біз ұнатпайтын бір қылышы бар. Ол сабак  
үстінде тыныш отыра алмайды.

**Сыныптағы шатақ.**

**Маржан.** (*мазасы кетіп*). Ағай, Қиясты қараңызшы, шашым-  
ды сипай береді.

**Аскарбек ағай.** Қияс, сабакта тыныш отыр.

**Маржан.** Ағай, Қияс қой десем, қоймайды. Арқамнан сипай  
береді.

**Қияс.** Ағай, мен әншейін, былай, нетіп, неттім. Немене сон-  
ша?!

**Аскарбек ағай.** Қияс, тыныш отырмай, Маржанды өкпелете  
бердің ғой...

**Қияс.** Ағай, мен Маржанға былай нетіп, тиіскең жоқпын.  
Қыздарды өкпелеткенше, өлгенім артық...

**Аскарбек ағай.** Қияс, сен екі қолыңа ие бола алмадың. Енді  
өзіңше жеке отыр.

**Қияс.** Ағай, өліп кетейін... Мен енді Маржанға қолымды ти-  
гізбеймін.

**Маржан.** Ағай, Қияс уәде берді ғой... Нетіп... нетпейді енді,  
бірге отыра берсінші...

**Асқарбек ағай.** Онда тәртіп сақтаңдар.

**Қияс, Маржан.** Макұл ағай.

**Бастауышы.** Содан бері Қияс «екі қолына ие болып», сабакта  
сабыр сақтап, тыныш отыратын болды.



# **ТАҚЫРЫПТЫҚ ҚОЙЫЛЫМАР**

## **ҚАСИЕТТІ ЖЫЛАР**

(жылнама)

**Қатысушылар:** Қызыр баба, Жыл, Он екі жыл.

*Сахнага Қызыр баба шыгады. Жыл атаулары өздерінің кезе-  
гімен, белгілі безендірулерімен шыгады.*

**Қызыр баба:**

Ғаламат жер өніріне,  
Адамзаттың өміріне  
Бақыт тілеп сан ай жетті,  
Уақыт үдең қалай өтті?  
Күнді жылда Жер айналып,  
Жерді Ай да шыр айналып,  
Кереметтің өзегімен  
Келді жылдар кезегімен.

**Жыл:**

Үш жұз алпыс бес күнімен,  
Үдей көшкем ескі жылмен  
Жаңаша көп жалғас әні,  
Жаңа жыл кеп, жалғасады.

**Қызыр баба:**

Ойлы білгіш байқар анық;  
Он екі жыл қайталанып,  
Келер өзге сыр, мәнімен,  
Енер елге нұр сәнімен.  
Жамиғаттың сан ғылымын,  
Табиғаттың заңдылығын  
Зерттеп Адам ақыл-ойлы,  
Зерлеп, Жылдың атын қойды:  
Андардың мол қасиеті,  
Адамзаттың хас ниеті

Сәйкес келсе Жылмен қалай,  
Ат қойған ол соган орай.

**Жыл:**

Тышқан, Сиыр, Барыс, Қоян,  
Ұлу, Жылан, Жылқы, Қой – пан,  
Мешін, Тауық, Ит, Доныз деп,  
Жылдардың ол атын қойған.

**Тышқан:**

Тышқан жылы – тірлікті жыл,  
Құштарыңды – бірлікті біл.

**Сиыр:**

Сиыр жылы – еңбекті жыл,  
Сайлы жыл боп енбек бүл жыл.

**Барыс:**

Барыс жылы – сәтті, құтты,  
Баян етер сәттілікті.

**Қоян:**

Қоян жылы құт қонады, –  
Кейде малға жұт болады.

**Ұлу:**

Ұлу жылы – әрекетті,  
Ұлғайтады берекетті.

**Жылан:**

Жылан жылы – құрғақ болар,  
Жылға дымы құрғап қалар.

**Жылқы:**

Жылқы жылы – мархабатты,  
Жырғап өтер әр талапты.

**Қой:**

Қой жылы мол өнім болар,  
Қораларға төлің толар.

**Мешін:**

Мешін жылы – бақ, жарасым,  
Мереймен іс атқарасың.

**Тауық:**

Тауық жылы – арманды жыл,  
Тауып істі, шаруанды біл.

**Ит:**

Ит жылы тым мазасыздау,  
Игермесен, азасың-ая!

**Доңыз:**

Доңыз жылы – байсалдылық,  
Дос табады жайсаң құлық.

**Қызыр баба:**

Оның бәрін білген ел де,  
Он үшінші жыл дегенде  
Әрі жыл өзін қайталайды,  
Әркімге ол байқалмайды.

Менің айтар өситетім:  
Жылдардың біл қасиетін!  
Құтты жылдар тағы келсін,  
Қуаныш, той, бақ әкелсін!  
Әмин!

## **ҰСТАЗДАР КҮНІ**

*Ұстаздар күніне арналған мерекелік кештің әдеби нұсқасы.*

**Қатынасушылар:** Гүлжан (*бастауши*), Ғалымбек (*озат оқушы*) және басқа да оқушылар.

*Сахна мұғалімдер күніне лайықталып безендірілген.*

*Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады.*

*Сахна төріне Ғалымбек пен Гүлжан шыгады.*

**Ғалымбек:** Үйретіп алғаш бізге әліппені,  
Мұғалім ғылымға жол салып берді.

Ойшылдың ой-арманы, мақсаттары оқудың сәулесімен жа-  
рық көрді.

**Гүлжан:** Фылым иесі ғалым да, ел қорғаган батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал баққан шопан да, ғарышкер де бәрі – бәрі ұстаздан білім, тәлім алған, сондықтан, ұлағатты ұстаздар,

**Ғалымбек екеуі:**

Мерекелеріңізбен құттықтаймыз!

**Көңілді күй, сахнага оқушылар келеді, олар ұстаздарга бір-келкі бас іп, сәлем береді.**

**1-оқушы:** Ғұлама, білгіш ғалымнан,

Оқушы жас жалыннан,

**2-оқушы:** Мархабатты ойшылдан,

Мал өсірген қойшыдан,

Жазушыдан, ақыннан,

ғарышкерден – батырдан,

**3-оқушы:** Өнері мол актердан,

Көмір қазған шахтердан,

Мың бұралған бишіден,

Күй толқытқан күйшіден,

**4-оқушы:** Оқыған жас-кәріден,

Оқушының бәрінен

**Бәрі (қосылып).**

## **ҰСТАЗДАРҒА СӘЛЕМ!**

**5-оқушы:** Мен сіздерге «Талап» деген тақпағымды айтып берейін:

Таудай биік талабым,

Оқып білім аламын.

Ғарышкер бол шарықтап,

Ғарышқа да барамын.

Отанның – ел-ананың

Мақтанышы боламын.

Туган елдің көгінде

Жұлдыз болып жанамын.

**6-окушы:** Мен сіздерге «Шәкірт ойы» деген тақпағымды айттып берейін:

«Ел сенімін ақтайды», –

Деп, ұстазым мақтайды.

Ұстазымның әр сөзін,

Көкейімде сақтаймын.

Өз ісімнің маманы

Болам іскер, саналы.

**7-окушы:** Мен сіздерге «Мектебім» деген тақпағымды айттып берейін:

Ақыл, білім көп бердің,

Анамдайсың, мектебім.

Сенде өсіп, көктедім,

Сенсің – өмір, көктемім.

Алғыстарым көп менің,

Алтын ұям – мектебім.

**Гүлжан:** Құрметті ұстаздар, біз Сіздер оқытып жүрген барлық пәндерді ардақтаймыз, сабактарынызды ықыласпен ынтақойып тыңдал, пән атаулыны зер салып оқып, үйреніп жүреміз.

**Ғалымбек:** Жан-жақты білім бергені үшін әрбір пән мұғаліміне алғысымызды айтамыз.

*Оқушылар пәндер туралы тақпақ айтады.*

**1-окушы:** Анашымдай сыр шерткен,

Ақыл – білім үйреткен,

Ана тілін оқымын

Ерекше зор құрметпен.

**2-окушы:** Математика сабағын

Жақсылап ұғып аламын.

Сөүлесіндей сананың,

Мәнінен ой табамын.

**3-окушы:** Ой жіберсек мәніне,

Пәннің жақсы бәрі де.

Өмір сырын үйретер...

Сурет, тарих пәні де..

**4-окуши:** Үлтүн сүйген баламын,  
Үлтүк тілі – анамның –  
Әдебиет пәнінен  
Әсер, тәлім аламын.

**5-окуши:** Шыңдал күнде мен енді  
Шынықтырам денемді.  
Сүйем ән-күй сабағын,  
Суретті де саламын.

**Бәрі:** Оқытушы – анамыз,  
Сізден білім аламыз.

**Мектеп басшысы ұстаздарды мереке күнімен құттықтап, ұстаздық өнегесімен оқу-агарту ісінің озаты атанған ұстаздарды және аға мұғалімдер мен әдіскер – мұғалімдерді (ұстаздардың есімдері аталауды) зор құрметпен марапаттайты (музыканың сүйемелдеуімен оқышылар ұстаздарға ғүл шоқтарын тапсырады).**

**Гүлжан:** Құрметті ұстаздар, енді өздеріңіз туралы жеке оқушылардың алғыс сөздерін тыңдаңыздар.

**Жеке оқышылар кезек-кезек алға шығып, мұғалімдерге арналған тақпактарын айтады (барлық ұстаздардың аты аталауды).**

**1-окуши:**  
Сөз сөйлесе, жарқын-ақ;  
Күніміздей жарқырап,  
Қызық өтіп сабағы  
Өсірді ой-сананы.  
..... рахмет!

**2-окуши:**  
Біздермен ойнап-куледі,  
Сырымызды біледі,  
Қасымызда қашан да  
Қамқор болып жүреді.  
..... рахмет!

**3-окуши:**  
Кемшілікті кезінде  
Кесіп айтар өзіне,

Өнеге мол өзіндө,  
Өсиет көп сөзінде.  
..... рахмет!

**4-окушы:**

Білімі мол, өрелі,  
Бізді жақсы көреді:  
Әдеп пен ой-білімге  
Әділ бага береді.

..... рахмет!

**5-окушы:**

Мінезі де тамаша:  
Аймалайды анаша,  
Жақсы оқысаң сабакты  
Куанады балаша.

..... рахмет!

**Бәрі:**

Сіздерді біз сүйеміз,  
Басымызды иеміз!

**Гүлжан:**

Окушы... «Ұстазыма» деген тақпагын айтады.

Ойламайтын ертеңін,  
Ойсыз кейбір еркені  
Тұзеп жөнге салдыңыз,  
Ел алғысын алдыңыз.

Сабырыңыз құрыштай,  
Жөн айттыңыз ұрыспай,  
Тұзедіңіз тентекті  
Тұрғызбай-ақ бұрышқа.

Сізден үлгі аламыз:  
Нағыз қазақ боламыз!

*Окушылар Гүлжансың басқаруымен «Ақылши мұғалім»  
әнін т.б. әндерді айтады, күй тартауды, би билейді, бәрі соңғы  
түйіндеу тақпагын кезектесіп айтады.*

**Ғ а л ы м ж а н:** Еркін білім аламыз –  
Ертең біз де маманбызы!

- 1-о қ у ш ы.** Мен гарышкер боламын,
- 2-о қ у ш ы.** Мен жер шарын шоламын,
- 3-о қ у ш ы.** Мен болашақ шахтермін,
- 4-о қ у ш ы.** Мен қазір-ақ актермін,
- 5-о қ у ш ы.** Егін егіп, баптаймын!
- 6-о қ у ш ы.** Елді жаудан сақтаймын!
- 7-о қ у ш ы.** Берген білім, бұлан күш.

**Бәрі:**

*Ұстаздарга мың алғыс!*

*Бәрі «Ұстазым» әнін оркестірге қосылып айтады. Әні – Ә.Еспаевтікі, сөзі – А.Шамкеновтікі.*

## **ЖАЗ КҮНІНДЕЙ ЖАЙНАЙМЫЗ**

*Құлдірген мен Білдірген «Айгөлек» әнімен қуана билеп шыгады. Бастауышы сырттай бақылан, қуаттан тұрады.*

**Құлдірген мен Білдірген (әндете билеп).**

Жаз қызығын қараңыз,  
Жасыл кілем даламыз,  
Ойдағы сол кілемде  
Ойнап асыр саламыз,  
Қырдың нұрын көреміз,  
Қызыл гүлін тереміз,  
Әдемі гүл шоқтарын  
Әжемізге береміз.

Айгөлек-ау, айгөлек,  
Жаздың жөні бір бөлек,  
Шомыламыз көлге кеп,

Ойнап жасыл дөнгө кеп,  
Кекмайсалы жерге кеп,  
Би билейміз дөңгелеп.

**Бастауши.** Жасандар! Күлдірген мен Білдірген! Жаз қызығы молая берсін!

**Күлдірген, Білдірген.** Сәлематсыз ба, апай! Қуаныш бірге болсын!

**Білдірген.** Біз Күлдірген екеуіміз өнірдегі сан алуан жұпар иісті гүлдерді теріп, әсем қырдағы көк жасыл гүл майсада асыр салып ойнап, шынығып жүрміз, апай.

**Бастауши.** Өстіп жұп жазбай тату жүріп, тамаша жаздың қызықтарын бірге көріндер.

**Білдірген.** Апай, Күлдірген екеуіміз жазира жазда көк майсада көп билеп, биге жаттығып, әсем ән салып үйрендік.

**Бастауши.** Кәне, ән-билерінді («Айгөлек» әніне билеп).

Гүлді шакта тойлаймыз,  
Гүл-қыратта ойнаймыз.  
Қызгалдакты даланың  
Қазығына тоймаймыз.  
Қырдың гүлін тереміз,  
Гүлден тәжі өреміз.  
Жайрандасып, қуанып,  
Жаз қызығын көреміз.  
Айгөлек-ау, айгөлек,  
Айдың жүзі дөңгелек!  
Жасыл дала кілемдей,  
Жаз айында жан бөлек!  
Кереметін көрейік,  
Кен далага кел, бөбек!

**Бастауши.** Бәрекелді! Ән-билерің тамаша екен!

**Күлдірген.** Апай, «Жазда серуендеу, сейілдеу, қунге

қыздырыну, суға шомылу, таза ауады гимнастика жасау керек», – десем, Білдірген: «Ей, қойшы, сонша, соның бәрін... Одан да ойнай берейік», – деп болмайды.

**Білдірген.** Күлдірген, сен де қызықсын. Ойнау дегеніміз де шынығу емес пе?

**Күлдірген.** Міне, көрдіңіз бе? Бұл сөйтіп талай спорттан құрқалып жүр. Сондықтан да мұның денесі – болбыр, өзі – солбыр.

**Білдірген.** Күлдірген, сенің айтқан сының дұрыс... Мінімді мойындаймын. Бірақ сен мені кемсітпе...

**Бастаушы.** Әрине, сын біреудің сағын сындырып, масқаралаудың құралы емес. Ал мен сендерге бір сын айттайын: сендер тек ойнау мен шынығу, тынығу туралы айттындар. Ал, еңбек ету қайда?

**Білдірген.** Апай, біздің Әділет ағай әрі тынығып, әрі шынығып, оның үстіне пішеншілерге көмек көрсетіп шөмелे салып жүр... Мен де қостың басына барып, «қол ұшын» беріп жүрмін...

**Күлдірген.** Білдірген, «қол ұшын» бергенің сол ма? Өткен аптада менімен құресіп ойнаймын деп, бір шөмеле шөпті шашып тастандың, соның дұрыс па?

**Бастаушы.** Күлдірген, сен өзің «ойлау не, ойнау не?» білесің бе?

**Білдірген.** Апай, Күлдірген гүлді таптап, шөпті шашқаннан басқа еш нәрсені білмейді. Өзі алманы жақсы көреді...

*Алма баққа қарай жалтақтап қарай береді...*

**Күлдірген.** Апай, бақтағы алмалар пісіп қалыпты. Алма бақты суару керек... Мен соны ойлап...

**Бастаушы.** Жаз қызығы көп қой. Әрі демалып, әрі шынығып, әрі еңбек ететін шақ – бұл. Ал сендердің істеріңнен ойындарың көп екен.

**Білдірген.** Біз енді Күлдірген екеуіміз көкөніс жинауға көмектесеміз. Солай емес пе, Күлдірген?

**Күлдірген.** Әрине, алма жина десе, мен бүгін-ақ дайынмын.

**Білдірген.** Маған қызанак, қияр тер, қауын жина десеніз, бар күшімді саламын, апай.

**Бастауши.** Ниеттерің дұрыс, талаптарың жақсы.  
Бірлік жасап, тірлік етіндер: егін оруға, көкөніс теріп,  
жеміс жинауға қатысындар. Жаз – еңбекпен қызық!  
**Білдірген мен Құлдірген.** (*қосылып*). Макұл, апай!  
Жаз күніндей жайнаймыз,  
Жасыл қырда ойнамыз.  
Орындан көп жұмысты,  
Окуды да ойлаймыз!

## **ГҮЛ МЕН ЖЕМІС**

*Сахнада Бұлдірген өзінше күйініп тұр, оған Білдірген тоқтая  
айтады.*

**Бұлдірген.** Қап! Білмestіk істегенім-ай!

**Білдірген.** Мен саған айттым ғой, алма гүлдерін жұлма деп,  
енді міне...

**Бұлдірген.** Мен осынша алма өспей қалатының білген  
жоқпын ғой.

**Білдірген.** Білмесен, білгеннің тілін алуың керек. Гүлдерді  
аялап күтсөң, жеміс өседі деп, талай рет айттап па едім соңда?  
Мениң сөзіме құлақ аспаған өзің ғой...

**Бастауши.** (*амандаса келеді*). Амансындар ма, көрермен дос-  
тар! Иә, Бұлдірген, неге мұнайып тұрысың?

**Бұлдірген.** Жаңа баққа барып қарасам, Құлдіргеннің де алма  
агашы жеміске тұнып тұр, ал менің алма ағашымда жеміс өте  
сирек... Соган күйініп...

**Білдірген.** Апай, мұның өзі кінәлі. Анада алма ағашының  
гүлдерін сиретіп жұлма дедім бұған... Рас па, айтшы сен өзің,  
Бұлдірген?!

**Бұлдірген.** Мен алғашында гүлдер жиі болған соң оны си-  
ретіп едім... қайдан білейін...

**Білдірген.** Гүлден жеміс өседі. Ол туралы Әділеттің тақпағы  
бар. Ол «Аяныш» деп аталады:

Құлпынайдың гүлдерін  
Ара баптап үлгерді.  
Қаз келді де, шешекті  
Жұлып, істі еш етті.  
Ай, қазым-ай, қазым-ай!  
Ақылыңың азын-ай.  
Өсіріп ек аялай.  
Гүлді жұлдың аямай.  
Гұлсіз жеміс бола ма?  
Кет! Бақшама жолама!

**Бастауши.** Білдірген дұрыс айтады. Бүршік гүл жарады, гүл тозанданып, жеміс салады.

**Бұлдірген.** Ол енді маған түсінікті болды. Ал, тұқым кайдан пайда болады, апай?

**Бастауши.** Жеміс ағаштарының тұқымы жемісте болады. Қандай өсімдік болса да, ол әуелі гүлденеді, гүлден жеміс, жемістен тұқым пайда болады. Ал көптеген өсімдік гүлдеген соң, тұқым түйе бастайды. Гұлсіз жеміс те, тұқым да болмайды.

**Білдірген.** Айттым ғой саған, Бұлдірген... Сен гүлді сиретуге құмарсың, гүлді жұла берме, обал болады дедім...

**Бұлдірген.** Мен біраз гүлді басқа жұлған жоқпын ғой, бөпеме сыйлау үшін жұлдым, білдің бе?

**Бастауши.** Білдірген, дұрыс айтасың, табиғаттың көркемдігі де, оның көркеюі де гүлденуге байланысты.

**Білдірген.** Апай, табиғаттың гүлденген кезіндегі көркемдігі туралы тақпағым бар, айтып берейінші.

**Бастауши.** Кәне, тақпағынды айта ғой, Білдірген.

**Білдірген.**

Қырымызда мың түрлі  
Қызыл-жасыл гүл тұнды.  
Жалаудай көп қызғалдақ  
Алаудай боп құлпырды.  
Өркен нұрын көре кет,  
Көркемдігі керемет!  
Қызыл, сары, көк гүлдер,

Қырмызы нұр – көпсіндер,

Құлпырындар қоктемде!

Күздің айы жеткенде,

Көп қызықты көреміз,

Көптең жеміс тереміз!

**Бастауши.** Сөзді жаттау жақсы. Ал оны орындау қажет.

**Білдірген, Бұлдірген.** Сөзді орындаимыз, апай!

## **ЖИДЕК, ЖЕМІС, КӨКӨНІС**

*Сахнага Құлдірген мен Білдірген шығады.*

**Білдірген.** Құлдірген, сен жеміс пен жидекті ажырата білмейді екенсін...

**Құлдірген.** Білемін: жейтін нәрсенің бәрін де жеміс дейміз.

**Бастауши.** (амандаса келеді). Сәлематсындар ма, балалар. Аман ба, Құлдірген? Хал жақсы ма, Білдірген?

**Білдірген.** Сәлематсыз ба, апай?

**Құлдірген.** Сәлематсыз ба?

**Білдірген.** Апай, мынау Құлдірген «дымбілмес» екен... Өзі жеміс пен жидекті ажырата білмейді.

**Құлдірген.** Білдірген, сен мені «дымбілмес» деп, ызаландырма. Мен де біраз нәрсені білемін.

**Білдірген.** Ал білсең, айта қойшы: жеміс пен жидектің қандай айырмашылығы бар?

**Құлдірген.** Жемістің аты – жеміс. Оны жидек деп бөлудің не қажеті бар?

**Білдірген.** Міне, сен нағыз «дымбілмессің»!

**Құлдірген.** Білдірген, сен байқап сөйле. «Дымбілмес» деген жаман сөз екенін білмейсің бе?

**Бастауши.** Дегенмен жеміс пен жидекті ажырата білу керек.

**Құлдірген.** Апай, Білдірген білсе, айтсыншы қане: жеміс пен жидектің айырмашылығы неде?

**Білдірген.** Жеміс талда өседі. Алма, алмұрт, өрік, анар, алуа – жемістер.

Көп өсірсең өрікті,  
Көктемде бақ көрікті.  
Нарттай қызыл шиені  
Шыққан күн де сүйеді.  
Алмұрт, алкор, шабдалы...  
Алманың да бал дәмі.  
Татымды, мол жемістер,  
Татыңыздар, жеңіздер!

**Құлдірген.** Е, оның бәрі жақсы жеміс деп, мен саған айттым гой:

Анар, алма,  
Алмұрт, алуа,  
Өрік, жаңғақ  
Жейміз таңдал.  
Күзгі шақта,  
Біздің бақта  
Мол береке,  
Ол – мереке!

**Білдірген.** Ал, жидек пен қандай өсімдіктері айтамыз?

**Құлдірген.** Жеміс дегеніміз – жейтін нәрсе. Ал, «жидек» дегеніміз...

**Бастауши.** Жеміс пен жидек екі басқа нәрсе.

**Білдірген.** Құлдірген, сен әрбір нәрсені анғарып ал. Жидек ағаштың басында өспейді, ол желі тартып жерде, бұта, не қурай түрінде өседі, білдің бе?

**Құлдірген.** Жиде дегенді мен де білемін. Ол бұтанаң бұтақтарында өседі.

**Білдірген.** Ол – жиде. Ал жидек жеген – басқа сөз. Құлпынай, бүлдірген, таңқурай сияқты өсімдіктері жидек дейміз, білдің бе?

**Құлдірген.** Курайда жеміс бола ма? Өзің білгенсіп, не болса, соны айта береді екенсін.

**Білдірген.** Таңқурай – екеуміз талай рет жемісін жеген ма-лина.

**Құлдірген.** Е, оны білемін. Солай де. «Білмейсің» деп, мұқатқанша, өстіп маған үйретпейсің бе?

**Бастауши.** Күлдірген дұрыс айтады, үйретпей жатып, білмейсің деу – әдеп емес, Білдірген.

**Білдірген.** Мен үйретейін десем, мынау Күлдірген «өзім білем» деп, кеудесін көтеріп, сөзімді тыңдамайды, апай.

**Күлдірген.** Өзің гой менің «жыныма» тие беретін. Мен қауын-қарбыз, қырыққабат, қияр, сәбіз, шалқан сияқты жемістерді де білемін.

**Білдірген.** Міне, тағы да білмей тұрсын.

**Күлдірген.** Нені білмей тұрмын?

**Білдірген.** Қауын-қарбыз, қырыққабат жеміс емес.

**Күлдірген.** Білдерген, сен байқап сөйле... Мен топас емеспін. Жейтін қауын мен қарбызды білмесем, мен несіне адам болып жүрмін, ә?

**Білдірген.** Қауын, қарбыз, қырыққабат, қияр, сәбіз, шалқан – бәрі де көкөністер.

**Күлдірген.** Апай, мынау Білдірген тағы да не деп көкіп кетті. Бәрі де жейтін нәрсе емес пе? Сондықтан оларжы «жеміс» десек болмай, ма, ә?

**Бастауши.** Жейтін нәрсенің бәрін де «жеміс» деуге болмайды. Білдірген дұрыс айтады: қауын, қарбыз, қырыққабат, қияр, саябіз, аскабақ, шалқан, тарна – бәрі де «көкөніс» деп аталады.

**Күлдірген.** Бұл қызық екен!..

**Білдірген.** Сен өзің білмегенінді білгің келмейді. «Бәрін де білемін» деп көкисің. Бұл дұрыс емес.

**Күлдірген.** Өзің... нетіп, естіп, бұрыннан мені ашық сынап, былай менің кемшілігімді көзіме көрсетпедің бе? Өткір сынынды енді мойындаимын.

**Білдірген.** Дос деген естіп айтқан сынды ықыласпен тыңдал, айқын түсіне білуі керек.

**Бастауши.** «Сын түзілмей, мін түзелмейді» дейді халқымыз. Бірақ сын әділ, жанашаырлық сын болсын.

**Күлдірген. Білдірген.** Мақұл апай!

## **АЛТЫН ДӘН МЕРЕКЕСІ**

**Қатысушылар:** Диқан баба, өнерпаз оқушылар.

*Дала қосында Диқан баба «Молиылық», «Егіншілерге сәлем» т.б. нақыл, ұрандар жазылған жарнама. Сахна шабытты күймен ашилады.*

**Бастауыш ұл.** (алдыға шығып).

Құрметті достар, сіздерді алтын дән мерекесімен құттықтаймыз!

*Әсет Бейсеуовтің «Қазақстан – гүлстан» әні орындалады.*

**Бастауыш қызы.**

Ел қойды алдына ұлы шарт  
Еңбекпен алынды миллиард.  
Оны артсақ машина тізбегі  
Жер шарын бір орап, тізіледі,  
Бір қаптан жалғасақ не етеді?  
Қап тізбек күнге де жетеді.  
Оңай тек айтуда санымыз,  
Оңаймен келген жоқ нанымыз.

**1-өнерпаз.**

Құты мол мекен – кең дала,  
Құлпыртқан сені ел – ана.  
Теніздей дәннің тасқыны,  
Телегей елдің астығы.

**2-өнерпаз.**

Керуендерге артылған  
Керемет байлық – алтын дән.  
Дәуірдің жана даласы  
Дәндерің қымбат алтыннан.

**3-өнерпаз.**

Маңайдан жаңа сарын ұқ:  
Машина сапы сабылып,

Адамзат үшін тынбады,  
Астықты тасып, ағылып.

**4-өнерпаз.**

Отанның толды қоймасы,  
Ол да бір ұлы той басы.  
Қарқының баспай еңбектің,  
Халқымыз тағы тойласын!..

*Әнші, күйші, термеші, бишилердің бірі өнер көрсетеді.*

**3-өнерпаз.**

Дарқандығы жерінің –  
Даласын байтақ егіннің.  
Игеріп тыңды тұған ел,  
Иесі болды өнімнің.

**4-өнерпаз.**

Егіннің толқып теңізі,  
Еңбекпен қызық ең ізгі.  
Ересен табыс әкелді,  
Ерлікке бейім ел ізгі.

**5-өнерпаз.**

Егінде бұйра толқын – құт,  
Толқыса бидай мол сыр ұқ.  
Жасампаз ерлер ісімен  
Жасалған тыңда молшылық.

*Оркестрдің немесе хордың орындауында музикалық сәлем жолданады.*

**6-өнерпаз.**

Еңбекте бақыт – қарқындау,  
Егінде міндет – сәл тынбау:  
От-жалын істің белгісі,  
Орнады қырда алтын тау.

Алтын тау біздің қырдағы –  
Алыштың салған қырманы.  
Отанның бұл да бір наны,  
Осында жүрттың жыр-әні.

Кеңейіп көлем – аумағы,  
Кемелдеп өсті тау дәні.  
Көркейген құтты мекеннің,  
Көбейсін алтын таулары.

*Бишилер «Алтын масақ» биін билейді, қолдарына масақ макеттерін ұстап шығады. Би соңында масақтар бір жерге шоғырланып жиылады. Одан соң күйі ойналады. Диқан болып кінген ұл мен қызы Диқан бабаға нан-тұз әкеліп ұсынады.*

**Бастауышы ұл.**  
Нан иісі қандай,  
Пісірілген жаңадан.  
Дәмі де балдай  
Жүректен ыстық таба нан.  
Адамзат бүкіл  
Ардақтап сені сақтасын  
Тұсімің түгіл,  
Түйірің жерде жатпасын!  
Өлең мен әнім –  
Өзіңсің куат, әрі дем:  
Қымбатсың, наным,  
Қымбатсың бізге бәрінен.

*Бір әнші «Ақ бидай» әнін орындаиды. Әннен соң бірнеше биши «Шофер биін» билейді. Биден соң шофер күімін киген біреуі алдыға шығып, «Мен – шофермін» деген тақпақ айтады.*

Ешқашан қарап тұрмадым,  
Тұсірмей жерге бір дәнін.  
Тасқындал жатқан егіннен  
Тасыдым елдің қырманын,

Машина мінсіз зыр қақты,  
Еңбекте құн мен тұн қаттым.  
От берген мениң жаным  
Отанның дәні қымбатты.

Ерліктің асыл сыйларын,  
Элеваторға жинадым.  
Әншілер дуэтты «Шофер әнін» орындаиды (әні Байқада-  
мовтікі). Немесе бұл ән дыбыстық жазу арқылы беріледі.

**Қыз бала.** Даламда ырыс, береке,  
Әманда думан, мереке.  
Шалқытқан шексіз байлықты  
Шаруа деген ер екен.

Береке басы – алтын дән,  
Береген жерге бал тұнған.  
Ақ нанын берген Отанға,  
Айналдым іскер халқымнан.

**Ұл бала.** (*тебіренің*). Уа, кемелденген кең дала, құдіреті көп  
құтты мекен! Сан ұлттың басын қосқан салтанатты тұған жер!  
Сен – ұлы елдің мақтанышысың! Байлық пен бақыттың, нан мен  
әннің мерекелі мекені, тың егіннің тақталарымен өрнектеліп,  
өркендей бер.

**Қыз бала.** Алтын аптап кең даланың астығын,  
Аппақ арай сәүлелерін шашты күн.  
Тербеп құймен теңіздерін егіннің,  
Келіп жатыр даламызға жақсы күн.

Тұған жерге егін қалай мол шыққан?  
Тұған ел ғой оны баптап толқытқан!  
Алыптары мекенімнің мерейлі,  
Алақанда күннің жүзін балқытқан,

Тың жерімнің дөнін мақтан етемін,  
Тың бақыты әнін жаттап өтемін.  
Құрметтеген бүкіл адам баласы,  
Құтты мекен – менің атамекенім!  
*Атамекен, туган жер, туган ел, туралы әндер мен күйлер*  
орындалады.

**1-өнерпаз.** Зәулім биік элеватор  
Дән тасқынын елеп жатыр.

Кең даладан дәннің оған  
Керуені келе жатыр.

**2-өнерпаз.** Егінжайға жетерлік,  
Сүдігерді көтерді.

Астық оған мол шығып,  
Ер еңбегі өтелді.

**3-өнерпаз.** Тағат, таным таппады.  
Танаптарды баптады.

Таңнан тұрып түрлентті,  
Таңғажайып тақтаны.

Егінші бұл ағаның  
Еңбектері бағалы.

**4-өнерпаз.**

Дән – теңізге комбайнын жүздірді,  
Егіндегі ел еңбегін қыздырды.

Ол аңызда дән қалдырмай жинады,  
Отанына алтын астық сыйлады.

Жүрген жері – қызыл қырман, берекем,  
Комбайншы – елге қамкор ер екен.

**5-өнерпаз.** Ер ізімен су құлап,

Егін өсті дуылданап,  
Өнді бидай теп-тегіс

Өнімдері туындалап.

Астық көбі елдегі –  
Диқандардың еңбегі.

**Бәрі (қосылып).**

Нан бар жерде қүй, ән бар,  
Рақмет, диқандар!

*Музыка.*

*Шымылдық,*

## **«АЛТЫН КҮЗ» ОЙЫН-САУЫҚ, КЕШІ**

**Қатысушылар:** балалар, бастауши, күз, алмалар, құстар, тиын, қоян, қошқар, теке.

*Сахна күзгі табиғатқа байланысты безендіріледі. Музыка.  
Сахнага окуышылар шығады.*

**1-бала.** Бұырқанды күзгі дем:

Бұтағынан үзілген  
Ай жапырақ сары алтын.  
Айналаның бәрі алтын.

**2-бала.** Бәрекелді, күз келді!

Мерекелік күз келді!  
Кел, жемісті алтын күз!  
Кемелденсін халқымыз.

*(Күздің лебін бейнелейтін күй тартылады. Сары алтын жа-  
нырақ шашып, күз келеді).*

**Күз.** Сәлем, өрен достарым!

Сәлем, ерен дос-жарым!  
Ән айтындар бақытты,  
Молайтындар шаттықты!  
*(Балалар күз туралы хор айтады).*

**Хор.** Қалың астық жиылды,

Қамбамызға құйылды.  
Алтын күзге мың алғыс:  
Алдық өнім үйілді.

**Қайырмасы:**

Артты құт пен береке,  
Астық толы қоймамыз.  
Салтымыз – той-мереке,  
Алтын күзді тойлаймыз!

Өнім үйіп таstadtың,  
Өзің оқу бастадың:  
Астық толсын, алтын күз,  
Ашық болсын аспаның!

**Қайырмасы:**

**Күз.** Рақмет балалар өнеріне,  
Ризамың өнершілік өреніме!

**1-бала.** Бірінші қыркүйек  
Білімге бастады,  
Мал мен аң жүр билеп,  
Құс шарлап аспанды.

**2-бала.** Жаңартқан ғаламды  
Жаңбырлы ғажап ай:  
Осынау амалды  
Әкелген қазан-ай!

**3-бала.** Мол байлық тергені,  
Шаттығы қаншалық?!

Қараши, өрледі  
Қараша ән салып.

**Үшегі.** Тізіліп сәнімен,  
Құс қайтты әнімен.

(*Күстар сахнага билеп шығады*).

**Құстар.** Қош бол, өскен жеріміз,  
Айдын – шалқар көліміз!  
Аман болып, жасандар,  
Айналайын еліміз!

Қаһарлы қыс өткенде,  
Қайтып келіп көктемде,  
Күнде думан құрармыз  
Күн шуағын төккенде.  
(*Күстар әндете билеп, сахнадан өтеді*).  
**4-бала.** Қызды қырдан ел ісі,

Қызыл қырман жер үсті:

Елдегі бұл дарқан той

Еңбегінің жемісі.

**5-бала.** Эне қызыл алмалар –

Әсем бақтың жүлдзызы!

Алма терген балалар,

Албырайды нұр жүзі.

(*Алмалар сахнадан билеп шығады*).

**Алмалардың әні.**

Күздік апорт алмамыз,

Күннен қуат алғамыз!

Жұмыр жерден нәр жиып,

Жүлдыштай боп жанғамыз!

Жаз да жақсы, – күз артық:

Жайнадық та, қызардық.

Кек желегін бау-бақтың

Көркемдедік қызартып.

(*Алмалар сахнадан билеп шығады*).

**1-бала.** Айуандар – үйірде,

Төрт түлік мал күйінде:

Жан-жануар шаттанып,

Басты күздің біне.

**Күз әуені.** Қоян, тын, қошқар және теке төртейі күз әуені –  
не билеп шығады.

**Қоян.** Қып мені састырған

Құтылдым-ау қасқырдан!

Аңғармасын жонымды:

Ауыстырдым тоңымды.

**Күзге бас иеді.**

**Күз.** Ол бір ісің орынды.

Оңды деймін оныңды.

**Тын.** Самғап жүрген тынға

Жаңғақ теру қын ба?  
Күздің алып сыйларын,  
Қыстық азық жинадым.

**Құз.** Тағы да мол сыйларым,  
Таңдап жаңғақ жи, жаным!  
**Қошқар.** Арнаған ісін еліне,  
Алғыс мол шопан еріме!

Көрсетіп еді ел сенім,  
Көбейтті малдың жем-шөбін.

**Құз.** Еңбегінде береке:  
Ел шопаны ер екен!  
**Бәрі.** Қыстың қамын ойлаймыз,  
Күздің тойын тойлаймыз!  
(*Күздің шаттық күйіне бәрі билейді*).

**Құз.** Ау, достарым, тоқтандар!  
Шаттықта да тоқтам бар...  
Қысқа, қызық тойландар!  
Қыстың қамын ойландар!

**Бәрі.** Қатаң қысқа дайынбыз:  
Қарсы аламыз уайымсыз!  
**Құз.** Уақыт өнбес тірліксіз,

Бақыт келмес бірліксіз.  
Қыстай еңбек етіндер:

Қыстан аман өтіндер!

**Бәрі.** Қыста жылы үйіміз,

Қысылмаймыз – күйліміз!

**Құз.** Байлығымды жинадым,  
Барымды мен сыйладым.  
Қырмандарда тойландар:  
Қыстың қамын ойландар.

**Бәрі.**

Даламызда – береке:  
Қаламызда мереке,  
Жасады той халқымыз,  
Рахмет, алтын күз!

## **БЕЙБІТШІЛІК КҮНІ**

**Қатысушылар:** Бастауши, Әділет, Ваня, Дин Хуан, Ганс, Джон, өнерпаз балалар.

*Сахна бейбітшілік пен балаларды қорғау күніне арналып безендіріледі. Балалар сахнага топ-тобымен өз өнерлеріне лайықты орналасады.*

**Бастауши.** Ағайын-туған – бар адам  
Адалдық үшін жаралған.  
Бар елге қымбат туыстық,  
Баянды болсын тыныштық!

*«Бейбітшілк туы берік қолда» әні (авторы Евгений Брусиловский) хормен айтылады. Хор соңынан балалар кезек-кезек бір адам алға шығып, тақтақ айтады.*

**Ваня.** Ақ көңіл досшыл баламын,  
Ананың тілін аламын:  
Баулыды анам, мен болам  
Бауыры барлық адамның.  
**Әділет.** Әділет деген қазақпын,  
Әрқашан істе озатпын.  
Тым ыстық маған көрінер  
Тыныштық атты ғажап күн.

**Дин Хуан.** Вьетнамдық Хуанмын,  
Жауымды жеңіп, жуандым.

Жетімек едім өксіген, –  
Достарды тауып, қуандым!

**Ганс.** Бақыт тапқан Ганспын,  
Барлығыңмен таныспын.

Досым көп менің әлемде  
Хат жазып, хабар алыстым.

**Джон.** Қап-қара негр баламын –  
Қарашығымын ананың.

Бар бала маған дос екен!

Бақытты болып өссе екен!

**Бесеуі.** (*қосылып, қолдарын түйістіре*).

Бір – бірімізге серікпіз,

Бірлікке мәңгі берікпіз!

**Бесеуі орындарында тұрады.** *Өнерпаздар бірінен соң бірі алға шығып, тақпақ, ән айтады.*

**1-ер бала.** Ау, адамдар – даналар!

Соғысқа қарсы балалар!

Ядролық қаруды

Тыйындар «сынап» жаруды!

**1-қыз бала.** Елдерге қауіп төнбесін,

Егестен адам өлмесін!

Жойындар атом бомбасын

Жойқынды қырғын болмасын.

**2-ер бала.** Өртөнбесін туған жер,

Өркендесін туған ел!

Майқалмасын асқар бел,

Шайқалмасын шалқар көл.

**2-қыз бала.** Шайқалмасын шаңырақ,

Жай қалмасын қонырап.

Қайфы жасын ел төгіп,

Қайфырмасын аңырап.

**3-ер бала.** Аналар, қамкор әкелер,

Балаға бақыт әкелер!

Бөбектер аштан талмасын,

Тірідей жетім қалмасын!

**3-қыз бала.** Анасыз болған әманда,

Панасыз болған жаман да!

**Бала жыршы.** «Боз торғай» толғауын айтады (авторы Алтынбек Қоразбаев), бөбектің інгәлаған даусы естіледі.

**1-ер бала.** Өбектер ана күнім деп,

Бөбектер өссін күлімдеп.

Мақталсын бірлік құрыш, нық;

Сақталсын мәңгі тыныштық!

**1-қыз бала.** Жер жалғыз анамыз,  
Жетілткен панамыз;  
Біз оның тесінде  
Бірге өскен баламыз.

*Бәрі қосылып, «Бейбітшілік сақталады» деген хорды айтады. (авторы Әблахат Еспаев).*

**Хорды бастауши.** «Әлем сүйген салтымыз бар: Бейбітшілік – ел ұраны»...

**Бәрі.** (әннің қайырмасына қосылады):  
«Кел, достар, шырқайық әр елде,  
Бейбіт күн жасасын әлемде!»

**2-ер бала.** Қаруды сынау оқ ұшқан –  
«Қарымтан жаман соғыстан.  
Оқ біткен мұлде жойылсын:  
Соғысқа нүктө қойылсын!

**2-қыз бала.** Былғанып ауа, кеңіс, көк,  
Тумасын бала кеміс бол!

*Үш бала алдыға шығып «Арал толғауын» айтады...*

**Ер бала.** Алыптар бас қосса,  
Халықтар достасса,  
Женеді бар тұста:  
Жерде де, ғарышта!

**3-қыз бала.** Отан – қамқор ана бар,  
Оттан өткір ағалар,  
Әрқашан бізді қорғайды:  
Өсемдік өмір орнайды.

**1-ер бала.** Біреу – ақ күніміз!  
Бір біздің үніміз!  
Бір жерге иеміз –  
Бірлікті сүйеміз!

**1-қыз бала.** Көгереттін өнірді,  
Көркейтеттін өмірді  
Біз боламыз болашақ, –  
Бүлінбесін бала шақ!

**2-ер бала.** Адам дос – менің қимасым!

Адал дос теңін сыйласын!

**2-қыз бала.** Оңбасын күншіл қастандық!

Орнасын шыншыл бостандық!

**3-ер бала.** Бірдей біздің қанымыз,

Бірлікшіл жас жанымыз.

**Бәрі.** (қосылып). Ақпыз, қара, сарымыз –

Ағайынбыз бәріміз!

«*Ақ көгершиін*» әні айтылады (авторы Ахмет Жұбанов),  
оган бір топ қыздар билейді, бәрі әннің қайырмасына қосылады:

«Ел тілегін алып ұш

Адамзаттың бағына,

Қара бұлтты жарып ұш,

Самғай бер тағы, тағы да!»

**1-ер бала.** Бейбітшілік ұранымыз,

Достық, бірлік – жыр-әніміз.

Таңғажайып ұлы Отанда

Тату-тәтті тұрамыз біз!

**1-қыз бала.** Аман-сая болса аналар,

Бақытты барлық балалар.

**2-ер бала.** Анашым – менің жүргегім!

Жанашыр, қамқор, тірегім!

**2-қыз бала.** Бақыттым – анам білемін:

Анашым күлсө, күлемін!

**3-ер бала.** Аналар қабақ шытпасын,

Ағалар саптан шықпасын!

**3-қыз бала.** Бақытқа жетіп бар адам,

Балалар тыныш ұйықтасын!

«*Тыныштық*» (әні: И.Нұсінбековтікі) хоры айтылады,  
бәрі жасалаушаларын бұлғап, жігерлі шабытпен хордың қайырмасына қосылады.

Бейбіт күн – тыныштық!

Біз үшін тым ыстық,

Тыныштық тұтқасы –  
Ынтымақ, туыстық!

Жер ана – бағымыз  
Туыстық сәні – біз.  
Тыныштық әнін біз  
Шырқайық бәріміз.

Алапат болмасын  
Жаумасын қорғасын!  
Тыныштық сән құрып,  
Мәңгілік орнасын!

Нұр тұнсын қырымыз,  
Құлпырсын гүліміз.  
Жайқалсын бағымыз,  
Жайнасын күніміз.

## **АЙНАЛАЙЫН, АҚ МАМАМ**

*Аналар күніне арналған қойылымның мәтіні.*

**Қатысушылар:** бастаушы, Айгөлек, қыздар мен балалар.

*Аналар күніне, ерлікке, еңбекке аналар мен балалар бақытына лайықты құрылған безендіру.*

**Бастаушы. (шаттана күлімдеп):**  
Сендерден өсken балалар,  
Батырлар мен даналар,  
Құттықтаймыз мейраммен.  
Құрметті аналар!

Хор («Анатуралы жыыр» әні: Ш. Қалдаяқовтікі, сөзі: F. Қайырбековтікі).

«Әлемнің жарығын  
Сыйладың сен маған.  
Далаңың әр гүлін  
Жинаңың сен маған!»...

(Хор соңынан құттықтау тақпактар айтылады).

**1-бала.** Бәрімізге анасың, –  
Біз үшін күн боп жанасың,  
– Құтты болсын мейрамың  
Құттықтаймың, анашым!

**2-бала.** Аналарды сүйеміз,  
Сөзін ойға түйеміз!  
Әжени де ардақтап,  
Әдеппен бас иеміз.

(Bas uedi).

**Қыздар «Айгөлек» байін билейді, балалар «Айгөлек» әнін хормен айтады:**

Әннің мәтіні: Әлпештеген анамыз,  
Біз бақытты баламыз.  
Оқып, білім аламыз,  
Жұлдыз болып жанамыз,  
Өнерлі боп өсеміз,  
Өмір жолын шешеміз:  
Өсіріп ой-сананы,  
Куантамыз ананы!  
Айгөлек-ая, айгөлек,  
Айдың жүзі дөңгелек.  
Аналардың тойында  
Би билейміз дөңгелеп.

**3-бала.** Достықты біз ойлаймыз,  
Бірге күліп-ойнаймыз.  
Қыздарды да құттықтап,  
Мерекесін тойлаймын!

**Бастауши.** Әлпештеген баласын,  
Ана – бақыт, ана – күн,  
Әркім сүйіп, өзінің

Мақтан етер анасын

**1-қыз бала.** Ерлік, еңбек атқарған,

Еңбегімен мақталған,

Ел сенімін актаған,

Айналайын ақ мамам!

**4-ер бала.** Бізді өсіріп, баптаған,

Жақсы болсақ, шаттанған.

«Алтыным!» деп мақтаған,

Айналайын, ақ мамам!

**2-қыз бала.** Біз үшін тыным таппаған,

Айналайын, ақ мамам!

**3-ер бала.** Әр сөзінді жаттағам,

Жүргегімде сақтағам:

Анашым деп мақтанам,

Айналайын, ақ мамам!

(Барлығы да қол шапалақтайды).

**Бастауши.** (мейірлене):

Мақтаныңдар, аналар, –

Қыздардан батыр, дана бар.

Әлем сүйген батырлар –

Әлия, Мәншүк, Валялар!

**Айгөлек.** Ана – көркі көгімнің,

Ана – нұры жерімнің,

Ана – бағы баланың

Мақтанышы елімнің.

*Шаттық күйі. Қыздар «Гүлдер» биін билейді. Би соңынан бірнеше балалар өз аналары туралы мақтаныштарын айтады.*

**6-ер бала.** Менің мамам – өнерлі:

Би мен әннің шебері.

Еңбек еткен қыс-жазы:

Әжем – елдің ұстазы.

Одан жас та, кәрі де,

Оқып шыққан бәрі де!

**7-ер бала.** Өрлеп биік.

Күнді сүйіп,  
Айдап қран,  
Болған қыран,  
Салған қала –  
Біздің мама!

**3-қыз бала.** Жоғарыға сайлапты ел:

Менің мамам – қайраткер!

**Бәрі.** (қосылып).

Ана – мақтан, ана – жыр,  
Ана – бақыт, жанашыр!

*(Қыздар мен балалар «Ақ мамам» әнін айтады. Әні: Ә. Бейсекеуовтікі, сөзі: Ә.Дүйсембиеевтікі).*

**Бастаушы.** Қанаттанса балапан,  
Қалайынша ұшпайды:  
Әрбір қыз, әр балақан  
Мамасына ұқсайды.

Ойлы қызы халқының  
Отаным деп туады  
Бос жібермей әр күнін,  
Ана жолын қуады.

**Айгөлек.** Оқып, өсіп, толамыз:  
Бәріміз де анамыздай боламыз!

**4-қыз бала.** Мен мұғалім мамамның  
Өнегесін аламын.

Ертең мен де маманмын:  
Оқытушы боламын!

**5-қыз бала.** Мен де білім аламын,  
Жұлдыздарды шоламын,

Валентина апамдай  
Ер ғарышкөр боламын!

**6-қыз бала.** Менің атым – Элия,  
Атым елге жария,

Лайықты салтына,

Қызмет етем халқыма!

**7-қызыз бала.** Мен кәдімгі Мәншүкпін,

Ол туралы ән шықты!

Апам солай атапты,

Ақтаймын ол атақты.

**5-қызыз бала.** Ақын болам Шолпандай!

**2-қызыз бала.** Әнші болам бал таңдай,

Күйші болам Динадай!

**3-қызыз бала.** Ғалым болам

Нәйладай!

**Бастауши.** Пайдаланса уақытты,

Біздің қыздар бақытты!..

Арманға жетер балалар!

Аман болсын аналар!

**Бәрі.** (қосылып). Ана – біздің күніміз,

Ананың біз гүліміз.

Ұландарды қуантып,

Ұзак өмір сүріңіз!

Хор («Айналайын ақ мамам», әні: *И. Нұсінбековтікі*).

## **БІЛІМ КҮНІ**

*«Білім күніне» арналған мерекелік кештің әдеби-музыкалық қойылымы.*

**Қатысуышылар:** ұстаз, Білім, пәндер.

*Сахна білім күніне лайықталып, беzenдіріледі. Әрбір пән ретімен, өз әуенімен шыгады. Музыка. Сахнага ұстаз шыгады.*

**Ұстаз.** Құрметті шәкірттер, ардақты ұстаздар, қадірлі ата-аналар, сіздерді білім күні мерекесімен құттықтаймын! Білім күнінде оқу пәндері өнер көрсетеді.

Білім-ой мен арымыз,  
Рухани нәріміз.  
Әне, Білім келеді,  
Қол соғайық бәріміз.

*Басына кітап макетін тәжік етіп, Білім салтанатты түрде сахнага шыгады.*

**Білім.** Күн нұрындаі біліммін,  
Күнімін мол білімнің  
Құттықтаймын, достарым!  
Құтты болсын ұлы күн!

Білім аққан селдей-ді, –  
Бірақ оңай келмейді.  
Ала білсең, білім көп:  
Ақыл-ойга кендей-ді.

Менің терең мәндерім  
Мерейінде пәндердің:  
Мерекеде сөйлесін  
Мектептегі пәндерім.

Мәре болған білімге,  
Мән көп ана тілінде  
Сөз беремін алдымен  
Сөзшең ана тіліне!

*Өз ғуенімен Ана тілі билеп шыгады да, көрермендерді білім күнімен құттықтап өзі туралы ән айтады.*

**Ана тілі.** Сәлем, достар, аман ба?  
Аман бондар әманда.  
Ана тілін ардақтар  
Ата бабам, анам да

**Әндетіп:** Елдің атын сақтаған –  
Ана тілімін – мақтанам.  
Ұлы халық тілі деп  
Ұрпактары жаттаған.

Тілсіз ойың толмайды,  
Ойсыз білім болмайды.  
Ана тілін білмесен,  
Ақыл миға қонбайды.  
Адалдықтың жыр – әні,  
Адамдықтың құралы –  
Ана тілмін, сөзіммен  
Ана білім құрады.  
(Көрермендерге бас *uip*, қатарға тұрады).

**Білім.** Өнегелі, өзекті  
Өмір жайлы сөз етті:  
Әдебиет пәніне  
Берем енді кезекті.  
(Домбырамен әндетіп Әдебиет келеді).

**Әдебиет.** Амансыңдар ма, достарым,  
Ана тілім – дос жарым!  
«Менгерді кім тілін?» деп  
Мен де білім қосқанмын.

Адамға мол тәлімім:  
Ақыл – ойдың нәрімін!  
Әдең, тәртіп үйреткен  
Әдебиет пәнімін.

Естілердің арымын:  
Естілер мұң-сарыным.  
Әңгіме, жыр, роман...  
Әсері мол бәрінің.

Батырлық, жыр, ертегі  
Батыл қып, жан ертеді,  
Әр елдік бір шығарма  
Әлемдік сыр шертеді.

Мақал, мәтел, санамақ...  
Маңызын біл саралап.  
Оқысаң, көп білесің  
Ойлы әлемді аралап.  
Оу, шәкірттер – жалындар!  
Ойлы сөзде жалын бар:  
Ой мен білім менде көп,  
Оқып білім алыңдар.  
*(Bas iin, қатарга тұрады).*

**Білім.** Шексіз тарих тереңін  
Шежіреден көремін:  
Танытатын көнені  
Тарихқа сөз беремін!  
*(Қолына домбыра ұстап Тарих пәні келеді).*

**Тарих.** (әндетіп)  
Мен білемін әр елдің  
Шежірелік әлемін:  
Алып келдім тарихтың –  
«Алып елдің» сәлемін.

Өсті қоғам, өзгерді,  
Өзгергенін көз көрді.  
Кереметі күрестің  
Келешекке сөз берді.

Жаңалықтар тамаша  
Жатыр өсіп жараса.  
Ой бағады бар адам,  
Ойланады жаңаша!

Еңбек, достық, тыныштық  
Елге қосып ырыс – құт,  
Достасады халықтар,  
Достар сәні – туыстық!

Елдер өстіп тойынар:  
Ерегестік қойылар!  
Ару күткен күн туып,  
Қару біткен жойылар!  
**Білім.** Еңбек, білім мәнін де  
Есептейтін бәрін де  
Еселі сөз беремін,  
Есептердің пәніне.

*Музыка, Математика пәні сахнага маршпен маңгаздана  
басып шыгады.*

**Математика.** Сәлем шәкірт достарым!  
Сабағы боп жоспардың,  
Еңбек пәнін есептеп,  
Еліме көп қосқаным.

Асылы – мен білімнің;  
Амалыммен біліндім.  
Төрт амалды қолданған  
Төресімін ғылымның.

Есеп – істің әр қамы  
Есеппен ой артады:  
Еміншекті іске үндең,  
Еріншекті тартады.

Бересі мен аласы  
Белгілер көп, санаши:  
ЭАМ мен компьютер...

Есеп – оның анасы.  
Ақыл-ойга тетемін,  
Ақиқатқа жетемін,  
Есептесе дұрыстап,  
Елге қызмет етемін...  
*(Бас иіп, қатарға тұрады).*

**Білім.** Табиғаттың сәніне  
Таңғалтып мол әніне,  
Жақсы лебіз білдірсін  
Жаратылыс пәні де.  
*(Колына баян ұстап, Жаратылыс пәні әндеміп шығады).*

**Жаратылыс.** Сәлем жасқа, көріге!  
Сән қостындар әріме!  
Табиғаттың бөлшегі –  
Жамиғаттың бәрі де.

Жарқырап күн нұрланып,  
Жайнады тал бүр жарып,  
Байқалып тұр бар даму,  
Жайқалып гүл ырғалып.

Жан-жануар, құс балық...  
Бәрінде бар құштарлық  
Жаратылыс көркіне  
Жасалмасын дұшпандық!

Бақ көп, тоғай, ормандар...  
Бақ боп соған орнаңдар,  
Таңғажайып көркейсін,  
Табиғатты қорғаңдар!..  
*(Бас иіп, қатарға тұрады)*

**Білім.** Көркем тау, қыр, бәрін де  
Көрсеткен өз мәнінде,  
Жақсылап сөз беремін,  
Жаграфия пәніне!

*Музыка. Кеудесінде Жер шарының картасы салынған  
Жаграфия пәні үршықша үйірліп, билеп шыгады.*

**Жаграфия.** Армысындар, жараңдар!  
Айналаға қараңдар:  
Елім тыныш болмаса,  
Менің көңілім аландар.

Елдің бәрі – панамыз,  
Жердің шары – анамыз.  
Ол көркейсе, өркендеп,  
Ол өртенсе, жанамыз.

Таласпаңдар Жерге енді,  
Аластандар менменді.  
Адал, мығым достықты  
Адам бұғін менгерді.

Адам – дана, күшті де,  
Абыройы – ісінде.  
Аман болсын Жер ана,  
Адам толсын үстіне.

Ақ, сары бар, қара бар  
Алуан, пәк балалар  
Құшақтасып ойнасын,  
Қуансын өз аналар.

Өзен, бұлак, көлдерім,  
Өміршең боп елдерім,

Тамылжысын көркейіп,  
Тау мен дала белдерім...  
*(Бас иіп, қатарға тұрады).*

**Білім.** Өмір шамын жандырған,  
Әрісі – ток жаңғырған,  
Сөз алады физика!  
Ал тартылсын музыка!

*Музыка. Үсті-басын шамдармен жарқыратып, әр түрлі  
рацияллық ән шыгарып, ерекше қымыл жасап, Физика келеді.*

**Физика.** Механика – электр...  
Бар ғаламды демеп тұр:  
Ток халыққа құн болып,  
Тоқ жарыққа бөлеп тұр.

Ньютон мен Омдардың  
Заңдарын көп қолданым:  
Жетік білім алсандар,  
Жетер көкке қолдарың.

Атом күшін анықтап,  
Адам ісін парықтап,  
Еселенем еңбекпен:  
Өсе берем шарықтап.  
*(Бас иіп, қатарға тұрады).*

**Білім.** Элементі қыруар  
Ерекше мол сыры бар  
Химияға сөз берем:  
Қисындарын ұғындар!

*Музыка. Кеудесінде Менделеев кестесі түзілген Химия  
пәні сахнага маршпен шыгады.*

**Химия.** Сәлем, білгіш ағайын!  
Әлем сырын табайын  
Оқып білім алындар,  
Ойларыңа салайын.

Киімнің де, астың да,  
Металдың да, тастың да  
Менмін – тегін үреретер  
Ғылымдағы бас тұлға.

Өнірге у толмасын,  
Өсімдіктер солмасын!  
Коррозия жоқ болсын,  
Эрозия болмасын!

Оқты досқа атпаңдар!  
Отты босқа жақпаңдар!  
Тоздырмай бар әлемді,  
Толығымен сақтаңдар!  
(*Бас ип, қатарга тұрады*).

**Білім.** Әр алуан, салалы  
Әлем сурет салады:  
Сурет-сызу сабагы  
Пәндік кезек алады.

*Музыка. Кеудесінде сурет, сизу бейнеленген екі оқушы сахнага әндетіп, билеп шыгады.*

**Сурет, сизу.** Сәлем, шәкірт балалар!  
Сурет, сизу сала алар  
Оқушылар дарынды  
Ойлантамыз бәрінді!  
Бар дүние – әсемдік,

Барлығын да әсем қып  
Суретшімін жайнатар:  
Суретім нұр ойнатар.  
Ақиқатты – өмірді,  
Аспан мен гүл өнірді.  
Сурет, сызу өрнектеп,  
Сүйкімді етер: көр зерттеп.  
(Олар билеп барып, қатарға тұрады).

**Білім.** Қызыққа жұрт кенелді,  
Куанышқа бөленді:  
Шыныгудан бастаушы –  
Шынықтырғыш кел енді!

*Музыка. Шынықтырғыш спорт киімін киініп, гимнастикалық жаттығу жасап келеді.*

**Шынықтырушы.**  
Сәлем, достар, білімдар!  
Кәне, түзу тұрындар!  
Мәнді қымыл жасаймыз  
Маған назар бұрындар!

Демалындар: бір-екі!  
Демалындар біркелкі!  
Үш-төрт-бес! – деп, біз енді  
Бүгейік қос тізені!

Көтер ал да қолға гир,  
Көтер онға, солға бір!  
Терен дем ал: бір-екі-үш!  
Терен демал жүре түс!

Жаттығулар не түрлі –  
Жан саулықтың кепілі!  
(Бас ип қатарға тұрады).

**Білім.** Ердің құты, сәні де  
Елдің күй мен әнінде:  
Кезек берем ән-күйге –  
Музыканың пәніне!

*Музыка. Қолына музыкалық аспап ұстап «әнші» пән алдыға шыгады.*

**Музыка.** Сәлем, әнші халайық!  
Көне көпке лайық  
Әуезді де көңілді  
Әсем әнге салайық!  
(Ол хор бастайды. Бәрі хорга қосылады).

**Хор:** ОТАН – БІЗДІҢ АНАМЫЗ  
Отан – біздің анамыз,  
Отан сүйген баламыз  
Шалқып білім құнінде  
Шаттық әнге саламыз.

**Қайырмасы:**  
Гүлден Отан – анамыз!  
Біз – бағбаның боламыз!

Әрбір ісі – жыр аңыз,  
Әрекетшіл ұланбыз:  
Өнер, білім шыңына  
Әрлеп, биік шығамыз.  
Қайырмасы:  
Гүлден Отан – анамыз!  
Біз – бағбаның боламыз!

**Ұстаз:**  
Өнерпаздар – дарындар,  
Өнерге кезек алындар!

*Музыка. Сахнага өнерпаздар шығып, ұстаздың басқа-  
румен өнер көрсетеді.*

## **ТУҒАН КҮНДІ ТОЙЛАЙМЫЗ**

*Бірнеше баланың бір мезгілде туган күнін атап оту рәсімі.*

**Қатысушылар:** Бастауши, почташи, окушы балалар.

*Бөлме тойга лайықталып безендіріледі. Алдыңғы қатарға тойшыларға арнайы орын даярланады. Бастауши алдыға шығып, той бастайды.*

**Бастауши.** Ардақты достар! Бұгін біз бір топ жолдастарымыздың туған күнін тойлауға жиылыш отырмыз. Тойшылар орындарына келсін.

*Тойшылар алдыңғы орынга жайлансады. Сол кезде қуана дауыстап почташи келеді.*

**Почташи.** Алақай! Құрметті достар! Мен сіздерге үлкен қуаныш әкелдім. Қыдыр бабам тойшыларды туган күнімен құттықтап, жеделхат жіберіпті. Мен сол жеделхаттарды сендерге оқып берейін:

**1-хат.** Мінезі жарқын күн дер ем,

Мін дегенді білмеген,

Білімге құмар, талпынған

Жайрандаған жарқын жан.

... сезімді,

Құттықтаймын өзінді!

**2-хат.** Кіші қамын ойлаған,

Кісі жанын сыйлаған,

Өнері мен ісімен

Өзгелерге сыйлы адам –

..... жарқыным,

Бақытты болсын эр күнің!

**3-хат.** Кемелді білім іздеген,

Кемісін тездеп түзеген.

Жалқауға жақын қосылмай,

Жақсыдан достық үзбекен,

..... жарығым,  
Қарқындал өссін дарының!

**4-хат.** Аяулы ата-анасын  
Ардактаған баласың.  
Өзің тауып бақытты  
Өміріңнен аласың.

..... күн ассын!  
Тойың тойға ұлассын!  
**5-хат.** Ерте тұрып ерінбей,  
Жалқаулыққа берілмей,  
Еңбек еттің, шырагым,  
Еліміздің еріндей.

Құттықтап туған күніңмен,  
Құшамын.... күнім, мен!

**6-хат.** Зерделі де, зейінді,  
Зерек, кішіпейілді  
Білікті жан.....  
Білмейтін еш қеюді..

Жайнап жарқын нұр жүзің,  
Жасай бергін, жұлдызым!

**7-хат.** Қиқарлықты қоятын  
Тентектігін жоятын,  
Өнеге, үлгі алатын,  
Өзің жолға салатын,  
..... ой қуған,  
Құтты болсын той думан!

*Почташы жеделхаттарды иелеріне тапсырып, оларды  
құттықтайды. Рәсім күймен безенеді.*

**Почташы.** Өсті достар, мерейің  
Өстіп күнде көрейін!  
Сыйлы халық қуансын:  
Сыйлық алып келейін!

**Бастауши.** Құрметті достар, тойшылар қосылып туған күн туралы хор айтады, әсем әнге қосылындар.

**Хор. ТУҒАН КҮН**  
*(әні: Ы. Нұсінбаевтікі)*

Бүгін туған күніміз  
Қолда шоқ-шоқ гүліміз  
Көңіліміз көркейді,  
Көп ән-би мен жырымыз.  
Жасымызға жас қостық,  
Жақсы күнде бас қостық  
Арманы бір құрдастар  
Ағайын боп достастық.

Еркін құліп ойнаймыз,  
Ертеңді де ойлаймыз.  
Туыстықты қастерлеп,  
Туған күнді тойлаймыз.

**Бастауши.** Тойға келген достарым,  
Ойлай келген жоспарын  
Орындасын өнермен:  
Орындал ән мәнермен,  
Тақпақ айтсын жас құрбы:  
Мақтап айтсын жақсыны!

*Қолдарына ғул ұстап Тетебай мен Айгүл келеді. Олар ғул шоқтарын тойшыларға үйлестіре бастайды. Бір тойши «Ана туралы» ән айтады.*

**Анажан.**  
Ақ мамаңдан нұр алғам,  
Ақ сүтінен жаралғам,  
Күлімдеген көзіңнен  
Күн шуағы тараған,  
Анажан!

Аянбаган баладан,  
Айналайын анадан  
Ардактаймыз өзінді  
Аман болғын жан анам!  
Анажан!

**2-тойшы.** Біздерге бақыт әкелген  
Айбынды кім бар әкеден?  
Әкеге өлең арнаймыз,  
Аталар даңқын жырлаймыз.

*«Әке туралы» ән айтылады (әні: Шәмши Қалдаяқовтікі).  
Ерлік туралы тақпақтар айтылады, күй тартылады.  
Почташы келеді.*

**Почташы.** Ау, ұландар – жалындар,  
Сендерге мол сый бүгін  
Көптей көріп алындар  
Көпшіліктің сыйлығын!

*Почташы сыйлық үйлестіреді. Еді қол согып, тойшыларды құрметтейді.*

**5-тойшы.** Құшактасып ойнаған,  
Құрметтеп сыйлаған  
Құрбыларға рақмет!

**6-тойшы.** Құлімдеген атаға  
«Құнім» деген апаға,  
Әпкелерге құрмет!

**Бәрі.** Өсірген бізді гүлім деп,  
Оскелең елге құрмет!

**Бәрі қол согады. Той ән-бимен ұласады.**



## **«КІМ БОЛАМ»?**

ҚАТЫСУШЫЛАР. Бастауши – ұстаз, мамандар. Әділет – оқушы.

*Сахнага әр түрлі мамандықты бейнелейтін суреттер ілінген. «Мектеп вальсі» (музыкасы Э. Бейсеуовтікі) ойналады. Сахнага бастауши шыгады.*

**Бастауши.** Әрбір шәкірттің асқар арманы, алға қойған мақсаты бар. «Мен кім болам?» деп ойланып, мақсат қойып жүрген шәкірттердің ой-арманын бейнелейтін «мамандықтар» сөйлейді.

*(«Құрылышылар әні» (музыкасы И. Нұсінбаевтікі) тартылады. Сахнага әділет шығып, ол әрбір мамандық туралы айтып тұрады. Мамандар билеп шығып, тақпақ айтлы, соңынан өз орындарына тұрады).*

### **ӘДІЛЕТ.**

Куанып әр жанұя,  
Алды пәтер – кең ұя.  
Ол – ең іскер елдегі,  
Құрылышының еңбегі.

*(Құрылышы киімін киген екі оқушы билеп шығып, «Кім болам?» әнін айтады).*

### **1-құрылышы.**

Үлгілерге қараймын,  
Үй іргесін қалаймын.  
Өрнектерін оямын,  
Терезесін қоямын.

### **2-құрылышы.**

Терезеден күн күліп,  
Аулада гүл құлпырып.  
Шаттансын бар балалар,

Бақыт тапсын аналар.

**3-құрылышы.**

Үйге толып ырыс-құт,  
Үйлесіп түр тыныштық.  
Еңселі әр үйіміз,  
Елге тартқан сыйымыз.

**Үшеуі. (қосылып).**

Құрылышы – ізетті  
Құрметті – қызметі.

**Әділет.** Шаттандырып бар елді,  
Шарлаған кең әлемді  
Ғарышкерлер кемелді.  
Нағыз ерлер келеді.

(Екі ғарышкер маршпен шығады да, бәрі қол соғып оларды  
қарсы алады).

**1-ғарышкер.**

Тұңғиықты – ғарышты,  
Тұнып тұрган алысты,  
Орындалып арманы,  
Ғарышкерлер шарлады.

**2-ғарышкер.**

Көркіне Жер-ананың  
Ғарыш жақтан қарадым –  
Қуат алып Отаннан  
Марс жақтан қарадым.

**Екеуі. (қосылып).**

Әрі батыр ғалымбыз,  
Әлемге біз мәлімбіз.

**Әділет.**

Орны бөлек елдегі  
Шахтердің көп еңбегі:

Тау-тау болып үйілген  
Таушылардың кендері.

(Музыка. Екі оқушы шахтер болып киініп, «Шахтер» биін билейді. «Шахтермін» тақпагын кезектесіп айтады).

**1-шахтер.**

Машинамды қамдаймын.

Мен қазуга дап-дайын:

Қазам кенде темірлі,

Ағылтамын көмірді.

**2-шахтер.**

Өндіріп мол кенімді

Өркендетем елімді.

Өнді болат, өнді мыс,

Өсті біздің өндіріс.

**Екеі.** (қосылып).

Еңбегіміз тым қатты

Кендеріміз қымбатты!

**Әділет.**

Қызып күнде, кештерде

Домналық пештерде

Алып металлургтің

Алау оты өшкен бе?

(Музыка. Екі оқушы металлург болып киініп, «Металлургия» тақпагын кезектесіп айтады).

**1-металлург.**

Қорытқанмын құрышты,

Қорғасын мен мырышты,

От жалын боп, арнаймын

Отаныма ұлы істі.

**2-металлург.**

Кендер пеште балқыды,

Метал құйма қалқыды,

Күндей етіп жайнаттым  
Күміс, алтынды.

**Екеуі.** (*қосылып*).

Құрметтеген еліміз  
Еңбектің біз еріміз!

**Әділет.**

Ақ күрішті, ақ нанды,  
Аппақ алтын мактаны  
Егіншілер береді,  
Елдің олар мактаны!

(Музыка. Диқанши болып киінген екі бала «Егінишілер» бойын билейді. Биден соң «Диқан сөзі» деген тақпақты кезектесіп айтады).

**1-диқан.** Сан машина, комбайн  
Сайлап іске қамдаймын,  
Мерейлімін ісіммен,  
Мезгілден кеш қалмаймын.

**2-диқан.** Тракторды жүргізіп,  
Дала сәнін кіргізіп.

Өсіремін егінді,  
Еңбек маған көңілді.

**Екеуі.** (*қосылып*).  
Мақта, астық-егінім –  
Мақтанышы елімнің!

**Әділет.** Берген ет, май, киімді,  
Шопанға ел сүйінді.

Женімпаздар олар да  
Женіп жүрген киынды

(Музыка. Шопан болып киінген екі бала би билеп, ән айтады).

**1-шопан.** Егеменді Отанның  
Малын баққан шопанмын,  
Сыйлы менің әр ісім

Күйлі баққан отарым.

**2-шопан.** Қойым қоздап егізден,  
Қойшы құтты дегізген,  
Атақты мен малшымын  
Ақтылы қой ергізген.

**Әділет.** Елде сақтап амандық,  
Емдеп жүртты аман қып.  
Қуантады қашан да  
Құт дәрігер мамандық.

(Музыка. Дәрігер болып киңген екі бала сахнага шыгады.  
Бәрі қол соғып қарсы алады. Олар «Дәрігер сөйлейді» тақпагын  
кезектесіп айтады).

**1-дәрігер.** Денсаулығын баланың,  
Жансаулығын ананың,  
Қал жағдайын қарттың да  
Қамқорлыққа аламын.

**2-дәрігер.** Ел ісімді түсінді.  
Емдеп берем тісінді.  
Аялаймын жаныңды,  
Арттырамын күшінді.  
**Екеуі.** (қосылып). Қамқор, дертке араша,  
Дәрігерлік – тамаша!

**Әділет.** Іскер – ғалым инженер  
Менгереді мың өнер.  
Оның игі ісімен  
Отанымыз гүлденер.

(Музыка. Инженер болып киңген екі бала сахнага шыгады.  
«Инженер «тақпагын кезектесіп айтады»).

**1-инженер.**  
Өндіріске көптеген  
Өрісі мол ток берген.

ГРЭС, ГЭС-тер жұмысты  
Мен арқылы өткөрген.

**2-инженер.**

Инженермін шын іскер,  
Игерілер ұлы істер  
Ұқсан менен басталар  
Ұшу, жұзу, журістер.

**Екеуі. (қосылып).**

Құдіретін білген ел,  
Құт мамандық – инженер!

**Әділет.**

Оку – білім арнасы,  
Ұстаз – оның анасы.  
Дамытады ол адамның  
Ақыл-оыйн, санасын.

(Музыка. Сахнага ұстаз болып киінген бала шыгады. Оны бәрі қол соғып қарсы алады).

**Ұстаз.**

Терен өйлү ғалымды,  
Ақындарды жалынды,  
Баурадым мен біліммен,  
Алға бастап бәрінді.

Болса кімнің талабы,  
Өмірден жол табады.  
Мақсатына лайық  
Мамандығын алады.

(Бәрі көрермендерге бас иеді. «Кім болам?» әуеніне (вальске) билейді).

**Әділет.**

Әркімнің бар талабы:  
Әрбір кәсіп бағалы,  
Әрекетпен, біліммен  
Маман орнын табады.

## **БІЗ МЕКТЕПКЕ БАРАМЫЗ**

*Мектепке баратын балдыргандар тобының балалар бақшасымен қоштасу кешінің қойылымы.*

**Қатысушылар:** тәрбиеші, балдыргандар, ойыншықтар, Әліппе.

*Сахнада балдыргандар салтанат құрып тұрады. Сахна ашилғанда көңілді музыка ойналады. Бір шеттен тәрбиеші шығып, балаларға сүйсіне қарап, күлімдей сөз бастайды.*

**Тәрбиеші.** (*тебіренін*).

Айналайын балалар,  
Алдыда мектеп-ана бар!  
Өздеріңнен өседі  
Өнерлілер, даналар.

Өтті қызық көп күндер,  
Жеті жасқа жеттіндер!  
Барасындар мектепке  
Бір белестен өттіндер!

Өсті міне бойларың,  
Өсті ақыл, ойларың.  
Қуанышқа ортақпын,  
Құтты болсын тойларың!  
(*Бәрі ду қол шапалақтайды*).

**1-қыз бала.**

Ойыншықты жинаймыз,  
Бөбектерге сыйлаймыз  
(*Тәрбиешіге бас иin*).  
Өнер білім үйреткен,  
Өзінізді қимаймыз!

**1-ер бала.**

Мектепке ертең барамыз,  
Оқимыз, сауық құрамыз...

*(Тәрбиешіге күлімдөн).*

Қашық та болмас арамыз,  
Сіздерге келіп тұрамыз!

**2-ер бала.** (*тәрбиешіге бас иин*).

Баулып, баптап өсірдіңіз, –  
Балалық етсек, кешірдіңіз!

**2-қыз бала.** (*тәрбиешіге ізетпен*).

Ұмытпаймыз сөзіңізді,  
Ұмытпаймыз өзіңізді!

**Балдыргандар.** (*бір ауыздан, тәрбиешіге*).

Адам етіп баптаған.  
Ардақтан бізді мақтаған,

Анамыз, Сізге мың алғыс!  
*Бәрі тәрбиешіге бас иеді, бірнеше балдырган оған гүл ұсынады, әрі ду қол шапалақтайды.*

**Тәрбиеші.**

Айналайын гүлдерім,  
Ақ шуақты құндерім!  
Ерекше қызық тілдерің  
Естен кетпес үндерің!

Сендердікі болашақ,  
Өтер балғын бала шақ!  
Озат болып оқындар,  
Ойға білім тоқындар!

**Балдыргандар.** (*бәрі қосылып*).

Еске сізді сақтаймыз  
Еңбегіңізді ақтаймыз!

**3-қыз бала** (*тебіреніп*).

Бақша біздін панамыз,  
Мектеп – біздің анамыз!

**3-ер бала.**

Біз мектепке барамыз,  
Оқып білім аламыз!

*Сахнага ойыншиқтар «Шалқыма» биіне билеп шыгады,  
оларды барлығы қол согып қарсы алады, көңілдегі биден соң,  
әрі ойыншиқ алға шығып, өзі туралы тақпақ айтып, бал-  
дыргандарга құрмет көрсетеді.*

**1-ойыншиқ (Мысық).**

Мен – ойыншиқ мысықпын.  
Мейірлімін, пысықпын!  
Мектепте мені ойландар:  
«Мысық-тышқан» ойнаңдар!

**2-ойыншиқ (Күшік).**

Көзі шамдай күшікпін,  
Көп ойынға түсіппін!  
Сендермен енді қоштасам,  
Бөбектермен достасам!

**3-ойыншиқ (Ат).**

Аттарыңымын сәйгүлік,  
Жүрген жоқпын жай жүріп!  
Сендерге жігер қосқамын,  
Сая болыңдар достарым!

**4-ойыншиқ (Машина).**

Машинамын, көлікпін,  
Мамандарға көніктім!  
Үйренген соң білімді,  
Білесіндер «тілімді!»

**5-ойыншиқ (Зымыран).**

Зымыранмын, самғаймын!  
Мен сендерден қалмаймын!  
Менімен кім танысса,  
Сол үшады ғарышқа!

**Балдыргандар.** (*бәрі қосылып*).

Ойнағанбыз сендермен  
Ой алғанбыз сендерден!  
Ризамыз сол үшін!

*Сахнага Әліппе шыгады, бәрі ду қол шапалақтап, оны сал-  
танатпен қарсы алады, қарсы алу маршы тартылады.*

**Әліппе.** (*жайраңдай күлімдең*).

Сәлем гүлдей балғындар  
Бақшадан тәлім алдындар.  
Ер жеткен достар, ақылды,  
Енді мектеп шақырды!

Үлгеріндер әр іске:

Үйретемін әріпке.

Үйретемін білімге.

Кәне қалмай бірің де

Мектеп жаққа жүріндер!

**Балдыргандар.** (*бәрі қосылып*).

Әліппені сүйеміз,

Әдеппен бас иеміз!

**Бәрі Әліппеге бас иеді.**

**Тәрбиеші** (*Әліппеге*).

Окуга, ойга жан құмар,  
Оқысын сені балғындар!  
Қанықсын әрбір сөзіңе.  
Қамқоршы болғын өзің де.

**Әліппе.**

Әріптен ғылым басталған  
Окуды менмін бастаған.  
Ұстазын кімдер тыңдаса.  
Ұқыппен оқып, тынбаса.  
Сыныпта қалмай өтеді,  
Мақсатына жетеді.

**Балдыргандар.** (*бәрі қосылып*).

Мектепте жақсы оқимыз,  
Ойга білім тоқимыз!

**Ойыншиқтар.** (*«Шалқыма» биінің қайырмасын билей келіп, балдыргандардың алдына сәнмен тұра қалып, бас иеді*).

Бізді күтіп ойнаған,

Окуды да ойлаған

Достар, аман болындар!

Оқып, маман болындар!

**Ойыншиқтар балдыргандарга құрмет көрсетіп, қол согады.**

**Тәрбиеші.** (балдыргандарға).

Болашақ шәкірт балғындар,

ұстаздың тілін алындар!

Уәде, сертті құп алам.

Орындасандар қуанам!

**Ойыншиқтар.** (бас иін).

Пайдаланып уақытты,

Болыңыздар бақытты!

**Балдыргандар марштен басып.** «Қош бол, әсем бақшамыз!»  
деген хор айтады, хор мен маршты ойыншиқтар мен тәрби-  
еші қол согып сүйемелдейді!

**Хор** («Қош бол, әсем бақшамыз»).

Әсті біздің бойымыз,

Әсті біздің ойымыз.

Бақшамыздың төрінде

Қызық думан тойымыз!

Отан – қамқор анамыз,

Біз – болашақ панамыз!

Шаттық берген өмірде

Шам шырақтай жанамыз!

Біздер жеті жастамыз,

Сәбиліктен асқанбыз!

Мектеп бізді шақырды,

Қош бол, әсем бақшамыз!

**Куана құлшиның Әліппе бастаған балдыргандар марштен  
иығып бара жатады.**

**Тәрбиеші.** (тебіренін).

Қош, сүйікті балалар!

**Ойыншиқтар.** (бәрі қосылып).

Қош апалар, ағалар!

«Төрт», «бес» болсын бағалар!

## **ӘЛІППЕМЕН ҚОШТАСУ**

*Әліппемен қоштасу салтанатының қойылымы.*

**Қатысушылар:** Мұғалім, Әділет (озат окушы), Жалтай (жалқау окушы), Әліппе, Ана тілі, әріптер.

*Мектеп клубының сахнасы. Сахна ашилғанда, мұғалім сахнага шығып, окушыларды Әліппе тойымен құттықтайды.*

**Мұғалім.** (күлімдей, қуанышпен).

Өтті оку, сан сабак,  
Бүгін – үлкен салтанат!  
Окулықпен достассақ,  
Әліппеміз қоштаспақ!  
Ой-білімі жаңғырып,  
Әліппеден мәңгілік  
Әріптерді таныған,  
Өңкей білгіш балдырған,  
Өсті білім, бойларың:  
Құтты болсын тойларың!  
(Ду қол шапалақтау).

*Сахнага тез басып Әділет шыгады. Ол мұғалімге окушылар атынан рақмет айтады.*

**Әділет.** (шаттықпен).

Оқытты ұстаз анамыз,  
Өсті білім санамыз!  
Білгіш ер боп өсетін  
Біз бакытты баламыз!  
Бойымызда бұлан күш:  
Болашақты ұланбыз!  
Оку-білім үйреткен  
Ұстаздарға мың алғыс!  
(Мұғалімдерге бас иеді).

*Мұғалім риза болып Әділетті құшақтайды. Құттықтау*

*маршы ойналады.*

*Сахнага Әліппе мен Ана тілі шыгады. Жұрт ду қол шапалактап, оларды қарсы алады.*

**Мұғалім (қошаметпен).**

Жақсы достар, келіндер,

Тамашаны көріндер.

Төрімізде орын бар.

Құтты мейман болыңдар!

**Әліппе. (көпке қарап).**

Ау балалар, балалар,

Ұрпақтарға келесі.

Сыйлығы көп бересі...

Танысындар досыммен

Достасындар осымен.

Аттанғанда бүгін мен –

Ана тілін таныңдар,

Оқып, Ана тілінен

Ақыл, білім алыңдар!

**Ана тілі. (көрермендерге бас иin):**

Сәлем, достар, ой-салалы,

Әрбір сөзім ой салады.

Ғылым, тәлім, өнерім көп.

Достасқанға берерім көп!

**Әділет. (Ана тіліне):**

Сәлем, Ана тіліміз,

Сенсің асыл үніміз.

Ана тілін сүйеміз,

Ардақтап, бас иеміз!

*(Бәрі бас иеді).*

**Ана тілі. (куанышпен).**

Амансындар ма, ұландар –

Арман құған қырандар!

Сөз қадірін сактандар:

Сөздерімді жаттандар.

**Әділет. (серт беріn).**

Әр сөзінді жаттаймыз,  
Жүргегімізде сақтаймыз!

(*Бәрі қол соғып қуаттайды*).

**Әділет.** (*көпшілікке қарап, мәнерлей тақпақтан*):

«Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық!»

**Ана тілі.**

Рақмет жарқыным!  
Табысты болсын әр күнің!

**Мұғалім.**

Оу, Жалтай қайдада?

**Аптыға жүгіріп Жалтай келеді.**

**Жалтай.** (*аптыға, бас ие сәлем беріп*):

Сәлем, бәріңізге,  
Үлкен-кіші, кәріңізге!

**Мұғалім.**

Кешіктің сен Әліппенің тойына,  
Беріліпсің бос жұруге, ойынға,  
Әліппені оқып бітпей, салақсып,  
Әлі жүрсің, не бар сенің ойында?

**Жалтай.**

Әділеттің тілін алдым,  
Әріптерді біліп алдым!..

**Мұғалім.**

Әліппені оқып біттің бе?  
Әліппе тойын сен де күттің бе?

**Жалтай.** (*сипақтан*):

Соңғы беттерге жетпей...  
Нетіп... Нетпей!

**Ана тілі.** (*шошып*):

Мұнданай бала дос болмайды менімен,  
Қалсын мейлі қатарынан, теңінен!

**Жалтай.**

Бар шығар қабілетіміз,

Тоқтаңыз, сабыр етініз!  
Батыра айттыңыз сөзіңізді! –  
Танымай тұрмын өзіңізді!..

**Әділет.**

Бұл окулық – Ана тілің,  
Бұдан әркім алар білім!

**Мұғалім.**

Әліппені оқып бітпесең,  
Бұдан достық күтпе сен!

**Жалтай.**

Жалынып, өтінемін:  
Жалқаулыққа өкінемін,  
Әзірше әліппе кетпесін,  
Мен соңғы бетіне жеткесін...

**Ана тілі. (кеін)**:

Міне, бұл – Әліппені қинайды,  
Қайтіп бізді сыйлайды?  
Сырымды жасырмайын:  
Мен бұған  
Бетімді аштырмаймын!

**Әділет.**

Әрбір істің кезеңі бар, досым-ай,  
Үлгермесең өкінесің осылай!

**Әліппе.**

Уақыт тез: бөгелмейді, зырлайды,  
Жалқаулардың жайын күтіп тұрмайды.

**Ана тілі. (ашуланып)**:

Жалынса да мың есе,  
Жазу, оқу білмесе,  
Жалқаумен таныспаймын:  
Жақында май, алыста майын!  
(Жалтай жыламсырайды).

**Әділет. (Ана тіліне)**:

Жалтайдан тұңғылменеңіз,  
Кітапқа бірге үңілгенбіз.

**Жалтай.** (*жыламсырап*):

Енді... енді ерінбеймін,  
Жалқаулыққа берілмеймін!

**Мұғалім.**

Көркем оқу үйренбедің, кеш қалдың,  
Бұдан былай Әділетше «бес» алғын!

**Жалтай.** (*қуанып*):

Мақұл... оқиын,  
Ойыма бәрін тоқыын!

**Әділет.** (*құптап*):

Жалтайға сенеміз,  
Көмек береміз.

**Ана тілі.** (*сынап*):

Жазсын Жалтай адам атын, тау атын  
Сейлем оқып көрсетсін өз сауатын.  
(*Басқалары мақұлдаиды*).

**Жалтай тақтага «Жалтай» деген сөзді «Жалай», «Алтай» деген сөзді «Атай» деп кіші әріппен жазады.**

**Мұғалім.**

Оқы. Жалтай, не жаздың?

**Жалтай.**

Мынау – адам аты Жалтай.

Мынау – таудың аты Алтай.

(*Бәрі ду күледі. Жалтай да күледі*).

**Мұғалім.**

Қатең бар, байқа,

Оқышы қайта...

**Жалтай.** (*кулімдеп*):

Жалтай,

Алтай! Хи-хи-хи!

**Мұғалім.**

Әділет, Жалтайдың қатесін түзе...

(*Әділет Жалтайдың қателерін түзейді*).

**Жалтай.** (*желкесін қасып*):

Бұдан былай дұрыс жазам, ойлаймын,

Бұдан былай қателерді ондаймын!

### **Ана тілі.**

Серг бергенмен күнде сен,  
Тіл қадірін білмесең,  
Класта қалып, өкінерсің,  
Сонда жылап өкірерсің.

### **Жалтай. (*tīk tұра қалып*):**

Енді сертті орындаимын:  
Өзімді-өзім қор қылмаймын!

### **Ана тілі. (*күлімден*):**

Бар екен онда сенің есің.  
Әліппеден не білесің.

### **Жалтай.**

Сауатымды әріппен  
Ашқан алғаш Әліппем.  
Дыбыс, буын, сөз, сөйлем,  
Бәрін білдім танып мен!

### **Әліппе.**

Оның, дұрыс, окушым, –  
Оқуды нашар оқисың!  
Мына жұртқа жайыңды,  
Шын айт, болсаң пайымды.

### **Жалтай. (*күмілжін*):**

Рас, буын, оқысам,  
Әрқашан оқығанда мұдіремін,  
Бірақ маған сеніңіздер,  
Бірге тойлауга,  
Окуға, ойлауга,  
Рұқсат беріңіздер!

### **Мұғалім. (*көрермендерге*):**

Ау балалар, дәл осындей,  
Әділеттің досындей  
Жалқау да арамыза.  
Жалтайдың сөзіне нанамыз ба?  
Қатарға аламыз ба?

### **Әділет және басқалары. (*bір ауыздан*).**

Жалтайдың сертіне нанамыз,  
Қатарға аламыз!

**Мұғалім.** (*көрермендерге*):

Жалтайға бұл да қатты сын  
Серт берді тойға қатыссын!

*Бәрі де қол согып, мұғалімнің сөзін қуаттайды.*

**Әділет.**

Жалтай, қоштас ойынмен...

Құттықтайдын, тойыңмен!

*Ол Жалтайдың қолын алып, құттықтайды.*

**Мұғалім.** (*салтанатпен хабарлап*):

Әліппемен қоштасу тойы басталады,

«Әліппе тойын» Әділет басқарады.

*Сахнага би билеп әріптер шыгады. Сапқа тұрып, көрермендерге бас иеді. Оларды жүрт ду қол согып қарсы алады. Әділет Әліппе тойын бастайды. Мұғалім, Әліппе, Ана тілі жиынга қатысуышыларды қуаттап, олармен бірге жүріп, думандайды: ән мен биді, сөздерді мақұлдайды.*

**Әділет** (*куанышпен той бастап*):

Әліппенің тойында

Әркім құмар ойынға,

Әріптер сыр ашады,

Әсем биге басады!

*Әрбір әріп саптан билей алға шығып, өз мәнін айтады.*

«А» әрпі.

Мен білмеймін басқаны:

«А»-дан оқу басталды!

Ата, ана, ақыл, ар,

«А»-мен Айы, аспаны.

«Ә» әрпі.

Әкең, әжен, әлемің...

«Ә»-де әнді, әсем үн.

«Ә»-сіз аты аталмас

Әділіттің, Әсемнің.

**«Б»** әрпі.

Бала, бақыт, бал, бақша,  
Бақташы, бас, балдақ та  
«Б»-сыз атау болмайды:  
Барлаушы да, бармақ та!  
«Б» сендерден қалмақ па?

**«В»** әрпі.

Володя кім білесің:  
Владимир ұлы есім!  
«А» да сөзге қосады,  
Өзінің мол үлесін!

**«Г»** әрпі. (*гүлие иіліп*):

«Гүл» десен, гүлдеп жатырмын!  
«Гагарин» десен ғатырмын!  
«Гу»» деп «Г»-мен бөбек те  
Гүлдейді ақырын.

**«Ғ»** әрпі (*маңғаздана, белін таянып*):

Ғылым, ғалым, ғасырды  
«Ғ» білімге асырды:  
Ғазиз ғалым адамға  
Ғарышың да бас ұрды!  
**«Д»** әрпі.  
Дастарқанды, даланы,  
Данқы шыққан дананы  
«Д»-мен айтып, білген жүрт,  
Дауылпазды, даланы.

**«Е»** әрпі.

Еркелетіп ер, ерен.  
Еңбегімді елеген:  
Ерлік етсең, елінді  
Елжіретер «Е» деген!

**«Ж»** әрпі.

Жан, жақсылық, жаңалық,  
Жатыр «Ж»-дан таралып!  
Жария «Ж»-мен жаңалық!

**«З»** әрпі.

Зау-зау занғар, занғарлар  
Замандар бар, занғар бар:  
«З»-да барлық зандылық  
«Зан» да «З»-мен «Зан» болар!

**«И»** әрпі.

«И»-мен ине, имегің!

**«К»** әрпі.

«К»-сіз киім кимедің!

**«К»** әрпі.

Қырманды мен үйгенмін.

**«Т»** әрпі.

«Ти-ти» деді, тимедім.

**«Я»** әрпі (*ерекие айқайлан*):

Даурықпаңдар, әріптер!  
Бәрінді жұрт дәріптер:  
Мен «Я»-мын, соңғы әріп,  
Менен әрі барып көр!

**Мұғалім.** (*әріпптерге*):

Ау әріптер – достарым,  
Ақ ниетті қос бәрің!

**Әділет.**

Әріпсіз сөз болмайды.

**Жалтай.**

Буын онсыз толмайды.

### **Екеуі.**

Адам барлық әріпті  
Багалайды қолдайды!

*Бәрі қуана дұылдастып, қол согады.*

**Әріппер.** (*Әліппеге*).

Бізді ізгі ниетпен  
Шәкірттерге үйреткен  
Әліппе мен ұстазға  
Бас иеміз күрметпен!  
(*Бас иеді*).

**Әліппе.**

Алғаш рет өзімнен  
Білім алды балалар:  
Оқу сырын сөзімнен  
Біліп алды балалар.

Біліммен өскен санасы,  
Елжірейді жүргегі...  
Маған адам баласы  
Алғыс айтып жүреді!

### **Ана тілі.**

Балдырған балғын балалар  
Ақ басты ғалым даналар...  
Оқушың жас та, кәрі де  
Риза саған бәрі де!  
Басталған ғылым әріптен,  
Бас кітап сенсің, Әліппем!

**Бәрі.**

Бас кітап – сенсің Әліппе!

*Би күйі. Әріппер билей жөнеледі.*

**Әділет пен Жантай.** (*әріппердің би күйіне қол сога қосылыш*).  
Біз қараймыз сүйіне

Әріптердің биіне,  
Достар, билеп тамаша,  
Сөз құрандар жаңаша!

*Әріптер «Буын құрау», «Сөз құрау» ойынын көрсетіп би-  
лейді. Би соңында әріптер сап құрап тұра қалғанда, «Әліппе-  
ге рақмет!» деген сөз құралады. Жұрт ду қол согып әріптерге  
риза болады.*

**Әліппе.**

Ау, балалар, балалар,  
Ау, болашақ, даналар,  
Кәрі-жасқа ой сала,  
Үйрететін ой-сана  
Ана тілін сүйіңдер,  
Осыған бас иіндер!

*Бәрі Әліппенің сөзін қуаттап, Ана тіліне бас иіп, «Ана  
тілі» деген хор айтады.*

**Хор.**

Біз атандың ұлымыз,  
Біз – анандың гүліміз.  
Адамдыққа үйреткен  
Асыл Ана тіліміз.

Үйрететін сана, білім  
Ардақтаймыз Ана тілін!

Өмірдің тіл – шырағы,  
Өнер – ойдың бұлағы,  
Ана тілі – қадірлі,  
Халқымыздың жыр әні.  
Үйрететін сана, білім  
Ардақтаймыз Ана тілін!

Ақыл-ой да, білім де,  
Туган Ана тілінде.  
Ана тілсіз ұғылмас  
Ая, жер, су, күнің де!

Үйрететін сана, білім  
Ардақтаймыз Ана тілін!

**Ана тілі.** (*ризалықпен*).  
Рақмет, достарым,  
Бүгін ниет қосқан күн,  
Аямаймын сырымды:  
Баяндаймын ғылымды,  
Талаптыға бәрі бар...  
Менен оқып алындар!

*Қуаныш күйі тартылады. Әліппе оқушылармен тебірене қоштасады, оқушылар мен әріптегер оны ризалық салтанат салтымен шыгарып салады.*

**Әліппе** (*тебіренін*).  
Айналайын балғындар,  
Менен білім алдындар!  
Озат болып оқындар,  
Ойға білім тоқындар.  
Оқумен өсіп толындар,  
Аман-есен болындар!  
**Бәрі** (*қол бұлғап*).  
Қош бол, сүйікті Әліппеміз!  
Ана тілін дәріптейміз!



## **СҮЙІКТІ БІЗДІҢ ЭКЕЛЕР**

**Экелер күніне ариалған қойылым.**

**Қатысушылар:** Гүлмейрам, Ерден-ата, қыз балалар, ер балалар, Балдырған.

*Сахнада бастауышы, Гүлмейрам және оқушылар. «Әке тұралы жыры» әні айттылады.*

**Бастауышы** (*тебіреніп*). Балалар, бүгін экелер күні. Мереке құтты болсын! «Сүйікті біздің әкерлер» деген тақырыпта тақпақ айтып, ән шырқаймыз.

### **Гүлмейрам**

Көктем – мамыр айында,  
Әкелердің тойында,  
Өн сап, тақпақ айтамыз  
Ерліктері жайында.

### **1-қыз** (*кулімдең*).

Әкенің біз гүліміз:  
Әке – біздің құніміз –  
Ел қорғаган, ер әке,  
Құтты болсын мереке!

*1-қыз сарбазша киінген балаларға бас иеді, балалар сарбаздар биін билейді. Би соңынан бәрі қол согады. Әркім өз әкесі жайында мақтаныш сезімін білдіреді.*

### **2-қыз**

Әкелерді құрметпен  
Сүйеміз шын жүректен!  
Мен әкеммен бір жүріп,  
Ауламызыға гүл еккем!

### **3-қыз**

Менің папам мейірлі,

Білмейді бір кеюді.  
Жолдас әрі дос, қамқор.  
Жомарт, кішіпейілді!

### **1-бала**

Ер Жәкеміз еңбекші,  
Елдегі сол ең көпшіл.  
Ордендер мен медальдар  
Омырауын кернеп тұр!

### **2-бала**

Менің әкем күнбе-күн,  
Мемлекеттік міндеттін  
Ерлік іспен орындаپ,  
Елдің көрді күрметтін.

**Бір топ қыздар мен балалар** (*тебірене қосылып*).

Өсіреді сананы,  
Тура жолға салады.  
Әкелерге мың алғыс  
Әлпештеген баланы!

*Балалар «Теңізшілер биін» билейді, қыздар қол согып, биді сүйемелдейді. Би соңынан «Отан», «Солдат сәлемі!», «Жас қазақ марсельезиясы» т.б. әндер айтылады. Сахнага Ерден-ата шығады, балалар оны тік тұрып қарсы алады.*

**Балдырыған** (*қуанып*).  
Ұзақ жасап, көп көрген,  
Ұлы өмір өткерген.  
Ерден ата келеді,  
Ертегі айтып береді!

**Гүлмейрам**  
Ерден ата келіңіз,  
Ертек айтып беріңіз,  
Тақпақты біз айтайық,  
Тамашаны көріңіз!

**Ерден-ата** (*толғанып*).  
Айналайын балалар,  
Сендерге сұрақ берейін.

Ойлап жауап айтындар,  
Өссін менің мерейім:  
Халқын өзі басқарған,  
Күресте елін бастаған.  
Жаңа заман орнатқан  
Кім еді жауын сорлатқан?

### **Бір топ бала**

Олар – біздің бабалар,  
Отты батыр даналар!

### **Ерден ата (*тебірене*).**

Салып сансыз қаланы  
Көркейткен кім даланы?

### **Бір топ қызы**

Олар – біздің аталар!  
Аталар, мың жасандар!

### **Ерден-ата**

Дұшпанға соққы берген кім,  
Күрестерде женғен кім?

### **Бір топ бала**

Олар – батыр әкелер,  
Әкелер бақыт әкелер!

### **Ерден-ата**

Бақытынды орнаған,  
Батылдықпен қорғаган,  
Тұн ұйқысын төрт бөлген,  
Кім еді елге серт берген?

### **Бір топ қызы**

Олар батыр ағалар,  
Отан сүйген паналар!

### **Қыздар мен балалар**

(*қосылып*).

Әлпештеген баланы,  
Әке, ата-бабаны  
Әрқашан да сүйеміз,  
Ардақтап бас иеміз.

*Барлығы бас иеді, ду қол шапалақтайды.*

**Ерден-ата**

Әке – бізге тым ыстық,  
Ойлайтыны – тыныштық!  
Ойран соғыс болмасын,  
Тыныштық мәңгі орнасын!

**Гүлмейрам**

Өсіп бейбіт заманда  
Әркендейміз әманда:  
Әке сүйген ұланбыз –  
Әкелерге мың алғыс!

**Ерден-ата**

Әкеше өсіп, толындар!  
Фарышты да да шолындар!  
Еңбек етіп ерекше,  
Елдің ері болындар!  
Әмин!

*Ерлік туралы хор айтылады.*

## **ЭРҚАШАН КҮН СӨНБЕСІН**

*Бейбітшілік тақырыбына арналған әдеби музыкалық мономаж.*

**Қатысушылар:** Бастауши, Вания, Дин, Хуан Ганс, Досжан, өнершіл балалар мен қыздар.

*Сахнада бейбітшілік пен балаларды қоргауга арналған безендіру. Өнершілдер топ-тобымен өз өнерлеріне лайықты орналасқан.*

**Бастауши (тебіреніп).**

Ағайын туған бар адам  
Адамдық үшін жаралған.

Күлсін деп күнге қараган!  
Жарқырып тұрсын күніміз,  
Жайқала берсін гүліміз!  
Бар елге қымбат туыстық,  
Баянды болсын тыныштық!

*«Бейбітшілік туы берік қолда» хормен айтылады. Бәрі қызыл жасалаушаларын бұлгай көтеріп, орындарында тұрып маршақа басады. Хор соңынан Вания, Дин Хуан, Ганс, Джон кезек-кезек бір адым алға шығып, бейбітшілік туралы тақпақ айтады.*

**Вания (кулімдеп).**

Ақ көніл, досшыл баламын,  
Аппағы менмін ананың!  
Бейбітшіл әрбір досымның  
Ісіне мен де қосылдым!

**Дин Хуан (елжірен).**

Вьетнамдық Хуанмын,  
Жауымды жеңіп жуандым!  
Жетімек едім өксіген,  
Достарды тауып, қуандым!

**Ганс (кулім қазып).**

Бақытты жас Ганспын,  
Барлығыңмен таныспын!  
Сендерді, достар, сүйемін,  
Хат жазып, хабар алыстым!

**Досжан (кулімдеп).**

Қазақпын, қара баламын,  
Қарашығымын ананың  
Бостандық – достық талабым!  
Бар бала маған дос екен!  
Бақытты болып өссе екен!  
**Төртеуі (қосылып, қолдарын түйістіре).**  
Бір-бірімізге серікпіз,

Бірлікке мәңгі берікпіз!

*Тортегі орындарына тұрады. Өнершилдер бірінен соң бірі адым алға шығып, бейбітшілік туралы тақпақ айтады.*

**1-бала** (*тебіреніп*).

Ау, адамдар – даналар!

Соғысқа қарсы балалар,

Әркендей берсін қалалар,

Гүлдене берсін далалар!

Тыныштық керек ол үшін!

**1-қызы** (*оны құаттан*).

Елге қауіп төнбесін,

Егестен адам өлмесін!

Есен-аман болайық,

Енді соғыс келмесін!

**2-бала** (*шабыттана*).

Әртенбесін туған жер,

Әркендесін туған ел!

Майқалмасын асқар бел,

Шайқалмасын шалқар көл!

**2-қызы** (*шаттана тебіреніп*).

Біздің жер гүл-гүл жайнайды,

Балалар еркін ойнайды.

Өйткені Отан ұлы елім –

Бейбітшілік тірегі.

**Бәрі** (*қосылып*).

Бейбітшілік – ұранымыз,

Бейбітшілік – жыр, әніміз.

Таңғажайып ұлы Отанда.

Тату тәтті тұрамыз біз!

**Ән** (*«Бейбітшілік жыры»*).

«Әлем сүйген салтымыз бар:

Бейбітшілік ел ұраны»...

**Бәрі** (*әннің қайырмасына қосылады*).

«Кел, достар, шырқайық әр елде,

Бейбіт күн жасасын әлемде!»

**3-бала** (*ерекше қуаныштепең*).

Халықтар достасса,  
Қамкор боп дос досқа,  
Женеді әр тұста:  
Жерде де, ғарышта!

**3-қыз** (*шаттанып*).

Отан қамкор ана бар,  
Өжет, батыр агалар,  
Жаудан бізді қорғайды,  
Тиіскен жау сорлайды!

**4-бала** (*мақтанашибен*).

Агалар тыным таппайды,  
Тыныштықты сақтайды!  
Еліне жаулар тимесе,  
Ешкімге оғын атпайды!

*Тақпақ биге ұласады. «Ақ көгершін» бійн екі қызы немесе бірнеше оқушы орындаиды. Бишілер әдептен бас шіп, көрермендерге құрмет көрсетеді.*

**4-қыз** (*шаттанып*).

Бірдей ақ үніміз!  
Ұқсайды тіліміз!  
Бірлікті сүйеміз,  
Бір біздің күніміз!

**5-бала** (*масаттанашибен*).

Көгертетін өңірді,  
Көркейтетін өмірді,  
Еркін өссін ұландар!  
Сақ болындар, адамдар!

**5-қыз** (*масайран*).

Бірлікшілміз дос, бауыр,  
Бірлікке жоқ тосқауыл!

**Бәрі** (*қосылып*).

Ақпыз, қара, сарымыз, —

Ағайынбыз бәріміз!  
**Ән. «Ақ көгершін» әні айтылады. Бәрі бейбітшілік жалауын бұлғап, әннің қайырмасына қосылады.**

«Ел тілегін алып үш  
Адамзаттың бағына,  
Қара бұлтты жарып үш,  
Самғай бер тағы, тағы да!»

**Бастауышы (тебіренін).**

Бейбітшілік ұранымыз –  
Бейбіт елде тұрамыз біз.  
Жалындеймиз, еңбек етіп,  
Жаңа заман құрамыз біз!

**6-бала (мақтанышпен).**

Ертең өсіп, толамын,  
Ер ғарышкегі боламын!  
Жүрттың бәрін қуантып,  
Жұлдыздарға қонамын!

**Бәрі (тебірене қосылып).**

Атқарап әркім мол ісін, –  
Тыныштық керек ол үшін!

**6-қызы (толғанып).**

Ұшақтар бейбіт самғасын,  
Автобус жолдан қалмасын,  
Кемелер тоқтап тұрмасын,  
Пойыздар еркін зырласын!

**Бәрі (қосылып).**

Тыныштық керек ол үшін!

**7-бала (тебіренін).**

Ағалар саптан шықпасын,  
Аналар қабақ шытпасын!  
Бақытқа жетіп бар адам,  
Сәбилер тыныш ұйықтасын!  
**Бәрі (тебірене қосылып).**  
Сол үшін қымбат туыстық, –  
Бұзылмасын тыныштық!

**Хор (бәрі қосылып, «Әрқашан күн сөнбесін» хорын айтады). Бәрі жалалуашаларын бұлғап, орындарында марш басып, жігерлі шабытпен хордың қайырмасына қосылады.**

«Әрқашан күн сөнбесін,  
Аспаннан бұлт төнбесін!  
Қасымда болсын мамам,  
Болайын мен де аман!».

## **НАУРЫЗ – ТОЙ**

*Наурыз мерекесіне арналған қойылым.*

**Қатысушылар:**

Қызыр баба.

Жаңа жыл (атаулы жылдың пернебейнесімен шыгады).

Наурыз ай

Көктем қыз

Алдаркөсе

Тазша бала

Гүлдер

Ақ әже

Асқар ақын

Асан, Ажар (Оқушылар).

*Әсем ғуен, қуанышты той сазы. Тамылжыған табигат, таң руандап атып келеді. Сахнага Асқар ақын шыгады.*

**Асқар ақын**

Ау, аман ба, жарандар!

Алтын таңға қараңдар:

Ерте жайнап атты таң,

Естіліп тұр шаттық ән.

Жұрагатым қуаныш,

Рақатын тапты жан.

Наурызбен қол ұстасып,

Көктем қызбен достасып,

Қызметі оңында,  
Қызыр баба соңында  
Келе жатыр жылымыз:  
Мейрамдаймыз мұны біз.  
Жас балаша нұрланып,  
Келді жаңа күніміз.

Күннің жаңа нұры бар:  
Мұның ғажап сыры бар!  
Халық сүйген мейрам – бұл:  
Қарсы алайық, тұрындар!

*Бәрі орындарынан тұрып, ду қол шапалақтап, келе жатқан Қызыр бабаны, Қектем-қызы бен Наурыз айды, Жаңа жылды (Ұлуды) қарсы алады...*

**Қызыр баба**  
Ассаламуалайкум!  
Абзал ата-аналар!  
Айналайын, балалар!  
Жасыл әлем аман ба?  
Жаса жайлыш заманда.  
Жаңа жылмен келдім мен  
Бақыт тілеп ғаламға!

**Жаңа жыл**  
Жаңа жылмын жайнаған,  
Жаңарды тау, бай далам!  
Кемелденем, құттымын:  
Келді жаңа – құтты күн!

**Наурыз-ай**  
Әсем көктем айымын:  
Ән мен күйге бай үнім.  
Жаңа жылдық тойыма,  
Арналады байлығым.

**Қектем қызы**  
Жылдың Қектем қызымын  
Әкелдім Күн қызыын.  
Құдым Жерден сұықты:

Кырдан салқын бу ықты.  
Қол жайындар көктемге:  
Гүлден сыйлық көп менде.  
Әне гүлдер келеді  
Ән сап, билеп береді.  
**Шаттық биі.** *Салтанатпен әндете билеп гүлдер келеді.*  
**Олар айнала билеп, гүл шоқтарын қойып сахнадан отеді:**  
Көктемнің гүліміз:  
Көкке шалқыр үніміз.  
Біз – даланың нұрымыз,  
Куанышты жырымыз!

Гүлмен ғалам жайнады,  
Құстар қонып, сайрады:  
Гүлге толы даламыз,  
Еліміздің бай бағы.

### Қызыр баба

Арман тойы ананың,  
Куанышы ғаламның,  
Құрметті Жаңа жыл,  
Құтты болсын қадамың!  
Сені тойлап, қарсы алып,  
Бар әлемге жар салып,  
«Бейбітшілік тойы!» деп,  
Қол соғады барша жұрт.

*Көрермендер қол соғады. Жаңа жыл, Наурыз ай, Көктем қызы  
оларға бас иіп, ізет білдіреді, көңілді күй.*

### Көктем қызы

Ашық болса Күніміз,  
Ашылады нұрымыз:  
Бай, тұлғалы өнірде  
Айтылады жырымыз.  
Күн менен түн тенелді  
Гүлмен жерді жайнатып,  
Жыл құстарын сайратып,

Гүлдендірем мен енді.

### **Жаңа жыл**

Жаңа бақыт, жаңа нұр,  
Жаңа жылда жаңа жыр:  
Мерейлі боп тірлігі,  
Мереке боп бірлігі,  
Еңбекшіл ел – бақытты  
Тойласын бұл уақытты.  
Наурыз тойды басқарсын,  
Нағыз қызық басталсын!

### **Наурыз ай**

Ау, жарандар, келіндер!  
Той қызығын көріндер!

### **Дауыс**

Жайна лала күн!  
Жаса, жаңа күн!  
Наурыз оң болсын!  
Ақ мол болсын!

*Көктем күйі тартылады. Бір топ оқушылар және Ажар мен Асан шығып, Көктем, Наурыз, Жыл туралы тақпактарын айтады:*

1. Той әкелген ғаламға,  
Наурыз бен Жыл, аман ба?  
Көркем нұрлы, Көктем қыз,  
Бас иеміз, саған да.
2. Елжіреді көкте Құн,  
Ел гүлдентіп еккенің,  
Жаңаша жұрт тойлайды  
Жаңа жылдық көктемін.
3. Барлық ғалам жайнады,  
Бақта құстар сайрады:  
Көктем жырын жырлаймыз,  
Көніліміз жайдары.

### **Асан**

Жүргегін әр адамның

Куантады жаңа күн.  
Шаттанамын, мен-дағы  
Шаттық әнге саламын.

### *Ажар*

Тұн менен Күн теңелді:  
Тұнді Күнім женеді.  
Барлық Күндер біздерге  
Бақыт алып келеді.

*Көктем ғуендері айтылады. Көкпар күйі тартылады, екі оқушы «Көкпар» байін билейді. Нұргиса Тілендиевтің «Құстар» әні айтылады. Қасін иелері сахнага шығып, өз ма-мандықтарын дәріптейді:*

### *Малии*

Мен малшымын төрдегі,  
Төрт түлігім төлдеді:  
Иесімін бұл жыл да  
Зор байлықтың елдегі.

### *Егіни*

Егінші ел бегімін:  
Бітік шықты егінім.  
Арқаладым мол қылып  
Бар тамағын елімнің.

### *Жұмысши*

Өндірістік жұмысты  
Өндіреді жұмысшы:  
Тың мұралы қарқынмен  
Тындырамын мың істі.

### *Ғалым*

Мен – жаңашыл ғалыммын,  
Ғылымыммен мәліммін:  
Даналықпен жасаймын  
Жаңалықтың барлығын.

*Көңілді күй. Сахнада дамбырамен әндеміп Асқар ақын Наурыз тойын жырлайды.*

**Асқар ақын:**

(Жұртқа қаран).

Өнерпазды халқымыз,  
Той – рәсім салтымыз:  
Құтты болсын наурыз-той,  
Куанышты жалпымыз.

Мынау шаттық заманда  
Той думан көп әманда:  
Ән-жырымды толғаймын,  
Кезек келді маган да.

Қайтқан емес талайым:  
Той болсын деп толайым,  
Айтам шаттық жырымды,  
Айналайын ағайын!

**Қызыр баба:**

Аман болғын жарқыным!  
Көнілін көтер халқыңың!  
Қыздыр тойын қазақтың  
Көрсет көркін салтының.

**Асқар ақын**

Тойшыл, әнші халқым бар,  
Тойда түрлі салтым бар:  
Ел дәстүрі – арымыз:  
Қызыр баба – кәріміз...  
Тойбастарды бастаңыз,  
Ал тыңдайық, бәріміз!

**Қызыр баба**

(домбырамен шаттана, той бастайды):

Ұлы тойды бастайын,  
Той бастап ой тастайын!  
Күн, Ай туды жаңаша:  
Құлқі, шаттық тамаша!  
Зымырайды өмірім:

Зымыран-ды – көлігім!  
Данқым кетті тым алыс,  
Халқым, сенде қуаныш.  
Күткен қыстай сағына  
Тойда елдің бағына  
Тал егіндер, балалар!  
Уыз сауып аналар,  
Келін жайсын дастарқан:  
Елім тойсын – ас дарқан!  
Көпшілікке өнерін  
Көрсетсін жас өренім.  
Көкпар тарту, қыз куу...  
Көк майсада қызысын ду.  
Тамашаның түрі көп.  
Жаңаша күн – дүрілдет:  
Аймалаған аналар,  
Айналайын балалар,  
Өнерлі көп жарыста...  
Өнерінді карышта!

*Көңілді күй. Алдар көсе, Тазша бала келеді.*

**Екейі** (қосылып).

Аман ба тойшылар –  
Әманда ойшылдар!  
Өнерді ізденип,  
Бұл тойға біз келдік.

**Бәрі:**

Қош көрдік, ата қонақтар!

**Асқар ақын:**

Қонақкәде, ойын бар!  
Ойынға бір тойындар:  
Алдар айтсын кәдені  
Кәне құлақ қойындар!

**Алдар**

Уа – ааay!  
Алдармын мен – көсемін,

Айтар сөзге шешенмін!  
Алдап, сараң байлардың  
Айықтырғам «кеселін».

Енді бүгін тойлаймын.  
Елдің қамын ойлаймын.  
Шолжыңымды қойсам да,  
Қалжыңымды қоймаймын!

Тойға мен де иемін:  
Тамашаны сүйемін!  
Ақ көнілді достарым,  
Алдыңа бас иемін!

### **Бәрі**

Рахмет, Алдар көсе!

### **Асқар ақын**

Тойда өнер сынайық;  
Өнер жасқа лайық.  
Өлең айтқыш Тазшаның  
Өлең-жырын тындаібы.

### **Тазша (*домбырамен әндемін*):**

«Айтпаймын өлтірсөң де өтірікті!»  
Аттайын шыбын китті өлтіріпті!  
Өріңдер шыбын жоннан таспа тіліп,  
Көріңдер өжеттік пен өткірлікті.

Мен өзім айға мініп, Күнге бардым,  
Мінезім құбылындаі құнбағардың.  
Тұңілме, ағайындар, суайттықтан  
Тұбінде өтіріктен жұлде алармын!  
(*Көрермендерге бас иеді*).

### **Асқар ақын**

Қызыр баба – атамыз  
Елге дәру – батаңыз.  
Өсиет айтып беріңіз:

Бақ тапсын ел, көріңіз!  
**Қызыр баба**  
Бисмиллахи, рахмани рахим!  
Өнегемді тыңдаңдар,  
Өсиетті құндаңдар!  
Болып есті, саналы,  
Ардақтаңдар ананы!  
Тойсандар, тасып, бөспендер,  
Топастықты кешпендер,  
Ананың сүтін ақтаңдар,  
Арларыңды сақтаңдардар!  
Жалқаулық жаудан жаман-ды,  
Анқау қып бұзар наданды,  
Женіндер оны құреспен:  
Женіске жетер бірлескен.  
Кең пейіл, дарқан халқымыз,  
Кенейді дәстүр салтымыз:  
Дәстүрін елдің сыйландар!  
Дәстүрлі салтты тойландар!  
Болмасын тек жамандық,  
Тілейтінім – амандық!  
Наурыз тойы жылылық,  
Жылылықтың жылы – құт.  
Тынығындар мейрамдап,  
Шынығындар сайрандап!  
Орындалып ойларың,  
Тойға үлассын тойларың!  
Әмин!

**Бәрі**  
Әмин!  
(*Көл согады*).

**Асқар ақын**  
Ақыл, білім – жастарда,  
Сөз беремін жастарға:  
Ажар, Асан – өреннің,

Тыңдайық айтыс – өнерін!  
Ажар мен Асан ортага шығып, көрермендерге, бас иin, айтысты бастайды.

### **Асан**

Ажаржан, жасымыз бір, бойымыз да,  
Асқардан асар біздің ойымыз да.  
«Әсемнің әрін айтпа, тірлігін айт»,  
Әкелдің қандай шашу тойымызға?

### **Ажар**

Толмайды той шашумен, әріптесім,  
Толмайды тойханада нарық – шешім...  
Намысты жібермейді біздің мектеп,  
Табысты сенбекендер, барып көрсін.

### **Асан**

Наурызда өз аулаңа тал тікпедің,  
Еңбексіз тойлаймын деп, шалқып келдің:  
Анқаудай арсыл-гүрсіл сөз айтасың,  
Жалқаубай ағамызға тартып тегің.

### **Ажар**

Асанжан, қарасаңшы өз жайыңа:  
Басқадан үйреніпсің сөз дайындалап...  
Гүлдентті Наурыз қырды, гүл күтейік,  
Міндетін орындаңық тез пайымдал.

### **Асан**

Қол шешіп, білек түріп, кел екеуміз  
Еңбекке кірісейік, тел еkenбіз:  
Наурызда ауламызға тал тігейік,  
Тартады көп сый бізге мерекеміз...

### **Ажар**

Артады еңбек етсек берекеміз...

### **Екеуі**

Бірлікті мақсат етіп ұлы тойда,  
Тірлікті қыздырайық кел екеуміз!

*Олар қол алысып, домбырага ауыстырады, жүртқа бас iin, сахнадан шыгады, күй тартылады, сахнага бишілер шыгады.*

## **Асқар ақын**

Бишілер де өнер көп,  
Билейді биді мәнерлеп:  
Ақку келді, қаз келді,  
Жыл құстары мәз енді,  
«Аққулар» биін көріндер,  
Өнерге баға беріндер.

*«Аққулар» биі, кептерлер үшірылады.*

## **Асқар ақын**

Тойымызда қызды ду:  
Дәстүрлі би – «Қыз қуу!»

*Бір бала мен бір қызы «Қыз қуу» биін билейді. Ақ әженің әсем ауені естіледі. Ол наурыз көжеге жүртты шақыра келеді.*

## **Ақ әженің әуені**

Ау, аталар, аналар!  
Айналайын, балалар!  
Жеп-ішсін деп, тамсанып,  
Жеті түрлі дәм салып,  
Наурыз көже пісірдім:  
Тойға қазан түсірдім.  
Күйдым алтын табаққа,  
Құлшыныңдар тамаққа!  
Бал көжеден татыңдар,  
Бар қызыққа батыңдар!  
Көктем – Наурыз тойында,  
Құмар болып ойынға,  
Іске үлес қоспаған.  
Ішер бір-ақ тостаған.  
Енбекшілге талапты  
Қоямын қос табақты.  
Көжеге жас-кәрінді,  
Шақырамын бәрінді!

*Бәрі «Наурыз – шаттық әніміз» деген хорды (әні: Т. Таїбековтікі) айтады.*

## **Хор**

Наурыз тойы – береке,  
Наурыз тойы – жыр, аңыз.  
Қызып дулы мереке,  
Қызық думан құрамыз!

Күн әкелген Жыл – керім:  
Күллі әлем жайдары.  
Желкілдетіп гүлдерін,  
Жер-анамыз жайнады.

Наурыз – шаттық әніміз,  
Наурыз – сәтті сәніміз:  
Ән салып жас-кәріміз,  
Би билейміз бәріміз.



## **ЭР БЕЛГІНІң ОРНЫ БАР**

*Тіл-әдебиет пәннің тақырыптық кешіне арналған сценка.*

*Оқига ана тілінің ауылында отеді.*

Қатысушылар: ана тілі мен тыныс белгілері.

*Ана тілі бөлмесінде тыныс белгілер дабырласып, әр қайсысы өз артықшылығын айтып, пікір таластыруда.*

*Музика. Ана тілі келеді. Бәрі оны құрметтеп, қарсы алады: қол қусырып бас иеді.*

### **Ана тілі**

Саумысындар, белгілер!

Салыспаңдар ел күлер.

Таласпаңдар осынша,

Жарассаңдар досымша,

Өздеріңмен келісем,

Өз ойымды бөлісем.

Тыныс мықты орнайды:

Тыныштықты қолдайды.

Айтыс бастап айтындар.

Ақын, әнші, қайсың бар?

Сынагасын, өнердің

Шын бағасын берермін.

*Тыныс белгілері дәстүрлі айтыс жырын бастап, бәрі де айтысының соңғы екі тармагын әнге қосады, ол ән музикамен сүйемелденеді.*

### **Үтір**

Ақау! Сөзден қашпайын:

Айтыс өлең бастайын!

Абыржымай түк те мен,

Айтысамын нүктемен:

Айтшы нүктө әнінді,

Аңгарайын халінді.

Үтірді сен түсін де  
Үңіл байқап ісіне.  
Қойыламын жаңа айша,  
Жойыламын қалайша?!  
Айтсам ойды бұкпей мен  
Амалым көп нүктеден!

### **Нұкте**

Ау, үтіржан айтарым:  
Ауқымынды байқағын!  
Сенің қандай сәнің бар?  
Сенетін не мәнің бар?  
Сөкпе! Менде бар үлгі,  
Төкпе, досым, арымды.  
Сөздер тапса жарасым,  
Сөйлемдердің арасын  
Айқындастын нүктемін:  
Ағаңда жоқ түк те мін!

### **Үтір**

Сені, нұкте, сөкпеймін,  
Сенім артам, – көппеймін!  
Тынысыма келіссен,  
Ығыстырма мені сен...  
Сөздің мәнін, ыргағын  
Сөзден бөліп тұрамын.  
Мүшелерді бірынғай  
Мүше жасап тұрмын ғой!

### **Нұкте**

Қалқам, менен аспайсың,  
Қарауымнан қашпайсың.  
Мені қанша күт мейлі,  
Менсіз сөйлем бітпейді.  
Мен сияқты бірақ та  
Мекен бар ма сұрақта?  
**Сұрау белгісі**  
Ау, нүктежан, абайла!

Ауқымдымын қалай да.  
Окушыдан сұрағын  
Орным айқын, тұрағым.  
Жаңылысса бір адам,  
Жаным ашып тұрамын:  
Айқын сұрақ күрадым,  
Айтсын жауап, сұрадым.  
Бәрімізден ең кіші  
Бәсек «нұкте» белгісің.  
Менменсініп, тартыстың  
Менен қалай артықсың?

### **Нұкте**

Білем, сұрау, жайынды:  
Білімді де, пайымды  
Адам терең ойлайды,  
Артық сұрақ қоймайды.  
Ал сен ылғи сұрайтын  
Аңғалдарға ұнайсың.  
Мен әрқашан жайлымын,  
Мекеніме сайлымын!  
Көркем сөйлем біткенін  
Көрсететін нұктемін.

### **Сұрау белгісі**

Ойлағанда әр адам  
Ойдан сұрақ тараған.  
Сұрамаган білмейді:  
Сұрау «бәрін біл» дейді.  
Біздер қайта тынышпыз:  
Білімқұмар тыныспыз.  
Лепті, даңғой, шенқұмар,  
Лепіргіш те белгі бар.

### **Леп белгісі**

Әй, сұраудың белгісі,  
Әсерлі де, ең күшті  
Мен емес пе ойласаң?!

«Мен»-ді биік қоймасам,  
Жоямын гой мәнімді,  
Қоямын ғой әнімді,  
Лепті десен, лептімін!  
Лепті менің екпінім!

### **Сұрау белгісі**

Леп белгісі, досым-ау!  
Лептілігің осы ма?  
Құбылғыш-ақ айбының:  
Қуаныш пен қайғының  
Одағайдың жанысың...  
Оңғақ мәнің, мәнісің!  
Ардақтап ел намысын  
Айт ұрандап табысын.  
Құры босқа көкіме,  
Құргақ сөзге бекіме.

### **Леп белгісі**

Бәріңнен де лептімін,  
Бәсен өмес екпінім!  
Қашан сенше тек түрдым?  
Қадірім бар, тектімін!  
Айғай салып түрмасам,  
Адам көңілін бүрмасам,  
Ұранда мән бола ма?  
Ұлы сөз боп оңа ма?  
Сөзінде бар өр өкпін  
Сөйлемдерге керекпін!

### **Сұрау белгісі**

Соқпа, желдей еспегін.  
Сотқар мен қу бөспенің  
Сөзін қолдап анайы,  
Сөкеттеген талайды  
Екпіндегі, алдайсың  
Екіленсең, қандайсың?

### **Леп белгісі**

Асыл сөзге бейіммін:  
Адамдардың зейінін  
Аударамын сөйлемге,  
Айқын, ашық сөйлеуге.  
Үйрететін мәнім бар,  
Үйлесетін әнім бар!

### **Сұрау белгісі**

Бойында күш қайнаған,  
Ойында – іс, ойлаған.  
Демесе де пайдалан,  
Дефисті сен сайлаған.  
Ой қозғадың сен тұрып:  
Деміктірдің дефисті,  
Дефисіңен не тұсті?

### **Дефис**

Әй, корлама! Лепті мен  
Әйгілеймін: еп білем!  
Тұқырдым деп, басынба!  
Тұрам кейде қасында.  
Сын айтсаң айт, сзыққа  
Сызықшадай бұзыққа.  
Үтір мен бұл расында  
Леп пен сұрау қасына,  
«Деді» сөзін тіркейді,  
Демігуін бүркейді.

### **Сызықша**

Әй, дефисжан, қарагым!  
Әліце бір қарағын.  
Менің жартым болсаң да  
Менсінбейсің соншама!  
Менің де өз әлім бар...  
Сенің қанай мәнің бар?  
«Өлесің» деп, қорықпа,  
Өзге мәнге жорытпа.  
Менің де өз мәнім бар,

Менен ғибрат алыңдар:  
Баяндауыш, бастауыш,  
Бастауышта – бас дауыс...  
Тең мәнді сөз жанасар  
Тенәдік үшін таласар.  
Олар шықса ойымнан  
Ортасына қойылам.  
Кейде мәнмен басқа да  
Келіп кірем жақшага.

### **Дефис**

Онда жақша бұзық қой:  
Ортасынан сызып қой!

### **Жақша**

Әй, белгілер, бөспендер,  
Әңгілікке көшпендер!  
Мәндеріне осынша  
Мән беремін қосымша.  
Ұғымдарын басқаның  
Ұғындырар жақшамын.

### **Тырнақша**

Ойхой! Жақша мақтанба!  
Ол да саған мақтан ба?  
Тыныш! Досым, бүліндің  
Тырнақшага іліндің.  
Тура сөз, не кекесін...  
Тұрам беріп төтесін.  
Мағынам көп те тым  
Маған қайсың жетесің?

### **Ана тілі**

Белгі тауып тынысты  
Белгілесе дұрыс-ты.  
Айқынсыңдар белгілер,  
Сөз қадірін ел білер:  
Қос нүктө мен көп нүктө...  
Қосар мәні көп тіптен.  
Өршіл леп пен тырнақша,

Өз орнында тұр жақша!  
Талай істі бітірген  
Тарықпандар үтірге.  
Ойлы сөйлем біткен соң  
Орнында тұр, нұктеде, сен.  
Ауыстырған адам тек  
Айыпталар «надан» деп.

### **Тыныс белгілері**

(«Айғөлек» әнімен).

Ақ сәулесі сананың,  
Ақылшысы адамның,  
Ана тілі ардақты  
Ақ сүтіндей ананың.  
Аскактаған үніміз,  
Айтатын ән, жырымыз,  
Алтын күндей нұрымыз,  
Асыл ана тіліміз!

### **Қайырмасы:**

Айғөлек-ау, айғөлек!  
Айдың жузі дәңгелек!  
Ана тілде жөн бөлек,  
Ардақтаймыз төрле деп,  
Анамызды ортаға ап,  
Би билейміз дәңгелеп.

Окушылар, ойландар,  
Ойсыз белгі қоймандар!  
Әр белгінің өзінде,  
Әуені бар сөздің де.

Сөз бер сөйлем соңында,  
Солында не оңында  
Әділ белгі орнығар:  
Әр нәрсенің орны бар!

### **Қайырмасы.**

## **ЕРЛІК – ЕЛ МҰРАТЫ**

*Тақырыптық кешке арналған әдеби қойылым.*

*Сахна төріне Абылай хан, Бөгөнбай батыр, Қабанбай батыр, Наурызбай батыр, Райымбек батыр, Сыпатай батыр, Исарай батыр, Бауыржсан батырдың портреттері ілінеді, гимарат іші тарихи ерліктерге лайықталып безендіріледі.*

**Тарихшы.** (Тарихшы мен жыршы сөзіне сәйкес кинокадрлар көрсетіледі). Қазақ елі – сонау Алтайдан Пиренейге дейін билік еткен ер Еділ батырдың елі. Қазақ елі – асқан батырлығымен, ақыл-парасаттылығымен Египет еліне билік жүргізген Бейбарыстың, Үндіні билеген Бабырдың елі.

**Жыршы.** Қазақ жері – қонақжай төрдің жері,

Қазақ елі – Қас сақтай ердің елі.

Елі кедей болмаған – жері байтақ,

Еділ ердей, Бабырдай шерлер елі.

Азат бүгін байлыққа тұнған жерім,

Азап жүгін, ел жауын қуған ері.

Әділет пен бірлікке жанын қызып,

Әділ өткен билердің туған жері.

Қазақ жері көп шеккен қасіретті,

Қазақ ері – өнерлі, өсиетті,

Египетті билеген Бейбарыстың

Елі – текті, киелі, қасиетті.

Қорлаған жау – басқыншы, халыққа мұн,

Қорғаған ер – ойлаушы халық қамын.

Қобыланды, Ер Тарғын, Алпамыстар...

Қорғап қалды ел бағын алыптарым!

**Тарихшы.** 1793 жыл. Ел жайлауға көшіп жатқан кез. Алтайдан Атырауға дейін тыныштық орнатқан қазақ елі.

Қаннен-каперсіз, шат-шадыман жаз жайлау қызығын көргө уағыз болғанда, Жонғар қалмақтары тұтқылдан шабуыл жасап, қазақ халқын қан жылатты. Дүрліккен ел шұбыра қашып, табаны езіліп, шұбырынды халық ақ табан болды. Аңдыздаған жұрт Алқа көлге аялдап, қасиетті Қаратаяға бас сауғалады.

*(Зарлы әуен. «Елім-ай» хоры айтылады).*

**Зар:** Қаратаяудың басынан көш келеді,

Кешкен сайын бір тайлақ бос келеді.

Қарындастан айырылған қын екен,

Қара көзден мөлтілдең жас келеді.

**Тарихшы.** Қаратаяудың баурайында қалың қазақ бас қосты. Елдің елдігін, ерлігін соңғы рет сынайтын құн туды. Жауға соққы беріп, жалпы жұртты аман алып қалу үшін, данышпан ата Төле би батырларды батылдыққа, елді бірлікке шақырды.

**Жыршы.** «Даудан қашық жүріндер, дүрлікпе тек!

Жаудан қашып, қор болып үрікпе» – деп,

Біріктірді қазақты Төле би:

«Бақыт, жеңіс, азат құн – бірлікте!» – деп.

**Тарихшы.** «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді! «Тұрған жерін тұрактаған тұғыры берік ел едік, іргемізді ірітпей, бір жеңін қол шығарып, бір жағадан бас шығарып, атам қазақтың абыройын сақтайық», – деді Төле бабамыз. Кіші жұзден кісілігін танытқан Әйтеке би, орта жұздің ордасын тіккен Қазыбек би ұлы жұздің ақсақал биінің билігіне бас иіп, елді біріктірді. «Жұзге бөлінгеннің жүзі күйсін», – деді олар. Кең пейілді, бауырмал халық бір тудын астында «Сабалак батыр» аталған Абылайды хан көтерді.

**Жыршы.** «Абылайлап», Сабалак қол бастады,

Абылай хан аталып, ел басқарды.

Ерлігінен хандардың басталады

Егемендік, елдіктің сел бастауы.

*(Бұхар жыраудың Абылай хан туралы жырларынан үзінді жырланады).*

**Тарихшы.** «Ат ауыздығымен су ішкен, ер етігімен су кешкен» заман болды. Қалың елді қара керек Қабанбай, қанжығалы

Бөгенбай, шапырашты Наурызбай батырлар бастап, азулы жауды Аңырақайда аңыратып женді, Райымбек сияқты киелі батырлар кейін шапқан кесепат жауды қасиетті қазақ жерінен біржола күшп тастады.

**Жырши.** Ер елінің Қабанбай тірегі боп,  
Өренінің мактаны, жігері боп.  
Ерлік сапта жүр мәңгі өзі бастап,  
Әр үрпаққа күш берер жүргегі – от.

Етсе егес Бөгенбай дана батыр,  
Жауларына орнатқан «заманақыр».  
Айбары боп елдіктің – ердің ісі,  
Айғағы боп ерліктің дала жатыр

Райымбек әулие – қасиеттім,  
«Құдайым!» деп жаулары бас иетін.  
Балалары батыр боп орындайды  
Бабалардың өнеге-өситетін.

*(Батырлық жырлардан үзінділер айтылады).*

**Тарихши.** Қаралы қалмақ қырғынынан соң, ес жиган елді есептегетken, ердің намысын өртеген тағы бір оқиға – Қоқан хандығының жүгендіздігі болды. Халық батырлары ел намысын қорғады. Елім деп туған ер Сыпатай халық бірлігін қорғап, достық туын көтерді.

**Жырши.** «Мықтыймын» деп қоймаган қоқандауын,  
Ықтырды көп Сыпатай Қоқан ханын.  
Ойран етті инетін басқыншының,  
Ойлап етті бірлікті – Отан қамын.

**Тарихши.** XVIII-XIX ғасыр. Қазақ билері мен хандары иек артып, көмек күткен орыс патшалығы бірті-бірте өз мақсатын орындац, қазақ жерін отарлап, қазақ елін аздыра бастады. Ел ішіне іріткі салып, зымияндық саясатпен ел бірлігіне, ұлттық қасиеттімізге, тіліміз бен дінімізге, кеңдігіміз бен елдігімізге

кесір келтірді. Оған қазақ шаруалары ызаланып, кек көтерді. Исадай мен Махамбет бастаған ел көтерілісі, сәтсіз болса да, ер намысының айғагы еді.

(*Құрмангазының «Кішкентай» күйі тартылады, ортаға жырыши шығады*).

**Жыршы.** Орнатам деп, Исадай бостандықты,

Ордадан – кек, құптауды достан күтті.

Жаңғырған мұн – шаруа күресінен

Жәнгір хан мен ақ патша жасқаныпты.

(*Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай»,*

*Мен, мен, мен едім*», т.б. жырлары айттылады).

**Тарихшы.** 1941-45 жылдар. Адамзат тарихында болмаған алапат соғыста бірлік, достық жолында жан қиған қазақ батырлары фашизмнен бүкіл адамзаттық азаттықты қорғап, ерекше ерлік көрсетті. Жүзге тарта қазақ қаһармандарына Кеңес Одағының Батыры деген абырайлы атақ берілді. Батырлықты батырлардың батыры Бауыржан Момышұлы бастады.

(«*Жас қазақ*» әннің әсерінде жырышиның жыры естіледі. Төлегенниң бейнесі көрсетіледі).

**Жыршы.** Тоқтаровтай батырлар неткен жалын!

Оқтан ықпай, елім деп төккен қанын.

Батырларым жалынын жалаулатып,

Жатыр мәңгі аялап еккен бағын.

Бауыржандар Мәскеуді қорғап қалған,

Бауырмалдар жауға елді қорлатпаған.

Жатыр бүтін жалын боп алыптарым,

Батырлығы бағым боп орнап қалған.

Қорған болған елінің елдігіне,

Батырлардың бас идік ерлігіне!

Ұрпактары қаһарман бабалардың

Тәуелсіздік қамалын көрді міне!

**Тарихшы.** 1986 жыл. Желтоқсанда отты оқиға болды. Елдің егемендігін аңсаған жастар алаңға шықты. Желтоқсан желі

дауылға айналды. Өрттей қуалаған өжет жастар ұлттық намыс құдіретін әлемге паш етті.

**Жыршы.** «Қазақ елі хан сайлар зор данасын,  
Ғажап елді келімсек қорламасын!»  
Деп, Қайраты көтерді намыс туын,  
Кек қайнатты өрт толып Орда басын.  
(«Желтоқсан желі» әні айттылады).

*Желтоқсан оқиғасына байланысты кинокадрлар көрсетіледі).*

**Тарихшы.** 1991 жылы қазақ халқының тұнғыш ғарышкери Тоқтар Әубекіров ғарышта ерлік көрсетті.

**Жыршы.** Келді, міне, ерлікті бағалар күн,  
Аруағы қолдады бабалардың.  
Гарыш шарлап оралды Тоқтар батыр,  
Мұратыңа ие бол, бабаларым!

*(Шаттық күйі. Ту ұстаушылар әуен әуесерінде Республика туын сахна төріне алып шығады. Жұрт орындарынан тұрып, ту астында еліміздің елұранын айтады).*



## **ТЫНЫШТАҚ**

(хор)

Жер-ананы мекендерген бар адам  
Арғы тегі бір анадан тараған.  
Елде тірлік, бақыт болса, бәрі де  
Еңбек, бірлік, достық үшін жаралған.

### **Қайырмасы:**

Достық бізге тым ыстық,  
Бірлік – байлық, ырыс – құт.  
Жарқырасын күніміз,  
Жаса, жаса, тыныштық!

Тірлігімен адам байлық жасады,  
Бірлігімен асуладардан асады.  
Адал жандар, Жер-ананы қорғандар,  
Абайландар, бейбітшілік жасағы!

### **Қайырмасы.**



# **ЖАСА, ҚАЗАҚСТАНЫМ !**

(Республика күніне арналған қойылым)

## **Қатысушылар:**

Бастауши, ақындар және оқушылар.

**«Жаса, Қазақстанным!» тақырыбына арналған поэзиялық  
құрылым.**

## **Бастауши:**

Қазақтың ұлттық күнінде  
Азат Құн жадыра, құлімде:  
Той бүгін: салтанат құрамыз,  
Шалқысын шаттық күй, жыр – аңыз!

## **1-оқушы:**

**Қазақ-құт:** Ғаламға танықпыш,  
Азаттық, ерлікпен алыптыз:  
Әр істі өңгерген алып – біз,  
Фарышты менгерген халықпыш.

## **2-оқушы:**

Басты алға азат ел – анамыз,  
Бастауда Нұрсұлтан данамыз.  
Гүлденді кең-байтақ даламыз,  
Түрленді сәнді сан қаламыз.

## **1-оқушы:**

Елдікке, бірлікке сенеміз,  
Ерлікке, тірлікке кененбіз:  
«Жол» жасап, алға тез келеміз,  
Болашақ бағына енеміз.

## **2-оқушы:**

Басқарған ел басы ұлы іс –  
Басталған жаңаша құрылыш:  
Ондаған оны бетбұрылыш,  
Онғарған ер көсем құрып іс.

**5-окушы:**

Алтайдан қарт Кәспи арасын,  
Марқайған еңбектің даласын  
Өндіріс көркейтті, қарашы:  
Өндіргіш – қазақтың баласы.

**6-окушы:**

Азия кіндігі – Астанам,  
Жазира кен далам – баспанам.  
Жаннатым – тұған жер, жас қалам,  
Алматым – пейішім – Бас қалам!

**7-окушы:**

Мол шығып құтілген егінім,  
Молшылық – бағы боп елімнің,  
Тасыды байлығы жерімнің,  
Асырды атағын елінің.

**8-окушы:**

Қазақтың жырындай әніміз,  
Азат Күн нұрындай сәніміз.  
Өнерпаз халықпаз – жалынбыз:  
Өлең, саз, жыр – біздің жанымыз.

**2-окушы:**

Бақытқа бастаған данасы,  
Ақықтай нұрлы жас қаласы,  
Зейінді елдің әр баласы,  
Мейірлі ата мен анасы.

### **3-окуши:**

Ғаламат ән мен жыр, күйіміз –  
Адамзат шаттығы – биіміз:  
Меймандос, құтты әр үйіміз,  
Тойда мол кәде мен сыйымыз.

### **4-окуши:**

Жаңаша дарыған білімім,  
Жараса дамыған ғылымым:  
Қазақтың өркенін өсірген  
Азат күн – бақыттым – ұлы күн.

### **5-окуши:**

Еріміз ерлікпен қарымды, –  
Еліміз жойған өрт қаруды:  
Бастаган бірлікке әр үні –  
Басқарған көсемі – дарынды.

### **6-окуши:**

Тыныштық қорғаны – еліміз,  
Ырыс-құт еліне келіңіз:  
Дос – құттым, дайын, дос, төріміз,  
Достықтың қызығын көріңіз.

### **7-окуши:**

Бірлігі дәстүрге айналған,  
Тірлігі бақытқа сайланған,  
Сыйлауды ғаламға үйреткен  
Иманды халқымнан айналам!

### **Бастауши:**

Құтты бақ төрінде той бүгін:  
Құттықтап, құшағын жайды күн.  
Ақтарып туған жер байлығын,  
Мақтан қып, тойлаймыз айбынын.

**Бәрі:**

Жас та, ғажапстан!

Жаса, Қазақстан!

**Бастауышы:**

Қазақпзы – жыршыл халықпзыз:

Ғажаппзыз, жырмен танықпзыз!

Жыршымыз перде ашады:

Жырымен шашу шашады.

**8-оқушы:**

Жаралған бабалардың ерлігінен,

Таралған Желтоқсаннан – өр дүбірден,

Атыңнан айналайын, тәуелсіздік,

Затыңнан абаттандым, елдігімнен!

**9-оқушы:**

Аялы, нұрлана бер, азат Құнім,

Баянды бақыттымың, азаттығым!

Танымды тамылжытқан бостандықтан

Танылды бар әлемге қазақ бүгін.

**10-оқушы**

Қас сақпын – Күннің түрік баласымын,

Қазақпын – ұлы Тұран даласының,

Өмірдің жеңіп алғам Еркіндігін,

Өр үнім, бостандықтың панасымын.

**11-оқушы:**

Кең далам, құт мекенім, сенгір тауым,

Жер-Анам алып жатыр көздің жауын.

Байрағым желбіреп түр биіктеде,

Байладым Тәуелсіздік – өмір бауын.

### **12-оқушы:**

Жаныммен ақтап бабам өситетін,  
Қаныммен жаздым заман қасіретін.  
Мың жасап, бар үрпағым бас иетін,  
Қымбат-ақ, Тәуелсіздік, қасиетің.

### **13-оқушы:**

Құтты күн – Тәуелсіздік, киелі Күн, –  
Құттысың, егемендік – иелігім,  
Уақыттың асқарынан нұрын төгіп,  
Бақыттым – Еркіндік боп, сүйеді Күн.

### **14-оқушы:**

Жарық Күн – тегім менің, жасын жаным,  
Тарихтың – төріндемін-ғасырлардың.  
Атқарам бостандықта ұлы істерді:  
Бақ маған тәуелсіздік – асыл арым!

### **Бәрі:**

Береке, гүлденген жер, ғажапстан!  
Мереке құтты болсын, Қазақстан!

### **Бастауышы:**

Ақын елдің ұлымыз:  
Алып іспен ұлымыз,  
Абатына халықтың  
Арналады жырымыз!

### **1-акын:**

Қазақ жері – қас сақтай елдің жері:  
Ғажап жерді қорғаған ердің ері.  
Елі кедей болмаған, құтты мекен  
Едігедей баһадүр – шердің елі.

Қазақтың бұл – байлығы тұнған жері,  
Азап жүгін – жауларын қуған ері.  
Әділетпен Үндіні билеп өткен,  
Әділ, өктем Бабырдың туған елі.

**2-ақын:**

Қазақ елі жеңген мың қасіретті,  
Қазақ ері өнерлі, өсиетті:  
Египетті билеген Бейбарыстың  
Елі – текті, киелі, қасиетті.

Қайырымсыздар әкелсе халыққа мұн, –  
Қаһармандар ойлаган халық қамын.  
Қобыланды, Ертарғын, Қамбар батыр...  
Корғап қалған ел бағын алыптарым.

**1-ақын:**

«Жаудан, ерім, қашпағын, үрікпе!» – деп,  
Даудан елін сактаған «дурлікпе!» деп,  
Қазағының Төле би басын қосқан,  
«Азат күнің бақытың – бірлікте!» – деп.

«Абылайлап» Сабалақ қол бастады:  
Абылай тақ көксемей, жол бастады.  
Елге ерлік әкелген бостандықты:  
Егемендік тарихтың ол – бастауы.

**2-ақын:**

Ер елінің Қабанбай тірегі боп,  
Өренінің мақтаныш жігері боп,  
Ерлік сапта жүр мәнгі өзі бастап,  
Өр ұрпакқа от берер жүрегі – от.

Етсе егес Бөгенбай дана батыр,  
Өткен емес кек алмай дара батыр:

Айдары боп тарихтың ердің ісі,  
Айғағы боп ерліктің дала жатыр.

**1-ақын:**

Оқтан ықпай ел үшін төккен қанын,  
Тоқтаровтай батырлар неткен жалын?!  
Батырларым жалынын жалаулатып,  
Жатыр жалын – нұрлантып еккен бағын.

Бауыржандар Мәскеуді қорғап қалған:  
Бауырмалдар жауына қорлатпаған.  
Жатыр бүгін жалын боп рухтары:  
Батырлығы бағым боп, орнап қалған.

**2-ақын:**

Тоқтар, Талғат көтеріп қазақ жүгін,  
Фарышты да менгерген қазақ бүгін:  
Ірыс-құтпен байытқан ерлер, елдің  
Тыныштықпен бекіткен азаттығын.

**1-2 – ақындар:**

Қазақстан – ұлы ел, ғажап бүгін!  
*«Қазақстан Мемлекеттік Әнұраны» айтылады.*



## **ИНТЕРМЕДИЯЛАР**

### **БІР ҮЗІМ НАН**

*Ғалымбек көрермендермен амандаса бергенде, біріне-бірі  
өкпелесіп, Құлдірген мен Бұлдірген келеді.*

**Ғалымбек.** Сәлематсындар ма, балалар!

**Құлдірген.** Мен сенімен ойнамаймын, Құлдірген.

**Бұлдірген.** Ойнамасаң, ойынбақ. Мен не жазып қалдым  
саған сонша?

**Құлдірген.** Сен бар ғой... Сен кесірсің. Сен кесірленіп, не  
істедің, білесің бе?

**Ғалымбек.** Ау, Құлдірген, Бұлдірген, амандасу жоқ, әдеп  
жоқ, бұларың не? Алдымен мына жұртқа сәлем бермейсіндер  
ме?

**Бұлдірген.** Амансыз ба, ағай? Сәлем, балалар!

**Құлдірген.** Ым, иә... Сәлематсындар ма? Мен нетіп, Бұлдір-  
генге өкпелеп, иә, кешіріңіздер...

**Ғалымбек.** Ол не өкпе тағы, әуелі айтсаңшы былай...

**Құлдірген.** Мен енді Бұлдіргенмен ойнамаймын.

**Ғалымбек.** Не боп қалды?

**Құлдірген.** Бұлдірген кесірленіп, жаңа осылай келе жатып,  
жолда жатқан бір үзім нанды басып кетті.

**Ғалымбек.** Не дейді? Бұл – әдепсіздік қой!

**Бұлдірген.** Ағай, мен байқамай...

**Құлдірген.** Иә, саған... Ағай, бұл көріп тұрса да, жерде  
жатқан бір үзім нанды қолымен көтермейді.

**Бұлдірген.** Жерде жатқан нанды не қыламын? Мен аш емеспін, жерден нан теріп жеп, не бопты сонша...

**Күлдірген.** Қандай ұятың жоқ баласың? Нанды неге басасын, ә?! Айтшы өзін?! (*тап береді*).

**Бұлдірген.** Ағай, мынаны қараңыз, бұл бір үзім нан үшін менімен шайқаспак.

**Фалымбек.** Күлдірген, сен сабыр ет. Ашу – дүшпан, ақыл – дос деген. Әуелі түсінісін алайық. Бұлдірген, сен дұрыс істемегенсің. Нанды басу қылмыс емес пе?!

**Бұлдірген.** Ағай, олай демеңіз...

**Күлдірген.** Әй, топас, нанды неге басасың?! Дүниеде наннан қасиетті, наннан қадірлі не бар, ә?! Айтшы!

**Бұлдірген.** Мен нетіп... байқамай, енді бұдан былай есте болын... Нанды баспаймын...

**Фалымбек.** Сендер мына бір тақпақты білесіндер ме?

Асыл тастан, алтыннан

Қымбат әрбір алтын дән.

Молышылық боп дәніміз,

Молайды ақ нанымыз.

Қуат берер әр шақта

Аппақ нанды ардақта!..

**Күлдірген.** Ағай, ол тақпақты мен де білемін. Соңында:

Кесірленіп, жас бала,

Нанды жерге тастама! – дейді.

**Бұлдірген.** Нанды жерге тастаган мен емес қой соншама. Кесірленген бір бала үзім наннан бір тістеп жеп, қалғанын лақтырып тастап кетіпті...

**Фалымбек.** Біреу кесірленген екен деп, оның жаман құлқына қосылуға болмайды.

**Күлдірген.** Мен бір үзім нанды жерден алдым да, ақ лағыма апарып бердім, ағай.

**Фалымбек.** Оның дұрыс болған екен, Күлдірген.

**Күлдірген.** Ағай, нан туралы тақпағым бар... айтып берейінші.

**Ғалымбек.** Айта ғой. Ал, кәне, бәріміз қосылып тыңдайық.

**Құлдірген.** (*тамағын кенеп*).

Мол болса нанымыз,

Жалындар жанымыз.

Тоқ болсақ, той да көп,

Нан – жыр мен әніміз.

**Бұлдірген.** Ағай, ол тақпақты мен де білемін (*қайталаиды*).

**Ғалымбек.** Диқан нан үшін көп еңбек сіңірді. Егінді орып, астықты қамбаға құю, одан ұн тарту мاشақаты көп жұмыс емес пе?

**Құлдірген.** Ағай, мен диірмен тартқан ағайларды көрдім... Тура Аяз ата сияқты бет-жүзі аппақ. Қас-кірпіктеріне ұн жағылып қалады екен.

**Бұлдірген.** Мен наубайшылардың қасында болдым. Таба нан, бөлке, тоқаш, әр түрлі құлше... Керемет... нанның иісі қандай десенші, шіркін!

**Ғалымбек.** Міне, сондай еңбек сатыларынан өтіп, ақ нан қолымызға тиеді.

**Құлдірген.** (*тақпақтатып*).

*Күндей нұры тараған*

*Айдаіп аппақ таба нан.*

*Тоқаш, бөлке, күлшелер –*

*Тоқиылыш қой, білсеңдер!*

**Ғалымбек.** Нан қуат береді, оның иісі керемет емес пе?!

Әр нәрсенің тиісті

Бар өзінше иісі.

Аңқып тұрар: тым тәтті

Нан иісі қымбатты!

**Құлдірген.** Ағай, әсіреле таба нанның иісін айтсанызышы!

Таба нанды қаймақпен қосып жесен, шіркін... Бір тоясың...

**Бұлдірген.** Құлдірген, сен осы қашан тоясың? Соны айтшы.

**Құлдірген.** Мен қашан тоймадым? Тойсам да, мен сен құсан кесірленбеймін. Нанды баспаймын.

**Бұлдірген.** Мен енді өтпеймін дедім ғой...

**Құлдірген.** Біз бір-бірімізді өстіп тәрбиелеуіміз керек.

**Ғалымбек.** Құлдірген дұрыс айтады. Біріңнің кемшілігінді бірің көріп тұрып, сынамасаңдар, ол достық болмайды.

**Құлдірген.** Сын түзелмей, мін түзелмейді. Солай емес пе, агай?

**Бұлдірген.** Макұл, бұдан былай нанды қастерлеп, қадірлей білемін деп, сөз беремін.

**Құлдірген.** Агай, мен бұл досымды нағмен сыйлаймын, наңды қадірлеймін...

**Ғалымбек.**

«Алтын, күміс – тас екен,

Ақ наң – қымбат ас екен», – дейді халқымыз.

**Құлдірген, Бұлдірген.**

Аппақ алтын наңымыз,

Ардақтаймыз бәріміз!



## **ТЫНЫШТАҚ**

*Білдірген мен Күлдірген көрермендермен амандасады.*

**Күлдірген.** Сәлематсындар ма, балалар!

**Білдірген.** Амансындар ма, достар!

**Күлдірген.** Балалар, мен сендерге бір қызық сұрақ қояйын.  
Бұл әлемде не жақсы?

**Білдірген.** Күлдірген, мен айтайыншы... ә?!

**Күлдірген.** Жақсы, айта ғой.

**Білдірген.** Бұл әлемде барлық адам жақсы көретін бір-ақ нәрсе бар. Оны мен де жақсы көремін.

**Күлдірген.** Ол не? Сонша бәріміз де жақсы көретін не?

**Білдірген.** Дүниежүзінде бәріміз де жақсы көретін қымбат нәрсе – тыныштық.

**Күлдірген.** Балалар. Білдірген дұрыс айтып түр ма? Меніңше, дүние жүзінде «ана» деген сөзден асқан ардақты, қымбат сөз жоқ қой деймін.

**Білдірген.** Эрине, ана – ардақты сөз. Ана ең әуелі тыныштықты қалайды. Сондықтан бұл әлемдегі ең асыл сөз – ана, ең жақсы сөз – тыныштық!

**Күлдірген.** Білдірген, сен дұрыс айтасың. Ананың да ардақтап айтатын сөзі – тыныштық.

**Білдірген.** Күлдірген, менің тауып айтқан жауабымды бағалағаныңа ракмет. Ал енді өзің айтшы: «тыныштық» деген сөздің мәнін білесің бе?

**Білдірген.** Жер жүзінде соғыс болмаса, тыныштық – сол.

**Күлдірген.** Оны мына балалардың бәрі де біледі.

**Білдірген.** «Тыныштық» деген сөздің тағы да қандай мәні бар?

**Күлдірген.** Тыныштық – үйдегі туыстардың татулығы, достарыңмен ойнап жүріп, ұрсысып қалмасан, ол да тыныштық.

**Білдірген.** Күлдірген, сен дұрыс айтасың, ей!

**Күлдірген.** Сыныпта оқушы тыныш отырса, ол да –

тыныштық.

**Білдірген.** Мен енді түсіне бастадым, Күлдірген. Аулада, ауылда, қалада, далада тыныштық болса, ең рақаты сол емес пе?

**Күлдірген.** Елдегі тыныштықты халық «береке-бейбітшілік» дейді.

**Білдірген.** «Тыныштық!», «Бейбітшілік!» деген сөзден асқан артық сөз жоқ екен-ау, шынында...

**Күлдірген.** Сейтсе де, кинодан күнде көріп жүрсің ғой, соғыска дайындалып, сойқан қару жасап жатқандар да жоқ емес.

**Білдірген.** Жер-ананың бетінде ядролық қару сынаған кезде мен де сезіп қалам: онда тәбе шашым тік тұрып, жүрегім дүрсілдеп, құлағым шыңылдайды.

**Күлдірген.** Егер ол қару сынақтан өтіп, бомба болып тасталса, не боламыз сонда? .

**Білдірген.** Жер-ана бүлінеді, қан төгіледі, қалалар өртенеді, дала қүйеді...

**Күлдірген.** Ендеше соғыс болмасын! Тыныштық мәңгі орнасын!

**Білдірген.** Композитор Ибрагим Нұсіпбаев атамыздың «Тыныштық» деген әнін білесің бе?

**Күлдірген.** Ол қандай ән? Қане, тыңдап көрейікші.

(Радиодан «Тыныштық» әні беріледі).

**Білдірген.** Дүние жүзіндегі барлық балалардың тілейтіні осы – тыныштық:

Күлпірып қырымыз,

Жайқалсын гүліміз.

Аспан, Жер, аман бол,

Жайнай бер, Күніміз!

**Күлдірген.** (әндемін).

Бейбіт күн – тыныштық

Біз үшін тым ыстық.

Ырыс-құт тұтқасы –

Ынтымақ, туыстық!

**Білдірген.** Барлық елдердің балаларын ынтымақтасуға шақырамыз.

**Күлдірген.** Ей, әлемнің әділ жанды балалары! Әкелерімізге, аталарымызға айтайық:

Ажал оғын атпасын,  
Тыныштықты сақтасын!

**Білдірген.** (*қосылып*).

Сойқан соғыс болмасын,  
Көрмейік жау бомбасын!

Берекелі дуниеде  
Бейбітшілік орнасын!

**Күлдірген.** Біздің еліміз – бейбітшіліктің қамалы. Еліміз аман болса, соғыс болмайды!

**Білдірген, Күлдірген.** Жаса, тыныштық!



## **АНАНЫң КӨҢІЛІ**

*Сахнага Құлдірген мен Білдірген шыгады.*

**Білдірген.** Құлдірген, сен менің таудай көңілімді қалдырың.

**Құлдірген.** Көңіл деген қала салатын басқан із емес қой және ол өзі таудай бола ма? Қызық екенсің, Білдірген.

**Білдірген.** Сен Ажармен арсаландаш амандастың да, оған гүл ұсындың, ал менің анама пыскырып та қараган жоқсың...

**Құлдірген.** Иә, саған. Мен сенің анаңмен амандастып, басымды идім ғой.

**Білдірген.** Сен анама басынды иген жоқсың, былай, нетіп, шұлғи салдың. Және жөндеп қараган да жоқсың. Содан көңілім қалды.

**Құлдірген.** Көңіл деген ойыншиқ емес, оны «қалдыра» салуға болмайды. Көңілінді мен қайда, қай жерде қалдырыдым?

**Білдірген.** Таудай көңілім тарыдай болды.

**Құлдірген.** Қойши, Білдірген. Көңіл «тау» емес қой құлап қалатын.

**Білдірген.** Қалмаған көңіл таудай болады, білдің бе? Сен өзің көңіл дегеннің не екенін білесің бе?

**Құлдірген.** Көңіл деген – көңіл. Көңіл жақсы болса, куанамыз. Жаман болса, ренжіміз.

**Білдірген.** Сол көңілдің жақсы болуы, не жаман болуы қандай жағдайға байланысты, айтши...

**Құлдірген.** Ол өзімізге байланысты да...

**Білдірген.** Көңілдің жақсы болуы айналамызға, досқа, жолдасқа, жақындарымыздың жағдайына байланысты болады.

**Құлдірген.** Сол да сөз бе екен? Мен күлемін десем, күлемін; ойнаймын десем, ойнаймын.

**Білдірген.** Ал, сен жылаймын деп, жылай саласың ба?

**Құлдірген.** Ее, жылау деген жақсы емес... Егер ренжісөн, ашуулансаң, сен де жылайсың.

**Білдірген.** Көңіл бір ауыз сөзден де қалады. Ренжу дегеніміз

— көнілдің қалуы.

**Құлдірген.** Солай ма? Көніл сондай нәзік бола ма?

**Білдірген.** Эрине, көніл нәзік болады.

**Құлдірген.** Мен онда бұдан былай сенің көнілінді қалдырмаймын.

**Білдірген.** Оның дұрыс. Біз, әсіресе, ананың көнілін аялай білуіміз керек:

Қашан да тіл алсаң, Тартады уайым.

Қадірін біле алсаң, Болсаң сен тілазар,

Анашың шаттанар, Анашың тым азар,

Көнілі шат болар. Қырыссаң қанша рет,

Ез болса баласы, Анаға қасірет.

Езіліп анасы, Аялап көнілін,

Тарынып ұдайы, Ақта ана сенімін!

**Құлдірген.** Білдірген, мен бұл тақпақты жаттап алғамын.

Анашым — мақтаным,

Ақ сүтін ақтаймын!

**Білдірген.** Құлдірген, сен де ана сыйлап,abyroylly bol.

**Құлдірген, Білдірген:**

Куантып ана жүрегін,

Орындеймыз тілегін.



## **TІСІМ-АЙ, ИШІМ-АЙ**

**Бастауши мен Білдірген көрермендермен амандасады.**  
**Күлдірген кешігін келеді.**

**Бастауши.** Сәлематсындар ма, балалар!

**Білдірген.** Амансындар ма, достар!

**Бастауши.** Күлдірген қайда, Білдірген? Ол концертке кешікті фой.

**Білдірген.** Күлдірген дүкеннен шекілдеуік, шоколад іздел жүр еді. Өзі қызық... сондай... апай...

**Күлдірген. (келеді).** Ой-ой! Тісім-ай! Ой-бай!

**Бастауши.** Күлдірген, саған не болған? Әуелі мына көпшілікпен амандаспайсың ба?

**Күлдірген.** Амансындар ма, балалар! Апай... Тісім!!! Ticim!!! Tіcіm!!!

Мен саған айттым фой, тісінді күт деп...

**Күлдірген.** Қойшы сен, Білдірген. Онда тұрған не бар? Сенің «ақылыңсыз» да күн көріп жүрміз фой... Ой-ой! Ай-ай!

**Бастауши.** Білдірген дұрыс айтады... Тісті қүте білмесен, оның сыртқы эмаль қабаты бұзылып, ол ауырады. Ауырган тіс түсіп қалады.

**Күлдірген.** Ой-бай! Енді не істеймін! Өліп барам! Тісім түссе, не болады, апай? Онда қартайып қалмаймын ба?

**Білдірген.** Тіс дегенді таза ұстамаса, өстіп есінді шығарады дедім фой саған.

**Бастауши.** Қүрек тісің бе, азу тісің бе, әлде ақыл тісің бе?

**Білдірген.** Апай, меніңше мұның ит тісі ауырады.

**Күлдірген.** Ой-бай! Қайдағы «ит тіс». Ит тіс итте ғана болмай ма? Мен ит емеспін фой...

**Бастауши.** Ит тіс деген тіс те болады. Ол тістер қүрек тіске сықасып, артық өседі.

**Күлдірген.** Ой-бай! Бәсе, онда менің сол ит тісім ауырып тұр.

**Білдірген.** Апай, мұның жаны қиналып тұр... Тіс дәрігеріне ертіп барып, ауырган тісін жұлдырып тастау керек.

**Күлдірген.** Ой-ой! Онда мен құримын гой! Сен мені аямайды екенсің!

**Бастауши.** Егер ауырған тісін алдырып тастасақ, Күлдірген кетік болады.

**Күлдірген.** Θ-ө-өлсем де, тіс дәрігеріне бармаймын? Білдің бе?

**Білдірген.** Сонда өстіп азап шегіп, бебеу қағып жүресің бе? Өзінді өзің аямайсың ба?

**Бастауши.** Тіс дәрігері тісті жұлып тастауши ғана емес, ол – емдеуші де. Тістің түбіне дәрі құяды, түрлі тәсілмен емдеп, ауру тісті жазады.

**Күлдірген.** Бәрібір, мен тіс дәрігеріне бармаймын. Ой-ой-ой! Апай, бұндай ауру қайдан болады?

**Бастауши.** Жаңа Білдірген дұрыс айтты. Тіс ауырмау үшін, оны күте білу керек.

**Білдірген.** Күніге екі рет тісті тіс шайғышпен шайып, шөткелеп жуу керек.

**Бастауши.** Тістің мұжылмауына себепші болатын тағамдарды талғап, аз-аздан жеу керек.

**Білдірген.** Шоколад, конфет дегенге құмарсың, құрты бар алманы көп жегеніңен құрыды сенің тісің.

**Күлдірген.** Сен өзің тамақ жемейсің бе? Шоколад берсем, казір де «қой» демес едің. Ой-ой-ой! Бой-бой-бой!

**Бастауши.** Әр нәрсенің қалпы бар. Бұдан былай тісінді күте біл. Өзірше мына анальгинді тісіңе бассан, ауырғаны қояды.

**Күлдірген.** (дәріні тісіне басып). Қызық екен! Апай, тістің ауруын анальгин жаза ала ма?

**Бастауши.** Тістің біржола ауырмауы үшін, оған ең әуелі күтім керек.

**Білдірген.** Поморин, зефир, жемчуг дейсің бе... тіс шайғыш пасталар көп қой, содан ал да, күнде тісінді шайып, шөткелеп, тазалап жүрсөңші.

**Күлдірген.** Сен өзің ше?

**Білдірген.** Мен сөйтіп тісімді күткендіктен, тістерім ауырып көрген емес.

**Күлдірген.** (*кенеттен*). Ой-баааай! Ішім-ай! Енді ішім ауырып барады. Апай, ол несі? Нетіп қалдым ба, ә?

**Бастауши.** Тісің ауырган соң, асты шайнамай жұта бергенсің ғой, шамасы. Асты асықпай, шайнап жұтпасаң, ол жұмыршағыңды ауыртады, жұтқыншағыңда да қын болады.

**Күлдірген.** Апай, енді не болады?

**Бастауши.** Іштің ауруы басылар. Ал жалқаулық пен жауапсыздық, салақтық жасап, тісінді күтпесең, сол жаман.

**Күлдірген.** Апай, енді бұдан былай тісімді күтіп жүремін. Рас айтам, оған сеніңіз.

**Білдірген.**

Жалқауланбай Тісің болса, бүтін,

Ол – өмірлік құтың.

Тісті шайып, күнде күтін!

**Күлдірген.** Макұл! тісімді күтемін енді...

**Бастауши.** Міне, мұның енді дұрыс.



## **СЫЙЛАСЫМ**

*Ғалымбек көрермендермен амандасады. Құлдірген қуанып, алақайлап келеді.*

**Ғалымбек.** Сәлематсыңдар ма, балалар!

**Құлдірген.** Алакай-алақай! Алакай, балақай! Алакай, алақай!

**Ғалымбек.** Ау, Құлдірген! Иә, қуанышың құтты болсын! Бұл ненің қуанышы?

**Құлдірген.** Әділеттің сіңлісі Маржан бүгін мектептен «бес» деген баға әкелді. «Бес!»

**Ғалымбек.** Құлдірген, сен қуана біледі екенсін, мұның жақсы. Бірақ Маржанның Әділетке кім екенін білмей тұрсың.

**Құлдірген.** Ағай, ол Әділеттің сүйікті сіңлісі.

**Ғалымбек.** Қыз бала ағасына «сіңлі» болмайды, қарындас болады.

**Құлдірген.** Ал өзінен үлken қыз балага Маржан кім болады?

**Ғалымбек.** Қыз бала өзінен үлken қызға сіңлі болады.

**Құлдірген.** Ағай, оны мына балалардың бері де біletін шығар.

**Ғалымбек.** «Біletін шығар» деп тоқмейілсу дұрыс емес, туыстық, жақындықты біліп қана қоймай, дәстүр бойынша оларды қалай сыйлауды да біліп, әдептілікті көрсету қажет. Мысалы, сен атадан бастап отбасы мүшелерінің туыс, жақындықтарын айтши.

**Құлдірген.** Ата дегеніміз – ата, оның баласы оған бала... Иә, одан кейін баланың баласы, баласының баласы...

**Ғалымбек.** Міне, сен отбасы мүшелерінің туыстық, жақындық атауларын да білмей тұрсың.

**Құлдірген.** Ағай, атаниң баласы, баласының баласы демегенде, енді басқаша не дейміз?

**Ғалымбек.** Атага жақындық реті былай болады: ата, оның баласы, содан соң немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат, туыс...

**Күлдірген.** Ағай-ау, тіптен шұбыртып жібердіңіз ғой... Мұның бәрін кім жаттап жүреді?

**Фалымбек.** Туыс, жақындық атаулары жаттап алатын тақпақ емес, оны білу, сезіну қажет. Ағаны інісі мен қарындасы, аpanы, яғни әпкені інісі мен сіңлісі құрметтеп, сыйлай білуі керек. Өзінен үлкеннің тілін алу, оны сыйлау, құрметтеу – халықта қалыптастқан әдеп, дәстүр.

**Күлдірген.** Сонда ең кішісі басқа үлкендердің алдында құрдай жорғалап, жүгіріп жүруі керек пе, ағай?

**Фалымбек.** Сыйлау деген – «құрдай жорғалау» емес. Ол – әдеппен ізеттілік көрсету. Үлкен кішігে қамқорлық көрсетсе, кіші үлкенге құрмет көрсетеді. Сөйтіп, әдептілік адамдар арасындағы ризашылықты, куанышты туғызады.

**Күлдірген.** Ағай, былайша да «адам – адамға дос, бауыр, туыс» емес пе? Әз?

**Фалымбек.** Күлдірген, сен – ақылдысың. Айтқан сөзің дұрыс. Адам жалпы бірін-бірі сыйлап, жақындық, жақсылық көрсету керек. Ал бір отбасындағы адамдар бір-біріне бәрінен де жақын.

**Күлдірген.** Отбасындағы адамдар бір-біріне жақын екенін білеміз ғой, ағай.

**Фалымбек.** Білсөң, отбасындағы әрбір адамның әдептік міндеті бар. Бала әкенің айтқан ақылын орындалп, оған ең жақын кеңесші, дос, жанашыр болуға тиіс. аға мен әпке өздерінен кішілерге қамқорлық жасап, оларға әдеп көрсетіп, оларды тәрбиелеуге міндетті.

Әке-шешенің алдында анайы сөйлеп, дауыс көтеруге болмайды. Өзінен кішігে үлгі-өнеге көрсете білмесөң, жақсы адам бола алмағаның.

**Күлдірген.** Мұның бәрін (*көрермендерді көрсетін*) мынау балдыргандар біле ме, ағай?

**Фалымбек.** Ата-ананың тәрбиесін жақсы қабылдаған бала бәрін де біледі.

**Күлдірген.** Әсіресе, сыйласымды атадан бастау керек. Солай ғой, ағай, ә?

**Фалымбек.** Эрине, сыйласым атадан басталады. Саған «Ата» деген тақпақты орындалп берейін, қане тыңда, жаттап ал:

Атама әкем – немере,  
Атам оны сүйеді.  
Оннан астам шөбере  
Атама бас иеді.  
Атам бізге елжіреп,  
Алып күнше қарайды.  
«Алтындарым келді» – деп,  
Ақ сақалын тарайды.  
Атам көріп ізгілік,  
Көрілікке көнбейді.  
Күтсек, парқын біз біліп,  
«Мың жасаймын мен» дейді.

**Құлдірген.** Жақсы тақпак екен. Мен бұл тақпакты жаттап аламын да, өситетті оындаимын, ағай.

**Бастауши.** Бұл жақсы (*көрермендерге*). Әдептілікті осылай үйрену керек, достар!



## **АДАМГЕРШІЛІК ДЕГЕН НЕ?**

**Бастауши** балалармен амандасады, сахнага Күлдірген шығады.

**Бастауши.** Сәлематсыздар ма, балалар?

**Күлдірген.** Амансыңдар ма, жас достар?

**Бастауши.** Күлдірген, сәлемат па? Бүлдірген қайда?

**Күлдірген.** Апай, Бүлдірген ұятқа қалды. Ол бұл кешке келе алмайды.

**Бастауши.** Иә, оған не боп қалды тағы?

**Күлдірген.** Оны Әділет ағай жазалайтын болды.

**Бастауши.** Жазасы не тағы?

**Күлдірген.** Мен қой десем, Бүлдірген болмай, гүлзардан екі ғұлді үзіп алды. Содан ғұлді таптадын, тәртіп бұздың деп, Әділет ағай оны ұстап алып... Нететін болды...

**Бастауши.** Гүл жұлу, гүлзарды таптап жүру адамгершілікке жатпайды.

**Күлдірген.** Бүлдірген концерттен қалатын болым деп, жылап-еңіреп кетті.

**Бастауши.** Сен адамгершіліктің не еkenін білесің бе, Күлдірген?

**Күлдірген.** Адам не істесе, соның бәрі – адамгершілік. Ал, Әділеттің Бүлдіргенді ұстап алып нетуі, меніңше адамгершілік емес, меніңше...

**Бастауши.** Күлдірген, сен балалық жасама. Әділетті бекерге кінәлама.

**Күлдірген.** Адамгершілік деген сол ма? Бір тал гүл үшін жас баланы жасытып...

**Бастауши.** Адам жақсылық істеуі керек. Ал Бүлдірген бүлдіріпті.

**Күлдірген.** Әділеттің істеген жақсылығы сол ма, шырылда-тып-шырқыратып Бүлдіргенді бүгін кештен қалдырды.

**Бастауши.** Оған кінәлі Бүлдіргеннің өзі.

**Күлдірген.** Егер былай нетіп, ескертсө, бұдан былай өйтіп гүлзарды таптамайтын еді ғой...

**Бастауши.** Әділет Бұлдіргенді жаман әдеттен тыяды. Оның үстіне ол жалпы адамның игілігіне өсірілген гүлзарды қорғап қалды...

**Күлдірген.** Мен де досымды былай... нетіп... қорғап тұрғаным ғой, апай...

**Бастауши.** Достық та адамгершілік. Бірақ достың кінәсын, мінін жасыру немесе оның қылмысын қолдау адамгершілік емес.

**Күлдірген.** Мен Бұлдіргеннің кінәсын қолдан тұрған жоқпын. Оған: «Ойбай, гүлді үзбе! Гүлзар – көшпіліктің ризығы!» деп, шыршыр еттім... Бірақ ол менің сөзімді құлагына ілді ме?

**Бастауши.** Бүйтіп тіл алмауды халық тілазарлық, кесір-қырсық мінез, ол адамгершілік емес деп, жек көреді.

**Күлдірген.** Бұлдірген ақ жарқын жақсы дос қой, бірақ... Балалық істеп... нетіп... ұттара болды.

**Бастауши.** Халық балалықты кешіреді. Сөйте тұра адамгершілікке жатпайтын жаман әдеттен, теріс мінезден баланы сақтандырып, жақсылыққа тәрбиелейді.

**Күлдірген.** Әділеттің «тәрбиелегені» сол ма? Бұлдіргенді барды да, бақыртып ұстап алды.

**Бастауши.** «Дос жылатып айтады, дүшпан күлдіріп айтады» дейді халқымыз. Достың мінін түзеу үшін, оны қатты сынап, кадірлей көмектесу қажет.

**Күлдірген.** Әділет те сөйтіп Бұлдіргенді былай зекімей тәрбиелемей ме?

**Бастауши.** Әрине. Айту, үйрету, талап ету – парыз. Адамгершілік туралы «Атамның өсіеті» деген өлең бар:

Әдеп сақтап әманда, Ынтымаққа қосыл да,

Әрбір адап адамға Ықылас қой досыңа.

Жасасаң бір жақсылық, Ардақтай біл досыңды

Қайтарады саған да. Ақылыңнан тосылма.

Кішілерді аяла, Ақылы бар баласың,

Кісілерден аянба. Айтқан тілді аласың.

Адамдығың көрінсін Намысты бол өссең сен,

Анадай жансаяңа. Нағыз адам боласың!

**Күлдірген.** Апай, енді түсіндім, адамгершілік дегеніміз – ар, намыс, адалдық, достық, жақсылық жасау екен фой...

**Бастауши.** Адамгершілік деген – ұлы сөз. Адамның игі іс-әрекеті, енбек, достық, татулық – осының бәрі адамның адамгершілік қасиеті.

**Күлдірген.** Ұқтым, апай, рақмет!



## **TІЛ АЛУ**

*Ғалымбек көрермендермен амандаса бастаганда, бірін-бірі қуалап, Бұлдірген мен Құлдірген келеді.*

**Ғалымбек.** Сәлематсыңдар ма, жас достар?

**Құлдірген.** Қо-қо-қойшы, ей! Болмайды...

**Ғалымбек.** Күдірген-ау, сонша неге зымырай қашып келдін?

**Құлдірген.** Мынау Бұлдірген ғой «тілінді алам» деп, қуалап жүрген.

**Бұлдірген.** Несі бар? Тілінді алам дедім, аламын...

**Құлдірген.** Мен саған тілімді ал, яғни айтқанымды істе дедім. Сен келіп... ойынға айналдырып...

**Ғалымбек.** Тіл алу деген – игілікті іс-әрекет. Ол сөзді ойынға айналдыруға болмайды.

**Құлдірген.** Ағай, мынау Бұлдіргенге түсіндіріңізші. Осы уақытқа шейін бұл «тіл алу» деген сөздің мағынасын білмейді екен.

**Бұлдірген.** Маған өзің ғой «тілімді ал», «тілімді ал» деп, болмай қойған. Өзің түсінбейсің ол сөзге, білдің бе.

**Ғалымбек.** Әуелі әрбір сөздің мағынасын жақсылап біліп алу керек. Үлкеннің, жақын адамның, достың, ақылдың тілін алу деген бар.

**Бұлдірген.** Ағай, тіл алудың мағынасы көп екен ғой шынында да да.

**Құлдірген.** Мен саған доспын, достың тілін алып жур, сыйла дедім.

**Бұлдірген.** Үлкеннің айтқанын істеу, достың тілін алу дегенге түсініп тұрмын. Ал енді «ақылдың тілін» алу дегенді бірінші рет естуім, ағай.

**Ғалымбек.** Ақыл деген нәрсе ол – көп ойлап, жақсы іс-әрекетке бейімделу. Ақыл – ойдың түйіні. Сол ой шешімін орындауды ақылдың тілін алу дейді.

**Құлдірген.** Бұлдірген, мен саған айттым ғой, ақылың болмаса, тіл алғыш та бола алмайсың деп.

**Ғалымбек.** Ақымақтар бірінің тілін бірі алмай, қорлық көреді. Ертеде Тілазар, Тірліксіз, Мізбақпас деген тіл алмайтын үш ағайын болыпты. Аязды қыс екен. Шешелері отын алуға бара жатып, балаларына есікті жауып алындар деп тапсырады. Анасы кетісімен, тозығы жеткен есікті боран ашып, үй ішіне аяз енеді. Әлгі үшеуі бірінің тілін бірі алмай, есікті жаппай отыра береді... Ақырында Тірліксіз, Тілазар, Мізбақпас үшеуі катып қалыпты.

**Бұлдірген.** Міне көрдің бе, тіл алмаудың жаман екенін.

**Құлдірген.** Ондай құлықтың жаман екенін білемін. Сен анаңың тілін алмай, жалғыз өзің орман аралап, адасып кеткенде... білесің бе?

**Бұлдірген.** Ой, айтпа! Әлі қорқамын. Мені сонда қасқыр жеп қойса, қайтер едім? . содан былай апамның тілін алып жүретін болдым.

**Құлдірген.** Иә! Тіл алу деген сондай болады. Енді келіп сен гүлді таптама десем, «сенің тілінді аламын» деп, менің аузыма жармасасың.

**Ғалымбек.** «Тіл алу» деген сөздің мағынасы кең. Егер жақсылық іс-әрекетті талап етіп тұрса, кімнің болса да тілін алу керек.

**Құлдірген.** Ағай менің тіл алмайтын бала туралы тақпағым бар. Соны айтайын ба?

**Ғалымбек.** Айта ғой.

**Құлдірген.**

Ана тілін алмайды,  
Әке тілін алмайды,  
Айтындаршы Қырысқа,  
Осынысы дұрыс па?

**Бұлдірген.**

Тіл алмастан құрысса,  
Ондейларды дұрыстап,  
Сабап ал да, жақсылап,  
Тұрғызып қой бұрышқа! (*Бәрі күледі*).

**Ғалымбек.** Эрине, жазалау ондайда қажет болар. Бірақ әуелі тіл алмаудың кінә екенін ол тілазарға түсіндіру қажет.

**Күлдірген.** Ағай, кейбір тілазар қорқытпаса, тіл алмай қояды...

**Бұлдірген.** Ағай, «тілазар» деген не сонда?

**Ғалымбек.** «Тілазар» деп тіл алмайтын баланы айтады.

**Күлдірген.** «Тіл» деген сөз дейік, яғни айтқанда сөзді орындайтын бала. Ал «азар» деген не, ағай?

**Ғалымбек.** «Азар» деген «азу», «казып кету» деген мағынаны білдіреді. Тілазар түк те істемесе, іс-әрекет азады, яғни бірте-бірте жоқ болады. Ал әрекет жасамаған әлгі үш балаға үқсанап, жаман жағдайға ұшырайды.

**Бұлдірген.** Ағай, «тірліксіз» де солай ма?

**Ғалымбек.** «Тірліксіз» тек тіл алмайғана қоймайды, ол – өздігінен тірлік істей білмейтін жалқау, еріншек, топас.

**Күлдірген.** Бәрінен де тіл алмайтындардың ішінде «тірліксіз» жаман еken ғой онда.

**Ғалымбек.** Тіл алмағанның қайсысы жақсы дейсін.

**Бұлдірген.** Сонда отқа өртен, суға тұс, өл-тіріл десе де, тілді ала береміз бе?

**Ғалымбек.** (*куліп*). Тіл алғыш деп тек жақсылыққа нұсқаған сөзді орындаушыны айтады. Ал өз жақындарың, достарың саған жақсылық тілейді, жақсы іс-әрекет жасауды талап етеді. Сондықтан олардың айтқандарын істеу керек.

**Күлдірген.** Ағай, «Мізбақпас» қалай? Ол аздап тіл алатын шығар?

**Ғалымбек.** «Мізбақпас» қанша рет жұмсасан да, міз бақпай, яғни қозғалмай, бедірейіп, отырып алады. Тілазар, тірліксіз, мізбақпас – үшеуі бірінен-бірі асып тұрған қырсықтар.

**Бұлдірген.** Ағай, мен тіл алғыш боламын.

**Күлдірген.** Ағай, менің «Тілалғыш» деген тақпағым бар, айтып берейін бе?

**Ғалымбек.** Айта ғой.

**Күлдірген.** (*тамағын кенеп*).

Ерте тұрып күніге

Су құяды гүліне,

Қоқсықтарды қуады,

Еденді де жуады.

Апасына тіл алғыш

Аяжанга мың алғыс!

**Бұлдірген.** Күлдірген, «алғыс» деген не, білесің бе?

**Күлдірген.** «Алғыс» деп алатын нәрсені айтамыз.

**Бұлдірген.** Нені алады?

**Күлдірген.** Алғыс алады...

**Фалымбек.** (*жынысын*). Солайын солай ғой... Бірақ «алғыс» деген сөздің толық мағынасы – жүрттың ризалығына ие болу, олардың «рақмет» деген «сыйын алу» деген сөз.

**Күлдірген.**

Ана тілін алады,

Әке тілін алады.

Тіл алғыш деп мақтаймыз,

Ондай есті баланы.

**Фалымбек.** Сондай тіл алғыш, әдепті бала болындар.

**Күлдірген.** Мақұл ағай!



## **ӘДЕП**

*Сахнага Күлдірген мен Білдірген шығады.*

**Білдірген.** Сәлематсындар ма, достар! Күлдірген, сен неге мынау көрермендермен амандаспайсың, ә?

**Күлдірген.** Амандасамын ба, жоқ, па, оны өзім білемін!

**Білдірген.** Сен әдепсіз болма...

**Күлдірген.** Сен немене, сонша пысықсың ба? Мен қашан әдепсіздік жасадым? Әуелі өзің әдепті бол, білдің бе?!

**Білдірген.** Маржанды қағып, Ержанды соғып кеттің. Бұл жақсы ма?

Күлдірген-ау, есірме,

Анайы боп көсліме,

Айтқан сөзді тындармай,

Айтысасың бұл қалай?

**Күлдірген.** Достар-ау, мынау не деп түр өзі?

**Білдірген.** Күлдірген, сен ойнап сойлеме, ойлап сойле:

Секендейсің, ойнайсың,

Ойынға бір тоймайсың.

Әдеп сақта десек те,

Әдетінді коймайсың.

**Күлдірген.** Ойын зиян ба? Мен күнде денемді шынықтырамын, білдің бе?

**Білдірген.** Дененді кешке дейін «шынықтыра» бересің бе? Шыныгудың да жөні бар емес пе? Ойнау мен шыныгудың арасында айырмашылық бар. Шынығу үшін әуелі гимнастика жасап, спорттық ойындармен шұғылдану керек.

**Күлдірген.** Мен шыныға білемін. Ал сен болсаң, шыныгудың не екенін білмейсің, ерте тұрмай, ерініп жатып аласың.

**Білдірген.** Иә, саған... Сен бар фой... Сын айтуды білмейді екенсің. Сын айту үшін, әуелі шындықты білу жөн. Жақсыға жала жауып, қастекі болу – әдепсіздік әрі қылмыс.

**Күлдірген.** Сын әділ, әдепті болу керек деген сөзді мен де білемін.

**Білдірген.** Міне, енді түсіністік.

*Сынасын дос досыңдай,*

*Мін түзейік осылай!*

**Кұлдірген.** Білдірген, әуелі «әдеп» деп, «әдептілік» деп, қандай міnez бен іс-әрекетті айтамыз, соны біліп алайық.

**Білдірген.** Әдептілік деп, үлкенді сыйлауды, достарды, айналадағы адамдарды құрметтеуді айтамыз.

**Кұлдірген.** Айттым ғой, Білдірген, білдің бе? Сен мені сыйлап, құрметтеуің керек.

**Білдірген.** Сен ше? Сен де мені сыйлауың керек (*көрермендерге*). Солай емес пе, достар? Сыйласым екі жақтан бірдей болуы керек. Әдепті жан басқадан сыйласым күтпей-ақ, алдымен өзі басқаны құрметтеп, ардақтай біледі, көвшілікке өзінің әдептілігін көрсетеді.

**Кұлдірген.** Енді білдім: әдеп, ізет, инабат, сыйласым, құрмет, қамқорлық деген сөздер әдептілікті білдіреді екен.

**Білдірген.** Мен бұл сөздерді баяғыда жаттап алғанмын. Сен де жаттап ал, Кұлдірген.

**Кұлдірген.** Сөзді құрғақ жаттау пайдалы емес. Оны түсініп жаттау керек. Сөзді іспен орындау керек.

**Білдірген.** Тагы да бір нәрсе айтайын ба? Кім кімге де кешірімді болу бар ғой, ол да – әдептілік. Бірақ кейде кешірмейтін де міnez-құлықтар болады.

**Кұлдірген.** Ондай теріс мінезді тезге салып, тез түзеу керек.

**Кұлдірген.**

Жас-кәріге Сіз деген,

**Білдірген.**

Жақсы үлгі іздеген,

(*қосылып*).

Дос боламыз біз деген

Ізетті ұлмен, қызбенен!

## **MIHEZ**

*Сахнада Бастауши.*

**Бастауши.** Сәлематсыңдар ма, балалар!

(*Күлдірген мен Бұлдірген келеді*).

**Күлдірген.** Ұшқалақ екениң өтірік пе, а?

**Бастауши.** Ау, Бұлдірген, Күлдірген, амансыңдар ма? Не болып қалды тағы да? Бұл не дау?

**Бұлдірген.** Апай, осынысы дұрыс па? Мынау Күлдірген мені «ұшқалақ» дейді...

**Күлдірген.** «Ұшқалақ» екениң өтірік пе?

**Бұлдірген.** Ұшқалақ болсаң, өзің бол, білдің бе?

**Бастауши.** Ол сөз, мүмкін, дұрыс айтылған шығар...

**Бұлдірген.** Апай, «ұшқалақ» деген – жаман сөз. Оны менің анам маған тек ұрысқанда ғана айтады.

**Күлдірген.** Бұл сөзім дұрыс! Сен ұшқалақсың.

**Бастауши.** Сендер әуелі сөздің мағынасын түсініңдер. Эр түрлі мінез болады: биязы, момын, сабырлы, дөрекі, қырыс, қиқар, ұшқалақ, женел, ауыр дегендей...

**Бұлдірген.** Сонда «ұшқалақ» деген жақсы мінез бе, апай?

**Күлдірген.** Жақсы ма, жаман ба, әйтеуір сенің мінезің ұшқалақ.

**Бұлдірген.** Ал сен ше? Сенің мінезің қандай? Айтайын ба, сен бе, сен момынсың!

**Күлдірген.** «Момын» деме мені. Мен сияқты ізетшіл, ілтипатшыл баланы «момын» демейді, «әдепті» дейді.

**Бұлдірген.**

*Ей, мыңқибай, мыңқибай,*

*Еркін сөйле мыңқимай!*

**Күлдірген.** Солай ма, а?! Ұшқалақ, ұшып қонып, елпендең, елерме сен:

Селтен етіп, секендең

Селтендеме бекер көп.

**Бастауши.** Бір-бірінді кемсітпей сөйлендер, балалар! Бұл

әдептілік емес.

**Күлдірген.** Апай, мен сыйлап, құрметтеп сөйлесем де, осы Бұлдірген-ақ бұлдіріп, мені мазақтайды да жүреді.

**Бұлдірген.** Өзін ғой «ұшқалақ» деп, мені ыза қыласың. Мен ұшқалақ болып, ұшып жүрген жоқпын ғой, сонша.

**Бастауши.** Бұлдірген, сені ұшып жүр деп кім айтады? Бірақ мінезіңің жеңіл екені көрініп түр. Оны мойындау керек.

**Бұлдірген.** Мынау Күлдірген өзінің момын екенін мойындасын.

**Күлдірген.** Мен өте момын емеспін. Сабырлы мінезді «момын» деуге болмайды.

**Бастауши.** Сендер өз мінездеріңің қандай екенін өздерің білмейсіндер. Күлдірген, сенде момындық бар екені рас. Момын болу жақсы, ал ынжық болу жаман.

**Күлдірген.** Апай, мен момын болсам да, ынжық емеспін. Шын айтам.

**Бастауши.** Әрине, сен ынжық емессің, бірақ момындық та нашар мінез.

**Күлдірген.** Апай, мен «нашар» болмаймын.

**Бұлдірген.** Апай, мені «ұшқалақ» демей, осы «жеңіл» десе қайтеді, а?

**Күлдірген.** «Жеңілтек» десе, дұрыс болар.

**Бұлдірген.** «Тек» деген қосымшаңды қоспаши, Күлдірген.

**Бастауши.** (*куліп*). Ау, айналайын, Бұлдірген, оның бәрі бір сөз емес пе? Егер «жеңілге» «текті» қоссақ, онда ол сөз «өте жеңіл» деген мағынаны білдіреді.

**Бұлдірген.** «Жеңіл» деген сонда жақсы ма?

**Күлдірген.** Иә, ауырдан гөрі жеңіл жақсы болар.

**Бастауши.** Мінездің жеңілден гөрі ауыр болғаны дұрыс.

**Бұлдірген.** Сонда мен сонша жеңіл мінездімін бе, апай?

**Бастауши.** Қандай мінездің жақсы екенін есе келе, сезіп, біліп, мінездерінді түзейсіндер. Әзірше, Күлдірген, сенің момақан екенің, ал, Бұлдірген, сенің мінезіңің ұшқалақ екені рас.

**Күлдірген.** Өскенде, мен ынжық болмаймын, апай.

**Бұлдірген.** Мен өскенде, жеңіл мінезді болмаймын.

**Бастауышы.** Міне, жақсы мінез өстіп қалыптасады. Сабырлы, салмақты, салауатты болындар!

**Екейі.** (қосылып). Рақмет, апай!

## **ЖАМАН ЖОЛДАС**

*Бастауышы мен Бұлдірген көрермендермен амандасады. Балдырган келеді.*

**Бастауышы.** Амансындар ма, балалар!

**Бұлдірген.** Сәлем, достар!

**Балдырган.** (еңтігіп келеді). Бұлдірген, сен дос емессін. Сені дос деуге болмайды.

**Бұлдірген.** Балдырган, саған не болған, сонша... әуелі мына көрермендермен амандаспайсың ба?

**Балдырган.** Сәлематсыздар ма? Ал енді сен бар ғой жаман жолдас екенсін, Бұлдірген.

**Бастауышы.** Балдырган, сен Бұлдіргенге не үшін налып жүрсін?

**Балдырган.** Апай... Бұл бар ғой, мені жауға тастан кетті...

**Бастауышы.** Тек... жауың не? Әуелі түсіндірсөнші...

**Балдырган.** Жаңа осылай қарай келе жатыр едік, Көкіштің көк иті алдымыздан арс ете қалып, қуып кеп бермесі бар ма? Бұлдірген қашып кетті, мен сасып, жата қалдым...

**Бұлдірген.** Мен қабаған иттен қашпағанда, сонша сенің қасында тұрмақтың ба?

**Бастауышы.** Сен де қашпадың ба?

**Балдырган.** Мен Бұлдірген сияқты желаяқ жүйрік емеспін ғой, апай. Сасқалақтап жата қалдым. Ит тайқып кетті...

**Бұлдірген.** Сені қабаған иттен құтқарамын деп, пәлеге қалар жайым жоқ, білдің бе?

**Бастауышы.** Жақсы жолдас өз досын жауға тастан кетпейді. Бұлдірген, сен қашсаң да, Балдырганды жетегіңе ала кетпедің бе?

**Балдырған.** Ит «арр» дегенде-ақ, бұл алды-артына қарамай зытты, апай. Бұл өзі қорқақ екен.

**Бұлдірген.** Балдырған, сен өйтіп сонша сөкпе мені, маған да жан керек, білдің бе?

**Бастауши.** Балдырған дұрыс айтады. Өуелі досым не күйде екен деп, оған көз қырын салуың керек еді.

**Бұлдірген.** Апай, өзіңіз айтыңызы, ондайда аялдауға бола ма?

**Бастауши.** Ондай қауіпті жағдайда досынмен бірге болып, оны демеп, сүйеніш болуың керек.

**Балдырған.** Бұлдірген алды-артына қарамай зытқанда, одан бетер берекем кетіп, жан тасалап, жантая кеттім... Бетімді басып алдым... Бұл бар ғой – жаман жолдас...

**Бұлдірген.** Жаман жолдас өзің, білдің бе?

**Бастауши.** Бұл жерде, Бұлдірген, сен дұрыс істемегенсің...

**Бұлдірген.** (*жыламсырап*). Апай, бұдан былай жолдасымды қауіпте қалдырмаймын.

**Бастауши.** Оның дұрыс! Шын дос досынан жанын аямайды.

**Балдырған.** Міне... Міне! Шын дос осындай болсын! Бұлдірген, сенің кемшілігің көп.

**Бұлдірген.** «Кемшілік... кемшілік» дейді. Ашық айтпайсың ба? Менің қандай кемшілігім бар сонда?!?

**Балдырған.** Сен қорқақ болма, Бұлдірген.

**Бұлдірген.** Ей! Өзің қорқақсын.

**Балдырған.** Ме-ме-мен бе? Мен, әншейін, сасқалақтап қалдым. Сен қасымда болғанда, корықпайтын едім...

**Бастауши.** «Дос жылатып айтады» деген мақал бар.

Қимас доспен келіс,

Қыындығын бөліс.

Тұнілтпесе керіс,

Түзеледі кеміс.

**Екеуі.** Макұл, апай.

## **ЖАЛҚАУЛЫҚ – ЖАМАН ҚЫЛЫҚ**

*Сахнада Ғалымбек, Күлдірген, Бұлдірген.*

**Ғалымбек.** Сәлематсыңдар ма, балалар?

**Күлдірген.** Мее-мее-мее! Мее! Мен...

**Ғалымбек.** Күлдірген, саған не болған? Неге сонша «ме-ме» деп?

**Күлдірген.** Ағай, Бұлдірген неге мені жалқау дейді, ә?

**Бұлдірген.** (кекетін).

Барақ ерте тұрмайды,

Бақта сейіл құрмайды.

Жалқаулыққа беріліп,

Жатып алар ерініп.

Соған ұқсас Күлдірген,

Жалқаулығын білдірген.

**Күлдірген.** Мен жалқау емеспін. Барақ деген жалқау балаға ұқсағым келмейді.

**Бұлдірген.** Жалқау екенің өтірік пе? Ертеңмен тұрайық, сейіл құрайық, жүр, тұр десем, ыңыранып жатып алдың ғой сонша... Жалқаусың, білдің бе?

**Күлдірген.** Мен жалқау болғым келмейді. Жатып алсам да, жалқау емеспін.

**Бұлдірген.** Жалқау болмасаң, еріншексің...

**Күлдірген.** Ағай, мынаны қарашы, еріншек дейді. Ызам келіп тұр. Түйіп жіберейін бе осы, ә?

**Бұлдірген.** Өйдейт деген... Мен шекенен шертіп жіберсем, талып түсерсің накаут болып... Білдің бе?!

**Күлдірген.** Не дейсің! Шикін-ай деген! Мен бүйірінен былай... нетіп, соғып жіберсем, қайтесің, а?!

**Бұлдірген.** «Соғып» көр... Мен соғысты жек көремін, бірақ келші өзің бері...

**Ғалымбек.**

*Кежілдесуді қойыңдар,*

*Кергуге қарсы ойын бар.*

**Құлдірген.** Сол ойынды бастаңыз, ағай, өйтпесе Бұлдірген әп десе, тап беріп тұр... Елден ұят болар, қырқысып қалсақ...

**Бұлдірген.** Өзің гой сонша... Бокстаймын, бүйірден соғамын деп тұрган.

**Құлдірген.** Ағай, кәне, жұмсаңыз бізді, кім қалай тіл алар екен.

*(Күлдірген шынықтыру әнімен жаттығу жасайды, Бұлдірген оған қосылады):*

Өмірде тірлік бар қыруар,  
Ертеңмен сергек тұрындар!  
Айтқанын істеп үлкеннің,  
Сөзіне құлақ бұрындар.  
Жалқаулықтан қашайық,  
Жаттығуларды жасайық.  
Кәнігі, ширақ қымылмен  
Кәнеки, қадам басайық.  
Алға бас, досым, бір-екі-үш,  
Тағы да біраз жүре түс.

**Фалымбек.** Міне, бұл жалқаулық емес. Екеуің де менің айтқанымды істеп, ақылдылықтарынды таныттындар.

**Құлдірген.** Мен ерінбеймін, ағай.

**Фалымбек.** Ал, қане ойынымызды одан әрі жалғастырайық.

**Бұлдірген.** Ағай, менің әжем айтты: бір бала жалқауланып жата беріпті, содан орнынан тұра алмай, өліп қалыпты...

**Фалымбек.**

Жамансың деп сөгіс айтар саған көп,  
Жатып ішер жалқаулықтан жаман жоқ.

**Құлдірген.** Мен жалқау емеспін, ағай.

**Бұлдірген.** Сен еріншексің!

**Құлдірген.** Мен ерініп не істедім, ә?

**Бұлдірген.**

Ерте тұрмай жатып алдың ерініп,  
Сейілдеуге шықпай қойдың керігіп.

**Фалымбек.** Құлдірген жалқау емес. Бірақ ерінгені... қын екен.

**Құлдірген.** Мен еріншек емеспін.

**Бұлдірген.** Ағай, онда бұл – бойкүйез.

**Құлдірген.** Ағай, Бұлдірген мені «бой киіз» дейді...

Киіз болсаң, өзің бол... білдің бе?

**Ғалымбек.** «Бой киіз» емес, «бойкүйез». Яғни, іске бой ұсынбай, ықылас қоймай, ерінсе, ондайды «бойкүйез» дейді.

**Құлдірген.** Бәрібір мен ондай «күйез» болмаймын.

**Бұлдірген.** Ағай, бұл онда – керенау.

**Құлдірген.** Ағай, Бұлдірген мені «керен-ау» дейді. Менің керен емес екенімді өзіңіз біліп тұрсыз фой.

**Бұлдірген.**

Еңбек десе ерінеді,

Ерінбесе, керігеді.

Іске марғай,

– Ол кім?

– Жалқау.

**Ғалымбек.** Кергу де, керенаулық та, еріншектік те сол жалқаулық деген жаман құлыққа апаратын нәрсе.

**Құлдірген.** Ағай, мен енді білдім: керенау болып кергу, кері кету, еріну, ессіз болу, жалқаулық – жаман құлық, яғни өзін-өзі корлау.

**Ғалымбек.** Міне, сөз мағынасын енді жақсы түсіндің.

**Бұлдірген.** Ағай, ақыл болған жерде жалқаулық бола ма? Ес болған жерде еріншектік бола ма?

**Ғалымбек.** Әрине, ақыл мен ес бар жерде ешбір жаман құлықтың болуы мүмкін емес.

**Бұлдірген.** Онда сіз не себептен Құлдірген ақылды деп тұрсыз?

**Ғалымбек.** Мен Құлдіргеннің ақылы бар болған соң, ақылды іс-эрекетін қуаттаймын. «Ақыл мен еңбек бәрін де жеңбек».

**Құлдірген.** Бұлдірген, сен өзінді «данышпанмын» деп есептейсің бе?

**Бұлдірген.** Мен өзімді сонша асыра бағаламаймын... Бірақ сенің кемшілігінді айтуда тиіспін.

**Құлдірген.** Несі бар! Ақылыммен түзеймін, кемшілігім болса, айт.

**Ғалымбек.** Құлдірген дұрыс айтады. Кемшіліксіз пендे болмайды, бірақ сол кемшілікті ақылға салып, түзей білу керек.

**Бұлдірген.** Жалқаулықты да солай жоюға бола ма, ағай?

**Ғалымбек.** Ақылмен нениң жаман екенін білсөн, сол жаман құлықты болдырмау үшін әрекет жасайсын.

**Бұлдірген.** Ал, мынау Құлдіргенде, меніңше, ақыл көп болғанмен, әрекет аз-ау деп, қорқамын.

**Құлдірген.** Ол жағынан қорықпа, бәрі болады. Енді ерте тұрамын. Ерінбеймін!

**Ғалымбек.**

Ерте тұрган жанның бір ісі бар,

Еңбек етсе, көретін ырысы бар.

Еңбек – бақыт, қуаныш. Сол үшін де

Еңбек етіп, жақсыға тырысындар.

**Құлдірген, Бұлдірген:** Макұл, ағай!



## **ҚОРҚАҚ**

*Бастауши көрермендермен амандаса бергенде, Бұлдіргенди қуып, Білдірген келеді.*

**Бұлдірген.** (*қашып кіреді*). Мен қайтсан де, бармаймын, білдің бе?

**Білдірген.** Бұлдірген, аптықпа, қактықпа, тоқта! Сабыр ет! Корықпа!

**Бұлдірген.** Мен қорқып жүрген жоқпын. Мен... Мен қашып жүрмін, білдің бе?

**Білдірген.** Корықпасан, неге қашасың, ә?

**Бастауши.** Бұл қалай, Бұлдірген? Неге сонша қашып жүрсің?

**Білдірген.** Апай, бұл өзі қорқақ екен. Дәмелі апай укол салып, дәрі егейін деп еді, бұл қаша жөнелді. Содан бүгін кешке дейін осыны қуып, әуре-сарсаң болып, өкпем өшті...

**Бұлдірген.** Сен мені қумай-ақ, батыр болсан, өзің укол салдыра бермейсің бе? Менің сонымнан сораң шыққанша жүгірдің. Мен қорқақ емеспін, өзің қорқақсың, білдің бе?

**Білдірген.** Мен сені... былай ем қабылдауга көндірейін деп едім... Емнен қашуға болмайды...

**Бастауши.** Бірің «қашып», екіншің «куып», екеуің де ем қабылдамағандарың дұрыс болмаған.

**Бұлдірген.** Апай, апай десе... Мен осы ине сұғып емдегенді жек көремін... Өйтіп емдемей-ақ қойса, неғылады?

**Бастауши.** Емнен бекер қашқансындар. Сендер түрлі жүқпалы аурумен ауырмаяуларың үшін, дәрігергे арқамды тосып көрермін...

**Білдірген.** Айттым фой саган. Қашпа, ем қабылдайық десем, болмайсың.

**Бұлдірген.** Білдірген, сен дірілдеме. Ер болсаң, ем қабылда, содан кейін мен де барып, дәрігерге арқамды тосып көрермін...

**Білдірген.** Дәмелі апай: «Дәрі егемін, Бұлдіргенді қөндір, көнбесе, ұстап әкел» деп, мені жұмсаған. Мен үлкен кісінің тілін алудым керек.

**Бастауши.** Үлкен кісінің тілін алу, сыйлау, инабатты болу, ізеттік жасау, әрине, дұрыс...

**Білдірген.** Айттым ғой, Бұлдірген! Қорықпа, қасында мен жүрмін ғой. Мен қолыңнан ұстап тұрамын.

**Бұлдірген.** Сен өзің сонда укол салдырмайсың ба?

**Білдірген.** Мен сен құсан қаша жөнелген жоқпын ғой. «Одан да дәрігерге өзіміз барайық, кешірім сұрап, емін қабылдайық», – демедім бе.

**Бастауши.** Білдіргеннің ұсынысы дұрыс. Тәртіп бұзбай, дәрігердің айтқанын орындаңдар.

**Бұлдірген.** Мен өйтіп... емдегенді онша «ұнатпаймын...» Мен қорқып жүрген жоқпын ап... апай..

**Білдірген.** Сейт. Сен қорықпа! Тіпті түн ішінде – қараңғыда көзіне неше түрлі құбыжықтар елестесе де, үрейленбей, қасқайып, былай маған ұксап тұрып ал.

**Бұлдірген.** Ой, «батырым-ай!» Тас қараңғы болса да, менің көзіме «құбыжықтар» елестемейді. Ал сен болсаң, үрейің ұшып, қорқасың, білдің бе?

**Білдірген.** Мен қорықпаймын. Бірақ шошитыным рас. Қатты шошысам, екі көзімді тарс жұмып алам да, онға дейін санаймын... Сонда бекерге қорыққанымды байқап батылданамын...

**Бастауши.** (*күліп*). Байқаймын, Білдірген, сенің өзің де онша батыр емес сияқтысың. «Шошу» үрей туғызады, үрей батылдық емес.

**Бұлдірген.** Апай, мен ешуақытта үрейленіп көрген емеспін, тек шошимын.

**Білдірген.** Сен үрейленбесен, неге уколдан қашып жүрсің. Қалышлап, дірілдеп қаша жөнелгениң өтірік пе?

**Бастауши.** Екі дос бір-бірінді мұқатпай-ақ қойындар. Одан да дәрігерге барып, ем қабылдандар.

**Бұлдірген.** Апай, мен Сіздің тіліңізді аламын. Бірақ Білдірген емді бірінші болып қабылдасын. Мен бірінші орынға таласпай-ақ қояйын...

**Білдірген.** Дәрігер: «Бұлдірген, айналайын, сені бірінші емдеймін» деп, ілтипат көрсетіп тұрса, сен қарсы боласың ба?

**Бұлдірген.** Макұл, ал сен баста, мен қостаймын. Не болса да, екеуіміз бірге көрейік. Мен досымнан озып, оның алдын кес кестемей-ақ қояйын.

**Бастаушы.** Үрэйлену – ауру. Батылдыққа үйрену керек.

**Білдірген.** Айттым ғой... Укол салғызбасаң, әрі қорқып, үрей ауруына шалдығасың, әрі жүқпалы аурумен ауырасың. Одан да қорықпа...

**Бұлдірген.** Сен өзің ше?

**Білдірген.** Мен де сенен қалмай, қасында жүремін ғой, былай өзімді-өзім тәрбиелеп, батыл болуға талпынып дегендей...

**Бастаушы.** Онда батыл болуды дәрігердің емін қабылдаудан бастандар.

**Білдірген, Бұлдірген.** Макұл, апай!



## **«ЖЫРТҚЫШ»**

*Сахнага әуелі Бастаушы, кейін Бұлдірген, сосын Күлдірген шыгады.*

**Бастаушы.** Сәлематсындар ма, балалар!

**Бұлдірген.** (*Күлдіргенге ренжіп келеді*). Мен жыртқыш емеспін, біліп қой!

**Күлдірген.** Сен жыртқыш екенінді мойында, білдің бе?

**Бастаушы.** Ау, бұл не реніш, достар?

**Бұлдірген.** Апай, мынау Күлдірген мені «жыртқыш» деп, мазақтайды.

**Күлдірген.** Апай, Бұлдіргеннің жыртқыш екені рас.

**Бұлдірген.** Мен «жыртқыш» боп нені бұлдіріппін? «Жыртқыш» деп, аңды айтады, білдің бе?

**Бастаушы.** Күлдірген, сен әуелі түсіндірші, Бұлдіргенге не себептен «жыртқыш» деген ат қойдың?

**Күлдірген.** Апай, Бұлдірген кітаптан, не журналдан сурет көрсе, жыртып алады...

**Бұлдірген.** Ол «жыртқыштық» емес қой сонша...

**Бастаушы.** Бұлдірген, сенің кітап пен журнал беттерінен жыртатының рас па?

**Бұлдірген.** Апай, мен кітапты жыртпаймын, мен кітаптың ішіндегі суретті ұнатсам, иә... қырқып аламын...

**Бастаушы.** «Қырқып» алу – жыртып алу деген сөз.

**Бұлдірген.** Апай, Күлдірген неге мені «жыртқыш» дейді, а?

**Күлдірген.** Мен сені сонда «жыртқыш» демей, «қыртқыш» деймін бе, әлде «құртқыш» деймін бе?

**Бұлдірген.** Қалай десен, олай де, мен «жыртқыш» емеспін. «Жыртқыш» деп, қасқырды айтады.

**Бастаушы.** Бұлдірген, сен көnlіңе ауыр алсаң да, Күлдірген дұрыс айтады. Кітапты жыртқанды да «жыртқыш» деуге болады. Өйткені кітап – жансыз болса да, жанды заттай қымбат нәрсе... Сондықтан оны жыртуға болмайды.

**Күлдірген.** Айттым ғой, жыртпа десем, болмайсын.

**Бұлдірген.** Мен сонда не бұлдірдім?

**Күлдірген.** Сен «Жаратылыстану» кітабынан жемістердің суреттерін қырқып алғансын. «Ауыл шаруашылығы» журналынан қойдың суретін қырқып алдың, рас қой?

**Бұлдірген.** Сол ұсақ-түйек үшін мені «жыртқыш» деуге қалай аузың барады?

**Бастауши.** Бұлдірген, сен әуелі түсініп ал, ол «ұсақ-түйек» емес. Кітап – қымбат зат. Сен оны жыртып, бұлдірдің, сол жақсы ма?

**Бұлдірген.** Апай, кітап онша бұлінген жоқ қой, жыртылғанмен, күртүлған жоқ.

**Күлдірген.** Бұлдірген, сен жыртқан әрбір беттегі қанша сөз жоқ болды. Ол кітапты көрген окушылар не дейді?

**Бастауши.** Кітап – біздің мұрамыз. Оны бұлдіру – қылмыс.

**Бұлдірген.** Апай, мен қылмыс жасаған жоқпын... мен кітапты құртайын деп ойлаған жоқпын... Керек болса, жыртқан суреттерімді қайтадан жапсырып қоямын.

**Күлдірген.** Бәрібір сен суретті қайта жапсырсан да, кітап бұлінді.

**Бастауши.** Біз балаларға: кітапты күтіп ұстандар, оның бетін сыйбандар, кітапты кірлетпендер деп, үретеміз. Бұлдірген сен окушыларды үлкен ұятқа қалдырған екенсін.

**Бұлдірген.** Апай, мен енді түсіндім, бұдан былай кітап, журнал, альбом дегеннің бірін де жыртпаймын...

**Күлдірген.** Міне, мұның дұрыс.

**Бастауши.** Айтқан сөзді орындаі білу – жақсы дағды.

**Бұлдірген.** Апай, Күлдірген мені бұдан былай «жыртқыш» демесін, айтып қойынызшы бұған....

**Күлдірген.** Егер сен енді бұдан былай кітап-журналды жырпайтын болсаң, «жыртқыш» демеймін. Ал, бар ғой журналдан бір суретті жыртқаныңды көрсем, тұра апайдың алдына сені сүйреп әкелемін, білдің бе?

**Бұлдірген.** Сонда қажет болған суретті де қырқып алмау керек пе?

**Бастауши.** Керекті нәрсе орнында тұрсын. Сен «көрек» деп қырқып алсан, ол зат орнынан жоғалады да, басқаларға табылмай қалады.

**Құлдірген.** Апай, бұл Бұлдірген «көрек» деп, талай кітапты тағы да қырқып, құртып жүрмесін...

**Бұлдірген.** Мен түсіндім. Әр нәрсе өз орнында тұруы керек екен. Өйткені, әрбір зат бір ғана маған емес, басқаларға да керек болады екен. Мен енді кітапты жыртпаймын.... Шын сөзім!

**Құлдірген.** Міне, бұл сөзің – дұрыс. Ал әлгі... «жыртқыштығың» үшін біз сені жазалауымыз керек...

**Бастауши.** Кітапты құтіп ұстау туралы мына бір тақпақты оқып берейін, сендер жаттап алыңдар:

«Кітап – білім бұлағы,

Білім – өмір шырағы.»

Оқудың әр құралы

Ой-білімді құрады.

Білсен, досым, бұларды,

Бізге қымбат тұрады.

Жыртып құртпа құралды:

«Судың да бар сұрауы».

**Құлдірген.** Апай, мен бұл тақпақты қазір-ақ жатқа айтамын (қайталаіды). Мен «жыртқыш» болмаймын.



## **ШЫНШЫЛ БОЛАМЫН**

*Бастауши мен Бұлдірген көрермендермен амандаса бергенде,  
аптығып Күлдірген келеді.*

**Бастауши.** Сәламатсыңдар ма, балалар!

**Білдірген.** Сәлем, достар! (*аптығып Күлдірген келеді*).

**Күлдірген.** Сәлем, апай, Бұлдірген, ардақты көрермен достар!

**Бастауши.** Күлдірген, сен сонша қуаныштысың ғой. Иә, әуелі бізге айтшы, қуанышыңа біз де ортақтасайық.

**Күлдірген.** Апай, апорт алма пісіпті, маған Әділет досым үлкендігі доптай қып-қызыл, жұпар иісті, қышқылтым-тәтті дәмді апорт алмасын әкеліп берді.

**Білдірген.** Күлдірген, мұның енді өтірік.

**Күлдірген.** Бұлдірген, сен мені өйтіп ызаландырма! Мен өтірік айтпаймын білдің бе?

**Білдірген.** Сен «апорт алмасы доптай» дейсің. Осының дұрыс па?

**Күлдірген.** Мен «доп» дегендे, апорт алмасы футбол добындан үлкен дегем жоқ қой... Ол деген кәдімгі өзіміз ойнап жүрген қақпа доптың үлкендігіндей...

**Бастауши.** Бұлдірген дұрыс айтады. Сен бұл жерде өтірік айтып тұрсың. «Өтірік сез өрге бастырмайды».

**Күлдірген.** Апай, кешіріңіз, шынында апорт алмасы доптай екен.

**Білдірген.** Өтірік айтқан баланы мұғалімдер де, достары да жек көреді, білдің бе?

**Күлдірген.** Мен өтірікші бала емеспін, мен ақ көңіл, ак ниеттімін, біліп ал, досым...

**Білдірген.** Ақ көңіл болсаң, ақылды бол. Әуелі шындықты қөлегейлемей, ақиқатты ашық айт, білдің бе?

**Күлдірген.** Мен анау Кейітқұл сияқты кербакқан, өтірікші емеспін. Ол өтірік айтып, жүртты кейітеді де жүреді.

**Білдірген.** Кейіткүл деген анау маңдайы тырысып, денесі күрьесіп жүретін, кері сөйлеп, кесірленіп жүретін бала ма?

**Күлдірген.** Сол бала «ауырып қалдым» деп, өтірік айтып, сабактан қалады. Егер «екі» алыш қалса, күнделігіне баға қойдырмай, «күнделігім үйде қалыпты» деп, мұғалімді алдайды.

**Білдірген.** Міне, көрдің бе? Сен жүртты кейітіп жүрген Кейіткүлден үлгі алма. Сенің өтірік айтқаның менің де намысъима тиеді, досым.

**Күлдірген.** Бұлдірген, мен өтірікші емеспін. Сен мені өйтіп масқаралама, білдің бе?

**Білдірген.** Жә-жә! «А» дегенше, ашуланып шыға келесін. Сенің осындай ұшқалақтығың да менің намысъима тиеді.

**Бастауши.** Күлдірген, әуелі өтіріктің өмірге зиян екенін біліп ал, содан кейін тек шындықты айт.

**Күлдірген.** Мен – шыншылмын, апай! Мен өлсем де өтірік айтпаймын, апай.

**Бастауши.** Шындық – ұлы құш. Адамдық борыш, ар-намыс шыншыл болуды талап етеді. Өтірікші болу – өліммен тең.

**Білдірген.** Ақиқатқа бас ию, әділеттік, шыншылдық, турашылдық, жариялыштық жақсы қасиет қой апай, ә?

**Күлдірген.** Мен әрқашан да шыншыл боламын!



## **ГИМНАСТИКА**

*Сахнага Күлдірген мен Білдірген гимнастика (жаттығу)  
жасап шыгады.*

**Күлдірген және Білдірген (гимнастика жасап, тақпақтан):**

Қолды серме: Спорт салты:  
Бір-е-кі-ұш! Ерінбейміз!  
Кеуде кер де, Жеті-сегіз!..  
Дем а-ла-тұс. Шынығамыз,  
Төрт-бес-алты! Жетілеміз,  
Керілеміз, Тынығамыз!

**Күлдірген.** Білдірген, жарайсың тіпті қызша майысып, өзің  
жаттығуды жақсы орындауды екенсін.

**Білдірген.** Мынау көрермен балалардың бәрі де қунде ерте  
тұрып, естіп жаттығу жасап, жан сергітеді.

**Күлдірген.** Біз де бұдан былай үзбей гимнастика жасайық:  
Жалқау болма мұлде,  
Шынығайық қүнде!

**Білдірген.** Есінде болсын, Күлдірген, әуелі біраз жүгіріп ал,  
садан кейін қолдарыңды сермеп, өрге көтеріп, мойныңды, бел,  
тізе... башпайыңды бәрін қымылдат:

Қаның жүреді,  
Жаның кіреді.

**Күлдірген.** Мұның дұрыс, Білдірген. Мұның бәрін саған кім  
үйретті?

**Білдірген.** Маған гимнастика жасауды Әділет ағай үйретті.  
Шынықпасаң, болбыр болып кетесің деді.

**Күлдірген.** Шынында, шынықпаган жаман екен-ау, ә?

**Білдірген.** Солай! (жаттыға береді).

Бір-екі-ұш!..  
Жи-нап күш,

Жаттыға береміз,  
Шынықсын денеміз!

**Ғалымбек.** (сүйсіне келеді). Сәлем, Білдіреген, Құлдірген, амансыңдар ма? Міне, өстіп, дene шынықтырумен шұғылдансандар, денелерің сымбатты, өздерің сұлу боласыңдар.

**Білдірген.** Ағай, біз гимнастика жасауды үйреніп алдық. Кел, Құлдірген, жаттығуларды орындайық.

**Құлдірген мен Білдірген.** (*тақпақтан, гимнастика жасайды*).

Алға сермеп қолдарды, Жасыл жаздың нұрымен  
Ойнатамыз тізені, Ауасына қанамыз.

Жанға қуат мол бәрі. Жүгіріп те секіріп,  
Жаттығамыз біз енді, Шынығамыз қызып қан.  
Демді жайлап мұрынмен Еріншектер өкініп,  
Ішке терең аламыз. Құр қалады қызықтан.

**Ғалымбек.** Ерте тұрып, таза ауада бой сергітіп, гимнастика-  
мен шұғылдану – бәріміздің де міндетіміз:

Бір-екі-ұш! – де.

Ауа таза.

Күш қос күшке.

Жүрме кергіп,

Жасыл жазда.

Бойды сергіт!

**Құлдірген мен Білдірген.** (*гимнастика жасайды*).

Олақ болма,

Ал дем енді...

Оңға, солға,

Аптықпа тым,

Артқа, алға

Жаттыққасын,

Бар дененді

Дайын суың,

Иіп ал да,

Таза жуын!

**Құлдірген.** Ағай, мынандай жарқын жылды жайда кейір

балалар төсектен тұруға ерініп:

Тұске дейін жатады Ондай бала оңа ма?

Ұйқысына батады. Ойы сергек бола ма?

**Білдірген.** Құлдірген дұрыс айтады:

Олақ, салақ, сабалақ,

Болбыр болу жаман-ақ!

**Ғалымбек.** Ерте тұрып, керіліп-созылмайтын адам болмайды. Бірақ, гимнастика жасауды әдетке айналдыру керек. Бұл өзі – бүкіл елдің дәстүрі.

**Білдірген.** Біздің Әділет ағай күнде ертеңмен тұрып, аулада өкпесі өшіп, жүрегі алқынғанша жүгіреді.

**Құлдірген.** Сонша жүгіре бергенше, жаттығулар орындау керек емес пе, ағай, ә?

**Ғалымбек.** Жүтірудің де шегі бар. Өкпені өшіктірмеу керек.

**Бұлдірген, Құлдірген.**

(әндеміп, дene шынықтырады).

Шығып гүлді алаңға, Солға бір

Шынықса кім әманда, Иіл де,

Шымырланып толады, Жиілеп

Шын балуан болады! Дененді

Бір-екі-ұш! Сен енді

Үдет күш! Шынықтыр!

Оңға бір, Содан соң

Тынықтыр!

**Ғалымбек.** Жарайсындар!



## **ҚҰС ҰЯСЫН БҰЗБАҢДАР !**

*Сахнага Білдірген шығады.*

**Білдірген.** Сәлематсыңдар ма, балалар! (*Күлдірген келеді*).

**Күлдірген.** Амансыңдар ма, достар!

**Білдірген.** Құлдірген, аман ба? Кейіп жүрсің гой өзің?

**Күлдірген.** Бір балаға қатты өкпелеп келдім. Өзім оны жақсы көруші едім, енді тіптен жек көріп кеттім.

**Білдірген.** Ол кім өзі? Ол не істеп қойды сонша?

**Күлдірген.** Көмек ағайдың Көшен деген баласы... Мен баққа бардым... Сосын қарасам, ол құстардың ұясын бұзып, жұмыртқаларын жарып жүр.

**Білдірген.** Мынау нағыз қылмыс қой... Сен оған құстардың ұясын бұзба деп айтпадың ба?

**Күлдірген.** Мен шыр-пыр болып, «Ұяны бұзба, ол – құстардың үйі, жұмыртқаны жарма, ол – болашақ құстар фой» десем, ол менің сөзімді тыңдамай қойды. Сосын оның сотқарлығына шыдамай, аздап жағаласып қалдым...

**Білдірген.** Құлдірген, сен босқа шырқырай бересің... Көшенге құстардың пайдасы бар, олар біздің досымыз, оларға қастандық жасама деп, жағаласпай, жайша айтпайсың ба?

**Күлдірген.** Ол құстарды айырсадақпен атып, өлтіріп жүр... Бұл не деген сүмдик!

**Білдірген.** Абыржыма, Құлдірген. Тентек өз жазасын тартады.

**Күлдірген.** Ол жазасын тартқанға дейін талай құсты таспен атып, жайрататын болды фой...

**Білдірген.** Иә, Көшен құстарды аямайды... Сондықтан оған ертерек тыйым салу керек.

**Күлдірген.** Осында озбыр тентек болмаса, құстар бізден қашпас та еди. Қарлығаш адамның достығын ұғынып, тіпті үй ішіне ұя салады, көгершін иыққа қонып, қолдан жем жейді...

**Білдірген.** Сен дұрыс айтасың. Ойлап қарасақ, осы құстардың адамдарға қаншама достығы мен пайдасы бар? Құстар

егінге, баққа, барлық өсімдікке зиянды шыбын-шіркейлерді, күрттарды, шегірткелерді теріп жейді, орманды құрттан қорғап, «орман дәрігері» атанған құс та бар.

**Күлдірген.** «Дәрігер құсты» мен білем. Ол – тоқылдақ. Тоқылдақ тіпті талдың қабығының астында жатқан құртты да ісінен біліп, оны шоқиды.

**Білдірген.** Тоқылдақтың ағашты емдең, тоқылдатқанын мен де естігенмін. Тоқылдақ әуелі тұмсығымен іскең, талдың құрттаған жерін біледі де, соны «емдейді».

**Күлдірген.** Мен өсімдіктерге емші болып, күні-түні тынбайтын Колибры деген кішкентай құс туралы тақпақ білемін:

Үш-төрт грамм салмағы

Құс ұшты да самғады.

Шіркей аулап Колибры,

Титтей тыным алмады.

Гүлдерді ол баптап жүр,

Ыстық жақта қаптап жүр.

**Білдірген.** Құстар – табигаттың көркі. Олардың ғажап әндері адамға ерекше әсер етеді. Таң атардағы бұлбұлдың әні, сәске түстегі бозторғай мен көкектің әні керемет қой... Солай емес пе, Күлдірген?

**Күлдірген.** Білесің бе, Білдірген, қара торғай бұлбұлдың, бозторғайдың, сары торғайдың әндерін араластырып салады... Онысы қалай?

**Білдірген.** Қара торғай – көктемде алғаш ұшып келетін жыл құсы. Сондықтан бұлбұл сияқты құстар келгенше, соларды жоқтатпайын деп жорамалдап, кейін келетін құстардың да әнін салатын шығар.

**Күлдірген.** Тыңдашы, Білдірген, мен неше түрлі құстардың үнін сала аламын. (*Ол бұлбұлдың, бозторғайдың, қараторғайдың, үнін салады*). Сен айтшы, мен қандай құстардың үнін салдым?

**Білдірген.** Сенің салғаның бұлбұл, бозторғай және қараторғайдың даусы ғой. Иә, жаздықұні көл жағасына барып түрсан, көптеген әнді тыңдайсың. Бәрі де сүйкімді-ак:

Сан алуан әні бар,

Сайрауының мәні бар,  
Құстар – біздің досымыз,  
Құрметтейік досты біз.

**Құлдірген.** Құстарды қорғау үшін, Көшендей тентек балалардың жазасын беру керек. Олар құс ұясын бұзбасын!

**Білдірген.** Ұсынысын дұрыс, құстардың жаулары аяусыз жазаланады.

**Құлдірген.** Балалар, Сіздерге бір тілек: Құс ұясын бұзбаңдар!

## **ТҮЙЕ, ТҮЙЕ, ТҮЙЕЛЕР...**

*Сахнага Білдірген мен Құлдірген шығады.*

**Білдірген.** Сәлематсындар ма, балалар!

**Құлдірген.** Сәлем, достар!

**Білдірген.** Балалар, сендер түйе малын жасына қарай атауды білесіндер ме?

**Құлдірген.** Мен білем.

**Білдірген.** Білсең, айта ғой, Құлдірген.

**Құлдірген.** Түйе дегеніміз – түйе... бота, тайлақ... солай емес пе, балалар, ә?

**Білдірген.** Құлдірген, сен әуелі түйе малын жасына қарай ажыратып ата.

**Құлдірген.** Білсең, өзің айтши: түйелерді жасына қарай қалай атайды?

**Білдірген.** Ең әуелі жас туған кезінде «бота» деп аталады, бір-екі жасқа шыққанда – «тайлақ», содан соң...

**Құлдірген.** Білдірген, мен солай деп атадым ғой...

**Білдірген.** Құлдірген, сен мені білмейсің деп, өзіңді білгішке санама. Сен өзің де қасиетті тулікті жасына қарай ажырата алмай тұрсың.

**Құлдірген.** Бота, тайлақ, түйе... Міне, одан басқа қандай атаяу бар?

**Білдірген.** Түйені жасына қарай халық бота, тайлақ, інген, атан деп және де буыршын, бура деп ажыратады. Өркешіне қарай түйе қос өркешті (айыр түйе) қоспак, нар түйе деп аталады.

**Күлдірген.** «Қоспак» ол түйе емес... біліп қой.

**Білдірген.** Әуелі біліп алу керек. Қос өркеші біріккен түйелерді халық «қоспак» дейді, ал жалғыз өркешті түйелерді нар дейді.

**Күлдірген.** Сонда нардың бота, тайлағы болмай ма?

**Білдірген.** Қос өркешті және қоспак түйе сияқты нардың да нар ботасы бар, нар тайлағы, нар інгені болады. Ал, атан түйе жасына келген нарды халық үлек дейді. Нардың да буыршыны, буласы болады. Атам түйенің, әсіресе, шұбатын мақтап отырады.

**Күлдірген.** Шұбат деген не? Шуданың шұбатылған түрі ме?

**Білдірген.** Шұбат – түйенің сүтін қайнатып, күбіге ашытып жасаған тағам, әрі сусын.

**Күлдірген.** Білсөн, айтшы, Білдірген, түйенің сүті де ешкінің сүті сияқты адамға жұғымды бола ма? Түйенің сүтін ішкен адам түйедей болып өсіп кететін шығар, ә?

**Білдірген.** Түйенің шұбаты – ауруға ем, дертке – қуат, ол жылқының қымызынан кем емес, қайта қымыздан көрі шұбат қою да майлыш болады.

**Күлдірген.** Осы сен білесің бе? Ерте кезде түйе қазіргі пойыз сияқты болды дейді ғой атам, сол рас па?

**Білдірген.** Күлдірген, сен қызық екенсің, түйенің жаны бар, ал, пойызды адам жүргізбей ме?

**Күлдірген.** Мен суреттен көрдім, пойыздың вагондарын тіркегендей түйелерді бірінен соң бірін тіркеп алған, ол пойыз сияқты.

**Білдірген.** Иә, пойыз жоқ кезде халық түйелерге жүк артып, оларды Ұзақ жолға пойызша пайдаланған. Керуен тартқан.

**Күлдірген.** Керуен деген не?

**Білдірген.** Түйелерге жүк артып, бірінің соңынан бірін тізбектеп жүргізу «керуен» дейді халық.

**Күлдірген.** «Керуен» деген сөз қазіргі «пойыз» деген сөз емес пе, сонда?

**Білдірген.** Керуен деген керу, тізбектеу деген сөзден шыққан. Керуен иелері түйелердің апта бойы су ішпей, суга, шөлге шыдайтынын пайдаланған. Сейтіп, қашық жерге керуен тартқан

Маң-маң басқан

Шудаларын шаң басқан,

Жеген оты өрістен –

Алабота, теріскен.

Мұрындығы келіскен,

«Шек!» дегенде, «бық» деген,

Шөгеріп жұрт жүктеген,

«Бө-бө» деген әні бар,

Түйе мықты жануар! –деп, халқымыз түйені өлеңге қосқан.

**Күлдірген.** Бұл тақпақты мен қазір-ақ жаттап алдым (*тақпақты қайталаіды*).

**Білдірген.** Рахмет, Күлдірген. Әр түліктің аты-жөнін, қадір-қасиетін өстіп біліп алу керек.

**Күлдірген.** Балалар, бәріміз де түлектерді атай білейік, мақұл ма?!

## **ТЕЛЕФОН**

**Қатысушылар:** 7-сынып оқушылары Самат пен Күлдірген.

*Жеке болмеде Самат сабакқа дайындалып отыр. Қатардағы телефон дүңгіришегінде Күлдірген телефон соғып тұр.*

**Самат:** (Абай өлеңін оқиды).

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қыыннан қыстырыар ер данасы...

**Күлдірген:** Аллоо! Аллоо!

**Самат:** (Телефон трубканы көтеріп, қайта қояды).

**Күлдірген:** Алло-алло-алло! Самат барсың ба? Аллоо!

**Самат:** (трубканы көтеріп). Алло! Бұл кім?

**Күлдірген:** Бұл мен ғой, Самат. Немене танымай қалдың ба?

**Самат:** Күлдірген, не айтайын деп едің?

**Күлдірген:** Самат, футбол ойнаймыз, Алаңға тез жет...

**Самат:** Мен шыгарма жазып отыр едім... Бара алмаймын.

**Күлдірген:** Самат, сен неге, осы, басынды ауырта бересің.

**Самат:** Мен басымды ауыртып отырган жоқпын... Миыма жұмыс істетіп отырмын.

**Күлдірген:** Сен миңды ашытпа? Компьютерден бір шығарманы көшіріп ал да, агадың алдында оқып бер.

**Самат:** Күлдірген сен қызық екенсің, шыгарма деген ойдан шығады, ол компьютерден шықпайды.

**Күлдірген:** Ей, сен қайтесің? Менің ақылымды орындасаң жаман болмайсың... Солай ет...

**Самат:** Күлдірген... Өз ақылдың өзіне! Білімді миға қондыру керек, білім компьютерден көшірілмейді.

**Күлдірген:** Ей, сен өзін қалайсың? Енді сен өзің маған ақыл айттын болғансың ба?

**Самат:** Күлдірген, саған ақыл айтпаймын... мылжындасуға уақтым жетпейді.

**Күлдірген:** Ей, сен кімді мылжың деп тұрсың?

**Самат:** Күлдірген сен көп сөйлеме...

**Күлдірген:** Ей, сен өзің, мені кім деп жүрсің?

**Самат:** Күлдіргенсің, бүлдіргенсің – солай...

**Күлдірген:** Ей сен өзің мені неге мазақ қыласын, ә? Кешке дүкеннің қасына кел! Жекпе-жекке! Жекпе-жек!

**Самат:** Күлдірген, сен «жекпе-жекті» кинодан көріп, маған кокандама. Ондай бұзықтыққа үйрететін киноны мен көрмеймін.

**Күлдірген:** Сен не кино көрмейсің, не футбол ойнамайсың... Топассың, білдің бе?

**Самат:** Күлдірген, кімнің топас екенін өмір көрсетеді.

**Күлдірген:** Эй сен, өзі, өмір дегеннің не екеннін білесің бе?

**Самат:** Сол өмірді білу үшін оку керек. Ойын қашпайды.

**Күлдірген:** Сенің оқудың түбіне жеткенінді көрермін...

**Самат:** Көресің! (құлаққағарды қоя салады).

**Күлдірген:** Алло? Алло-алло-алло! Міне, Самат осындаі қырсық оқушы. (Көрермендерге қарап). Жүртym? Кімдікі дұрыс. Бұған не дейсіндер, ә?

## **ҚӨКТЕМ КЕЛДІ, АЛАҚАЙ!**

*Сахнада қөктем көріністері. Сахнага Ұстаз, Құлдірген мен Бұлдірген шығады.*

**Бұлдірген мен Құлдірген.**

Сәлеметсіндер ме, балалар!

**Бұлдірген.** Мерекелі жадыраған жасыл қөктем құтты болсын, достар!

**Ұстаз.** Бәрекелі, мерекелі бейбітшілік қөктемі – зор қуаныш. Шат-шадыман бақытты қөктем аяулы аналар мерекесімен басталады.

**Бұлдірген.** Апай, қөктем наурыз айынан басталады десем Құлдірген сенбейді.

**Құлдірген.** Қыс айлары: желтоқсан, қантар, акпан... Наурыз – қөктем бе сонда?

**Ұстаз.** Бұлдірген дұрыс айтады... қөктем наурыз айынан басталады.

**Құлдірген.** Сонда қөктем: наурыз, сәуір, мамыр айлары ма?

**Бұлдірген.** Әрине, сен білмейсің бе? Қөктемде мерекелер басталады.

**Ұстаз.** Бұлдірген дұрыс айтады.

**Құлдірген.** Ең бір гүлді, нұрлы айлар – қөктем айлары еken ғой!

**Ұстаз.** Қөктемде жыл құстары келеді. Қар кетіп, жер көгереді. Мал төлдеп, шаруа егін салады, бағбан ағаш отырғызып, гүл өсіреді.

**Бұлдірген.** Апай, біз құлдірген екеуміз қараторғайдың ұшып келгенін көріп, қуанып қалдық. Ол өзінің үйшігіне қонып алып, сан алуан құбылтып сайрап отыр.

**Ұстаз.** Жыл құстары жылы жақтан ұшып келе бастады. Қикулай әндептіп, кен аспанды сәндептіп тырналар келеді. Қатар түзіп, каз-үйрек келеді.

**Құлдірген.** Апай, қаз үйректер ауылда да бар емес пе? Олар да жыл құстары ма?

**Бұлдірген.** Күлдірген, ауылдағы қаз үйректер қолға үйретілген, олар алысқа ұша алмайды, үйренген жерден кетпейді. Ал, анау қаз-үйректер – алысқа талмай ұшатын құстар.

**Күлдірген.** Олар нағыз спортшылар екен. Солай емес пе, апай, ә?

**Ұстаз.** Рас айтасың. Кіп кішкентай қарлығаш мындаған километр алысқа қонбай ұшады.

**Бұлдірген.** Апай, Сіз егіндікті жыртып жатқан жерге барып көрдіңіз бе? Қарлығаштар қалқып ұшып, басқа құстар да қаптай конып, жыртылған жерден шыбын шіркейлерді теріп жеп жүр.

**Күлдірген.** Жыл құстары өстіп егін жауларын жер жыртылғаннан бастап жеп жояды екен. Солай емес пе, Бұлдірген, иә?

**Бұлдірген.** Олар егіннің, бақтың қорғаушылары, білдің бе?

**Күлдірген.** Апай, көктем келгенге дейін де, көктеп өскен егін қазір жайқалып тұр ғой. Оны қандай егін дейді?

**Ұстаз.** Оны күздік егін дейді. Өйткені, ол егін күзде егілген, ол қыстай қар астында үсімей бөртіп өсе береді, ол көктемнің жылы қундерінде қаулап шығып, өзек жарады. Көктемгі дымқылмен жылы өскен күздік бидай мол өнім береді.

**Бұлдірген.** Апай, осы біз көктемді не себептен мерекелі, берекелі көктем дейміз?

**Ұстаз.** Көктем мерзімін мереке дейтініміз мұнда мереке қундері көп. 8-Наурыз – Халықаралық әйелдер күні, 22-Наурыз Жаңа жыл мерекесі, 1-Мамыр халықаралық ынтымақ күні.

**Күлдірген.** Тыныштық болса, әрбір күн – мереке! Солай емес пе, апай, ә?

**Ұстаз.** Иә, солай. Ал, көктемді мерекелі мезгіл дейтініміз көктемде мал төлдейді, егін егіледі, жеміс ағаштары гүлдейді, жан жануар еріске шығып көкке тояды.

**Бұлдірген.** Көктем қандай көңілді!

**Күлдірген.** Көктемнің әрбір күні, әрбір сағаты – зор қуаныш.

**Ұстаз.** Бәрекелді, мерекелі бейбіт күнде қуаныш көп, көңілді көктемде көркейе беріндер.

**Бұлдірген мен Күлдірген. (екеуі қосылып).** Қуаныш көбейе берсін, достар!

## **ӘДЕП ПЕН ӘДЕТ**

(Сахнага Бұлдірген мен Құлдірген айтыса шығады).

**Бұлдірген.** Мен білмейді ғой дейсің бе? Әдеп дегеніміз – әдеп, әдет дегеніміз – әдет.

**Құлдірген.** Бұлдірген, сен әдепті білсең, әуелі мынау көрермендермен амандас, білдің бе?

**Бұлдірген.** Күлдірген, ондай болса, сен өзің неге амандаспайсың, ә?

**Құлдірген.** Менде жұмысың болмасын, әркім өзі үшін жауап береді, білдің бе?

**Бұлдірген.** Ондай болса, сен өзің мені неге «әдепсіз» деп сөгесің, ә? (*Бастауши келеді*).

**Бастауши.** Әдепті болу дегеніміз – ата-ананың тілін алу, үлкенді құрметтеу, адамдарды сыйлау, ізетті де инабатты болу, әрбір адамға сыпайы сөйлем, сый-құрмет көрсету.

**Бұлдірген.** Апай, «әдет» деген сөздің мәні де соны білдірмей ме?

**Бастауши.** Әдет дегеніміз – іс-әрекет. Жақсыға әдettену – әдептілікті қалыптастырады, ал жаманға әдettену – тәртіпсіздік болады.

**Құлдірген.** Айттым ғой саған. Жаман мінезге әдettенбе, білдің бе?

**Бастауши.** Әдепті болу әркімнің өзіне байланысты.

**Құлдірген.** Біздің Әділет – әдепті бала. Көкесі мен мамасы бір іске жұмсаса, «мақұл», «құп болады» деп ізетпен бас иеді де, үлken кісілердің берген тапсырмасын бұлжытпай орындайды.

**Бұлдірген.** Менде ешкімге қарсы шығып көрген емеспін. Сондықтан да мамам мені жақсы көреді.

**Құлдірген.** Сен біздің үйге келгенде, рұқсат сұрамай тарсылатып, есікті қатты серпіп кіресің. Бұл әдептілікке жата ма?

**Бастауши.** Әдепті болсан, әуелі әрбір іс-әрекетті биязы мінезден, ізетті түрде ықыласпен орында. Егер ынғайсыздау бір кемшілік жасасан, үлкеннен, досындан кешірім сұрауың керек.

**Күлдірген.** Біздің Әділеттің:  
Үлкендерді сыйлайды,  
Кіші қамын ойлайды.  
Сүймейді жат әдепті,  
Сүйімбай дос әдепті, –  
деген тақпагы бар. Мен сол досымнан ұлғі аламын. Әдепті  
боламын.

**Бұлдірген.** Қойшы-ей, сен осы! «Боламын, боламын!» деп  
сөз жүзінде әділеттілігін сол ма? Маган сөзді түсіндірудің орны-  
на «сен әдепсізсің», «сен сондайсың», «сен мұндайсың», – деп  
мені ыза қыласың. Ол әділеттілік емес қой, ә?

**Бастауши.** Әділетті болу үшін сабырлы, салмақты, кішіпей-  
іл, шыншыл болу қажет.

**Бұлдірген.** Мен тәртіптімін ғой, ағай... Мынау ұшқалақ мені  
«әдепсіз» деп сөгеді...

**Күлдірген.** Міне, көрдіңіз бе? Осылай, сөзге түсінбей ыза  
булу да – әдепсіздік, білдің бе?

**Бұлдірген.** Мен сөзге түсінбейтін милау емеспін.

**Бастауши.** Күлдірген дұрыс айтады, әдепті болу үшін әуелі  
әдеп сақтау керек. Яғни, мынау көрермендердің алдында жаман  
мінез көрсету – әдептілік емес.

**Бұлдірген.** Апай, мен ызақор емеспін.

**Күлдірген.** Әдеп – тәртіп, ал әдет – бір нәрсеге әдептенну. Ма-  
мам «Үйрен жақсы әдептен, ізгілікке әдептен» деп отырады.

**Күлдірген.** Өстіп өз мінінді мойындал, жақсы сыпайы сын  
айту да – әдептілік болады. Әдептілік – әдемілік. Әдемі бо-  
лындар!

**Бұлдірген мен Күлдірген.** Макұл, апай.



## **ӨЗЕН**

*Сахнага Бұлдірген мен Құлдірген шығады.*

**Бұлдірген.** Құлдірген, сен бар ғой, ойламай сөйлейсің...

**Құлдірген.** Бұлдірген, сенің айтқаның дұрыс емес, өзен деген өзінен – өзі ағып жататын үлкен су.

**Бұлдірген.** Мен саған айттым ғой: өзен қар мен жауынның сүйнан пайда болады деп, өзің қызық екенсің, айтсам, түсінбейсің.

**Ғалымбек келеді.**

**Ғалымбек.** Ау, бұл не? Неменеге таласып тұрсындар өздерің, әуелі айтсандаршы.

**Бұлдірген.** Мынау құлдірген өзеннің қайдан, қалай пайда болатынын білмейді еken. Айтсам, түсінбейді өзі, қызық.

**Құлдірген.** Аппақ жалы жарқырап

Ағар өзен сарқырап.

**Бұлдірген.** Сен тақпақ айтып тақылдамай, әуелі сол өзеннің қалай пайда болатынын біліп ал, білдің бе?

**Құлдірген.** Өзен аспаннан түскен жоқ, таудан ағып жатыр.

**Құлдірген.** Өзен өзінен – өзі ағып жатпайды. Айттым ғой саған, ол қардың сүы деп.

**Құлдірген.** Қар деген көктемде – ақ еріп жоқ болады, ал өзен ене бойы агады да жатады, солай!

**Ғалымбек:**

Өзен таудан бастау алады:

Қайнардан басталады.

Бұлақтар қосылып,

Ағып, жосылып,

Өзен боп жиылды,

Арнаға күйилды.

**Құлдірген.** Міне, солай. Өзен қардың сүы емес, ол бастаудан басталады еken. Солай емес пе, агай, ә?

**Ғалымбек.** Биік тауларда мәңгі қар, мұз жатады, олар шетінен еріп, сай саладан өзен боп қосылады. Жер асты сүйнан

қайнар шығып, қайнардан шыққан су да өзенге барып, оның сүйн молайтады, сөйтіп жылгадан жылым, қайнардан бұлак, олардың қосылуынан өзен пайда болады.

**Бұлдірген.** Айттым ғой, мен солай десем, Құлдірген түсінбейді.

**Құлдірген.** Сен «Пайда болады» дегеннен басқа не дедін? Сен білсең айтшы қайнар дегеніміз не?

**Бұлдірген.** Ол жер асты сүйнің қайнап шығатын жері... Иә.

**Құлдірген.** Сен білмейсің, қайнар бұрқақ сияқты...

**Бұлдірген.** Мен білемін қайнар сүй қайнап, яғни шымырлап шығады. Ал артезиан құдығынан су атқылап шығады. Нағыз бұрқақ деп соны айтуға болады.

**Ғалымбек.** Артезиан сүй, көбінесе, өзенге қосылмайды, оның сүй айналасындағы егіске, қала мен село тұрғындарының қажетіне жаратылады. Ал өзеннің сүй егінге де бау-бақшаға да, тұрмыс қажетінің бәріне жетеді.

**Бұлдірген.** Өзеннен канал тартылып, оның сүй қажетті жерге жеткізіледі. Құбыр арқылы өзен сүй қала мен селоның әрбір үйіне тартылады.

**Ғалымбек.** Әсіресе тау өзендерінің арнасына салынған су электр станцияларының елге пайдасы мол.

**Құлдірген.** Ағай, оны мен білемін. Мен үлкен өзендердің бойына салынған электр станцияларын көргемін.

**Бұлдірген.** Сен кинодан, телевизордан көрген нәрселерінің бәрін көрдім деп айта бересің...

**Ғалымбек.** Әр нәрсені көріп, білгеннің зияны жоқ. Көріндер, біліндер...

**Екеі.** (қосылып:) Мақұл, ағай.



## **ТӨЛДЕР**

*Білдірген мен Күлдірген сахнага әндеміп шыгады.*

**Екеуі («Алақай әнімен»).**

Көктем келді, алақай,  
Көр қызықты, балақай!  
Ойнақтайды барлық төл,  
Ойнап жүрген баладай.  
Бота билеп тайрандап,  
Бұзауқан жүр сайрандап.  
Құлын шапса құлдырап,  
Куанамыз қайран қап.

**Екеуі. (көрермендерге).** Сәлеметсіндер ме, достар!

**Білдірген.** Балалар, көктемдегі көп қуаныштарыңмен  
күттіктаймыз!

**Күлдірген.** Наурыз, сәуір айларында жас төлдер жарық  
дүниеге келіп, жайрандап, тайрандап, сайрандап...

**Білдірген.** Ойнақтаң, ой жақта жүр.

**Күлдірген.**

Секендерген лағым,  
Селтендейді құлағың.  
Серке болып, қой бастап  
Сен жүрерсің ойқастап.

**Білдірген.**

Қошқар болар қошақан  
Қойдай жуас момақан.  
Көзің қоныр өндісің  
Өзің жібек тондысың!

**Күлдірген.**

Күміс жалды құлыным,  
Алтын шашақ тұлымың.  
Ертең болып сәйгүлік,  
Елден ал көп бәйгіні.

**Білдірген.**

Қасқа бұзау маубасым,  
Ай мүйізді, дәү басым,  
Балғын бұзау дегізбей  
Балуан бол өгіздей.

**Құлдірген, Білдірген.** (*қосылып*).

Өсе берсін төл басы,  
Өркендесін мал басы!

**Құлдірген.** «Мал өсірсөң, қой өсір. Табысы оның көл көсір». Қозы өссе – көрпеш, кепе, марқа, ісек не тұсақ, құнан қой, дөнен қой, саулық, қошқар болады.

**Білдірген.** Сиыр адамға үйір. Сиырдың сүті – елдің құты. Бұзаудан торпақ, тайынша, өгізше, құнан өгіз, дөнен өгіз, не құнажын, дөнежін, сиыр не бұқа өседі.

**Құлдірген.** Ат ердің қанаты. Құлдыннан тай, тайдан – құнан не құнажын байтал, олардан дөнен не дөнежін – бие, одан әрі бесті бие, сәурік, айғыр дегендер өседі.

**Білдірген.** Нар жолында жүк қалмас: маң-маң басқан, маң басқан шудаларын шаң басқан, төрт аяғын тең басқан – түйе деген жануар. Ботадан тайлақ, тайлактан бұыршын, одан әрі бура өседі. Үлек, інген, нар, коспақ деген түйенің түрлері болады.

**Құлдірген.** Төрт төлмен бел қайысқан көктем тойы болып жатыр.

**Екеуі** (*қосыла әндемін*).  
Көктемде маңырап,  
Кек төбеде жамырап  
Төлдер ойға жайгады:  
Көктем тойын тойлады.  
Көктем құні қызыпты,  
Көлге құстар жүзіпті:  
Көктеуде төл тойы бар  
Көріңіздер қызықты.

**Білдірген.** Балалар, көктеуге келіндер, көп қызықты көріндер.

**Құлдірген.** Төл бағып, ел қуантып, сейілден, сергіп қайтындар, достар!

## **ЭЙНЕКТЕГІ ӨРНЕК**

*Сахнага Ғалымбек, Бұлдірген, Құлдірген үшегін шығып, көрермендермен амандасады.*

**Ғалымбек.** Амансыңдар ма, балалар!

**Бұлдірген мен Құлдірген.** Сәлеметсіңдер ме, достар!

**Бұлдірген.** Ғалымбек ағай, біз Құлдірген екеуміз терезенің әйнегіне қырау мен өрнекті кім салған деп, соган аң-таң болдық.

**Құлдірген.** Меніңше ол көркем суреттерді Аяз ата салды.

**Бұлдірген.** Аяз ата дегеніміз кәдімгі суретші адам ба сонда? Ал әйнектегідей суретті ең шебер суретші де дәл солай етіп сала алмайды: асқар тау, қалың орман, әсем жапырақтар. Не керек, табиғаттың тамаша көріністерінің көбін сол өрнектен көруге болады.

**Құлдірген.** Меніңше, Аяз атадан басқа ешкім өйтіп сурет сала алмайды.

**Бұлдірген.** Аяз атаны талай көріп жүрміз ғой, ол кісі өйтіп сурет сала алмайды.

**Ғалымбек.** Дұрыс айтасың, Аяз ата өйтіп сурет сала алмайды.

**Құлдірген.** Сонда терезенің әйнегіне табиғат көріністерін әсемдеп, айнытпай бейнелеген суретші кім?

**Ғалымбек.** Терезенің әйнегіндегі өрнек суреттің пайда болуына әрине, Аяз да себепші болған, бірақ ол адамша суретті қолмен салмайды.

**Құлдірген.** Ағай, сіз мүмкін білмейтін шығарсыз... Әйнектегі өрнекті салған аяз екенине менің көзім әбден жетті.

**Ғалымбек.** Жылы бөлменің ішіндегі ауада ылғал, яғни дымқыл болады. Ол ылғал суық әйнекке тигенде қатады. Дымқыл ауаның қозғалысына сәйкес ылғал әйнекке әр түрлі өрнек болып қатады.

**Бұлдірген.** Мен білдім, әйнектегі әсем суретті ая алаған екен. Міне, сыр қайда жатыр. Солай емес пе, ағай, ә?

**Құлдірген.** Сонша жақсы сурет салатын ая суретші емес қой...

**Ғалымбек.** Эрине, аяу суретші емес... Бірақ сұық әйнекке соққан дымқыл аудан сан алуан қозғалыс, ағым пайда болады. Осы қозғалыс кезінде әйнекке соққан ылғал да сол ауаның ағымына қарай қатады да, әйнек бетінде сурет болып қалады.

**Құлдірген.** Аға, сонда аяз қарап отыра ма?

**Ғалымбек.** Карап отыратын Аяз адам емес. Аяз сұық ауа. Ауаның өте сүйп кетуін аяз дейміз.

**Бұлдірген.** Міне, солай! Солай емес пе, ағай, ә?

**Құлдірген.** Менің айтқаным дұрыс. Суретті сұық ауа салады, сол ауаның қозғалысы болмаса, сурет салына ма?

**Бұлдірген.** Ағай, мына Құлдірген не дейді? Бұнысы дұрыс па?

**Ғалымбек.** Құлдірген, негізінен, дұрыс айтып тұр. Сұық әйнекке өрнек жылы ауаның қозғалысы арқылы салынады.

**Құлдірген.** Міне, солай, Сен «білдім», «білдім» дейсін де көп біле бермейсін. Маған ұқсап, білген нәрсені ғана білдім деу керек.

**Бұлдірген.** Құлдірген сен өйтіп мақтанба. Мақтаншақ болу жақсы емес, білдің бе?

**Құлдірген.** Мен мақтаншақ емеспін. Білемін, білген соң айтамын.

**Бұлдірген.** Ағай, осы Құлдірген мақтаншақ болып кете ме деп қорқамын.

**Құлдірген.** Білдің бе? Терезенің әйнегіне сурет салған ауаның қоғалысы.

**Ғалымбек.** Оның дұрыс. Оған қоса, сол суреттердің мәнерлі болуына тагы да бір әсер еткен нәрсе бар. Ол – күн сәулесі. Егер күн сәулесі болмаса, жылыштық болмаса, ауда қозғалыс та болмайды.

**Бұлдірген.** Мен енді бәрін де біліп алдым, ағай.

**Құлдірген.** Сен аптықпа. Біздің білмейтініміз әлі көп. Білмегенді біліп алуға талаптану керек.

**Ғалымбек.** Құлдірген дұрыс айтады.

**Екеуі.** Суретшілер: күн, ауа, аяз – тамаша!

## **АҚША ҚАР**

*Ғалымбек көрермендермен амандаса бергенде, Бұлдірген мен  
Күлдірген келеді.*

**Ғалымбек.** Амансыңдар ма, балалар!

**Күлдірген мен Бұлдірген.** Сәлеметсіндер ме достар!

**Күлдірген.** Ағай, мен ақша қарды аяз мәнерлеген десем, Бұлдірген білгісініп, олай емес дейді.

**Бұлдірген.** Олай емес, ақша қардың мәнері табиғаттан пайда болады. Солай емес пе, ағай, ә?

**Ғалымбек.** Күлдірген, сен әрқашан менікі дұрыс деп қеуде қағып жүресің, оның қалай, әуелі, соны айтшы.

**Күлдірген.** Ағай, ақша қарды аяз мәнерлемегендеге кім оны қалыпқа құйғандай етіп шығарады.

**Бұлдірген.** Мен аспанда ұшып жүрген ондай шеберлерді көрген жоқпын.

**Күлдірген.** Ол дұрыс емес. Аяз аспанда өмір сүреді. Адамдар жерде тек соның бейнесін жасайды.

**Бұлдірген.** Оны кім айтты. Аяз ата дегеніміз – артист. Солай емес пе, ә?

**Ғалымбек.** Күлдіргенниң ойы қызық екен, әуелі мұның пікірін білейік. Иә, солай де?

**Күлдірген.** Ақша қарды Аяз мәнерлейтіні рас. Ол туралы ақын агадың тақпагы бар:

Аяз аспан шебері,

Ақша қарда мәнері

Ақ алмастай ақ қарды

Алты қырлап, ақтарды.

**Бұлдірген.** Ол ертегі ғой... Солай емес пе, ағай, ә?

**Ғалымбек.** Солай... Аяз ата аспанда ұшып жүретін ақ сақалды шал емес, ол халық ойлап шығарған сүйікті бейне.

**Күлдірген.** Ағай, сіз білесіз бе? Ақша қарды алақанға салып, аңғарып қарасаңыз, алты қырлы, алуан сырлы мәнері бар. Және

жауып тұрган жапалақ қардың бәрі де бір қалыпқа құйғандай.  
Сонда оны біркелкі етіп кім жасап шығарған?

**Бұлдірген.** Иә. Қар бұлттан пайда болады. Солай емес пе,  
ағай?

**Күлдірген.** Ал қарды кім мәнерлейді? Білсөң, айтшы, кәне.

**Бұлдірген.** Ондай жұмыспен шұғылданған кім екенін біл-  
меймін.

**Ғалымбек.** Аспандағы ауа қозғалысының өз занғылықта-  
ры бар. Бұдан қар болып қатая бастаған ұсақ түйіршіктер сол  
ауа қозғалысының әсерімен бір-бірімен байланысып бірігеді.  
Ылғал түйіршектерінің бірін бірі тарту әсері біркелкі және ол  
ауа толқындарына байланысты физикалық занғылықтармен  
бірігеді, содан қарда біркелкі өрнектер пайда болады.

**Бұлдірген.** Е, бәсе! Енді білдім: оның бәрі табиғаттың заны-  
на, оның өз шеберлігіне байланысты екен гой, ә?

**Күлдірген.** Ағай, мен де енді түсіне бастадым. Бұлдірген,  
өстіп түсіндірсе фой, мен мұнымен сонша айтыспас едім.

**Ғалымбек.** Бір нәрсені білуғе құмартып, ол туралы пікір та-  
ластырған дұрыс, мен білемін – деп, басқаның сөзіне құлақ ас-  
пау – әдепсіздік болады.

**Бұлдірген.** Солай, Күлдірген, білмеген нәрсені білдім деп  
мақтануға болмайды.

**Ғалымбек.** Кейде жеке адам білген шығармын деп қателесуі  
мүмкін, ондайда оның қателігін достары жәндеп түсіндіруі ка-  
жет болады.

**Бұлдірген мен Күлдірген.** Макұл, ағай! Бұдан былай солай  
етеміз!



## **ПӘНДІК КЕШТЕР**

### **ҚҰСТАР – БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ**

*Сахнага құстардың адамға, табиғатқа достығын суреттейтін плакаттар ілінеді. Құстардың ұшып бара жатқанын, даяны елестетін музыка ойналады. Сахнага бастауыш шығады.*

**Бастауыш.** Жылы шуағымен гүл өсіріп, жыл құстарын ілестіріп, көрікті көктем келді. Шұғылалы шуақты көктем күндері құтты болсын балалар!

*(Бәрі қол согады. Сәукелесінен сәулө шашып, гүл құшақтап, гүлдей жайнап, көктем әуеніне билей жүзгіріп Көктем келеді).*

**Көктем.** (балаларға бас иin).

Сәлем, достар, аман ба?

Мынау бейбіт заманда

Шат-шадыман көктемің!

Шаттық болсын әманда!

Салтанатын ананың,

Тұған күнін дананың,

Май мейрамын ғаламның,

Тойлау үшін жарапдым!

Ән құрандар үнімнен.

Сән құрандар гүлімнен!

Куантамын бәрінді

Құт мереке күнімен!

*(Бәрі қол согады).*

*Сахнага құс үйшіктерін көтерген қызы бала мен ер бала шығады. Олар көктемге құрмет көрсетеді.*

**Екеуі.** (*көктемге бас иіп*).

Сәлем елдің көктемі,

Әлем енді көктеді.

Құрметпенен бас идік

Құстарыңа көктегі.

*(Екеуі құс ұяларын шетке ілеďі).*

**Көктем** (*қуанышпен*).

Рақмет, балалар,

Сендерде ой, сана бар,

Бау-бақшаның дүшпанын

Бастырмайды құстарым

Кербез құстар әнімен,

Келді міне сәнімен.

**Қыз бала.**

Ақ тамақты, қарлығаштар, келіңдер.

Аялаймыз, шын достыққа сеніндер.

*Көңілді күй. Сахнага қос қарлығаш билеп шыгады. Басқапары ыргалып, «Қос қарлығаш» бійн сүйемелден тұрады.*

**Ер бала.**

Қос қарлығаш биіне

Қол соғайық сүйіне.

**Қыз бала.**

Әнге толсын бай алап,

Әсемденсін саябак.

Қарлығаштар, сендерді,

Қадірлейміз аялап.

*(Күй. Қыз бала мен ер бала қос қарлығашпен қол ұстасып билеп, сахнадан шығып кетеді).*

**Бастауши.**

Сағынышпен жеткен,

Айналайын көктем.

Жайнап нұрлы гүлің,

Басқар құстар күнін.

*(Кетеді).*

*Көктем сахнада билеп жүріп, тиісті жерлерге гүл қадай-*

*ды. Кенет тырналардың тыраулаганы естіледі. Қоқтем қуана құлақ түреді.*

**Қоқтем.**

Жылы жақтан бір хабар

Әкеледі тырналар

Тырау-тырау!

Тырналар!

Қатар түзіп,

Көкте жүзіп,

Жырланғар!

*Тырналар қанаттарын сермей тыраулап, бағу ыргақты жүріспен сахнадан көрініс беріп өтеді, тырналардың әуені аққулар үнімен ұласады.*

**Қоқтем.**

Көлдің сәні,

Елдің әні –

Ақ құсым.

Келді жұппен

Көптен күткен.

Бақ құсы.

*Сахнага қос аққу қанаттарын қағып, билеп шығады. Бәрі қуанышпен қол согып, оларды қарсы алады.*

**Қос аққу.**

Салып ізгі

Әнімізді

Тынбаймыз –

Қоқтем нұрын

Көлдің сырын

Жырлаймыз

Қаңқ! Қаңқ!

*(Қос аққу әндете билеп сахнадан шығып кетеді).*

**Қоқтем.**

Құстар түгел сайрады,

Құлпырып жер жайнады.

Әуелеп ұшып тым алыс

Әкелген бізге қуаныш,  
Рахмет құстарға –  
Рақмет достарға.

*Әрбір құс саңнага билей шығып, озі туралы тақпақ айтады да, көктеммен қол алысып, қатарға тұрады. (Әр құс маска киеді, немесе өзінің суреті салынған кермені кеудесіне іліп шыгады).*

### **Тоқылдақ.**

Дәрігермін орманға,  
Құрт, шіркей көп ол маңда,  
Тоқылдатам, жатпаймын,  
Тоғайларды баптаймын.

### **Көкек.**

Көкек! Көкек! Көкек! – деп  
Ән саламын секектеп.  
Күнде бақтың жауларын  
Күні бойы аулаймын.

### **Қараторғай.**

Адамдарға жыр, әнмін,  
Ал шіркейге қыранмын.  
Бақты мен де күтемін:  
Бақ жауларын қырамын..

### **Үкі.**

Кесірлі көп тышқанды –  
Кеміруші дүшпанды  
Аулап түнде жоямын,  
Армансыз ақ тоямын.

### **Бұлбұл.**

Әуеніммен мың түрлі  
Әсем бақта нұр тұнды:  
Әсер алып адамдар  
Әнге салды, жыр қылды.

### **Ақ көгершін.**

Көктем көзге тым ыстық

Көктем бізге ырыс құт.  
Көгершіннің тілегі  
Мәңгі болсын тыныштық.  
*(Бастауши шығады).*

**Бастауши.** Айтсақ – әніміз, ардақтасақ – сәніміз, тамылжыған табиғаттың жауларымен күресіп жүрген досымыз – сендерсіндер, құрметті құстар! Сол достықты жырлаймыз.

*(Барі қосылып «Құстар – біздің досымыз» атты хорды айтады).*

**Құстар біздің досымыз**  
*(хор)*

Құстарды біз атпаймыз,  
Қыста жемдеп баптаймыз.  
Қамкор болып бәріне,  
Қорғау заңын сақтаймыз!

Құс достары келіндер,  
Құс қызығын көріндер.  
Ұя бұзар тентекті  
Ұстап, жаза беріндер!

Сан алуан әні бар,  
Сайрауының мәні бар  
Құстар – біздің досымыз:  
Бақтың құспен сәні бар.

**Құстар үнін бейнелейтін музыка. Құстар бой.**

**Бастауши.** Тамылжыған тамаша көктемде құстар әні толастамайды. Әніміз бен сәніміз болған құстар тойы тойға үлассын! Бейбіт аспанда қалықтаңдар, шаттана шарықтаңдар, қанатты достар!

## **ЕҢ КУШТИЛЕР**

### *Энергетика күніне арналған қойылым*

**Қатысушылар:** Фалым, ТЭЦ, ГЭС, АЭС, Су, Ая.

*Сахна тақырыпқа лайықты безендіріледі. Онда ТЭЦ, ГЭС, АЭС-тердің орналасқан жерлері үш түрлі лампочкалар арқылы жарқырап көрініп тұрады. Залга осы тақырыпқа сәйкес көрме қойылыштандырылған стенде ілініп, қабыргага атақты энергетиктердің портреттері ілінеді.*

*Радиодан ақынның олеңі естіледі.*

Күллі жүрттың ісіне,

Күш қосатын күшіне

Керемет күш – керек нұр:

Кемел қуат – электр.

Троллейбус зырласын,

Трамвай да тұрмасын,

Зымырандар самғасын

Уақыттан қалмасын,

Фарышқа да керек нұр:

Қолданамыз электр.

Электрдің торабы

Ел ісіне жарады:

Күшті ғажап электр

Күллі істі демеп тұр.

*Сахнага Фалым шығады. Оны көрермендер құрметпен қарсы алады.*

**Фалым.** Энергетика күні құтты болсын, достар! Күштің тегі – от.

Күннің отты сәулесін, отынның қызыуын пайдаланып, судың бу күшін іске қосып, жылу электр станциялары – ТЭЦ-тер ел пайдасына жарады. Жер асты сүйнен жылуын пайдаланып салған электр станцияларымызды ГерТЭЦ деп, күннің сәулесін пайдаланып салған электр станцияларын ГелирЭС, КЭС деп

атаймыз. Жарық сәуле мен жарқын күшті жасаған ғалымдардың мерейі үстем болсын!

*Музыка ТЭЦ эмблемасын қеудесіне таққан оқушы қызы саңнага билеп шығады. Биді «Бұгін туган күніміз» (музыкасы И. Нусіпбаевтікі) әнімен ұштастырады.*

### ТЭЦ.

Жағып түрлі отынды  
Жарқыраттым отымды.  
Пайдалындым бу күшін,  
Елге пайда бұл ісім!  
Нұрландырдым қаланы,  
Әрлендірдім даланы.  
Күшке қуат қосқамын...  
Күшті – меммін, достарым!

*Ол көпшілікке бас иіп, «ТЭЦ» деген жазуы бар плакаттың түсіна барып тұрады.*

**ФАЛЫМ.** Дүние жүзінде су қоры мол. Біз күшін пайдала-на білсек, ол әрі арзан, әрі қолайлы. Бір литр су 70 килограмм көмірдің, 300 литр бензиннің қуатын бере алады. Бұл өз алдына үлкен игілікті істің болашағы. Ал су екпінін пайдаланып жа-саған су электр станциялары – ГЭС-тер еліміздің ең қуатты күші болып табылады. Әлем тартылысының құдіретті күшімен теңіз деңгейінен көтеріліп, жағасынан асып, қайтып тұрады. Біз сол күшті пайдалынып электр станцияларын салдық. Ол ГЭС деп аталады.

*Музыка, ГЭС эмблемасын қеудесіне жарқыратта таққан оқушы қызы саңнага билеп шығып «Айналайын, ақ мамам әнін орындайды». (Әні мен музыкасы И. Нусіпбаевтікі).*

ГЭС. Елдің шамын жаққаным –  
Ерлік ісім – мақтаным!  
Электрлік қуатпен  
Ел еңбегін актадым.  
Жайнай берсін нұрлы әлем!  
Жалпы жүртқа бір сәлем!

*ГЭС көпшілікке бас иіп, өзіне арналған плакаттың қасына  
барып тұрады.*

**Ғалым.** Адам атомның керемет күшін өркендеген өмірдің ба-  
яңды бақыты үшін бейбіт іске пайдаланады. Уранды реакторлы  
атом электр станциясы тұнғыш рет біздің елімізде 1954 жылы  
салынды. Қазір Отанымызда көптеген АЭС бейбіт өмірімізге  
қызмет етуде. Құрметті күштің құлағынан ұстаған ғалымдардың  
ғылымдағы табысы соғыс қаупін жеңеді! Азғындықты ақыл  
жеңеді деп сенеді!

*Музыка. АЭС эмблемасын қеудесіне таққан окушы бала  
саңага билеп шығып, ән айтады.*

(«Космонавтар жұлдыздар» музыкасы К. Қуатбаевтікі).

**АЭС:** Сырлы тастан

Нұры тасқан

Алдым жойқын бұлан күш.

Кекшіл тастан

Көп сыр ашқан

Ғалымдарға мың алғыс.

Ал күшімді

Бар ісінді

Тындыруға мен берем.

Өндірісте

Өнімді істі

Қындықсыз менгерем.

Басшым – адам, мол ісің:

Бас иемін сол үшін!

*АЭС көрермендерге бас иіп, өзіне арналған плакат тұсына  
барып тұрады.*

**Ғалым.** Жарық берген кештерде

Алғыс АЭС, ГЭС-терге!

**ТЭЦ.** Ғалым аға, біліңіз:

Бірімізден біріміз

Артықызы деп ушеуміз!

Атақ түрлі, күш егіз.

Аңғарып мән затымды,

Айтпадыңыз атымды.  
ГЭС-тен тогым тым арзан,  
Кемсітпеніз бұлардан!  
**ГЭС.** Сөз сөйлеме шырқырап:  
Қоқыс, күлің бұрқырап,  
Көмір, газың сасып тұр:  
Менен әрі қашық тұр:  
**ТЭЦ.** Байқап сөйле ГЭС-іміз,  
Бақытты маған сесіңіз!  
Адам іспен өтесе,  
Арзанмын мен екі есе!  
**АЭС.** Менмендікті қойындар!  
Менің айттар ойым бар:  
Адал болсын арымыз,  
Адамзатқа бәріміз  
Адал қызмет етейік,  
Абыройға жетейік!  
**Фалым.** Көмекшісі адамның  
Көрік, күші заманның  
Алғыс бізден, Эс-терім!  
Алға бассын көштерің!

*Музыка. Сахнаның екі жағынан мақтана басып Су мен  
Ауа келеді.*

**Су.** Фалым, білгір ағамыз!  
Әділ болсын бағаңыз.  
ГЭС, ТЭЦ, АЭС-бәрі де  
Мына біздің баламыз!  
**Ауа.** Егер ауа қыспаса,  
Еркінше оны ұстаса,  
ТЭЦ тогын берे ме.  
Адам оған сене мә?!

**Фалым.** Су мен Ауа, жарқыным  
Сонша күштің әр түрін  
Алдым сендер арқылы,

Ая, су-күш қарқыны  
Су, Ая. Баға берген біздерге  
Рақмет сіздерге!  
АЭС. Бәрімізді қолданған  
Игі іске жолдаған  
Адамда күш құдірет  
Алғыс оған мың рет!

*Бәрі галымга бас иеді. Музыка. Би. Энергетика табыстарын бейнелейтін кино кадрларының фонында бастапқы олең қайталанаады.*

## **КӨНІЛДІ КАРНАВАЛ**

*(Жаңа жыл кешіне арналған екі көріністі ертегі-пьеса).*

**Қатысушылар:** Ертекші, Аяз ата, Балдырган жыл, Қаршақызы, Қоян, Аю, Тийн, Тұлкі, Арыстан, Кірпі, Қасқыр.

### **Бірінші көрініс**

*Ертегілер әлемі. Сахна ашылғанды ертекші ертек бастайды.*

**Ертекші.** Келіндер, жас ұландар,  
Ертегімді тындаңдар.  
Ертегімде сан қылышы  
Қызық қызық сырлар бар.  
Жаңа жылдың кешінде  
Андар кеп бір «шешімге»  
Достаспақшы ниетпен  
Жиналыпты келісімге.  
Қасқыр құшып қоянды:  
«Дос болайық баянды!»  
Деп еді, – анқау қоянды  
Достары тым аяды.  
Әр қимылды құлкі, жыр  
Сылаң қағып тұлкі жүр.

«Достастырам бәрін» деп  
Әуреленіп кірпі жүр.  
Ертегіні көріндер.  
Шын бағасын беріндер.  
(Кетеді).

*Музикалы пауза. Қалың орман арсынан Қоян шыгады. Ол көңілді күйде секеңдеп билеп, ән салып келеді.*

**Қоян.** Ау жарандар,  
Ал, қарандар:  
Жауып тұр қар себелеп,  
Көкке толды,  
Жерге қонды  
Сансыз аппақ көбелек.  
Тым алыстан  
Күн, Марстан  
Келіп аяз атамыз,  
Жылды тойлап,  
Билеп ойнап  
Көп қызыққа батамыз!  
(Билей жөнеледі).

*Қоянның алдынан Аю шыгады. Қоян сасып қалауды. Музика.*

**Аю.** Амансың ба, қояным!  
Даусынды естіп ояндым...  
Жаңа жылдың алдында  
Тойды еске алдым да,  
ұйқымды ашып сергідім.  
ұйықтамаймын мен бүгін!

Жылды қарсы алайық!  
Би билеп, ән салайық!

**Қоян.** Жаңа жылдың тойында  
«Жан салайық» ойынға!

*Музика. Қуана құтыңдан Тұлқі келеді, оны Аю мен Қоян билеп, қарсы алады.*

**Тұлқі.** Қоянжанға бір сәлем!

Аю паңға мың сәлем!

**Аю, Қоян.** Аман ба, түке, кел мұнда!

**Тұлкі.** Достарым, Жыл келеді!

Сыйлығын ол береді:

Жұмбақ шешкіш тұлкінің

Өнерін жұрт көреді.

*(Әндемін).*

Тауып өз сыңарымды –

Тауықтай «шынарымды»,

Тайсалмай, биге түсіп,

Тарқатам құмарымды!

*(Билей жөнеледі).*

**Аю, Қоян.** Рақмет, тұлкіжан,

Жұрген жерің – күлкілі ән!

*Бір шеттеп кірпі шыгады, бәрі қуана қарсы алады.*

**Кірпі.** Сәлем, достар аман ба?

Шырша құрып алаңға,

Жылға шашу шашайық;

Тойлап, көніл ашайық!

**Қоян.** Кәне, биге басайық!

*Музыка. Бәрі билеп сахнадан шығып кетеді. Оларды аңдып тұрған Қасқыр мен Арыстан сахнага келеді.*

**Арыстан.** Кербез аңның біреуін

Кездестірмей жүр едім,

Жиналыпты бәрі де,

Жиі соқты жүрегім!

**Қасқыр.** Ойынды мен білемін!

*Аңдар арыстан мен Қасқырга келіп сәлемдеседі.*

**Аңдар.** Аң патшасы Арыстанға сәлем!

**Қасқыр.** Армысыздар?!

Бармысыздар?!

**Аю.** Амансың ба, Арыстан!

Келе жатқан алыстан

Жаңа жыл құтты болсын!

Достығымыз мықты болсын!

**Арыстан.** Аю досым, саумысың?

Анғар мендей дәуді шын.

Ешбірінді жасқамай,

Тойды өзім басқарам!

**Қасқыр.** Жаңа жыл – мереке!

Жақсылық, береке!

Қуанып күлейік,

Қолдасып жүрейік.

**Кірпі.** Болмасын кектесің,

Береке кетпесін.

Қастандық пиғылдар

Қастықтар жетпесін.

**Тұлқі.** Қәне құшақ ашайық:

Достық тойын жасайық!

Құтты болсын Жаңа жыл!

**Арыстан.**

Қандай жақсы достасқан:

Құшақтасып қос-қостан

Қане, биге басындар!

**Бәрі билейді. Қуана билеп, Тиін келеді. Оны бәрі қуана қарсы алады.**

**Тиін.** Тра-лә-ләй!

Әршіл аңдар,

Өңкей паңдар!

Жаңа жылға әнім бар!

Қол ұстасып,

Биге басып,

Жыл әніне салындар!

Бәріңізге бір сәлем!

**Бәрі.** Сәлем тиін!

Жақсы-ак биің!

*Арыстанның ойы бұзылып, тулқіні ұстауга ыңғайланаады.*

**Арыстан. (Қасқырга).**

Ал, Қасқыр, достық үшін «баянды»

Аймалап сүй қоянды!

*(Өзі тұлқіні шыңғыртып ұстап алады).*

**Тұлқі.** Эй-әй-әй!

Қатты бүрдіңіз аямай!

Құшакташы жай, ағай!

**Кірпі.** Мынау қайтеді?

Әй тегі...

**Бәрі.** (*Арыстанға*).

Жібер тұлқіні, жалынамыз,

Жібермесен, жабыламыз!

**Арыстан.** Неғып тұрсын, Қасқыр?!

Саған дайын ас тұр!

**Қасқыр.** Ала берме тергеуге,

Мен «ойымнан» қайтамын!

Аяз ата келгенде

Не бетімді айтамын?!

**Аю.** Дұрыс, Қасқыр, айтқаның –

Қастығыңнан қайтқаның.

Арыстан сен де күштеме,

Тұлқіні босат! Тістеме!

**Арыстан.** Қап, қасқыр!

Сенгенім – сен едің, –

Дайын асты жемедің!

Босаттым мен тұлқіні!

Мінезі қандай құлқілі!

Ха-ха-ха! Аа-ха-ха-ха!

**Бәрі үрейленіп, тым-тырақай қашпақ болады. Аю аңдарды тоқтатады.**

**Аю.**

Тоқтандар, аңдар, бас қосындар!

Адамдарша бірігіп, достасындар!

Ашылмасын арамыз

Тойға бірге барамыз!

Сездік ожар мінезін,

Арыстанның бір өзін

Қалдырамыз онаша!

**Аңдар.**

Та-ма-ша!

**Арыстан.**

Еш арамдық жоқ ойда...

Мен де барам бұл тойға!

**Аю.**

Жолама!

Сендей сенімсіз озбырды

Тойға қатыстыруға бола ма?!

**Арыстан.**

Кергізсендер, сертімде тұрамын!

Кездессендер, бір-бірлеп қырамын!

**Аю.**

Онда қош бол, Арыстан!

Жақсы болмас алысқан!

Кесірің тиер елге:

Тойымызға да келме!

Кәне достар, жүріндер!

Карнавалды көріндер!

*Музыка. Бәрі қос-қастан билеп, шығып кетеді.*

**Арыстан.**

Аррр! Тарттым зар!

Қараши андыздауын...

Жалғыз қалдым!...

## ЕКІНШІ КӨРІНІС

*Музыка. Сахна ашылғанда Аяз ата, Балдырган жыыл, Қарша қызы көрермендер мен ертекшіге бас иіп амандасады, көрермендер ду қол шапалақтап, оларды қарсы алады. Аңдар келіп оларга сәлем беріп, қоңілді карнавалға қатысады.*

**Балдырган жыл.** Бүкіл әлем!

Саған сәлем!

Амансыңдар ма, аңдар!

Ақ қоңіл жандар!

**Аяз ата.**

Жаңа жыл құтты болсын!

**Аю.**

Аяз ата, аман ба?!

Аман болғын әмандада!

Қарша қызды сүйеміз:

Ізетпен бас иеміз!

Жаңа жылға мың сәлем!

Жасай берсін бұл әлем!

**Қасқыр.**

Сәлем Жылға жырақтан:

Тау мен дала, қыраттан!

**Тиін.**

Жылға сәлем орманнан:

Ән еседі ол маңнан!

**Қоян.**

Сәлем айтты кең дала!

Келдім содан мен жаңа!

**Тұлкі.**

Сәлем Жылға белдерден,

Қырғауылды көлдерден!

**Кірпі.**

Алыңыздар, ағайын,

Бір сәлемін тогайдың!

**Аяз ата.**

Амансындар ма, андар –

Адал ниетті пандар!

Жақсылықта жайранdap,

Жаңа жылда сайранdap

Қыздырындар думанды!

**Бәрі.**

Қуаттаймыз бұл әнді!

**Қарша қызы.**

Жаңа жылда жаңаша

Болсын қызық, тамаша!

### **Балдырған жыл.**

Жаңа жылда соғыс өрті болмасын!  
Қолданпандар ешбір жаудың бомбасын.  
Бірлік, достық, еңбек, бақыт – тілегім!  
Бұл сөзімді бүкіл әлем қолдасын!

(*Бәрі қуана құнтарап қол согады. «Ура!» дейді*).

### **Аяз ата.**

Бәрекелді, карнавалды бастайық!  
Биши қоян, кәнекей,  
Алдыға шық қасқайып!

### **Қоян.**

Орындалар бүйріғының,  
Көп пе берер сыйлығының?!  
Биім-жақсы, қызық әнім:  
Жылдың тойын қыздырамын!

### **Аю.**

Жаңа жылдың дәстүрі:  
Құшакта да қасқырды  
Бастап жібер вальс би:  
Ол халыққа таныс би...

### **Қоян.**

Одан да ән салайын:  
Бал таңдайым бүлкілдесін,  
Күлкің келсін! Әл-әуләй!

### **Қарша қыз.**

Әркімнің де әні бар,  
Әннің де көп мәні бар.  
Келіседі билесен,  
Келіс енді биге сен!

### **Қасқыр.**

Би емеспін асқа дайын:  
Биді мен-ақ басқарайын!

Би билетіп шеттерінен,  
Сүйіп-сүйіп беттерінен,  
Шығарып сап оңашаға,  
«Батайын бір тамашаға!»

*Ол қоянмен бірге билей жөнеледі. Бәрі сүйемелдейді. Бір кезде қоян бақырып жібереді. Бәрі шошып қалады.*

### **Аяз ата.**

Мұның қалай, қасқырым,  
Ор қоянды састырдың?

**Балдырган жыл.** (*Қасқырга*).

Тәртіп бұзба ойқастап,  
Өнер көрсет той бастап!  
Тамашанды көрейік,  
Төрелігін берейік!

### **Қасқыр.**

Жаңа жылдың тойында  
Жамандық жоқ ойымда...  
Тойдың білмей жырларын  
Бастай алмай тұрғаным

### **Тұлкі.**

Тойды мен-ақ бастаймын:  
Той бастаудан қашпаймын!

### **Қарша қыз.**

Қайран тұлкі!  
Жүрген жерің – ойын, күлкі:  
Ал, кәне, саспа  
Той баста!

### **Тұлкі.**

(*әндептіп билей жөнеледі*).  
Ееееей! Аaaaay!  
«Той бастарды» бастайын,  
Той бастаудан қашпайын!  
Салмақтайын сөзімді

Сабырсыз боп саспайын!  
Жаңа жылда тасайын,  
Мен бір қызық жасайын:  
Өнерімді көрсетіп,  
Орге қарай асайын!  
Қораз маган бағынсын,  
Қоянжан да табынсын!  
Ауылына барғанда  
Алдынан ас табылсын!  
Орындалсын ойымыз,  
Құтты болсын тойымыз!

**Аяз ата.**

Сөзінің басы – дұрыс, –  
Соны – бұрыс!  
Сенімді жоқ қылады  
Мұндай жүріс.

**Қарша қызы.**

Тақпақ айтсын мерекеміз жайында,  
Сөз берейік ардақты аға – Аюға!

**Аяз ата.**

Қорбанбайға сөз берілді тыңданңдар!

**Аю. (даусын кенеп).**

Айналайын, Жаңа жылым, келдің бе?  
Жер шарына жаңаша нұр бердің бе?  
Құрметтісің аялаған еліңе,  
Құттықтаймын! Сыйлығым көп менің де!  
Бейбіт жылы береке боп келдің бе?!

Берекендең тойлай берем мен күнде!

**Бәрі.**

Рақмет! Айекең –  
Өлең жырга бай екен!

**Балдырған жыл.**

Тек мән беріп тыңдай білсек сүйсіне,  
Өнерлі ғой, сөз берейік Тиінге!

**Аяз ата.**

Тиінге сөз берейік,  
Әнін тыңдап көрейік.

**Тиін.** (*әндемін билей жөнеледі*).

Мерекеміз жаңа жыл,  
Тойында қызық думан бар!  
Жаңа жыл – бұл жаңа өмір:  
Сайранда, туыс – туғандар!  
Бақытты болып жыл сайын,  
Осылай басты қосайық.  
Ашық боп аспан әрдайым,  
Тыныштық тойын жасайық!

**Бәрі.**

Бейбітшілік береке!  
Бола берсін мереке!

**Аяз ата.**

Қызық дәурен тез өтуде қарасам,  
Қыза берсін жаңа жылдық тамаша!  
Кәне, достар, би билейік жараса!

*Бәрі қос-қостан қоңілді карнавал биін билейді. Бірақ  
Кірпіні ешбір аң биге шақмайды. Кірпі ызаланып бір шетте  
жылап отырып қалады. Аяз ата оны аяп, биді тоқтатады.*

**Аяз ата.**

Тоқтатындар биді!  
Бәрімізге сыйлы  
Кірпіні өкпелеткен  
Кім ол шектен кеткен?!

**Бәрі.** Біз емес өкпелеткен!..

**Тиін.**

Куанатын құн бүгін, –  
Кірпі неге жыладың?  
Кейіме сен, күл бүгін,  
Кел, айтайық Жыл әнін!

### **Кірпі.**

Жолдастарым қасыма  
Жоламайды кірпі деп,  
Именеді досым да  
Инелерің тұрпі деп.  
Куаныштан бос қалдым,  
Қалдым жеке бұрышта:  
Шаттық биге достардың  
Шақырмауы дұрыс па?

### **Бәрі.**

Байқамаппыз!

### **Тиін.**

Аяз ата, тыңдаңыз,  
Аяп тұрмын кірпіні.  
Досым еді бұл нағыз  
Ренжіп тұр бір тұрлі.  
Көнілін біз кірпінің  
Көтерейік дұрыстап,  
Табайық та бір қыбын,  
Тұрмасын бос құрыстап

### **Аяз ата.**

Кәне, босқа тұрмайық:  
Бар өнерді сыйнайық!  
Көтеруге көнілді  
Қандай өнер лайық?

### **Тұлқі.**

Ау, халайық!  
Кірпі досқа қарайық!  
Неше дегенде күлер еken?  
Кәне, санайық!

*Бәрі қосылып бір-екі-үш-төрт-бес деп, жайлай санай бастайды. Кірпі «бес» деген санды айтқанда күліп жібереді, тамаша әрі қарай қыза түседі.*

**Қасқыр.** Кірпі қандай есті,  
Жақсы көреді еken «бесті».

## **Аю.**

Елемеген тым айып:  
Есті досты тыңдайық!  
Өлең айтсын Кірпіжан  
Өнерін бір сыйнайық!

## **Аяз ата.**

Көрсетсе жақсы өнерін  
Кептеп сыйлық беремін!  
**Кірпі.** (*ән салып, би билейді*).  
Жаңа жылды бастаған  
Жаны жақын жақсы адам –  
Аяз ата сізге мен  
Айтам әнді жүздеген!  
Куанышты жыл сайын  
Әкел, Қарша, жырлайын.  
Жаса, жаңа жылымыз!  
Жаса, бейбіт күніміз!

**Бәрі ду қол шапалақтап, Кірпіні құттықтайда.**

## **Аяз ата.**

Жаңа жылда жаңа бақыт, тыныштық  
Жаса! Жаса! Достық! Бірлік! Туыстық!  
Құттықтайық жаңа жылды өнермен,  
Куаныштың әр минуты тым ыстық.

*Музыка. Бәрі көңілді карнавал біне билейді. Биде әрбір кейіпкердің өз әркеті байқалады. Карнавал думанын жаңа жылга арналған ән басады. Барлығы әниінің тыңдаң тұра қалады.*

**Балдырған жыл.** (*көрермендерге қарап*).

Жаңа жылда өнер синар кайсың бар:  
Алға шығып, өлең, тақпақ айтындар!

**Аяз ата.** Жаңа жылдық сыйлық алып қайтындар!

*Ретімен алға шығып, өнерпаздар өнер көрсетеді. Бри биді сүйемелдең, әнге қосылып, құрмет көрсетеді. Аяз ата сыйлық үгестіреді. Думан қыза береді. Сахнаның бір шетіне бастауышы шыгады.*

## **Ертекші.**

Барлық жандар бір тілекке қосқан үн:  
Бақытты боп бастады жыл дастанын  
Куанышпен келді той боп жаңа жыл,  
Құтты болсын жаңа бақыт, достарым!

## **ХИМИЯЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР АЙТЫСЫ**

«Химиялық элементтер айтысы» пәндік кештерде өтеді. Жоспарлы түрде үйымдастырылған пәндік кеште диспут, викторина болады, қызықты тәжірибелер жасалады, кештің тақырыбына лайықты газеттер, плакаттар ілініп альбомдар жасалады. Кештің көркем бөлімі ретінде химиялық элементтердің айтысы үйымдастырылады.

Айтысқа қатысады оқушылар өзі ойнайтын элементтің рөліне сәйкес киіп, оның әнін домбыраға қосылып айтуы керек. Айтыстың жанкүйерлері сол айтыстың сезін соңынан қуаттап, айтысуышы ақынға дем беріп отыруы кажет.

Айтысқа дайындық жаттығуларын, айтысуышылардың ән сала білу шеберлігін қалыптастыруды, көбінесе мектептің ойын-сауық үйірмесін басқарушы қадағалап, пән мұғалімі басқараады.

Қойылым музыкалы болғандықтан музыкалық шығармаларды мектептің оркестрі немесе ансамблі, магнитофондық жазу арқылы пайдалана білудің мәні зор. Айтыс әрі дүние танытады, әрі өнерге қызықтырады, дарынды дамытады, өнер мен білімнің бір-біріне ұштас екендігіне көрермендердің көзін жеткізеді.

Әрбір элементті ойнаушының қеудесінде немесе маңдайында сол элементтің формуласы жазылған кесте болуға тиіс. Әрбір элементтің өз мінез-құлқы, бет құбылысы, қимыл әрекеті бар ойнаушылар соны ескеруі керек. Сабырмен сөйлейін сары алтынның өзі салмақты, айқан, мінезі қарапайым, кішіпейіл болуы керек.

Айтыстан соң жалпы би немесе дискотека үйымдастыруға болады. Бұл ойынға кешке қатысуышы оқушылардың өнерпаз-

дарын тегіс қатыстыруға болады. Өйткені пәндік кеш қызықты да, көңілді аяқталғаны дұрыс.

*Сахна Менделеев кестесіне лайықты көрнекі құралдармен безендіріген. Бастауши мен элементтер болып киінген бала-лар сахнага маршпен шығады.*

**Бастауши.**

Химиктердің ауылында  
Химияның тойы болды.  
Элементтер қауымында  
Ән, күй, айтыс, ойын болды.  
Арнаулы сол кеште бірде  
Алтын ойын басқарыпты.  
Менделеев кестесінде  
Қызық айтыс басталыпты.  
Платина кезек алды.  
(Көп қой мұнда кереметтер).  
«Жюри» болып тыңдай қалды.  
Жұзден аса элементтер.

**Платина.**

Өзгелердің бәрінен  
Нағыз асыл – қатты затпын.  
Орным бірақ соң қойылған,  
Сол көніліме қатты батты.  
Айтысқа шық, қорғасын-ay,  
Артық сөзбен қызба бірак.  
Алдымса сен орнапсын-ay.  
Шаршап біттім, қызғанып ақ.

**Қорғасын. (қарсы келіп).**

Қорғасынға тіл тигізген  
Іші тарлар қайдан шықты?!

Жауына да бас игізген  
Бола қоймас мендей мықты!  
Өжеттенген қаһарманмын,  
Өз шамамнан аса алмаймын.

Тогызыншы қатардамын, –  
Алға қой деп, қасармаймын.

Платина төл естің сен  
Айтысуға «правом» бар,  
Абырой жоқ егесуден,  
Артық атақ сұрамандар.

**Платина.**

Сүйрік тілді элемент көп  
Сүйенетін кіл атына,  
Женіл ойлың мен емес тек:  
Женілмейді платина.

*(Temір шыдай алмай, айқайлап алдыға шыгады).*

**Темір.**

Әй, платина, корғасын, сендер босқа айтысып әуре болмандар.  
Сендер өз орындарында тұрсындар. Мына мен гой кейін қалып,  
сорлап тұрган. Өуелі мына титан да менің алдыма қойылыпты.  
Ке-ке-кел, титан мен сенімен айтысамын.

**Титан. (қызының).**

Темір неге жарқылладың?  
Титтей артық жерің бар ма?  
Кемімейді парқым әлі:  
Кем болмаймын елім барда.

**Темір.**

Ескеретін елім күнде,  
Темір атым қайда менің?  
Алғаным жоқ тегін жұлде  
Адам іске сайлап еді.  
Фалымның сен менен бұрын  
Орын апсың кестесінен,  
Айт, көнекей неде сырың?  
Айт жырынды дестесімен.

**Титан.**

Скандиден соң боп орным,  
Соған таң боп, нальп тұрмын.  
Мағынасыз неткен қормын:

Магнийден қалып тұрмын.  
Тұңіл сен де, темір мүлде:  
Түк те шықпас қиқаңынан,  
Жеңілмеймін өмірімде:  
Жеңіл сен де титаныңнан.

(*Күміс құбыла жарқылда алдыға шығады*).

### **Күміс.**

Темір, титан, сендер бостан-босқа қызыл кеңірдек бол-  
мандар. Сендер де өз орындарында тұрсындар. Мына мен ғой,  
орным кейінде онбай тұрған.

Ehe-heй!

Қайда күміс сынғырларым,  
Қалай мұнша артта тұрмын?  
Орным неге құлдырады?  
Тек жетінші «сапта» тұрмын.  
Еркіндеп суды әбден,  
Ең алдыға қойыпты ғой...  
Қалыспаймыз біз де сәннен,  
Қалді ғалым айтыпты ғой.

(*Элементердің бәрі дау көтере бастайды*).

- Су бәрімізден де қымбат болғаны ма?
- Адам баласында әділдік қайда?
- Осы бір аумалы-текпелі суды есірткен атамыз – Менделе-

ев...

- Су сусылдан жағымпаздық жасаған ғой, шамасы...

### **Бастауши.**

Ерекше «сыр» орын деген, –  
Элементтер ұқпай қойды.  
Күншілдіктің зорын көрген  
Су айтысқа шақпай қойды.  
«Элементтің ішінде мін,

Елемесен, елеме». – деп,

Оттегі тұр күшінде тым.

Оған айтыс неге керек?

«Самародный» сары алтын да

Сабыр сақтап, сөзін айтты:  
«Ділгер жұрттың бәрі алтынға» –  
Деп, әуелі өзін айтты.  
(Алтын әндеміп алдыға шығады).

### **Алтын.**

Менделеев кеменгерім  
Өз орнымды белгіледі.  
Мені қымбат демендер тым:  
Заттың парқын ел біледі.  
Аңғарайық шамамызды,  
Артық не бар от пен судан?  
Асырмайық бағамызды,  
Асыл заттар отпен туган.  
Сусыз өмір болған емес.  
Сусыз әлем – көркем емес.  
Ойға салып айтындаршы,  
Отсыз, сусыз зат бола ма?  
Оттегісіз қайсың барсың,  
Ол бекерге мақтана ма?!

Әділ баға берсек егер,  
Әрбір заттың орны баска.  
Кесте мәнін көрсек егер,  
Бәрі заңды орналасқан...  
Айтыс бітті, хор айтайық,  
Ал тартайық күйімізді.  
Қуанышты молайтайық,  
Елге тартып сыйымызды.  
(Ол билей жөнеледі. Элементтердің бәрі де, алтынмен қосылып билейді).

### **Бастауши.**

Алуан түрлі элементке  
Алтын сөйтіп билік етті.  
Бас ііп бұл кереметке,  
Барлығы да билеп кетті.  
Әрбір зат өз құндылығын

Әділдікпен білді бүгін.  
Планета шындығының  
Шынында тұр біздің ғылым.

*Элементтер ойыны (ретіне тұру, арапасу, топтасу, ауысу т.б). өтеді. Әділқазы (алтын) олардың ойын нәтижесін хабарлайды. Қызықты тәжірибелер көрсетіледі. Өнерпаздар онер көрсетеді.*

## **ҰШЫРДЫ ҰЯМЫЗ**

«Ұшырды ұямыз» қойылымы – мектепті бітірушілердің салтанатты кешіне арналған. Бұл кешке бірінші кластан бастап мектептің барлық оқушылары мектеп бітірушілерді құттықтап, оларға уәделерін береді. Басқа класс оқушылары да құттықтап, гүл шоқтарын тапсырады. Ұстаздар тілектерін айтып, кәмелеттік аттестаттарын тапсырады.

Салтанатты кеште мектеп оқушылары, мұғалімдер, ата-аналар өнер көрсетеді. Мектептің көркемөнерпаздар үйірмесін басқарушы мұғалім кешті жан-жақты шеберлікпен ұйымдастыра білуі керек. Ол үшін жоспар жасалынып, оны мектеп дирекциясы талқылап, бекітеді. Жоспардың орындалу барысында ұйымдастырушылар жаңа ұсыныстармен оны толықтырады.

Өсіресе, мектеп бітірушілерді құттықтайдын бірініші класс оқушыларының даярлығы жақсы болуы керек. Өйткені кештегі әсер олардың өмірбойы естерінде қалады. Бұл дайындыққа сынып жетекшілерімен катар топ басшылары да белсене атсалысулары керек.

Кеште өнер көрсететін оқушылардың, мұғалімдердің ата-аналардың репетицияларын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары үзбей қадағалап, кештің мазмұнды әрі қызықты өтуіне басшылық жасайды. Аттестат тапсыру салтанатты кезінде құттықтау музыкасы ойналып тұрады. Бұл кеште музыка оркестрі, ансамблі, тіпті болмаса, мектеп музыкан-

ты жауапкершілікпен жақсы дайындалуға тиіс. Салтанатты кештен соң гимн ойналады, мектеп бітірушілерінің тілегі бойынша түрлі қызықты ойындар, конкурстар, би өнері мен ән, сөз өнерін сынау тағы басқа ойындар, саяхат, сейіл, қасиетті ескерткіштерге ғұл қою тағы басқа салтанат ұйымдастырылады.

*Кең зал мектеп бітірушілер кешіне арналып бәзендіріледі.  
Мектеп директоры шәкірттерді, ата-аналарды құттықтап,  
мектеп бітірушілерге аттестат тапсырады.*

#### **Мектеп директоры.**

Құрметті ұстаздар, ардақты ата-аналар, шәкірттерім менің, осыдан он бір жыл бұрын қуана құлшынып мектеп есігін ашқан жас бүлдіршіндер бүгін кәмелетке толып, аттестатқа ие болғалы отыр. Біздің шәкірттеріміз мектеп қабыргасында білім алғып, әрі белгілі бір мамандыққа бейімделіп кәмелетке жетті. Білімі толысып, еңбекі жанып, емтихан сынақтарын жақсы өткізген, он бір жылдық бағдарламаны ойдағыдай менгерген шәкірттерімізге кәмелеттік аттестат беріледі.

*(Директор мектеп бітірушілеріне кәмелеттік аттестат тапсырады).*

Аяулы шәкірттер, сіздердің мектеп бітіріп, кәмелеттік аттестатқа ие болуларының ізбен құттықтаймын!

#### **Ұстаз-филолог.**

Кәмелеттік аттестат – болашақ өмірге жолдама. Бақытты өмірлерінің болашағына алған жолдамаларын құтты болсын, сүйікті шәкірттер! Ана тілі мен әдебиет барлық ғылымда, өмірде сендерге жетекші болады. Өмірдің өзі – оку, оқып – үйренуде, еңбекте табыстан – табысқа жетіп, бізді, Отанды, ата-аналарды куанта беріндер!

#### **Ұстаз-математик.**

Он бір жыл – мектеп тәрбиесі, ұстаздар мен шәкірттердің бірлескен еңбегі. Еңбектегі жемістерің, өмірдегі жеңістеріңмен құттықтаймын, жас түлектер! Біз автоматика, кибернетика, ғарышты игеру, планеталарды зерттеу дәуірінде өмір сүріп отырмыз. Осы тың ғылымды ел игілігіне бейбіт өмір сұру үшін игереді деп, сендерге сенемін.

## **Ұстаз-физик.**

Электроника негіздерін үйреніндер. Кәмелеттік аттестат кемелденудің белгісі. Фарышты игеруде, алып құрылыштарда, өндірістерде химия құдіретін менгере біліндер.

## **Ана. (ата-аналар атынан).**

Ер жетіп, мектеп бітіруші балаларым, сендерді мектеп бітірулеріңмен құттықтаймын! Ардақты ұстаздар, қын да құрметті істеріңмен осынша жас тұлектерді баурап өсірдіңіздер! Ата-аналарға да ақыл кенес беріп, ұлы Отанымызға ұлағатты еңбек сінірдіңіздер! Аналар атынан аяулы ұстаздарға үлкен алғыс айтамын! Сендерге мың рақмет!

## **Әке. (ата-аналар атынан).**

Ес біліп, есейген әрбір азамат алдына мақсат қояды. Жас тұлектер, алға қойған бір мақсаттарың – он бір жылдық мектепті бітіріп, кәмелетке жету еді. Ол мақсатқа жеттіңдер. Алда талай асу бар. Мектеп бітірулеріңмен құттықтаймын! Шәкірттерге білім беріп, тәрбиелеген ұлағатты ұстаздар, сіздерге әкелер атынан шексіз алғысымды айтамын!

*Музыка. Бір топ бірінші сынып оқушылары маршпен сахнага шығып мектеп бітірушілерді құттықтайды.*

## **1-оқушы.**

Он жыл бойы оқыған,  
Ойга білім тоқыған  
Апалар мен ағалар,  
Орындалды ойыңыз:  
Құтты болсын тойыңыз!

## **2-оқушы.**

Үлгілі боп сіздердей  
Үлкейеміз біздер де.

## **3-оқушы.**

Біз де ойшыл, өнерлі,  
Боламыз істің шебері.

## **4-оқушы.**

Көп екен «төрт», «бесінші»  
Өмірде өстіп өсіңіз.

### **5-окуши.**

Талай сыннан өттіңіз  
Кәмелетке жеттіңіз  
Қыран болып ұшыңыз,  
АУЗ-ға барып түсіңіз.

### **6-окуши.**

Еңбекте көп қуаныш  
Елде талай туар іс:  
Кемелденген маман боп,  
Келіңіздер аман боп.

### **7-окуши.**

Мерейлі болсын күніңіз,  
Мектепке келіп тұрыңыз.

### **8-окуши.**

Сағынамыз күн сайын,  
Кездесейік жыл сайын.

### **9-окуши.**

Сіздерге жалын жүректен.  
Айтамыз достық тілекпен:

### **10-окуши.**

Әрқашан сәтті жол болсын!

### **Бәрі. (қосылып).**

Сапарларыңыз оң болсын!

(*Бәрі қол согып, мари әуенімен сахнадан шығады.*)

### **Бастауши.**

Ұшырса да бұл өмірдің сан құсын,  
ұстаз ғалым толастатпас мәңгі ісін.  
Тыншымайтын асыл жандар аяулы,  
Тыңдыңыздар шәкірттердің алғысын.

(*Мектеп бітіруши оқушылар сахнага марипен шығады.*)

### **1-окуши (қыз бала).**

Кейде біздер ерінсек,  
Енжарлыққа берілсек,  
Қатені ұстаз көретін:  
Кесірге тежеу беретін.

Ойының шексіз өресі.  
Әділ де қатаң, төреші.  
Ұрыспай айтқан ақылын –  
Ұстазым, қамқор, ақылшым,  
Мың алғыс сізге түлектен!  
Мың алғыс отты жүректен!

**2-оқушы** (*ер бала*).

Откенде бізден ағаттық,  
Байсалдықпен тағат қып,  
Балалық болса кешірген,  
Байыппен баурап өсірген,  
Үлгілі әр кез, ұстамды,  
Сабырлы, ізгі ұстазды  
Анадай көріп сыйлаймыз:  
Айрылар кезде қимаймыз.

**3-оқушы** (*қызы бала*).

Жазуларымды қаттаған,  
Жақсымды көріп, мақтаған  
Ардақты ұстаз – жақсы адам,  
Айтқанын ұғып жаттағам...  
Жетелеп әрі сынап та  
Жеткізген мені мұратқа.  
Ұлағат ісін сүйемін,  
Ұстазға басымды иемін!

**4-оқушы** (*ер бала*).

Мектепке алғаш келгенде,  
Мейірлі жанды көргенде,  
Шарықтап биік қиялым,  
Шаттанып шексіз сый алдым.  
Анамдай ұстаз, мектебім,  
Алғысым айттар көп менің.

**5-оқушы** (*қызы бала*).

Ай, жыл сайын қаруланытып біліммен  
Алға дәйім мені бастап өсірдің.  
Нәр алғамын, оқытушым, үніңнен

Аяулысың мектеп – алтын бесігім.

**6-окуши (*ер бала*).**

Өтті бізден балалық,

Өкінішті шалалық

Тезге салды ұстаздар,

Текті мінез – даналық.

ұсынғаны адалдық,

Үйреткені адамдық.

Бар ұстазға тілейміз:

Бақыт, табыс, амандық.

**7-окуши (*қызыз бала*).**

Он онбір жыл ғылым игеріп,

Он қабат жолдан өттік біз.

Кәсіп пен білім үйреніп,

Кәмелетке жеттік біз.

Ой, сезім қүйған санама

Бас ием мектеп анама!

**8-окуши (*ер бала*).**

Мен оқушы болғанда,

Ойларыңнан от алдым.

Жасым онға толғанда,

Жас ұланың атаным.

Алдым үлгі қанша мол:

Ашып бердің қанша жол.

Асулардан өтемін,

Арманыма жетемін.

Жақсы жолға нұскадың,

Жаса, қамкор – ұстазым!

**9-окуши (*қызыз бала*).**

Өсті білім, санамыз:

Өз отың боп жанасыз.

Өрге самғап барамыз,

**Бәрі. (*қосылып*).**

Қош бол мектеп – анамыз!

**Бастауши.**

Ақыл, сана, берген білім тереңін  
Алғысы көп мектебіне өреннің:  
Ұлағатты ұстаздарға сол үшін  
Үрпактары көрсетеді өнерін.

*Бастауышының хабарлауымен балалар өнерлерін көрсетеді.  
Ойын-сауыққа тәменгі кластардың оқушылары да қатысады.*

### **Мұғалім.**

Құрметті ұстаздар, ардақты шәкірттер, біздің салтанатты кешімізге қатысып отырған ата-аналардың ортасында жez таңдай әншілер де, он саусағынан бал тамған күйшілер де, мың бұралған бишілер де бар. Әншіге (атын атайды) кезек береміз, бишіге (атын атайды) кезек береміз, күйшіге (атын атайды) кезек береміз. (*Ата-аналар өнерлерін көрсетеді*).

### **Бастауши.**

Ардакты ата-аналар, құрметті ұстаздар, шәкіртеріміздің мектеп бітіру кешінде ұстаздары да өнерлерін көрсетеді.

### **Бастауши.**

Баулыған әр өренді  
Барлық ұстаз өнерлі.  
Әрбір сөзін мәнерлі,  
Өсем әннің шебері.  
Біздің ұстаз...  
Бір ән салып береді.

*Бастауши әниі, бишиі, күйшиі ұстаздарға кезек беріледі,  
олар өнерлерін көрсетеді.*

### **10-оқушы.**

Бар білгенін аямаған,  
Өз гуліндей аялаған  
Он жыл бойы нұрын төккен  
Аттандырган ақ тілекпен  
Ұстаз үмітін ақтаймыз деп,  
**Бәрі.** (*қосылып*). Серт береміз шын жүректен!

### **11-оқушы.**

*(Еңбек ардагері – ата мұғалімге).*

.... Ұстаз атамыз,  
Көп бізге алғыс батаңыз:  
Өнегенізді өтейміз,  
Әр мақсат – шынға жетеміз!

**12-оқушы.** (*Еңбек ардагері – ұлагатты ұстаз анага*).

Анасы барлық баланың,  
Анасы ұстаз ананың –  
... Сіздің мен де бір  
Шамыңыз болып жанамын!

**13-оқушы.**

(*Еңбек Ері атагын алған ұстазға*).

Шәкірттердің мындаған  
Білім, ойын шындаған  
Қызық, қымбат еңбекте  
Қыындықтан қынбаған.  
Еңбек Ері анамыз  
... дан үлгі аламыз!

**14-оқушы.** (*Өз мектебіне ұстаз болып оралған түлекке*).

... нағыз ұстаз болдыңыз,  
Түлеп үшқан ұянызға қондыңыз.  
Алтын ұя – бұл мектептен біздің де  
Басталады бақыт тапқан жолымыз.  
Биіктеге қол жетеді, сенеміз!  
Сүйікті елге бар асылды береміз.  
Бізде мақсат қызмет ету Отанға,  
Сізге ұқсан ұямызға келеміз!

**15-оқушы.** (*Мектептің ғалым болған түлегіне*).

... ғалым деп,  
Қуандық енбегін мәлімдеп.  
Ағамыз жалғауда ұлы ісін:  
Аламыз өнеге үлгісін.

**16-оқушы.** (*Мектептің өнерпаз түлегіне*).

Өнер мен білім өріле,  
Шығарар өмір өріне:

Өнерлі... апамдай  
Өнерпаз болам беріле!

**17-оқушы.** (*Агроном болған мектеп түлегіне*).

Суландырудың маманы –  
Сүйемін... ағаны.  
Бөгеймін көлге тасқынды,  
Бөлеймін гүлге даланы.

**18-оқушы.** (*Егінші болған мектеп түлегіне*).

Мол өнім жинап егіннен,  
Мың алғыс алғыс алған елінен  
... – болу – арманым,  
Кірісем іске сеніммен!

**19-оқушы.** (*Шопан болған мектеп түлегіне*).

Сүйінтекен іспен Отанын  
Сүйікті... шопанның  
Қайталап ісін еңбекте,  
Қадірлі болам мен көпке!

**20-оқушы.** (*Механизатор болған мектеп түлегіне*).

... дай істі жайгаймын:  
Техниканы айдаймын!  
Еңбегі табыс – мол алым,  
Механизатор боламын!

**Бір топ оқушылар.**

Өсті деп ой мен санамыз,  
Өрлетті мектеп анамыз.  
Өріне шығып ғылымның  
Нәріне білім қанамыз.

**Бастауши.**

Бізге шаттық әкелді  
Басшы болып әр істе:  
Ұстаз, ана, әкені  
Шақырамыз вальске.

*«Мектеп вальсі» (әні – И.Нұсінбаевтікі, сөзі – Ш.Смаханұлынікі). Вальстан соң басқа билердің музыкасы ойналатып, бәрі билейді. Өнер көрсетуде үздік шыққандарға*

*сыйлықтар беріледі. Би арасында түрлі қызықты ойындар ұйымдастырылады. Ең соңында «Қоштасу вальсі» ойналып, барлығы билейді. Бастауши ұстаздарга, ата-аналарга рақмет айтып, шәкірттерге сәтті сапар тілейді. Салтанат «Ел ұранымен» аяқталады.*

## **ҚӨКБАЙРАҚ ТҮҮМЫЗ ТУРАЛЫ ЕРТЕГІ**

*Бір актылы, уш көріністі экрандалған ертегі-пьеса*

Қатысушылар: Нұрарыс батыр,  
Қызыр баба,  
Қанатты тұлпар,  
Қыран құс,  
Қарадәу,  
Халық.

### **I-көрініс**

*Сахна әсерлі күймен тогысқан. Қызыр баба жырымен экранда тарихи құбылыстар көрсетіледі:*

**Дауыс.**

Қазақ – ғұн, сақ, түрік тегіміз,  
Қазақтың түлегі – еріміз.  
Шегі жоқ даланың иесі,  
Тері — от, қазақтың – киесі!  
Ерлігі қазақтың өрт еді,  
Сол ерлік жайында ертегі.  
Ұрпакқа қызық сыр шертеді.

*Қазақтың кең даласы, сенгір таулары, қазақ жеріндегі табигат гажайыптары экраннан әсерлі көрінеді.*

**Қызыр баба.**

Ертеде елге жау еніпті,  
Ерлерге жау қаупі төніпті.  
Тұн қатқан Қарадәу – жалмауыз,

Тұн жақтан келіпті қандыауыз.  
Денесі Қараспан тауындай,  
Леп есті демінен дауылдай.

*Азалы күй. Қызыр баба жырының арқауында сұрапыл да-  
уыл. Тұн мен Күн күресі. Жар – жаһанды таптап, түнекті  
қаптап, Қарадәу шыгады.*

**Қарадәу.** Мен! Ме-ме-менікі! Жерді жеймін! Көлді жұтамын!  
**Қызыр баба.**

Зорланды, дәу тыным таппады:  
Орманды, қорғанды таптады.  
Тауысып, көл, тоган, өзенді  
Дәу ішіп, жалмаңдап келеді...  
Өктемді ел жеңе алмады.

Көктегі Күнді де ол жалмады.

*Жыр арқауында Қарадәудің қасіретті озбырлықтары:  
оның айқасқан адамдарды жалмаганы; көл, тоган, өзен-  
дерді ішіп, тауысқаны; Қара түнектің күн бетін басып, елді  
қасіретке ұшыратқаны көрсетіледі. Қоріністер қайғылы  
куйлермен көмкеріледі.*

## II-көрініс

**Қызыр баба.**

Қайғырган елге таң атпады:  
Қайғыдан қара бұлт қаптады.  
Күнді де жау жұтып алғалы,  
Қаранғы түнде жұрт зарлады.

**Халықтың зары.**

Қаранғы – тұніміз,  
Қасірет – күніміз!  
Солды бақ-гүліміз,  
Сорлы да, мұңлымыз!  
Өнірде өнім жоқ,  
Өмірге сенім жоқ!  
Қырсыз ел бас бұққан  
Қырылды аштықтан...

*Қайғылы жыр арқауында экраннан жұрт, ашарышылық, індем, қасіретті тұрмыс бейнесі көрінеді. Ашарышылық азабы мұңлы жырмен, қайғылы күймен тебіренде корсетіледі.*

**Қызыр баба.**

Қараудәу қасірет салғалы,  
Батылдар тіресе алмады.  
Батырлар күресе алмады.  
Қазактың ержүрек елінде,  
Азаптың жайлаган жерінде  
Бар екен жігіттің сұлтаны:  
Мінгені – қанатты тұлпары,  
Қыран құс баптаған, өнерлі –  
Нұрарыс – батыр, ел ері.

*Жыр арқауында тұнектен жарқ етіп, қанатты тұлпар мінген, білегіне қыран бүркіт қондырган Нұрарыс батыр шыға келеді. Ол қыран бүркітін ұшырып, наизасын жарқылдатып, туган елге, оскен жерге серт береді.*

**Нұрарыс.** Да, қасиетті тұган жер! Айналайын, тұган ел! Мен сенің жалмауыз жауынды жайратып, құдіретті Күнінді қараңғы тұнектен азат етуге серт беремін!

**Қанатты тұлпар.** Арғы ғұн, сак, түрік тегің мінген пырақпын!

Жауыңа сал мені, Нұрарыс! Біз әділетті құресте жеңеміз.

**Қыран құс.** Алып Қарадауді ақыл-айланымен жеңбесен, қара күшпен жеңе алмайсың! Амалын тап, батыр!

**Нұрарыс.**

Қанатты тұлпарым, жасқанба!  
Қанат бол иене аспанда:  
Дауылды екпінмен – айламен  
Жауымды түйреймін наизамен!  
Қыран құс, үш көкке айналып:  
Бұлан құш өзінде, сайдынып.  
Сен жауға шүйілсең, оқтайсың,  
Сегіз көк «наизамен» соқтайсың!  
**Қанатты тұлпар:** Макұл батыр!

**Қыран құс.** Сертке-серт! (*Серпінді саз*).

**Қызыр баба.**

Аскардан тұлпар да шүйілді  
Аспанинан қыран да құйылды.  
Алпауыт – қара тас жүректі,  
«Сәл» қауіп сезініп, дір етті.  
Нұрарыс ұдетіп қарқынды,  
Оң көзін наизамен шаншыды.  
Қыран құс сол көзін шарпыды.  
Жауы – нән, алапат ақырды:  
Аузынан от-жалын атылды.

*Алып Қараудаудің Кеңсайда шалқасынан ұйықтап жатқаны көрінеді. Оның қорылы тау сілкіндіреді. Нұрарыс қанатты тұлпарымен биік шыңға шыгады. Қыран құс көкке көтеріліп, биіктегі қалықтайды. Қыран құс пен Нұрарыс бір мезгілде бейқам жатқан Қараадауге құлдырай шүйіліп, бірі наизамен, екіншісі болаттай тұягымен оның екі көзін ағызып түсіреді. Ол ақырганда аузынан күн көкке атылады.*

**Қарадәу.** Ой-бааай! Соям! Жоям!...

**Қызыр баба.**

Ах ұрды, жалмауыз бұлқынды,  
Бақырды, Жерәлем сілкінді.  
Көрсөкүр жер басса, сүрінді,  
Жер-топыр, тау-тасқа ұрынды.  
Басына тау құлап, жаншыды:  
Ашына қанына малшынды.

*Жыр арқауында Қарадаудің соқыр болып, тау-тауга ұрынып, сүрінгені, тау-тастың құлаганы, дәудің басына тау құлап, оның жсан тапсырганы көрсетіледі.*

### III-көрініс

**Қызыр баба.**

Уа, аруақ! Уа, тәнірім! Тәуба!  
Күн сәнімен шығып көк аспанға,  
Бұл әлем жүзін нұр басқанда,

Нұрарыс Күн нұрын күшіп тұр!  
Қыран құс Күн жебеп ұшып жүр.  
Жайнаган көк аспан жарқырап,  
Жайланаған көктө Күн жарқылдал.

*Шаттық қүйі. Қокке көтерілген Күнді қыран құс демен, биікке шыгарады Нұрарыс қанатты тұлпарымен Күнді демей ұшып, салтанат құрады.*

**Нұрарыс.**

Айналайын, азат Күн,  
Аспанында қазақтың.  
Алаулайсың, ғажапсың!  
Қыран құс. Өрле,  
Күнім, жарқырап,  
Бар әлемді жарқырат!

**Нұрарыс.** Уа, алтын Күн, нұр бейненді маған бер! Тұыма тұмар қылайын!

**Күн.** Нұрым саған, адамзат!

**Нұрарыс.** Уа көгілдір аспан нұр бейненен үздік бер!  
Ту қылып көтерейін биікте!

**Аспан.** Кең дүнием, сенікі, батыр!

**Нұрарыс.** Ау, халайық! Мынау ашық аспан, алаулы ақ сөүлелі Күн, (Күн бейнесін көрсетеді) алтын Күнді аялаған Қыран құс жеңіс пен ерлікті бейнелейді. Мен осы бір қастерлі көк аспанның бөлшегінен көкбайрақ ту жасадым. (Көкбайрақ туды желбіретеді).

**Қызыр баба.** Ей, Нұрарыс батыр, көкбайрақ туды өзің көтер биікте! Қазақ жерінің аспаны – ашық, күні жарқын! Қыран құс азат күнді аспанға көтер.

**Нұрарыс.** (*туды сүйін*). Рахмет, Қызыр баба! Сеніміңіздің ақтаймын! Жеңіс пен ерлік туы – көкбайрақ туымызды ұрпақтан-ұрпаққа табыс етемін! (*Ту ұстап, Қанатты тұлпарымен ұшады*).

*(Шаттық қүйі, жеңіс салтанатын бейнелейтін көріністер).*

**Қызыр баба.** Азат Күнім сөнбесін!

Қазақ туын биік ұстаңдар, ұрпактарым!  
«Сарыарқа күй» экраннан Қазақстанның байтақ жері,  
тамаша табигаты көрінеді.

*Аспантаудың шыңына қадалған ту астында Қызыр баба  
көкбайрақ туралы жырды тебірене айтады, жыр арқауында  
достықты, мейманостықты бейнелейтін көріністер көр-  
семіледі.*

*Қызыр баба күй жеселісінде, тебірене жыр айтады. Жыр-  
дың жеселісіне байланысты оқиғалар мен бейнелер экран  
арқылы көрсеміледі:*

### **Қызыр баба.**

Кек аспан, Құн, Қыран сәні – құт,  
Жарасқан байрактың мәнін ұқ.  
Көкбайрақ – ашық кек кеңісін,  
Алтын Құн – белгісі женістің.  
Ақ Құнді көтерген ел құсы –  
Халқымның батырлық белгісі!  
Киелі көкбайрақ астында  
Иелі іс ұқсас тасқынға.  
Көкбайрақ күш беріп ер істе,  
Ерлерді жеткізді женіске.  
Көкбайрақ астында бірлік бар,  
Көп сайлап, атқарған тірлік бар.  
Желбіреп тұр байтақ аймақта,  
Елжіреп қараймыз байракқа.  
Киелі байрақта аруақ, бақ,  
Иеді басын ел ардақтап.  
Кек туды қастерлеп, сүйіп те,  
Көтеріп ұстаймыз биікте!

*Көрініс салтанатты түрде Әнұранмен аяқталады.*

## **АТА ЗАҢ – АР АЙНАСЫ**

(Тақырыптық қойылым)

**Қатысушылар:** бастауши және оқушылар, өнерпаздар.

*Сахна Ата заңының құқықтық дәстүрлерін бейнелейтін плакаттармен, транспоранттармен безендіріледі. «Республикалық Ата заңымыз – абырай, дәстүр, арымыз!» деген ұран көз тартады.*

*Музыка. Сахнага бастауши мен оқушылар шыгады.*

**Бастауши.** Қазақстан Республикасының Ата заңы тәуелсіздік мұрасын басшылыққа ала отырып, Отанымыздың қоғамдастық құрылышы мен саясатының негіздерін баянды етті, азаматтардың құқықтарын бостандықтары мен міндептерін, ұлттық мемлекеттің тәуелсіздік мақсаттарын белгілеп берді.

**1-оқушы.** Ата заң еңбек жемісін,

Айқындар ерлер женісін.

Азамат еркін айғақтап,

Қызмет етер ел үшін.

*Музыка. Сахнага қолында көк туы бар ту ұстаушылар шыгады, жұрт орнынан тұрып қол согады.*

**Бастауши.** Біздің Ата заңымыз – дүние жүзіндегі ең әділетті заң. Ол республикадағы халықтардың мақсат-мұдделеріне лайықты жасалған.

**2-оқушы.** Бұл заңда женіс, даңқымыз,

Салтанат құрган салтымыз.

Сүйеніш, қамқор, қорғаушы:

Сүйеді заңын хақымыз.

*Оқушылар Ата заң туралы бірнеше ақындардың өлеңдерінен үзінділер оқиды. Арнаулты ән орындалады.*

**Бастауши.** Ата заң бойынша республикадағы әрбір адамның оқуға, еңбек етуге, өнерін дамытуға, дем алуға құқығы бар.

**3-оқушы.** Қазіргі кездің жасысың,

Ертеңгі өмір басысың:

Еңбекшіл бол, жас ұлан,  
Ел ырысы тасысын.

**Бастауши.** Ата заң – халқымыздың қуаты және бағыт беруші күші, саяси жүйенің мемлекеттік және қоғамдық құрылымының ұйтқысы.

**4-окушы.** Елімде еңбек беделді,  
Еңбекпен халық кенелді.  
Әділдік ісі халықтың,  
Женісті бастап келеді.

**Бастауши.** Республиканың әлеуметтік негізін жұмысшылардың, шаруалардың және зиялды қауымның мызғымас одағы құрайды.

**5-окушы.** «Қазақ елі» деген тақпақты айтады.  
*Төрт оқушы «Жұмысшы – шаруа» биін билейді.*

**Бастауши.** Ата заң қоғамның қажеттеріне сәйкес мәдениеттің, экономиканың, ғылымның дамуына, оны өмірге пайдалануға әрбір азаматтың құқықты екенін айқындап берді.

**6-окушы.** Зерттей біл терең ғылымды,  
Зер салып үйрен білімді.  
Қадірле дейді ұлы заң,  
Қастерлеп ана тілінді.

**Бастауши.** Республика азаматтары тегіне, әлеуметтік жағдайына, нәсіліне, ұлтына, тіліне қарамастан тең құқықты.

**7-окушы.** Болса да басқа тіліміз,  
Өзгеше нәсіл түріміз, –  
Достасқан туыс жандармыз:  
Туыстық, достық – жырымыз.

**Бастауши.** Республиканың азаматы Отан қорғауга құқылды.

**8-окушы.** Ел жауы сырттан торлайды,  
Ер елін жаудан қорғайды.  
Әділет үшін күрессен,  
Әділ заң сені қолдайды.

**Бастауши.** Ата занда әрбір азаматтың борышы – басқа азаматтардың ұлттық қадір-қасиетін құрметтеу, көп ұлтты мемлекеттегі ұлттар мен халықтардың достығын нығайту деп көрсетілген.

**9-окуши.** Ынтымақ, достық, тыныштық,  
Түстық бізге тым ыстық.

**10-окуши.** Эрбір жан ойы қосылған  
Құрмет көрер досынан:  
Бірлігің, елім, қашанда  
Ныгайсын деген осы заң.

**11-окуши.** Құқықты – занды жүйеміз,  
Шындықты қорғап, сүйеміз.  
Мерейі үстем – мерейлі,  
Мемлекетке иеміз.

**Бастауши.** Республиканың әрбір азаматы өкімет орындарына сайлануға және сайлауға тең – құқылы.

**12-окуши.** Атқара білсең ұлы ісін,  
Ардақтар халық бұл үшін.  
Еліңе қызмет етуде,  
Білім мен еңбек – ұлы сын.

**13-окуши.** Білеміз еңбек парқын біз,  
Ерлерді сыйлау салтымыз.  
Қадірлі асыл аналар,  
Құрметті әрбір қартымыз.

**Бастауши.** Жарқын болашағымыз үшін жан қия күрескен  
бабаларымыздың қыран көтерген көк туын жоғары ұстап,  
женістерге жете береміз. (*Салтанатты түрде ән ұраны айтылады*).

*Бастаушиның басқаруымен «Ата заң» күніне арналған  
концерт қойылады.*



## **ШАРЫҚТАУ**

*Сахна шалқымалы күймен ашылады. . Мирбек пен Кибернет бастаган салтанат. Бастауши, Мирбек, Кибернет музыка фонында құттықтау сөз айтады, , салтанат бала-лардың хорымен жалгасады.*

**Бастауши:** Уа, адамзат! Жер анада бейбітшілік мәңгі орнады. Соғыс болмайды. Куаныштарың құтты болсын!

**Мирбек:** Тыныштық – бақыт құтты болсын!

**Кибернет:** Бірлік пен достық, ынтымақ жасасын!

### **X O P**

Жер-Ананы мекендерген бар адам  
Арғы тегі – бір анадан тараған.  
Елде тірлік, бақыт болса, бәрі де  
Еңбек, бірлік, достық үшін жарапған.

### **Қайырмасы:**

Достық – бізге тым ыстық,  
Бірлік – байлық, ырыс, құт!  
Жанымыз бір – туыстық,  
Жаса, жаса, тыныштық!

Тірлігімен адам байлық жияды,  
Бірлігімен жер-анаға сияды.  
Адал жандар, досшыл, көпшіл, зиялды  
Абайландар, жау бұзбасын ұяны!

### **Қайырмасы:**

Достық – бізге тым ыстық,  
Бірлік – байлық, ырыс, құт!  
Жанымыз бір-туыстық,  
Жаса, жаса, тыныштық!

## **КЕРБАҚБАЙ**

**Қатысушылар:** Ертекші, Кербақбай, ана, аға, іні, Жезтырнақ.

### **БІРІНШІ БӨЛІМ.**

*Сахна сыртына Ертекші шығып ертекті айта бастайды.  
Экраннан түрлі құбылыстар көрсетіледі.*

**Ертекші.** Ертеде ерлікпен ез болған, есерлігімен ел аузында өкінішті сөз болған Кербақбай деген кесірлі бала болыпты. Ол кеңес айтқанға кербагын, қарсы тұрады еken, сондықтан оны жұрт Кербақай деп атап кетіпті. Ол ағасының жағасын жыртып, інісінің шекесін ісіріп, анасының айтқанын тыңдамай, нағыз әумесер болыпты. Кербақай бір күні ағасы мен інісінің көзінше ардақты анасына қарсы сөйлеп, қара басыпты:

*Сахна музыкамен ашилады. Шаруаның үй іші. Ана Кербақбайга ақыл айтып отыр.*

**Ана:** Шырағым балам, саған айтайын деген ақылым үлкенді сыйла, кішіні құрметте, атаңды ардақта әдепті бол.

**Кербақ Бай:** Апа, менің басым бар, көзім бар сенің ақылыңыз-ақ адам болам...

**Аға.** Анаға қарсы сөйлеу – қылмыс. Анасына айуан да қарсы болмайды.

**Кербақ Бай:** «Өз ақылым-ақыл-ақ, кісі ақылы – шоқырақ!».

**Іні:** Ана, мен Кербақайға ұқсамаймын. Сіздің айтқан ақылыныңды орындаймын, үлкенді сыйлаймын, атамды ардақтап өсемін.

**Ана:** «Болатын баланың кісіменен ісі бар, болмайтын баланың кісіменен несі бар», деген осы. Айналайын бал тілінен, бауырмалым ақылдым менің (баласын сүйеді). Міне, Кербез-ая, мынау ініңнен үлгі алсаңшы!...

**Кербақ Бай:** Қынқ, осы бір мысық көзден не шығады дейсін. Жетіскең жетпегірдің желкесін үзе салу керек. (Ол інісінің желкесіне жабысады, інісі шынғырып, ағасы мен анасына қорғалайды).

**Аға.** Алтындаі ініңді аялап өсірмесең адамдығың қайда? Тарт қолыңды, корлама ініңді.

**Ана:** Өзегімнен шыққа өрендерім-ау, бірінді бірің сыйлап, күрметтемесенде, өмірлерің еш болады. Татулық пен бірліксіз өмірдің қызығы бола ма?

**Кербақ Бай:** Их! Мынадай шіңкілдектің мойнын үзіп алса, сол қызық болады. Ха-ха-ха. (Ол інісіне тап береді).

**Ана:** Кербақпа балам, бетіңнен кірі бес елі... Оның үстіне оспадар қылық көрсетіп, анаңды сыйламай тұрсың. Тез жуынып кел. Ас ішіп мал бағуға бар.

**Кербақ Бай:** Ыңқ! Кеше жуынғанмын. Таза болмасам да та-мақ ішуге шама келеді. Кәне не бар жейтін? Әкел асты...

**Аға.** Сен осы кербағып сөйлейтін кесір мінезінді қашан қоясын?

**Кербақ Бай:** Их! Өзің арам бол. Мә саған арамдық! (ол ағасын соғып қалады. Ана ажыратады).

**Аға.** Тек, әй! Ағаға қол жұмсау-қылмыс! Ана мынау есіреді ғой...

**Ана:** Айтқан сөздің бәрін теріс ұфатын тентек болдың ау, ба-лам. Кәне, отырындар, татулықпен тағам жеңдер. (*Ана дастархан жайып, тағам қояды. Кербақай дәмді тағамдарды өз алдына ысырып, шатақ шығарады*).

**Іні:** (еніреп) Апама айтам! Апа, мынау Кербез балаң астың бәрін өз алдына үйіп алды. Қой денізші. Их! Ооонй!

**Аға:** «Жалғыз басын ойлаған жалмауыздың баласы» деп атам ертек айтатын. Міне... нағыз сол...

**Кербақ Бай:** (шайнаңдал). Өзің жалмауыз. Мен өз басымды ойламағанда сенің басыңды ойлаймын ба? Сенің басың маған бас бола ма? А? А? (Ол ағасымен жағаласып, інісін жыла-тып, анасын абыржытады).

**Аға.** Тарт қолыңды!

**Ана:** «Бала-бакыт, бала-бал» деп қариялар айтушы еді (жыламсырап), көрсеткен жақсылықтарың осы ма? Eh!

Шырақтарым-ай! «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік» деген осы екен гой.

**Кербақ Бай:** Күйік мен бе? Их, күйдіріп отырган күйкі бастар – мыналар. Ыңқ, төбесіне төрт қойып, тәртіпке салу керек.

**Аға:** Міне, бұл сөзің дұрыс. Тәртіп керек, ең алдымен өзінді тәртіпке салған дұрыс болар.

**Кербақ Бай:** Их! Інің екеуің емені неге жек көресіндер, а? Ағайын деген осындаі бола ма?

**Ана:** Көп сөзді қойындар, балаларым. Ақылбек, сен жылқыға бар. Кербақай, сиыр бағып кел.

**Кербақ Бай:** Ыңқ! Оқырлап кететін оңбаған малдың сайдасын, қырда ізін таптай жүретін жайым жоқ. Бармаймын...

**Аға:** (Ақылбек) Көкбестінің үйірін Сұлутөрің қырқасына бағып келемін. (кетеді).

**Іні:** (Макұлбек). Құп болады. Ақтылы қойды Ақшоқының беткейіне жайып келемін. (кетеді).

**Ана:** Ал балам, «жатқанға жан жуымас, тұрғанға жүрмек міндет»— дейді аталарың.

**Кербақ Бай:** Ыңқ! Тұрған аталарым жүре берсін. Онда менің шаруам жоқ.

**Ана:** Тірі жан тішілік етеді, балам.

**Кербақ Бай:** Тіршілік етпесем де тірімін.

**Ана:** Бүйтіп тірі болғаның бар болсын.

**Кербақ Бай:** Бар болсақ, болармыз...

**Ана:** Ана тілін алмау – айуандықтан да жаман! Саған сенім жоқ екен. Мал басына өзім барайын. Жалғыз қалатын болдың... Ойла, балам: жалғыздықтан жаман жоқ.

**Кербақ Бай:** Ха-ха-ха-ха. Мен жендім! Ха-ха-х-а!

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

*Сахна сыртында Ертекші өртекші жалғастырады.*

**Ертекші:** Ана тілін алмаудан артық қымыс бар ма? Бірақ Кербақбай кесірленіп, қарқ-қарқ күліп қала берді. Үйткені оның ары жоқ еді. Ол ар-ұят дегениң не екенін білмейтін. Адамның жаңнан қымбат қасиеті – ұят-намыс, ары. Ар болмаған жерде адамдық бола ма?

*Сахна ашигады Кербақбай үйінде зерігін отыр.*

Адамдықтан жүрдай болған Кербақай оңаша жалғыз қалып, іші пысып, тым-тырыс тылсым үйде не істерін білмей, үрейлене бастады. Ол қыбыр еткеннен қымсынып, үп еткеннен үрейленіп отырғанда, Жезтырнақ кіріп келді.

**Жезтырнақ:** Ууң! Тамаша! Қандай оңаша! Оңаша жалғыз қалған адаммен ойнағанды жақсы-көрем. Қане, балақай! Атың кім?

**Кербақ Бай:** Ке-ке-көрр.

**Жезтырнақ:** «Кекеррі» менің тамашамды көрр. Әуелі тілінді сұзырып, құйрық майга қуырып, содан соң өңешінді!...

**Кербақ Бай:** О-о-бай! Ой-ба-бай!

**Жезтырнық.** Бай-байынды қоя тұр. Мен бабай емеспін, апаймын. Кәне дұрыстап сөйлесейік: Неге жалғыз қалып, жарбышп отырысың?

**Кербақ Бай:** Ен-енди қо-қо-қояннн!

**Жезтырнақ.** Қоян емессің. Меніңше сен адамсың-ау деймін. Бірақ адамдық сиқың көрініп тұрган жоқ. Маган сендей адамсымақтар керек. Сендейлер мен қалай азғырса да көне береді.

**Кербақ Бай:** Не-не бұйырсаң да орындаимын. Тек жанымды аман қалдырыңыз, апатай!

**Жезтырнақ:** Сенде де жан бар ма? Адамдар «Арым жанымнан садаға» дейді. Сенде ар жоқ, сондықтан сенде жан жоқ-ау деймін (*Төне туследі*).

**Кербақ Бай:** Ап! Ап-па-тай! Жаным бар! Аман қалдырыңыз жа-жа-нымды.

**Жезтырнақ:** Мен баяғының жалмауызындаі сені жемеймін: азғырғаныма қарай азғындал, адамдық сиқынды кетіре берсен, соған рахаттанамын!...

**Кербақ Бай:** Не бұйырасыз, апатай?

**Жезтырнақ:** Ана тілін алма, ага жолына барма, ініңің тұмсығын қанда! Ардан безіп, айуан бол! Менің бұйрығым-сол!

**Кербақ Бай:** Бә-бәрі де қолымнан келеді.

**Жезтырнақ:** Сен маған ұнап тұрсың, балақай. Елдің ішін бүлдіретін, сөйтіп мені құлдіретін алаңғасардың өзі екенсің. Сен маған керек боласың!

**Кербақ Бай:** Мен бәрін істеймін, тек тілімді қуырып, өңешімді суырып жаңымды шығармасаңыз екен, апатай! Мен сізге қаламын.

**Жезтырнақ:** Солай де, балақай! Міне маған керегі-сол. Жүр кәне!

**Кербақ Бай:** Қа-қа-қайда жүремін?

**Жезтырнақ:** Мен кайда барсам, сонда жүресің, ақылдыларды ақылынан аздырып, адамшылығы басымдарды арынан бездіріп жолдан тайдыру үшін сені үлгі етіп көрсетемін жүртка.

**Кербақ Бай:** Апатай, мен сізben бірге бармай-ақ қояйынши, тапсырмаларыңызды табыстаңыз! Мен бәрін істеймін Анаңың тілін алмау, ағаның аузын бұзу, ініңің тұмсығынан...

**Жезтырнақ:** Ууң! Сен жалғызың. Сендей арсыздар көп болса, менің мақсатым орындалады. Адамгершілікті азғындық жеңсе менің жаңым жай табады. Ууң! Жүр кәне! Анаңа қарсы сөз айтып, ағанды балағаттауға лайықты тілің бар. Сол тілінді көрсетші кәне.

**Кербақ Бай:** Ап-аптай! Не істе десеніз де істейін, бірақ тілімді...

**Жезтырнақ:** Ууң! Жүр кәне қақсамай. (Кербақбайдың желкесінен бүреді).

**Кербақ Бай:** О-ба-бай! Өл-лі-дім!

**Жезтырнақ:** Өлмейсің, өйткені адамның жаны сияқты жанжоқ. Сенде...

**Кербақ Бай:** Жа-жа-жаным бар, апатай!

**Жезтырнақ:** Жүр былай! Әй, адамдар, міне менің азғыруыма түсіп, адамдықтан безетін бала осында болады! Таптым!

*(Кербақбайды шырылдатып, шыңғыртып алып кетеді.  
Ана келеді).*

**Ана:** Жаным балам, жалғызырап қалдың ба? Ау, қайдасын?  
*(Ақылбек келеді).*

**Аға.** (Ақылбек). Апа аманшылық па? Менің інім қайда кеткен?

**Ана:** Иштен шықкан баланың қандай қылмысы болса да, ана кек санай ма? Сағынып келіп, сарылып күттім, бауырынды таппай, тартынып тұрмын (*жыламсырайды*).

**Аға.** Жалғыздық қасірет қой. Қасірет қайғымен қапа болып, бізді ізден кеткен шығар (*Макұлбек келеді*).

**Іні:** (Макұлбек). Апа, апатай, неге қапаландыңыз? Кербез ағам қайда? Ағам үшін бәрін де мен істеймін, оған кейіменіз, апатай! Адам гой, бірте-бірте мінезін түзейтін шығар.

*(Жылан-еңіреп Кербақбай келеді. Келе аласын, агасын, інісін, құшақтап сүйеді),*

**Кербак Бай:** Кешір, апа! Мен кесапат екенмін. (Ағасына) Айналайын ағатай бұдан былай саған тіл тигізбеймін. (*Інісіне*) Келші інім, Күнім менін (*інісін сүйеді*).

**Ана:** Сабыр ет, балам! Анаң бәрін де кешіреді.

**Аға.** Кереке, ақылың кіріп, адам болып қалыпсың гой. Қайда барып келдің?

**Кербак Бай:** (*жыламсырап*). Өзіме де обал жоқ. Асыл анамның тілін алмай, айуандық істеппін. Ағаны ардақтай алмай, ініге ілтипат білдірмей, арсыз болыппын. «Маган сендей азғын керек» деп Жезтырнақ алып кетті.

**Іні:** Қ-о-й-ш-ы, О-пай! Қорқам!

**Кербак Бай:** Апамның айтқаны рас екен: Жалғыздықтан жаман жоқ! Жалғыз қалып жау қолына түстім. Мені Жезтырнақ адамдарды азғыруға жұмсақ болды, айтқанын орындаған соң, ит қорлыққа салып, отқа қақтады. Өліп қала жаздадым. Амал тауып зорға қашып құтылдым... Енді адам болам, апатай, маған сеніңіздер! Онбайын, адам болам!

**Ана:** (*қуанып*). Адам болып өссендер, арманым жоқ, жарайым.

**Ертекші.** Жалғыз қалып, жаны қиналған Кербақбай адамгершіліктің не екенін осылай түсініпті. «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас», «Жалғыздықтан жаман жоқ» деген мақал содан қалған екен.

## **ЖӘНДІКТЕРДІҢ ЖАЗ ТОЙЫ**

(Ертегі пьеса)

**Қатысушылар:** Асан ата: (ертекші),  
Алтын Күн,  
Құмырскалар,  
Аралар,  
Шегірткелер,  
Шілдекоңыз,  
Заузакоңыз,  
Көк көбелек.

*Кеңжазира даланың түкті кілемдей өнірінде: ақсары гүлді  
раугаш, қызыгылт гүлді қалампир, тармақты гүлді қарандызыз,  
бүршік гүлді ермен, сап-сары гүлді бақбақ, тағы басқа қок-  
майса өсімдіктер құлпырып тұр. Дала төрінен аппақ шың-  
ды асқар тау көк аспанмен көмкеріліп, әсем қөрінеді. Төбеде  
Алтын Күн шапагатты нұрын төгіп тұр. Табигат төрінен  
Асан ата күлімден шыгады.*

**Асан ата:** (*сөзіне қарағай экрандық қөріністер көрсетіледі*).  
Міне ғажап: жаздығұні шілде айында, кең даладағы табиғаттың  
аясында таңғажайып оқиға болды. Жазда өсіп-өнген жәндіктер  
дарқан даладағы тыныштық пен берекеге қуанып, той жасамақ.  
Кең жазирадағы жәндіктердің саналуан әсем әуендері – ұлы  
симфония сияқты. Әне, Шілдекоңыз жәндіктерді жаз тойына  
шақырып, жар салып жүр.

**Шілдекоңыз:**

Ей, жәндіктер, тыңдаңдар,  
Кең далада думан бар:  
Жазираға келіндер,  
Жаз қызығын қөріндер!

**Асан ата:** Міне! Жәндіктердің жаз тойына құмырскаларды  
Қыпшабел Құмырсқа, Араларды Алабел Ара, шегірткелерді  
Шегір Шегіртке бастап келді, енді олар тойда ән салып, би би-  
лейді.

**Құмырсқалар:** (*әндеңіп, билейді*).

Даламызда – сәніміз,  
Дайын тойға дәніміз:  
Шілде тойда шарықтап  
Шырқалады әніміз.

**Аралар:** (*әндеңіп, билейді*).

Дала – көркем панамыз,  
Гүлін құтіп аламыз:  
Тозаңдатып гүлдерді,  
Толғанып, ән саламыз.

**Шегірткелер:** (*әндеңіп, билейді*).

**Құмырсқалар:** Аралар!

Құрметті құдалар,  
Керемет той жасайық,  
Кең даламыз құп алар.

**Бәрі** (*әндеңіп, билейді*).

Той-думанды даламыз,  
Тойып, әнге саламыз:  
Биши гүлдей ырғалып,  
Билеп-билип аламыз.

Айгөлек-ая, айгөлек,  
Айдың жүзі дөңгелек:  
Жаздың шілде тойында  
Би билейміз дөңгелеп!

*Күй. Сахнада Күн шапагы. Сәуле толқыны нұр тогеді.*

*Алтын Күн жарқырайды.*

**Алтын күн** (*жарқырай тебіреніп*).

Тойшыларым, айналайын!  
Тойландар! Мен аймалайын!

**Ара:** (*ерекше тебіреніп*).

Уа, тойшы халайық,  
Басшы сайлап алайық.

Шілдекоңыз – бас аға  
Болсын тойда асаба.

**Бәрі:** (*bір ауыздан қосылып*).

Шілдекоңыз – Бас аға,  
Болсын тойда асаба!

**Шілдекоңыз:** (*ерекше тебіреніп*).

Тойшы достар, келіндер,  
Той қызығын көріндер!  
Өнер-жарыс бастаймыз,  
Өз бағасын беріндер.

*Музыка. Сахнада спорт алаңы. Экраннан спорт ойында-рынан көріністер өтеді.*

**Шілдекоңыз:**

Ау, спортшы керімдер,  
Алаң жаққа келіндер!  
Әр топ спорт жұлдызын  
Алға тартсын, көріндер.

*Қыпшабел Құмырсқа, Алабел Ара, Шегір Шегіртке спорт жүлдіздарың болмақ,*

**Құмырсқа.**

Құмырсқа – Қыпшабел,  
Жарыстан озып кел!

**Ара:** Аражан – Алабел,  
Жұлдені алыш кел!

**Шегіртке.** Шегірім, шық алға!  
Озып шық! Шыганда!

**Шілдекоңыз:** Жәндіктердің тойында,  
Биік діңгек бойына  
Өрмелендер жарысып,  
Жеңгенге бар қалыстық.

*Музыка. Биік діңгек бойымен Қыпшабел Құмырсқа жедел өрмелейді. Алабел Ара кібіртіктеп, толық өрмелей алмайды.*

*Шегір Шегіртке діңгек бойымен секіріп шығам деп, құлап түседі.*

**Шілдеқоңыз:**

Құмырсақа өрлеп өрге тек,  
Озып шықты өрмелеп.

*Шілдеқоңыз Қыпшабел Құмырсқаны тұғырга шыгарып, марапаттайды.*

**Көрермендер:** Жарайсың, құмырсақа,  
Оза бер тырмыс та!

**Шілдеқоңыз:** Ал, жәндіктер, саспандар,  
Секіруді бастаңдар!

*Шілдеқоңыз шырылдан, белгі береді. Құмырсақ мен Ара қалт тұрып қалады. Барінен бұрын Шегір Шегіртке тез секіріп, мәреден етіп кетеді. Шілдеқоңыз оны әрең тоқтатып, тұғырдың бірінші бишіне шыгарып, марапаттайды.*

**Шілдеқоңыз:**

Шегіртке болды қайсар нән:  
Секіруден майталман!

**Көрермендер:** :

Жарайсың, қайсар нән,  
Шегіртке – майталман!

**Шілдеқоңыз:** Ау, әлеумет, қараңыз:

Шегіртке мен арамыз  
Салып бар күшің,  
Ұшып жарыссын!

*Шегір Шегіртке пыр етіп ұшады да, – қонып қалады. Алабел Ара талмай ұшып, мәреге бұрын жетеді. Көрермендер мен жсанкүйерлер ду көтеріліп, Алабел Араны құрметтеп, құттықтайды. Шілдеқоңыз оны тұғырга шыгарып, марапаттайды.*

**Шілдекоңыз:** Жарайсың Ара.

Ұшудан ғана

Оздың дара!

**Көрермендер:**

Құттықтаймыз араны,

Құтты болсын қадамы!

**Шілдекоңыз (шырылдан).**

**Шегірткелер:** аралар

Спортта түсті пара-пар:

Айтыссын бұл екеуі,

Ақынды жұрт бағалар.

*Ара мен Шегіртке домбырамен қосылып, бір-бірімен айтысады.*

**Ара:** (*домбырасын күйлемін*).

Бал жинаған арамыз,

Балдай сөзді табамыз:

Айтысқа шық, шегіртке,

Арайлансын даламыз.

**Шегіртке:** (*домбырага қосылып*).

Ізындаған арасың

Гүлден шырын аласың:

Амалдайсың балыңмен

Адамзаттың баласын?

**Ара:** (*домбырасын ойнатып*).

Адамзатқа бал-шырын,

Беремін – сол, бар сырым.

Егінді сен таптайсың,

Елге жаусың, жарқыным!

**Шегіртке:** (*шырылдан*)

Сен гүлдердің бал-асын,

Сорып-сорып аласың, -

Шағып алып жүрсің ғой

Балшының да баласын.

**Ара:** Арамсың-ау, айлаң көп, -

Адамзатқа пайдаң жоқ:

Жүрсің бәрін опат қып,

Жұрген жерің майдан бол.

**Шегіртке.**

Шыррр-пыррр... .

Шыррр-шырр!... .

**Шілдқоңыз.**

Айтыс – елдің өнері,

Айтыстың да шебері –

Жетік сөзі, әрі аңыз:

Жеңіп шықты Арамыз!

**Көрермендер:** :

Бал тілді жас ақын –

Балара жасасын!

**Шілдеқоңыз:**

Даламызда ақын көп,

Ал тынданғар жақын кеп:

Заузақоңыз өнерлі,

Арнау айтып береді.

**Заузақоңыз:** (*домбырага қосылып, арнау айтады, әр кейтікер іс-әрекетімен экраннан көрінеді*)

Ау! Ара жинар бал-шырын,

Адам білер бар сырын:

Қымбат санар адамзат

Қызметін балшының.

Шегірткелер – шегірлер,

Егін тонар жебірлер:

Шырылдатып, ұстап ап,

Сыбагасын беріндер.

Қыпшабелді құмырсқа,

Қиналмайды жұмыста:

Жазда жинап астығын,

Жаратады тұрмысқа.

Шілдеқоңыз пырылдап,

Шөп басына тұрып ап,

Күнді мақтап, жырлайды:  
Күндіз-туні шырылдан.

Инедей-ақ Инелік,  
Инелікке тимелік:

Сасып, одан қашып жүр,  
Сары маса именіп.

Жаңбыр жауса себелеп,  
Жай таппайды көбелек:  
Қарасаң көз тартады  
Қанатында көп өрнек.

Санай берсем біртіндең,  
Жәндіктердің түрі көп:  
Жаппай ән сап жүреді  
Жаз айында дүрілдеп.

Әсем әнге саламыз:  
Әннен қуат аламыз.  
Жайнай берсін анамыз –  
Жазира – кең даламыз!

**Көрермендер:** (*ду көтерілін*).

Бәрекелді! Жас ақын –  
Заузақоныз жасасын!

**Шілдеконыз:** (*қуана хабарлан*).

Көйлегінде көп өрнек,  
Би билейді көбелек!

*Аралар ансамблі күй тартағы. Қазақи өрнекті көйлегін (қанатын) жайып, Көк көбелек әсем билейді, көрермендер күй ыргагын шапалақпен сүйемелден тұрады.*

**Шілдеконыз:** (*мақтай масайран*).

Көп көбелек бишіміз!  
Ара – әнші, күйшіміз:

Тойлап, әнге саламыз,  
Тойлы біздің даламыз!

*Тойшылар қатар тұра қалып «Кеңдала» ән ұранын тен-  
селип айтады.*

*Хор* (хорды Шілдеконың бастайды):

Жазира даламыз –  
Жайнаған панамыз:  
Аймалар біздерді  
Алтын Құн анамыз.

Анамыз – Кұн ыстық,  
Даламыз – тыныш, құт:  
Біздерге тым ыстық,  
Жасасын тыныштық!



## **ҚҰЫРШАҚ ТЕАТРЫ**

### **КӨКБАЙРАҚ ТҮҮМҮЗ ТУРАЛЫ ЕРТЕГІ**

Бір актылы, үш көріністі экрандалған ертегі – пьеса

**Қатысушылар:** Нұрарыс батыр, Қызыр баба, Қанатты тұлпар, Қыран құс, Қарадәу, Халық

#### **БІРІНШІ КӨРІНІС**

*Сахна әсерлі күймен тоғысқан Қызыр баба жырымен экранда тарихи құбылыстар көрсетіледі:*

##### **Нұрарыс.**

Қазақ – ғұн, сақ, түрік тегіміз,

Қазақтың тулегі – еріміз.

Шегі жоқ даланың иесі,

Тегі – от, қазақтың – киесі!

Ерлігі қазақтың өрт еді,

Сол ерлік жайында ертегі.

Үрпакқа қызық сыр шертеді.

Қазақтың кен даласы, сенгір таулары, қазақ жеріндегі табиғат гажайылтары экраннан әсерлі көрінеді.

##### **Қызыр баба:** Ертеде елге жау еніпті,

Ерлерге жау қаупі төніпті.

Тұн катқан Қарадәу – жалмауыз,

Тұн жақтан келіпті қандауыз.

Денесі Қараспан тауындей,

Леп есті демінен дауылдай.

*Азалы күй. Қызыр баба жырының арқауында сұраптыл дауыл.  
Түн мен Күн курсесі. Жер-жсананды таптап, түнекті қаптап,  
Қарадәү шығады.*

**Қарадәү:** Мен! Ме-ме-менікі! Жерді жеймін! Көлді жұтамын!

**Қызыр баба:** Зорланды, дәү тынып таппады:

Орманды, корғанды таптады.

Тауысып, көл, тоған, өзенді

Дәү ішіп, жалмаңдан келеді...

Көктегі Күнді де жалмады.

*Жыр арқауында Қарадәудің қасіретті озбырлықтары:  
оның айқасқан адамдарды жалмаганы; көл, тоған, өзендерді ішип, тауысқаны; Қара түнектің күн бетін басып, елді қасіретке ұшыратқаны көрсетіледі. Қоріністер қайғылы күйлермен қомкеріледі.*

## ЕКІНШІ ҚӨРІНІС

**Қызыр баба:** Қайғырған елге таң атпады:

Қайғыдан қара бұлт қаптады.

Күнді де жау жұтып алғалы,

Қаранды түнде жұрт зарлады.

**Халықтың зары.** Қаранды – түніміз,

Қасірет – күніміз!

Солды бақ-гүліміз,

Сорлы да, мұңлымыз!

Өнірде әнәм жок,

Өмірге сенім жок!

Қырсыз ел бас бұққан

Қырылды аштықтан...

Қайғылы жыр арқауында экраннан жұрт, ашаршылық, індеп, қасіретті тұрмыс бейнесі көрінеді. Ашаршылық азабы мұңлы жырмен, қайғылы күймен тебіренте көрсетіледі.

**Қызыр баба:** Қараудәу қасірет салғалы,

Батылдар тіресе алмады.

Батырлар күресе алмады.  
Қазақтың ержүрек елінде,  
Азаптың жайлаған жерінде  
Бар екен жігіттің сұлтаны:  
Мінгені – қанатты тұлпары,  
Қыран құс балтаған, өнерлі –  
Нұрарыс – батыр, ел сері.

*Жыр арқауында түнектен жарқ етіп, қанатты тұлпар мінген, білегіне қыран бүркіт қондырган Нұрарыс батыр шыға келеді. Ол қыран бүркітін ұшырып, найзасын жарқылдатып, туган елге, өскен жерге серт береді.*

**Нұрарыс.** Уа қасиетті байтақ жер! Айналайын, туған ел!  
Мен сенің жалмауыз жауынды жайратып, құдіретті Күніңді қараңғы түнектен азат етуге серт беремін!

**Қанатты тұлпар.** Арғы ғұн, сақ, түрік тегінің мінген пырақпын!

Жауыңа сал мені, Нұрарыс! Біз әділетті куресте жеңеміз.

**Қыран құс.** Алып Қарадауді ақыл-айланымен жеңбесен, қара күшпен жеңе алмайсың! Амалын тап, батыр!

**Нұрарыс.** Қанатты тұлпарым, жасқанба!

Қанат бол иеңе аспанда:  
Дауылды екпінмен – айламен  
Жауымды түйреймін найзамен!  
Қыран құс, ұш көкке айналып:  
Бұлан құш өзінде, сайланып.  
Сен жауға шүйілсең, октайсың,  
Серіз көк «найзамен» сокқайсың!

**Қанатты тұлпар:** Мақұл батыр!

**Қыран құс.** Сертке-серт! Серпінді саз.

**Қызыр баба:** Асқардан тұлпар да шүйілді  
Аспаннан қыран да құйылды.  
Алпауыт – қара тас жүректі,  
«Сәл» қауіп сезініп, дір етті.  
Нұрарыс үдетіп қарқынды,  
Оң көзін найзамен шанышылды.

Қыран құс сол көзін шарпыды.

Жауын – нән, алапат ақырды:

Аузынан от-жалын атылды.

*Алып Қараудәудің Кеңсайда шалқасынан ұйықтап жатқа-  
ны көрінеді. Оның қорылы тау сілкіндіреді. Нұрарыс қанатты  
тұлпарымен биік шыңға шыгады. Қыран құс көкке көтеріліп,  
биіктे қалықтайды. Қыран құс пен Нұрарыс бір мезгілде бей-  
қам жатқан Қарадәүге құлдырай шүйіліп, бірі наизамен екін-  
шісі болаттай тұяғымен оның екі көзін ағызып түсіреді. Ол  
акырганда аузынан от-жалын атылады.*

**Қарадәү.** Ой-бааай! Соям! Жоям!...

**Қызыр баба:** Ах ұрды, жалмауыз бұлқынды,

Бақырды, Жерәлем сілкінді.

Көрсокыр жер басса, сүрінді,

Жер-топыр, тау-тасқа ұрынды.

Басына тау құлап, жаншыды:

Ашына қанына малшынды.

Жыр арқауында Қарадәудің соқыр болып, тау-тауға ұрынып,  
сүрінгені, тау-тастың құлағаны, дәудің басына тау құлап, оның  
«жан тапсырғаны көрсетіледі.

## ҰШІНШІ КӨРІНІС

**Қызыр баба:** Уа, аруак! Уа тәнірім! Тәуба!

Күн сәнімен шығып көк аспанға,

Бұл әлем жүзін нұр басқанда,

Нұрарыс Күн нұрын құшып тұр!

Қыран құс Күн жебеп ұшып жүр.

Жайнаған көк аспан жарқырап,

Жайланаған көкте Күн жарқылдал.

*Шаттық күйі. Көкке көтерілген Күнді қыран құс демен,  
биікке шыгарады.*

*Нұрарыс қанатты тұлпарымен Күнді демей ұшып, сал-  
танат құрады.*

**Нұрарыс.** Айналайын азат Күн,

Аспанында қазақтың.  
Алаулайсың, ғажапсың!  
Қыран құс. Өрле, Құнім, жарқырап,  
Бар әлемді жарқырат!  
(Сахнаға Қызыр баба шығады)

**Нұрарыс.** Уа, алтын Құн, нұр бейненді маған бер! Туыма тұмар қылайын,

**Құн.** Нұрым саған, адамзат!

**Нұрарыс.** Уа көгілдір аспан нұр бейненен үздік бер!  
Ту қылып көтерейін биікке!

**Аспан.** Кең дүнием, сенікі, батыр!

**Нұрарыс.** Ау, халайық! Мынау ашық аспан, алаулы ақ сәулелі Құн, (Құн бейнесін көрсетеді) алтын Құнді аялаған Қыран құс женіс пен ерлікті бейнелейді. Мен осы бір қастерлі көк аспанның бөлшегінен көкбайрақ ту жасадым. (Көкбайрақ туды желбіретеді).

**Қызыр баба:** Ей, Нұрарыс батыр, көкбайрақ туды өзің көтер биікке! Қазақ жерінің аспаны – ашық, құні жарқын! Қыран құс азат құнді аспанға көтер.

**Нұрарыс.** (*туды суйін*). Рахмет, Қызыр баба! Сеніміңізді ақтаймын!

Женіс пен ерлік туы – көкбайрақ туымызды ұрпақтан-ұрпаққа табыс етемін! (Ту ұстап, Қанатты тұлпарымен ұшады).

*(Шаттық күйі, женіс салтанатын бейнелейтін көріністер).*

**Қызыр баба:** Азат Құнім сөнбесін!

Қазақ туын биік ұстандар ұрпақтарым!

«Сарыарқа күйі» экраннан Қазақстанның байтак жері, тамаша табиғаты көрінеді.

*Аспантаудың шыңына қадалған ту астында Қызыр баба көкбайрақ туралы жырды тебірене айтады, жыр арқауында достықты, мейман достықты бейнелейтін көрсетіледі.*

**Қызыр баба күй жеселісінде, тебірене жыр айтады:**

**Қызыр баба:** Көк аспан, Құн, Қыран сәні – құт,  
Жарасқан байрактың мәнін ұқ.  
Көкбайрақ – ашық көк кеңісін,

Алтын Күн – белгісі жеңістің.  
Ақ Күнді көтерген ел құсы –  
Халқымның батырлық белгісі!  
Киелі көк байрақ астында  
Иелі іс ұқсас тасқынға.

**XOP:**

Көк байрақ күш беріп ер істе,  
Ерлерді жеткізді жеңіске.  
Көк байрақ астында бірлік бар,  
Көп сайлап, атқарған тірлік бар.  
Желбіреп тұр байтақ аймақта,  
Елжіреп қараймыз байраққа.  
Киелі байрақта аруақ, бақ,  
Иеді басын ел ардақтап.  
Көк туды кастерлеп, сүйіп те,  
Көтеріп ұстаймыз биікке!



# **ЕЛІН СҮЙГЕН ЕР ТАРФЫН**

(Либретто)

*Балалар сахнасына арналған үшін перделі инсценировка.*

## **Қатысуышылар:**

- |                 |              |
|-----------------|--------------|
| 1. Ер Тарғын    | 7. Домбауыл  |
| 2. Ақжұніс      | 8. Сарбаздар |
| 3. Карт Қожақ   | 9. Жұрт      |
| 4. Ақша хан     | 10. Уәзір    |
| 5. Ханзада хан  | 11. Жаршы    |
| 6. Сыпыра жырау |              |

## **БІРІНШІ ПЕРДЕ**

*Ескі шығыс қаласы. Жұрт тойға жиыла бастаған. Қаланы арапал жаршы жүр:*

### **Жаршы:**

Ау халайық, тыңдаңдар!  
Ақша – ханның тойы бар,  
Ас-су тегін қойылар:  
Қамал бұзған ерлерді  
Қадірлейтін ойы бар!  
Ноғайылыдан ер шықты:  
Жауды жеңіп шер шықты:  
Басшы сайлап сол ерді,  
Бағалар хан ерлікті!

*Салтанатпен келіп Ақша хан тағына отырады, халық оған қошемет, ілтипат көрсетеді.*

### **Ақша хан.**

Уа, халқым!  
Ұлдарың орындарды берген антын...  
Кешегі Торғауытта Қамал бұзған  
Кім еді, бір шығарған елдің даңқын?!

### **Жаршы.**

Сөйлесін жаршы – ақының:

Тарғын сынды батырың,  
Құйысқанын қысқартып,  
Екі айылын берік тартып,  
Сарала туы салбырап,  
Шапты жауға тебініп,  
Қамалға кірді желігіп.  
Жығып берді тауынды –  
Женең берді жауынды!

**Ақша хан.**

Келсін мұнда Тарғыным –  
Орындалсын жарлығым!  
**Үәзір.** Кетпесе бұл шаһардан,  
Келсін мұнда қанағман.  
Шаршап келсе, тынығар  
Шабуылды сапардан!

*Салтанатпен Ер Тарғын келеді, жүргөт оған құрмет көрсетеді: «Ер-ақ екен, алып екен!», «Ер екені анық екен!», «Біз ерлік-ті сүйеміз!!, «Ерге басты иеміз!».*

**Тарғын.**

Сәлем бердік, ханымыз,  
Елге құрбан жанымыз!  
Қындықта халықтың  
Қызметіне әзірміз!

**Ақша хан.**

Алдын жаудан кегімді, –  
Айтшы маған тегінді:  
Жат жерденсің, білемін,  
Жауынгерім, кім едің?

**Тарғын.**

Туған, қазак, бір қызың;  
Туыс, жақын қырғызбың!  
Бір болған соң намысым,  
Ата жаумен алыстым.

**Ақша хан.**

Ер екенсің, жиенім,

Ерлігінді сүйемін!  
Сенен мұндаі ерлікті  
Өзің өскен ел күтті.  
Неге қаштың еліңнен,  
Жерідің бе жеріңнен?!

**Тарғын.**

Өз елімде бек едім,  
Әркендетем деп едім, –  
Көре алмайтын іші тар  
Болады гой кей мұндар...  
Ханымыздың бір begi  
Ерлігінді күндеді,  
Жала жауып мінделі,  
Ханның begін өлтірдім,  
Тәубасына келтірдім.  
Жан жүректі жаралап,  
Келдім сізге панарап.

**Ақша хан.**

Арыстандай айбатын  
Жолбарыстай қайратың  
Ханың саған қарайса,  
Дүшпандарың молайса  
Қара дауыл күшиңді  
Көрсетпедің қалайша?

**Ер Тарғын:**

Жұртымды жылатпадым,  
Қан төгуді ұнатпадым.  
Эрине, елде дау жаман,  
Бәрінен де жау жаман!  
Қалың елді зарлатқан  
Кек алып жүрмін қалмақтан!

**Ақша хан.**

Естідің бе халайық,  
Ерлерден үлгі алайық.  
Ер Тарғын болсын қолбасшым,  
Елім де мені қолдасын!

**Сарбаздар:** (бимен айтады).

Ер Тарғындай еріміз,  
Ер деп сүйген еліңіз:  
Жауды женіп, жайратсақ,  
Болмас қайғы шеріміз!  
Басқыншыны женеміз,  
Басшымызга сенеміз:  
Құлқы жаман жау тисе  
Құрта соққы береміз!  
Бас иеміз, Қолбасы!  
(Жұрт Ер Тарғынды құрметтейді).

### Жұрт:

Батырлықта құдірет,  
Батыр, саған құрмет!  
Қастерлейміз атыңды,  
Шығарамыз даңқынды.  
Даңқын, Тарғын, жаңғырып  
Елмен жасар мәңгілік!

«Елдің ұлы, елмен бірге өлмейді». «Мәңгі жасайсың, Тарғын ер!», «Ризамыз ерлігіңе» деген сөздер естіледі. Нөкерлерімен Ақжуніс келеді. Ол Ер Тарғынға алтын дұлыға ұсынып, ізет білдіреді.

### Ақжуніс:

Халықтан шыққан, батырым,  
Қабыл ал менің сыйымды.  
Қарасын жаудың батырдың,  
Қалың ел саған сүйінді!

Хан қызы болса серігің  
Қаһарман саған жарасар.  
Ел сүйген ердің ерлігін  
Ескерсем, маган жарасар!

### Тарғын.

Бет ажарың қарасам,  
Жазғы түскең сағымдай;  
Ет ажарың қарасам,  
Терісінен айырган

Арпа-бидай, ак ұндаі!  
Қасың сұлу керілген,  
Кірпіктерің тігілген,  
Қолаң шашты, қой көзді  
Ақжұніс ару, рақмет!

**Ақжұніс:**

Ерікті болсам, нетер ем,  
Ер Тарғын сендей батырдың  
Етегін ұстап өтер ем!  
Ханның қызы дегізіп,  
Халыққа қызмет етер ем!

**Ақша хан.**

Қарағым, Жұніс, не дейсің?  
Қараны қара демейсің,  
Қараға қызды бермеспін,  
Қарайсың сені көрмеспін!  
Мынау ісің бекер іс,  
Көрсетермін теперіш  
Ау, жарандар,  
Тараңдар!

*Жендеттер жүргітты таратады, у-шу, реніш «Не жазығы бар еді», «Ел теңдікке зар еді», «Батырдан артық на ханымыз?», «Артық емес жсанымыз!».*

*(Шымылдық).*

## ЕКІНШІ ПЕРДЕ

### ЕКІНШІ КӨРІНІС

*Кең дала. Алыстан Қаратая көрінеді. Желдірме күй. Тарғын мен Ақжұніс қаша шауып келеді. Артта шу! Хан қайтсын деді!, «Хан кім де қуып жетсе, «Ақжұністі сол алсын!» деді.*

**Бірінші сарбаз:**

Ойбай-ау жетіп қалдық:  
Досты жау етіп алдық!  
Ерекен ұрып тастар,

Ерекесsek, қырып тастар!  
Тілімді алсандар, қайтындар!

**Екінші сарбаз:**

Қайтайық бәріміз де,  
Қарасайық әлімізге!  
Жақсыға жармаспайық,  
Жауласып, алжаспайық!

**Карт Қожак:**

Мен бір сөзді айтпаймын,  
Айтқан сөзден қайтпаймын!  
Батыр едім сенімді  
Батынбауым – өлім-ді!  
Не қырқысып өлемін,  
Не қызды алып кетемін!

*Ақжұніс пен Ер Тарғын аттың дүбірін естіп, тоқтай қала-  
ды.*

**Ер Тарғын:**

Ақжұністей жолдасым,  
Ақылдасым, мұндасым,  
Қолаң шашты, қой көзді.  
Әйелде ару сен едің!  
Аш арыстан жүректі  
Балуан жолбарыс білекті  
Жігіттің мәрті мен едім.  
Арт жағыма қарасам,  
Қаптаған қара бұлттай,  
Қайнап біткен болаттай,  
Қабағы тастай түйілген,  
Лашын құстай шүйілген,  
Женсіз берен киінген  
Жалғыз қара көрінді.  
Енді жүрсем қашты дер,  
Аруағым басты дер,  
Менен қорқып састы дер,  
Алдын орай тосайын!

### **Ақжұніс:**

Ажалың болса, бұл ерден  
Жемей қоймас жебір жер,  
Кіргізбей қоймас қазған көр,  
Нар тәуекел, Тарғын ер!

*Қарт Қожақ келеді қарқылдан, Тарғын қарсы алады.*

### **Тарғын.**

Сәлем бердік, ағамыз,  
Сәлем бердік, бабамыз!  
Аруағынды байқасам,  
Қаптаған қардай борасын!  
Көк бүркіттей түйіліп,  
Лашын құстай шүйіліп,  
Қай сапарға барасың?!

### **Қарт Қожақ:**

Ажары сұлу көркем-ді,  
Қыз да болса серкем-ді –  
Ақжұністей аруды,  
Алып қашып барасың!  
Беліме семсер ілемін,  
Өлсем, өліп кетермін,  
Өлмей қалсам, нетемін.  
Арпаласып, өзіңнен  
Ақжұністей аруды  
Айырып алып кетемін!

### **Ер Тарғын:**

Өзің үлкен данасың,  
Өрттей қаулап жанасың,  
Ерлігің де мінің жоқ,  
Ерсіз, доссыз күнің жоқ.  
Қадірлекен жарымды,  
Қайтіп тартып аласың?...  
Қанға батып қаласың!

### **Қарт Қожақ:**

Көк сұңғіні салармын,  
Қызыл қанға малармын:

Алпыстан асқан жасым бар:

Әуелгі кезек – менікі!

Соңғы кезек сенікі!

Кезегімді бер енді,

Кесірімді көр енді!

**Ер Тарғын:**

Ажал оғын кезедің

Алағой, сенің кезегің!

Атар болсаң, тездеп ат,

Бір атсан да көзделеп ат!

Ата алмасаң, «батырым»,

Ажал болар – ақырың!

**Қарт Қожак:**

Садақты қолға алайын,

Кіріске оғын салайын:

Тездет десен, тездейін

Мен былайша көздейін.

Ауп! Паа!

Қауіп па?.. Ха-ха-ха!

*Ер Тарғынның қорамсағына оқ тиіп, қиратып кетеді. Ол ашумен, семсерін сұзырып алып, Қарт Қожақça тап береді.*

**Ер Тарғын:**

Бақыл бол енді, «агайым»,

Басынды кесіп алайын.

Тарғынды қорлап бөскенді

Табаныма салайын!

**Қарт Қожак:**

Тоқта!

Тарғын, сендік күшім жоқ па?

Атуға сені қимадым,

Абыройынды сыйладым!

Корқыттым, оны сезбедің

Қорамсақтан көздедім!

Ашулансаң қайта тұр

Айтқанымды байқа бір!

**Ер Тарғын:**

Атуға мені қимассаң,

Абыройымды сыйласаң,  
Жетпепсің әлі сертіңе:  
Жетекке кетпес Ақжұніс,  
Кімге барса да, еркінде!

**Қарт Қожақ:**

Ақжұніс-ау, қарағым,  
Ағана да қарағын:  
Бұзбайын азат еркінді,  
Көрсетші маған көркінді.

(Ол теріс қарап тұрған Ақжұніске күлігеді).

**Ақжұніс:**

Ай Қарт Қожақ, Қарт Қожақ,  
Атыңның басын тарт Қожақ:  
Менің немді сұрайсың;  
Бұқар барсан, қолаңбар,  
Қоланды көр де, шашым көр,  
Қаламды көр де, қасым көр,  
Пістені көр де, мұрным көр...  
Қара жерге қар жауар,  
Қарды көр де, етім көр!  
Қар үстіне қан тамар,  
Қанды көр де, бетім көр!  
Менің немді сұрайсың?!

**Ер Тарғын:**

Ақжұніс, неге жылайсың?!

**Қарт Қожақ:**

Ер көрмеген жандайсың,  
Қақтығасың қандайсың?  
Қарт қожақ пен Тарғын тұр  
Қайсымызды таңдайсың?  
Қайтіп қып кетемін  
Қараңғыда шамдайсың,  
Қара мейіз, балдайсың?!

**Ақжұніс:**

Бес жасында, Қарт Қожақ,  
Жас шыбықтан жай тарттың,  
Жалғыз шиден оқ аттың,

**Атқан оғың жоғалттың,**  
**Кәні шыққан мүйізің?!**

**Қарт Қожак:**

Өтті ғой сол балалық,  
Балалықта шалалық!

**Ақжұніс:**

Жиырма беске келгенде,  
Ақ балтырың түрініп,  
Оймақтай аузың бүрініп,  
Қарт бурадай қамданып,  
Қас батырдай шамданып,  
Қызды бақтың бір кезек,  
Кәні шыққан мүйізің?!

**Қарт Қожак:**

Өтті ғой сол жігіттік,  
Жігіттікті ұмыттық!

**Ақжұніс:**

Отыз беске келгенде,  
Қоңыраулы найза қолға алдың,  
Жауды көрсөн, шүйілдің,  
Женсіз берен киіндің,  
Көк серек атты борбайлад,  
Қамалға кірдің айғайлап,  
Кәні шыққан мүйізің?!

**Қарт Қожак:**

Батырлығым ел үшін,  
Баян елге жеңісім!  
Кесірленбей жауап айт,  
Керек емес керісін.

**Ақжұніс:**

Қырық бес жасқа келгенде,  
Қырым деген шаһардың  
Жел ағына қаласың,  
Ың жағына панасың.  
Мың кісіге бір өзің  
Шошынбай жалғыз барасың,  
Ардақтаған жұртыңа.

**Ақыл айтқан данасың!**

Ерегеспен қызындың:

Енді неден бұзылдың?!

**Ер Тарғын:**

Жалған ба сөзі қызынның?!

**Қарт Қожақ:**

Мен де, батыл батырмын,

Сөзінді бізше батырдың!

Намысы үшін ерліктің,

Құлай қашқан өзінді

Куып келе жатырмын!

Ақжұніс. Елу беске келгенде,

Топқа бардың бой түзеп,

Дауга бардың тіл безеп,

Билік құрдың бір кезек

Әділдігің осы ма?

Әлек салдың басыма!

**Ер Тарғын:**

Жауап бер, Қожақ, шошыма!

**Қарт Қожақ:**

Әділ-ақ болған билігім,

Әділетсізге күйді кім?

**Ақжұніс:**

Алпыс беске келгенде,

Сақал-мұртың қуарып.

Тамырларың су алып,

Алайын деп тұрмысың,

Мені көріп, қуанып?!

**Ер Тарғын:**

Әділ бол сөзге, Қарт Қожақ,

Жауласқан жоқпыш ту алып!

**Қарт Қожақ:**

Дәуренім, жастық шағым өткен екен,

Кәрілік өз дертімен жеткен екен,

Әбестік мінезімді сараптадым:

Қосағың құтты болсын, қарақтарым!

**Ақжұніс пен Ер Тарғын:**

Рақмет өзіне,  
Қар Қожақ, ер ағамыз,  
Өкпеміз жок сөзіне,  
несіне мін тағамыз?!  
Бізге әке, дос болыңыз!  
Елге сәлем, қош юолыңыз!  
**Қарт Қожақ:**  
Қош болындар, ғашық жандар!  
**Ер Тарғын, Ақжұніс:**  
Қош бол, ағамыз,  
Қамқоршы бабамыз!

*Ер Тарғын мен Ақжұніс Қарт Қожақты шығарып салып, аттана бергенде зар естіледі.*

**Зар:**  
Айналайын атыңнан, Еділ-Жайық,  
Бақыт тапқан өзінен елім байып,  
Тасып жатқан таусылмас ырыс едін,  
Бір-ак күнде көзімнен болдың ғайып-ай!  
Елім-ай!  
Жерім-ай!  
Қарай-қарай жыладым орманыңа,  
Қарайламай жөнелдім, сорладым да:  
Қасиетті жерімнен ауа көшіп,  
Қайғы бұлты мәңгілік орнады ма?  
Еділ-ай,  
Ерім-ай!

*Ер тарғын мен ақжұніс ауа көшип бара жатқан зарышылар-дың алдынан шығады, күйме мінген Ханзада Ханмен жолығады.*

**Ер Тарғын:**  
Уа, халайық, армысың,  
Тоқтат зарда ар үшін!  
Бұл қай ауыл зарлаған,  
Жауларың кім қарғаған?!

**Ханзада хан:**

Қаптаған қыстың дауылы,  
Төгілген жастың жауыны.  
Қайғының бұлтын жамылған  
Ханзада ханның ауылы.

**Ер Тарғын:**

Хан тағын да ма?  
Жігіт бағында ма?  
Неге бостыңдар, бірлік жоқ па?  
Неге қаштыңдар, тірлік жоқ па?!

**Ханзада хан:**

Қалмақ алды Шағанды,  
Кетірді ғой бағамды:  
Біріктірген батыр жоқ,  
Бізге заманақыр боп,  
Қайғыланып, босып келеміз,  
Өлімге басты тосып береміз!

**Ер Тарғын:**

Уа, халайық!  
Бұл емес саған лайық  
Әктем жаумен күресейік,  
Өлгенше тіресейік!

**Ханзада хан:**

Ел десе жанын аямаған,  
Ерлікпен аялаған,  
Қай рудың күні едің,  
Қаһарланған кім едің?

**Ер Тарғын:**

Ел қорғаған Тарғынмын,  
Жауды өмірге зар қылды!

**Ханзада хан:**

Ер Тарғын батыр өзің бе?  
Естігем сені кезінде.  
Женілген сенен оңалмай  
Олалай мен Бұлалай!  
Сардалада сандалып,  
Сарбазсыз жүрсің бұл қалай?

**Ер Тарғын:**

Ақша хан біздің атамыз,  
Кінәлі болдық қызын ап,  
Хандыққа қалай батамыз?

**Ханзада хан:**

Менің атым – Ханзада,  
Менен шыққан сан зада,  
Босатсаң жаудан Шағанды  
Асырамын бағанды:  
Алтыннан етем жағанды,  
Күмістен етем тағанды!

**Ер Тарғын:**

Ердің ісін ел көреді,  
Ерге баға ел береді!  
Қызықпаймын даңқына,  
Қызмет етем халқыма!

**Ханзада хан:**

Уа, жігіттер,  
Көтеріндер, бастарынды!  
Елің үміткер,  
Ер бастайды жас-кәрінді...

**Жұрт:**

Намыс үшін аямаймыз жанды да!

**Ер Тарғын:**

Ерлігімді көріндер,  
Тірілерін еріндер,  
Берекесіз өлікке  
Берілмейміз көніп те!

**Жұрт:**

Баста, батыр!

**Ақжұніс:**

Мен Тарғынға серікпін,  
Медеуімін ерліктің!  
Жауынгерге еремін,  
Жауға соққы беремін!

**Ер Тарғын:**

Аттан, ерлер!

*Тарғын жауынгерлерді бастап кетеді жұрт қол бұлғап қала береді.*

## ҰШІНШІ ПЕРДЕ

### ҰШІНШІ КӨРІНІС

*Шаган бойындағы шалғынды жер. Қалың дүбір согыс дүбірі қиқу, қырылыс. Екі жақтан Ер Тарғын мен Домбауыл кездесіп қалады.*

#### **Ер Тарғын:**

О, домбауыл, Домбауыл,  
Жүрген жерін он дауыл  
Саламын деп азапқа  
Тиісіпсін қазакқа!  
Босат жерім Шағанды  
Кетірермін бағаңды,  
Танытармын «бабанды!»

#### **Домбауыл.**

Табанға сап ерінді,  
Тартып алдым жерінді!  
Жолбарысша жортамын,  
Қай қазақтан қорқамын.  
Қаһарланба қағынып,  
И басынды бағынып!

#### **Ер Тарғын:**

Мен сенше бейбіт елді басынбаймын,  
Менменсіп, тентектікпен ашынбайын!

#### **Домбауыл.**

Алайын десем, оңайсың,  
Алмайын десем, толғайсың.  
Айтшы маған жөнінді,  
Қайдан жүрген ногайсың?!

#### **Ер Тарғын:**

«Әкең» Тарғын мен деймін  
Іздегенім сен деймін!  
Қағысқалы кел! Деймін  
Қағып алып басынды,

Қалмагыңды жөндеймін!

**Домбауыл.**

«Өжеттеніп өрлеймін  
Өшігемін ерлеймін:  
Жасың кіші жас ұлсың  
Кезегімді бер» – деймін!

**Ер Тарғын:**

Соғыстың ескі салтына,  
Сойқандықпен шалқыма.  
Алсаң міне кезегің,  
Қыылмаса, өзегім,  
Тартарсың зорлық азабын,  
Мен болар ажалың!

*Ер Тарғын кезек беріп қасқайып тұрады. Домбауыл кезегін алып, Ер Тарғынға садақ атады.*

**Домбауыл.**

Тарлан аттың басы,  
Алтын ердің қасы,  
Қақ жүректің тұсы!  
Уа-ауп!

*Домбауылдың садақ оғы Ер Тарғынның денесіне қадалады, Ер Тарғын садақ оғын суырып жұлдыз тайтайды да, өз оғын кезенеді.*

**Ер Тарғын:**

Атаңа нәлет, Домбауыл  
Кесілмесем қарымнан,  
Айрылмасам барымнан,  
Түңіле бер жаныңнан!  
Алаша аттың басы,  
Қалмақы ердің басы,  
Қақ жүректің тұсы!  
Я, бабам!..  
Міне, саған!..

*Ер Тарғынның оғы Домбауылға қадалады. Ол «жсан тапсыра-ды». Домбауыл «Лалилә лух!», «Уух!» деп құлайды. Домбауылдың сарбаздары қаша жөнеледі. Қыргын соғыс: «Ойбу жсаным!», «Үр бастан», «Жой!», «Күрт», «Лух!», «Уух!» сахнада біре-се түн, біресе түн, біресе күндіз болып тұрады. Жау жеңілді. Қолға түскендерді алға салып, Ер Тарғын сарбаздарымен келе жатады, оның алдынан Ханзада хан салтанатпен шыгады.*

**Ер Тарғын:**

Көрмейтіндей азап-сорды,  
Қазақ жері азат болды!  
Қайырлы бол, ханымыз,  
Қараймасын жаныңыз!

**Ханзада хан:**

Женіске жеткен батырым,  
Желікпей сөйле ақырын...  
Жорықта тағы жүріп көр,  
Қалмақты түгел қырып бер!  
Женісшіл сендей ерлермен  
Байлығы мол жерлер кең:  
Жер жүзін басып аламын,  
Жекелеп билік сатып ламыздеп

**Ер Тарғын:**

Басыну бүйтіп жөн емес,  
Басқыншы батыр мен емес  
Басқаны неге қорлаймын,  
Бақытын елдің қоргаймын.

**Ханзада хан:**

Ақырын сөйле, ұрынба,  
Айтқаны ханның орында!  
Ерлігіңнен пайда көп  
Ерлік барда айла көп.  
Қылмыстанған қалмақты  
Қыруар жерді басып ал!  
Ерлігіңді көрейін,  
Артсында менің мереім!

*(Қысқартылған)*

## **МАЗМҰНЫ**

Скетчтер .....	3
Отбасылық қойылымдар .....	47
Тақырыптық қойылымдар .....	129
Интермедиалар .....	239
Пәндік кештер .....	300
Куыршақ театры .....	360
	383

**Әдібай ТАБЫЛДЫ**

**МЕКТЕП САХНАСЫ**  
*(пьесалар)*

**ІІІ ТОМ**

Редакторы: Мынжасар Д.  
Суретшісі: Мейрбеков Е.Қ.  
Беттеген: Мейрбеков Е.Қ.

Басуға 16.03.2017 қол қойылды.  
Қалыбы 84x108  $\frac{1}{32}$ . Офсеттік басылым.  
Қаріп түрі: Times New Roman  
Шарты баспа табағы 20.0,  
Таралымы 5000 дана.  
Тапсырыс №  
e-mail: riic777@mail.ru

ISBN 978-601-80125-3-2



9 786018 012532